

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 тамыздағы № 966 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкімет **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің
аражігін ажырату мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының кейбір мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-

құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 64-құжат; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат):
1) 2 3 6 - б а п т а :

2 және 6-тармақтардағы «аумағы бойынша атқарушылық іс жүргізу» және «атқарушылық іс жүргізу» деген сөздер сәйкесінше «аумағы бойынша әділет» және «әділет» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 312-4-баптың 3-тармағындағы «атқарушылық іс жүргізу» деген сөздер «әділет» деген сөзбен ауыстырылсын. ».

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжат; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат, 114; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11-құжаттар, 13-құжат

; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 54, 56-құжаттар; № 13, 62, 63, 64-құжат; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; № 15, 77, 78, 79, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 2, 10, 11-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 46, 49-құжаттар; № 11, 61-құжат; 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) м а з м ұ н ы н д а :

мынадай мазмұндағы 239-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:
«239-1-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманы б ұ з у » ;

355-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«355-бап. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, қаржы және әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің нұсқамаларын орындамау немесе заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбау»;

мынадай мазмұндағы 544-2-баптың тақырыбымен толықтырылсын:
«544-2-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган»;

559-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«559-бап. Ветеринария саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган»;
2) 221-баптың 1-бірінші тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнеркәсіп, тау-кен және құрылыс жұмыстары салаларында не өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бақылауындағы объектілерде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі белгіленген қағидаларды бұзу, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса –»;

3) 221-1-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтитын сараптамалық қорытындылар беру, өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу, қауіпті өндірістік объектілердің мамандарын, қызметкерлерін даярлаудың, қайта даярлаудың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына немесе Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтитын сараптамалық қорытындылар беру, бөгеттердің қауіпсіздігі д е к л а р а ц и я с ы н ә з і р л е у . » ;

4) мынадай мазмұндағы 239-1-баппен толықтырылсын:
«239-1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманы бұзу

1. Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылысты бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы –

лауазымды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, коммерциялық емес ұйымдарға жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер лауазымды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) 294-бап мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың:

қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмау;

арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салмау, тиісті жағдайда күтіп-ұстамау және қолдамау;

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі лицензияланбаған қызмет түріндегі шешімдерді уақтылы қабылдамауы жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасымен жүктелген функцияларды орындамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың 6-бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктерді қорғау саласындағы анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамауы не тиісінше орындамауы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына он бес айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

б) 307-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«3. Жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің ұсынбасы бойынша жергілікті атқарушы органдардың тиісті аумақтарда карантин режимін енгізу немесе оны алып тастаумен карантин аймағын белгілеу туралы шешімді уақтылы қабылдамауы; өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерінде өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді тиісінше және уақтылы ұйымдастырмауы;

карантин объектілерін тиісінше не уақтылы есепке алмауы және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат бермеуі түрінде Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзуы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы бапта көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің анықталған Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамауы не тиісінше орындамауы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы бапта көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

7) 310-баптың 7 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасымен жүктелген функцияларды орындамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

8) 310-1-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«12) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасымен жүктелген функцияларды тиісінше не у а қ т ы л ы о р ы н д а м а у ы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

9) 355-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«355-бап. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, қаржы және әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің нұсқамаларын орындамау немесе заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбау

1. Өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, қаржы және әскери полиция, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің нұсқауларын және (немесе) басқа заңды талаптарын орындамау –

лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Прокуратура, ішкі істер (полиция), ұлттық қауіпсіздік органдары, қаржы және әскери полиция, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, кеден органы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қызметкерінің өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбау, сол сияқты тіл тигізу не зорлық іс-әрекет жасау қатерін

т ө н д і р у –

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.»;

10) 400-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«3. Жергілікті атқарушы органдардың:

уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің ұсынбасы бойынша жергілікті атқарушы органдардың тиісті аумақтарда карантин режимін енгізу немесе оны алып тастаумен карантин аймағын белгілеу туралы шешімді уақтылы қабылдамауы;

өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерінде өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді тиісінше және у а қ т ы л ы ұ й ы м д а с т ы р м а у ы ;

карантин объектілерін тиісінше не уақтылы есепке алмауы және уәкілетті орган мен мүдделі адамдарға ақпарат бермеуі түрінде Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзуы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы бапта көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктер карантині саласындағы анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамауы не тиісінше орындамауы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы бапта көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

11) 403-бап мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

«5. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың:

қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмау;

арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салмау, тиісті жағдайда күтпеу және ұ с т а м а у ;

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензияламау түріндегі шешімдерді уақтылы қабылдамауы жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына ескерту жасауға әкеп соғады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасымен жүктелген функцияларды орындамауы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Осы баптың 6-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің анықталған Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамауы не тиісінше орындамауы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

12) 407-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасымен жүктелген функцияларды тиісінше не уақтылы орындамауы –

жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

1 3) 5 4 4 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы алып тасталсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

14) мынадай мазмұндағы 544-2-баппен толықтырылсын:

«544-2-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 89, 175 (екінші бөлігінде) (қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіпімен байланысты объектілердің иелері жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 220, 221 (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 221-1 (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 270, 271, 272 (техникалық қауіпсіздік бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның атынан өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға –

айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

15) 559 - бапта :

тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«559-бап. Ветеринария саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган

1. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары осы Кодекстің 310-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. Осы Кодекстің ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларының өндірісіне қатысты 2) тармақшасының, бірінші бөлігінің 3) және 5) тармақшаларының, жетінші және сегізінші бөлігінің нормаларын қоспағанда, осы Кодекстің 310-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға :

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері және олардың орынбасарлары;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық дәрігерлері;

3) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері және олардың орынбасарлары, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері құқылы.»;

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары құзыреті шегінде айыппұлды сол жерде ала алады:» ;

16) 563-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«563-бап. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар

1. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Кодекстің 120, 256, 257, 258-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды .

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы осы Кодекстің

118, 121, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға :

1) Қазақстан Республикасының жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетпіс беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторлары жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жетпіс беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ;

3) жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.»;

17) 563-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«563-2-бап. Геодезия және картография саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар

1. Геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті орган осы Кодекстің 121 (екінші бөлік), 258-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті орган ведомствосының басшысы және оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.»;

18) мынадай мазмұндағы 568-1-баппен толықтырылсын:

«568-1-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекстің 231, 236 және 239-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының басшысы және оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.»;

19) 636 - бапта :

636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның (225-1 (газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 226 (үшінші – бесінші бөліктері), 228, 229, 231 (екінші бөлігі), 233, 314, 317-1 (өрт және жарылу қаупі бөлігінде машиналар мен жабдыққа, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 355, 356-баптар);»;

қырық бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның (147-6 (2-1-бөлігі) 356-баптар);»;

қырық сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның (147-11 (жетінші және тоғызыншы бөліктері), 147-12, 356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі)-баптар);».

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; 2014 жылғы 9 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 13 - б а п т а :

4) және 4-1) тармақшалар алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру тәртібін бекіту;»;

7), 7-1) және 7-2) тармақшалар алып тасталсын;

2) 14 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 16-2), 16-3), 16-4), 16-5) тармақшалармен толықтырылсын:
«16-2) жер учаскесіне меншік құқығы мен жерді пайдалану құқығына сәйкестендіру құжаттарының нысандарын бекіту;

16-3) мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізу тәртібін бекіту;

16-4) аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру қағидаларын бекіту;

16-5) жеке тұрғын үй салуға жер учаскелеріне құқық беру қағидаларын бекіту;»;

2 - тармақ алып тасталсын;

3) 14 - 1 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 14-2), 14-3), 14-4), 14-5), 14-6) тармақшалармен толықтырылсын :

«14-2) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14-3) анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру ;

14-4) жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау ;

14-5) осы Кодекстің 148-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап арыздар дайындау және беру;

14-6) егер құрылыс, пайдалы қазбалар кен орындарын қазу, объектілерді пайдалану, геологиялық-барлау және басқа да жұмыстар жер заңнамасын, жерді пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылса, сондай-ақ бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізілсе, оларды тоқтата тұру жатады . » ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 21), 22), 23), 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын :

«21) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

22) анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру ;

23) жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

24) осы Кодекстің 148-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап арыздар дайындау және беру;

25) егер құрылыс, пайдалы қазбалар кен орындарын қазу, объектілерді пайдалану, геологиялық-барлау және басқа да жұмыстар жер заңнамасын, жерді пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылса, сондай-ақ бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізілсе, оларды тоқтата тұру жатады . » ;

4) 48-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, оның ішінде электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу тәртібін жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

5) 65-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) жер ресурстары жөніндегі орталық уәкілетті орган агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп белгілеген тәртіппен жүзеге асырылатын, топыраққа агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу үшін жер учаскелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.»;

6) 106-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығындарды өтеу нормативтерін жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

4. Ауыл шаруашылығына арналмаған және ормансыз алқаптардағы бүлінген жерді жаңғырту шартымен ауыл шаруашылығы алқаптарын уақытша пайдалануға алып қойған кезде шығындар толық көлемде өтеледі.

Жер учаскесі берілген заңды немесе жеке тұлғаның қаражаты есебінен өнімділігі аз немесе өнім бермейтін алқаптарға құнарлы топырақ қабаты салынған жағдайда, алқаптарды қалпына келтіруге жұмсалатын сома есепке алынып, шығындар жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өтеледі.»;

7) 122-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Республикалық және халықаралық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін ерекше қорғалатын табиғи ресурстар саласындағы орталық уәкілетті орган бекітеді.»;

8) 131-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орман алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісіндегі шығындарды өтеу нормативтерін орман шаруашылығы саласындағы орталық уәкілетті орган белгілейді.»;

9) 145-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары, сондай-ақ өзге де уәкілетті органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.»;

10) 146-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдарының басшылары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің

жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары болып
т а б ы л а д ы . » ;

11) 147-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«147-бап. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын
о р г а н д а р д ы ң ф у н к ц и я л а р ы

1. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) заң бұзушыларға көзделген заңнамалық шараларды қолдана отырып, жергілікті
атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласындағы
қабылдаған шешімдерінің заңдылығын;

2) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингінің дұрыс жүргізілуін
мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

2. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын
облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары
жөніндегі уәкілетті органы:

1) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен
азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер учаскелерін нысаналы
мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;

2) жер учаскелерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуге;

3) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының
с а қ т а л у ы н а ;

4) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың
құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық,
агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық
іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;

5) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өздерінде жердің
бар-жоғы, олардың жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік
о р г а н д а р ғ а у а қ т ы л ы б е р у і н е ;

6) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын жай және өндірістік объектілердің
жобалануына, орналастырылуы мен салынуына;

7) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясының, тұздану, батпақтану, су басу,
шөлейттену, құрғақтану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын
туғызатын басқа да процестердің салдарларын болдырмау мен жою жөніндегі
іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;

8) азаматтардың өздеріне жер учаскелерін беру туралы арыздарын (өтініштерін)
қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуына;

9) межелік белгілердің сақталуына;

10) жергілікті атқарушы органдар уақытша жер пайдалануға берген жердің уақтылы
қ а й т а р ы л у ы н ;

11) бүлінген жердің жаңғыртылуына;

12) жердің бүлінуіне байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыдырып алынуына, сақталуына және пайдаланылуына;

13) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

3. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың функцияларына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәселелер кіреді.»;

12) 152-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша орталық уәкілетті орган белгілейді

13) 155-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «4. Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін түзу мақсатында облыстарға, республикалық маңызы бар қалаға, аудандарға және облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың тізбесін жер ресурстары жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.»;

14) 161-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «3. Жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану тәртібін жер ресурстары жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.».

4. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 27-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75 - құжат; № 7, 37 - құжат):

1) 12-баптың 6), 7), 8), 12), 13), 15), 16), 17), 17-1), 17-2), 17-4), 17-5), 17-6), 17-7), 17-8), 17-9), 17-10), 17-11), 17-12), 17-13), 17-14), 17-15), 17-16), 17-17), 17-18), 17-19) тармақшалары алып тасталсын;

2) 13-баптың 1-тармағында: 8), 12), 18-12), 18-13), 18-14), 18-16), 18-18), 18-20), 18-21), 18-23), 18-24), 18-25), 18-26), 18-28), 18-29), 18-30), 18-31), 18-32), 18-33), 18-34), 18-35), 18-36), 18-37) және 18-38) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді, бекітеді және оларды жүргізуді қамтамасыз етеді;»;

«12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік орман қорының қарамағындағы учаскелерде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ оның қарамағындағы

ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;»;

«18-12) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салуға пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-13) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға өзінің қарамағындағы учаскелерді береді және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;

18-14) дериваттар тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

«18-16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарын айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлейді және бекітеді;»;

«18-18) орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасына бақылау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

«18-20) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрікті түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-21) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

«18-23) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтер әзірлейді және бекітеді;

18-24) мемлекеттік орман қоры аумағында шайырды, ағаш шырынын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, орманды жанама пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-25) ормандарды молықтыру мен орман өсіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-26) отырғызылатын материалдарды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

«18-28) ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-29) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарды куәландыру

қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-30) мемлекеттік орман қорында таңбалар қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-31) орман қорының аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу, айқындау және өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-32) орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу мен анықтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-33) мемлекеттік орман қоры аумағында орманды пайдаланушылар сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізетін орындардағы өрт сөндіру құралдарының тиесілік нормаларын әзірлейді және бекітеді;

18-34) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-35) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-36) мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережесін әзірлейді және бекітеді;

18-37) Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-38) мемлекеттік орман күзеті туралы ережені әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 18-39), 18-40), 18-41), 18-42) және 18-43) тармақшалармен толықтырылсын :

«18-39) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптарды айқындайды;

18-40) қарамағында орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтары бар облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18-41) Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаш аймағын бөліп беру мен мөлшерлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-42) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салуға пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекітеді;

18-43) ағаштардың қурауы мен құрып кету катері төнген кезде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы шешім қабылдайды;»;

3) 15-бап мынадай мазмұндағы 15-1) және 15-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың функционалдық қарамағындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

15-2) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға өзінің қарамағындағы учаскелерді береді және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;»;

4) 21-баптың 1-тармағы 3-2) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы заңнамасы бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;»;

5) 26-бапта:

6-1), 6-2) және 6-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес орманды шолып, тексеру жүргізуге;

6-2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерге куәландыру жүргізуге;

6-3) уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қорында таңбаларды қолдану қағидаларына сәйкес ағаштарды, сыпталған ағаштарды, сортименттерді және түбірлерді таңбалауды жүзеге асыруға;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) уәкілетті орган бекіткен орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау және пайдалану мен олардың сапасын бақылау қағидаларын сақтауға;»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) орман орналастыру жобасына және (немесе) ормандарды өртке қарсы орналастыру жобасына сәйкес орман өрт сөндіру станцияларын құруға және олардың қызметін уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережесіне сәйкес қамтамасыз етуге;»;

б) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты жазбаша нысанда жасалады және уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады.»;

7) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«35-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді

орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу тәртібі

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлерді өткізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

8) 36-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Ағаш кесу билетінің және орман билетінің нысанын, оларды есепке алудың, сақтаудың, толтыру мен берудің тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

9) 38-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) мемлекеттік орман қоры аумағында өздері сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар мен жұмыстарды өткізетін жерлерде уәкілетті орган бекіткен нормаларға сәйкес өрт сөндіретін құралдары б о л у ы н а ; » ;

10) 41-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ағаш кесу билеті, орман билеті қолданылуының уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тоқтатылуы негізінде тоқтатылады.»;

11) 51-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстырған және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алып қойған кезде, ағаш өспеген алқапқа айналдыруды және (немесе) алып қоюды өз мүддесі үшін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасы мен шығындардың орнын толтырады.»;

12) 55-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді;»;

13) 56-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орман орналастыру уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу қағидаларына, сондай-ақ нұсқаулыққа сәйкес бірыңғай ж ү й е б о й ы н ш а о р ы н д а л а д ы . » ;

14) 58-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Орман қоры туралы ақпарат мемлекеттік меншік болып табылады, оны жеке және заңды тұлғалардың пайдалану тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындайды.»;

15) 59-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орман қорын мемлекеттік есепке алуды уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді.»;

16) 60-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Мемлекеттік орман кадастрын уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді;»;

17) 61-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Ормандардың мемлекеттік мониторингін уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді.»;

18) 63-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Ормандарды өрттен қорғау жөніндегі іс-шаралар уәкілетті орган бекіткен ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларымен регламенттеледі.»;

19) 65-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүргізу саласында маманданған ұйымдар уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.»;

20) 67-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Мемлекеттік орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралар уәкілетті орган бекіткен ормандардағы санитариялық қағидалармен регламенттеледі.»;

21) 69-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Мемлекеттік орман күзетінің қызметі уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік орман күзеті туралы ережемен айқындалады.»;

22) 73-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру мен орман өсіру және олардың сапасына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

23) 77-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді аттестаттау мен есепке алуды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен осы салада маманданған ұйымдар жүзеге асырады.»;

24) 78-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3-1. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алуды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен осы салада маманданған ұйымдар жүзеге асырады.»;

25) 79-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін тұқымдар мен отырғызу материалдарын пайдалану, олардың орнын ауыстыру уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

26) 88-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Орман пайдаланудың белгілі бір түрлерін жүзеге асырған кезде орман ресурстары мен мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану ерекшеліктері осы Кодекске сәйкес уәкілетті органның актілерімен айқындалады.»;

27) 96-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр және ағаш шырындарын

дайындау ережесін, сондай-ақ сүректіндерден сөл алынуы мүмкін аймақтарды уәкілетті орган бекітеді.»;

28) 98-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«98-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалануды жүзеге асыру талаптары

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізат дайындау мен жинау марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарталар орналастыру, бау-бақша шаруашылықтары, өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру орманға зиян келтірілмей, уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасында орманды жанама пайдалану қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.»;

29) 99-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.»;

30) 100-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жануарлар дүниесін, оның ішінде аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

31) 101-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

32) 102-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

33) 104-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік орман қорында уәкілетті орган бекіткен нормалар мен нормативтерге сәйкес орман шаруашылығын жүргізуді қаржыландыру;»;

34) 113-баптың 1-тармағының 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«19) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаш аймағын бөліп беру мен мөлшерлеудің уәкілетті орган бекіткен тәртібін бұзу;».

5. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; №

14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 95-құжат):

1) 17-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстардың, аудандардың (республикалық немесе облыстық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бірлесіп пайдалану үшін су объектілерін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен береді.»;

2) 36-баптың 1-1), 1-2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 8-1), 9), 12-1), 14), 15-1), 16), 17), 18), 19) және 20) тармақшалары алып тасталсын;

3) 37 - бапта :

1 - тармақта :

3-1) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің критерийлерін әзірлейді және бекітеді;»;

«5) ортақ су пайдаланудың үлгілік ережелерін әзірлейді және бекітеді;»;
мынадай мазмұндағы 7-2), 7-3), 7-4), 7-5), 7-6), 7-7), 7-8), 7-9), 7-10) және 7-11)

тармақшалармен толықтырылсын:

«7-2) су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру тәртібін айқындайды;

7-3) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;

7-4) су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде берудің тәртібін айқындайды;

7-5) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, орналастыру және пайдалануға беру тәртібін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын айқындайды;

7-6) аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7-7) тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7-8) судың бастапқы есебінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7-9) сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

7-10) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін әзірлейді және бекітеді;

7-11) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту тәртібін белгілейді;
» ;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды, суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;»;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін әзірлейді және бекітеді;»;

4) 37-1-бапта:

5), 6), 7), 8), 8-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6) елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8-1) ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялау тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

«8-2) қалалар мен ауылдық елді мекендердің сумен жабдықталуын қамтамасыз ететін су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

5) мынадай мазмұндағы 39-1-баппен толықтырылсын:

«39-1-бап. Облыстағы аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары ауданның аумағында орналасқан су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде береді.»;

6) 45-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Негізгі өзендердің бассейндеріне арналған және тұтас республика бойынша су шаруашылығы баланстары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен әзірленеді.»;

7) 46-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен әзірленеді және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.»;

8) 83-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен әзірленеді, келісіледі және бекітіледі.»;

9) 84-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

10) 85-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бөлшектеп құйылған түрде (бөтелкелерде немесе басқа ыдыстарда) тұтынушыларға сатуға арналған ауыз суды, суды тазарту мен зарарсыздандырудың жеке тұрмыстық және топтық техникалық құралдары, сондай-ақ ауыз сумен жабдықтау жүйелерінде пайдаланылатын материалдар, реагенттер, технологиялық процестер, жабдықтар және өзге де құралдар уәкілетті орган белгілеген тізбеге сәйкес міндетті түрде сертификатталуға тиіс.»;

11) 90-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оның сенімділігі және санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру мүмкіндігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

12) 93-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның, уәкілетті органның, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдардың ұсынысы бойынша:

1) республикалық маңызы бар сауықтыру мақсатындағы су объектілерінің тізбесін – уәкілетті орган ;

2) жергілікті маңызы бар сауықтыру мақсатындағы су объектілерінің тізбесін - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.» ;

13) 105-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібін, кеме жүруі, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесін және оларды пайдалану ережелерін бекітуді уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

14) 116-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.» ;

15) 135-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау.».

6. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат, 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 9 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 6 - б а п т а :

6) тармақша алып тасталсын;

7), 8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

« 7) м ы н а л а р д ы :

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарын;
қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау
қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т е д і ;

8) айрықша экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар қоршаған ортаны
қорғау объектілерінің тізбесін айқындайды;

9) м ы н а л а р д ы :

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекарасын;
қалдықтарды әкелу, әкету және транзиттеу тәртібін;
белгіленген мөлшер резерві мен Парниктік газдар шығарындыларына квоталар
бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервін қалыптастыру тәртібін;
парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіруге бағытталған жобаларды
қарау, мақұлдау және іске асыру тәртібін белгілейді;»;

2) 1 7 - б а п т а :

1-3), 1-6) тармақшалар алып тасталсын;

1-7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1-7) коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын
есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 38-7), 38-8), 38-9), 38-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«38-7) табиғи ресурстардың әрбір түрінің мемлекеттік есебін, мемлекеттік
кадастрлары мен мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды;

3 8 - 8) м ы н а л а р д ы :

ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін;

эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің
т і з б е с і н ;

қоршаған ортаға эмиссияны қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелер
с а у д а с ы н ы ң т ә р т і б і н ;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын
б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы н ;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді;
ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін;
парниктік газдарды түгендеу мониторингі мен оны бақылау тәртібін;
парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық
т е т і к т е р д і і с к е а с ы р у т ә р т і б і н ;

қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын;
Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде
өндірістік экологиялық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын;
Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде
фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;
3 8 - 9) м ы н а л а р д ы :

шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстарын өткізу
т ә р т і б і н ;

сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті
қ а л д ы қ т а р д ы б а с қ а р у т ә р т і б і н ;

қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру тәртібін
а й қ ы н д а й д ы ;

3 8 - 1 0) м ы н а л а р д ы :

қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін;
кешенді экологиялық рұқсаттар беру тәртібін және қоршаған ортаға эмиссияларға
рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп
о б ь е к т і л е р і ү л г і л е р і н і ң т і з б е с і н ;

озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында
озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге
р ұ қ с а т т а р б е р у т ә р т і б і н ;

озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу тәртібін;
аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін;
жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін;
мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдар тізбесін;
белгіленген мөлшердің бір бөлігін, парниктік газдар шығарындыларын азайту
бірліктерін, шығарындыларының сертификатталған азайту бірліктерін, сіңірулерін
және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да
туынды б і р л і к т е р д і к ұ р у ж әне айналымы тәртібін;
парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру тәртібін;

экологиялық (жасыл) инвестицияларды іске асыру тәртібін белгілейді.»;

3) 20-бап мынадай мазмұндағы 17-1), 17-2), 17-3) және 17-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«17-1) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келісу;

17-2) жасанды аралдар, дамбалар, құрылыстар мен қондырғыларды пайдалануға жағдай жасау мен пайдаланылуын келісу;

17-3) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру;

17-4) коммуналдық қалдықтардың қалыптасу және жиналу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту.»;

4) 20-1-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында мемлекеттік саясатты іске асырады.»;

5) 21-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.»;

6) 24-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

7) 48-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

8) 71-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

9) 79-бапта:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өнеркәсіптің жекелеген процестері мен салалары үшін ең озық қолжетімді технологиялар тізбелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мүдделі орталық атқарушы органдардың, басқа да заңды тұлғалардың қатысуымен әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алынуы мүмкін өнеркәсіп объектілері типтерінің тізбесін және оларды беру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

10) 94-2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар қоршаған ортаны қорғау

саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына сәйкес беріледі.»;

11) 94-4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өзгерту және парниктік газдар шығарындыларына сертификатты қайта ресімдеу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

12) 94-6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әкімшілендіру субъектілерінің парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыруға қатысу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

13) 94-12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемінің бір бөлігінен белгіленген мөлшердегі бірліктер резерві құрылады, оны қалыптастыру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

14) 105-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоршаған ортаға эмиссияларды қысқарту мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер мен квоталар белгілеу және қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелер саудасының тәртібін бекіту жолымен нарықтық тетіктер енгізілуі м ү м к і н . » ;

15) 107-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Міндетті экологиялық сақтандыру Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңына сәйкес жүзеге асырылады. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін осы Кодекс және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

16) 145-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоршаған ортаның жай-күйі, оның ластануы туралы дәйекті ақпарат алу мақсатында стационарлық бақылау жасау пункттерінің айналасында шаруашылық қызметке шектеу қойылатын қорғау аймақтары құрылады. Стационарлық бақылау жасау пункттері туралы ережені қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган б е к і т е д і . » ;

17) 145-2-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

18) 158-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығына, айқындығына және дәйектілігіне монополияға қарсы органмен келісім бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен

жыл сайын бақылау жүргізіледі.»;

19) 158-2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу және ұстау тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

20) 158-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Верификацияны, валидацияны (детерминацияны) және парниктік газдарды түгендеу туралы есепті растауды жүзеге асыратын тәуелсіз ұйымдарды аккредиттеуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.»;

21) 175-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

22) 199-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Бұл ретте өткізілген (әкелінген), экологиялық қауіпті деп танылған техника мен жабдық осы Кодексте, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарында, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы, азаматтық қорғау туралы және техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып жойылуға, кәдеге жаратылуға немесе қайта өңделуге немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетілуге тиіс.»;

23) 209-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Жерді неғұрлым бағалыдан төмендеу бағалы жерге ауыстыру, жерді консервациялау, сондай-ақ оларды экологиялық зілзала аймағына немесе төтенше экологиялық жағдай аймағына жатқызу қажеттігін айқындау мақсатында жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін (бұдан әрі - жерді бағалаудың экологиялық критерийлері) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.»;

24) 264-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Теңізде өндіретін мұнай операцияларын жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұңғымалар сағаларында қадағалау және өлшеу арқылы өндірістік процестерге мониторинг жүргізуге міндетті.»;

25) 284-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Иесіз қауіпті қалдықтар сот шешімімен республикалық меншікке түседі. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Мұндай қалдықтарды басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысындағы ұйым жүзеге асырады.»;

26) 288-1-баптың 1, 5 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қалдықтарды басқару бағдарламасын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, I және II санаттағы объектілері бар жеке және заңды

тұлғалар

әзірлейді.» ;

«5. Қалдықтарды қайта өңдеу бойынша қолжетімді озық технологиялардың тізбелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мүдделі орталық атқарушы органдардың, басқа да заңды тұлғалардың қатысуымен әзірлейді және бекітеді.» ;

«8. Қалдықтарды басқару бағдарламасы он жылдан аспайтын мерзімге әзірленеді және құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен немесе жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.» ;

27) 303-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қалдықтарды орналастыру полигонының жобасында жабу, рекультивациялау және ол жабылғаннан кейін ластануға мониторинг пен бақылау жүргізу үшін тарату қорын құру көзделеді. Тарату қорларын қалыптастыру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.» ;

28) 314-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізу, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеу, монтаждау, оған қызмет көрсету қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.» ;

29) 315-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Озонды бұзатын заттарды тұтынуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есепке алынуға жатады.» ;

30) 316-баптың 3-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қолдану салалары бойынша озонды бұзатын заттардың нақты әкелінген, әкетілген және өткізілген саны туралы мәліметтер ұсынады.» ;

31) 324-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы Кодекске сәйкес лицензиялауға жатпайтын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне арналған лицензиялардың қолданысы осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап тоқтатылады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне арналған лицензиялары бар жеке және заңды тұлғалар оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қайтаруға міндетті.».

7. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі

З а ң ы) :

1) 15 және 16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің еңбек қатынастарын реттеу
с а л а с ы н д а ғ ы к ұ з ы р е т і

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерін айқындайды;

3) Акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережені бекітеді;

4) азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін айқындайды;

5) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін бекітеді;

6) жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерімен және қызметкерлердің республикалық бірлестіктерімен бас келісім жасасады;

7) тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібін белгілейді;

8) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін азаматтық қызметшілердің штат санының лимитін бекітеді;

9) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

16-бап. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның еңбек қатынастарын реттеу саласындағы қүзыреті

Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган:

1) еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады, сондай-ақ еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның қызметін үйлестіреді және қызметін тексеруді жүзеге асырады;

3) еңбек қатынастарын реттеу саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

4) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдардан еңбек қатынастары мәселелері бойынша қажетті ақпаратты сұратады;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік еңбек инспекторын тағайындауды келіседі;

6) мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі қызметін үйлестіреді;

7) еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласында басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ қызметкерлердің және жұмыс берушілердің өкілдерімен үйлестіруді және өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

8) еңбек жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді ауыстыру және қайта қарау тәртібін белгілейді;

9) тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдарымен келісу бойынша барлық қызмет салалары үшін бірыңғай (салааралық), еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

10) әкімшілік персоналға жататын қызметкерлер лауазымдары атауларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

11) көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдарда еңбек нормаларын ұсыну, қарау және келісу тәртібін белгілейді;

12) көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бойынша параметрлерді ұсыну, қарау және келісу тәртібін белгілейді;

13) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде жасалған салалық келісімдер мен өңірлік келісімдерді тіркеуді жүзеге асырады;

14) мемлекеттік еңбек инспекторларын оқытуды және аттестаттауды жүргізеді;

15) өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексерудің уақтылы және объективті

- жүргізілуін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен
бақылауды жүзеге асырады ;
- 16) еңбек қатынастарын реттеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты
жүзеге асырады ;
- 17) анықтамалықтарды, біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, қайта қарау, бекіту және
қолдану тәртібін айқындайды ;
- 18) экономикалық қызметтің алуан түрлі ұйымдарының басшылары, мамандары
мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік мінездемелерін қарайды
және келіседі ;
- 19) тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдарының еңбек
жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді бекіту тәртібін
белгілейді ;
- 20) оларда жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл
сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына және еңбекақының жоғарылатылған
мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың
тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе)
қауіпті жұмыстардың тізбесін, сондай-ақ оларды беру тәртібін айқындайды ;
- 21) үш адамнан бес адамға дейін қаза тапқан кезде топтық жазатайым оқиғаларды
тергеп-тексеру үшін комиссия құрады ;
- 22) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мониторингті және тәуекелді
бағалауды ұйымдастырады ;
- 23) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің,
тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін әзірлейді
және бекітеді ;
- 25) еңбек төрелігі туралы үлгілік ережені бекітеді ;
- 25) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ақпарат ұсыну және
мемлекеттік статистика жүргізу тәртібін айқындайды ;
- 26) орташа жалақыны есептеудің бірыңғай тәртібін белгілейді ;
- 27) азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына
орналасуға арналған конкурс өткізу тәртібін айқындайды ;
- 28) ұйымда кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың
біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды айқындайды ;
- 29) еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау тәртібін бекітеді ;
- 30) он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым
салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр
заттарды тасуы мен жылжытуының шекті нормаларын бекітеді ;
- 31) әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін,
әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын

б е к і т е д і ;

32) ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ережені б е к і т е д і ;

33) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;

34) қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру тәртібі мен мерзімін айқындайды;

35) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау тәртібін белгілейді;

36) еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау мен төлеу т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;

37) жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру тәртібі мен нормаларын бекітеді, сондай-ақ қызметкерлерді ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібін белгілейді;

38) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 54-баптың 1-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) қызметкер жүктілігі және босануы бойынша демалыста болған, сондай-ақ егер ауру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін еңбекке қабілетсіздіктің анағұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне енгізілген жағдайларды қоспағанда, қызметкер еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам уақыт жұмысқа шықпаған жағдайларда бұзылуы мүмкін.»;

4) 136-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орташа айлық жалақыны айқындаудың осы Кодексте көзделген барлық жағдайлары үшін еңбек жөніндегі уәкілетті орган оны есептеудің бірыңғай тәртібін б е л г і л е й д і . » ;

5) 142-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ұйымда кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды еңбек жөніндегі уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы . » ;

6) 1 5 9 - б а п т а :

2 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіппен берілген еңбекке жарамсыздық парақтары еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеу үшін негіз болып табылады.»;

«4. Әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі, оларды

тағайындау және төлеу тәртібін – еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындайды. Жұмыс берушілер қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне қосымша төлемдер белгілеуге құқылы.»;

7) 202-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, сондай-ақ оны берудің тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.»;

8) 203-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«203-бап. Жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысы

Жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалыстары қызметкерлерге өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, сондай-ақ жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына құқық беретін ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес беріледі. Демалыстың бұл түрінің ұзақтығын, сондай-ақ оны берудің тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.»;

9) 204-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«204-бап. Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу

Өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін жұмысты, сондай-ақ оны берудің тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды .

Осы бапта белгіленген еңбекке ақы төлеу шарттары ауыр, зиянды (ерекше зиянды), қауіпті жағдайлардағы еңбегі жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерімен расталған қызметкерлерге қолданылады.» .

10) 229-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

11) 317-баптың 1-тармағында:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) қызметкерлерге қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасауға, қызметкерлердің арнаулы киімі мен аяқ киімін беруді және жөндеуді, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормаларға сәйкес қызметкерлерді профилактикалық өңдеу, жуу және зарарсыздандыру құралдарымен, медициналық кобдишамен, сүтпен, емдеу-профилактикалық тағамдармен, жеке және ұжымдық

қорғану құралдарымен жабдықтауды қамтамасыз етуге;»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен өндірістік объектілерде еңбек жөніндегі уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес еңбек жағдайлары бойынша бес жылда кемінде бір рет мерзімдік аттестаттауды жүргізуге;»;

12) 319-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуді, бекітуді және қайта қарауды жұмыс беруші еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.»;

13) 320-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша мерзімдік міндетті аттестаттаудан өткізу тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

14) 323-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қауіпті өндірістік объектілерде болған жазатайым оқиғалар кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне;»;

15) 325 - бапта:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде болған жазатайым оқиғалар кезінде қауіпті өндірістік объектідегі аварияның салдарынан үш адамға дейін қайтыс болған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің өкілі арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалады. Бұл жағдайда мемлекеттік еңбек инспекторы комиссия мүшесі болып табылады.».

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қайтыс болған адамдар саны үш адамнан болса, топтық жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган құрған комиссия жүргізеді.».

8. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 жыл, № 21, 93-құжат; 2009 жыл, № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 жыл, № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 жыл, № 2, 21-құжат, 25; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 жыл, № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 жыл, № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 жыл, № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63-құжат, 2014 жылғы 10 шілдеде №

133 болып «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

26-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«26-1) жергілікті атқарушы орган борышының лимиті – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары үшін белгілейтін, жергілікті атқарушы органның тиісті қаржы жылына алынған және өтелмеген қарыздарының тіркелген сомасы, жергілікті атқарушы органның белгіленген күнге (тиісті қаржы жылының соңына) нақты борышы одан аспауға тиіс;»;

55) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«55) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын тұжырымдау мен қалыптастыру, сондай-ақ өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

2) 26-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың мәслихатының шешімі негізінде жасалады.

4. Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.»;

3) 30-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.»;

4) 3 2 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоспарлы кезеңге арналған жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдері,

нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштері бар бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен әзірлейді.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) тәртібін және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

5) 33-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларға бөлінеді.

Мұндай бюджеттік бағдарламаларды бөлу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

6) 35-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бюджеттен субсидиялар төлеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша орталық мемлекеттік органдар айқындайды.»;

7) 39-1-баптың 5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды жоспарлау бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес бюджеттік өтінім жасау арқылы жүзеге асырылады.

6. Нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.» ;

8) 41-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

9) 41 - 1 - б а п т а :

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың тізбесін және көлемін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады, Республикалық бюджет комиссиясы қарайды және олар әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында мақұлданады. Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетте бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әкімшілік жасайтын, жеке бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша көзделеді.» ;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды бөлу тәртібін бюджеттік

жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

10) 44-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған сомалары мемлекеттік қаржылық бақылау органының актісіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей, осы трансферттер мен кредиттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке міндетті түрде қайтарылуға жатады.»;

1 1) 4 5 - б а п т а :

4-1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығыстардың бағыттары мен оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырудың ең төмен көлемдерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесе отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды, облыстық бюджеттен, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган айқындайды.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптарының әдістемесі негізінде есептеледі.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Үшжылдық кезеңге жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін белгілеу үшін жергілікті бюджеттер кірістерінің болжамын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Жалпы сипаттағы трансферттерді аудару тәртібі мен кезеңділігін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

1 2) 4 6 - б а п т а :

4, 5, 6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жергілікті атқарушы органдар нысаналы даму трансферттерінің сомаларын айқындау үшін тиісті жоғары тұрған органға жергілікті бюджеттік инвестициялардың тізбесі мен олар бойынша шығыстар сомаларын көрсете отырып өтінімдерді ұсынады.

5. Жергілікті бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстар берілетін нысаналы даму трансферттерінің көлемі ескеріле отырып, жергілікті бюджеттерде айқындалады.

Жергілікті бюджеттік инвестицияларды іске асыру үшін төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері әр объект бойынша жеке бөлінбей, бір сомамен бөлінеді.

Жергілікті бюджеттік инвестициялар арасында нысаналы даму трансферттерін бөлуді жергілікті атқарушы органдар тиісті жергілікті бюджеттерде осы мақсаттарға көзделетін қаржыландыру көлемін ескере отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі

орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

6. Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері өткен қаржы жылында бөлінген нысаналы даму трансферттері бойынша нәтижелер туралы келісімдерде айқындалған жергілікті бюджеттік инвестициялардың тікелей нәтижелеріне қол жеткізу кезінде бөлінеді. Мұндай нәтижеге қол жеткізілмеген жағдайда, кезекті қаржы жылында нысаналы даму трансферті берілмейді.

7. Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын, жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге немесе оған техникалық-экономикалық негіздемеде немесе үлгілік жобада көзделмеген қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты жергілікті бюджеттік инвестициялардың сметалық құнының ұлғаюымен байланысты шығыстар тиісті жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджетте қаражат жеткіліксіз болған кезде стратегиялық және (немесе) әлеуметтік маңызды мәні бар, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен астанада іске асырылатын, жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге немесе оған техникалық-экономикалық негіздемеде немесе үлгілік жобада көзделмеген қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты жергілікті бюджеттік инвестициялардың сметалық құнының ұлғаюы бойынша, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1000000 еселенген мөлшерінен асатын шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның келісімі бойынша айқындайды.»;

12-1 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12-1. Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының әкімшісі Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы алынған күннен бастап республикалық бюджет нақтыланғанға немесе түзетілгенге дейін осы Кодекстің 153 және 154-баптарының талаптарына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға құжаттама ұсынылғанға дейін осы Кодекстің 79-бабының 2-тармағы екінші бөлігінің 2-1) тармақшасында көрсетілген аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған нысаналы даму трансферттері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органмен жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілетін нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жасаспайды.»;

«16. Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімді әзірлеу, нысаналы трансферттерді аудару, қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасау және беру тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті о р г а н а й қ ы н д а й д ы . » ;

13) 59-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджет комиссияларының жұмыс органдары болып табылады.»;

14) 60-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау бойынша әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады, мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру және бюджет жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді, сондай-ақ бюджет саясатын қалыптастыруды жүзеге асырады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, бюджеттік жоспарлау бойынша әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.»;

15) 61 - бапта :

1-1-тармақтың 1) тармақшасының сегізінші абзацы алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеудің тәртібі мен мерзімдерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

16) 62 - бапта :

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісім бойынша мемлекеттік орган бекітеді.»;

17) 64 - бапта :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Республикалық бюджетті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді.

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға бюджетті жоспарлау немесе нақтылау процесінен тыс бюджет шығыстарын ұлғайту туралы ұсыныстар енгізуіне тыйым салынады.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

18) 65 - 1 - бапта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа

бастамаларға арналған лимиттерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жоспарлы кезеңге Қазақстан Республикасының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының, республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары, тиісті бюджет тапшылығының мөлшері негізінде айқындайды.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.»;

19) 66-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«66-бап. Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынатын құжаттар

1. Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстарын жоспарлау үшін ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде:

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінімдерді және бюджеттік бағдарламалар жобаларын, сондай-ақ стратегиялық жоспарлар жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын ұсынады.

2. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың жобаларын;

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

3. Осы бапта көрсетілген құжаттардың нәтижелеріне бағалау жүргізілген жағдайда, бағалау нәтижелері қоса беріледі.»;

20) 67-бапта:

б-тармақта:

4) және б) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы;»;

«6) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар сұрататын басқа да қажетті ақпарат к і р е д і . » ;

10 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Бюджеттік өтінім жасалуы мен ұсынылуы бойынша Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген кезде, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган оны қарамастан бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қайтарады.»;

«13. Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

21) 68-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«68-бап. Стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және бюджеттік өтінімдерді қарау

1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жетекшілік ететін саладағы (аядағы) стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және оларды іске асыру жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін е с к е р е о т ы р ы п :

1) стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын олардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкестігі , нәтижелер көрсеткіштерін таңдаудың және оларға қол жеткізу дәрежелерінің дұрыстығы тұрғысынан қарайды ;

2) бюджеттік бағдарламалардың жобаларын нәтижелер көрсеткіштерін таңдаудың дұрыстығы, нәтижелер көрсеткіштерінің стратегиялық жоспар көрсеткіштерімен өзара байланысының болуы, нәтижелер көрсеткіштерінің қолжетімділік дәрежесі тұрғысынан қ а р а й д ы ;

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын қараудың нәтижелері бойынша қорытынды қалыптастырады және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдау нәтижелерін, сондай-ақ бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін е с к е р е о т ы р ы п :

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, қолданыстағы заттай нормаларға және

стратегиялық жоспарлардың жобаларына немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, бұл ретте бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есептеу кезінде бағдар ретінде тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген бағалардың дерекқоры да пайдаланылады;

2) стратегиялық жоспарлар әзірлейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларының көрсеткіштерін олардың стратегиялық бағыттардың міндеттерімен, стратегиялық мақсаттарымен өзара байланысты тұрғысынан қарайды;

3) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларының көрсеткіштерін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген материалдарды қарау нәтижесінде бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалар жобалары бойынша қорытындылар қалыптастырады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалар жобалары бойынша қорытындылары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалар жобалары және стратегиялық жоспарлар жобалары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобалары бойынша қорытындыларын ескере отырып қалыптастырылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның жергілікті атқарушы органдарға нысаналы даму трансферттерін және бюджеттік кредиттер ұсынуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бюджеттік өтінімдер бойынша қорытындылары өңірлік саясат мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымдары ескеріле отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсыныстарының негізінде қалыптастырылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының қарауына стратегиялық жоспарлардың жобалары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобалары, бюджеттік өтінімдер, бюджеттік бағдарламалар жобалары бойынша қорытындыларды енгізеді.

3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдаудың және бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін ескере отырып:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламасының көрсеткіштеріне және қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, бұл ретте бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есептеу кезінде бағдар ретінде тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген бағалардың дерекқоры да пайдаланылады;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарау қорытындылары бойынша бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалар жобалары бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды тиісті бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

4. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган арасындағы келіспеушіліктерді тиісті бюджет комиссиясы қарайды. Тиісті бюджет комиссиясы осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген материалдарды қарайды және олар бойынша ұсыныстар әзірлейді.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстарына сәйкес:

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарлардың пысықталған жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын және бюджеттік өтінімдерді;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарлардың пысықталған жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

6. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстарына сәйкес:

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың пысықталған жобаларын;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік бағдарламалардың пысықталған жобаларын және бюджеттік өтінімдерді ұсынады.»;

22) 69-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Заттай нормаларды орталық мемлекеттік органдар әзірлейді және бекітеді.»;

23) 70-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібін тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органы әзірлейді және бекітеді.»;

2 4) 7 1 - б а п т а :

1 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет жобасын жасайды және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді .
» ;

«6. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 15 тамызынан кешіктірмей республикалық бюджет туралы заң жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарауға ұсынады.»;

25) 74-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер Қазақстан Республикасының Парламенті ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін республикалық бюджет туралы заңды қабылдамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Парламенті республикалық бюджет туралы заңды бекіткенге дейін қолданылатын, кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржылық жоспар туралы жарлық шығаруға құқылы. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржылық жоспар туралы жарлығының жобасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны іске асыру туралы қаулысының жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді.»;

26) 75-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары аудандық (қалалық) мәслихаттар аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерін бекіту туралы шешімдер қабылдағаннан кейін күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бекітілген жергілікті бюджеттердің негізінде жинақталған облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жоспарлы кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесін ұ с ы н а д ы . » ;

27) 79-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күннен бастап бір апта мерзімде қабылданады.

Мәслихат жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін екі апта мерзімде жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы

органның

қаулысы

қабылданады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет туралы заңды іске асыру және мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешімін іске асыру туралы қаулыларының жобаларын тиісінше бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган әзірлейді.»;

28) 80-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Төтенше мемлекеттік бюджетті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және ол Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітіледі.»;

29) 81-баптың 2, 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Президенті төтенше жағдайды немесе соғыс жағдайын енгізген кезде тиісті мемлекеттік органдар бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға төтенше жағдайдың немесе соғыс жағдайының қолданылуы кезеңінде жүзеге асырылатын іс-шараларды қаржыландыру жөніндегі бюджеттік өтінімдерді енгізеді.

3. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган төтенше жағдайдың немесе соғыс жағдайының іс-шараларын қаржыландыруға арналған бюджеттік бағдарламалардың тізбесі мен көлемдерін жасайды және оларды Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

4. Республикалық бюджет комиссиясы осы баптың 3-тармағында көрсетілген бюджеттік бағдарламалардың тізбелері мен көлемдерін мақұлдағаннан кейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше мемлекеттік бюджет туралы жарлығының жобасын жасайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше мемлекеттік бюджет туралы жарлығының жобасына:

1) осы Кодексте белгіленген құрылым бойынша жасалатын төтенше мемлекеттік бюджет;

2) төтенше мемлекеттік бюджеттің құрамына енгізілген және төтенше немесе соғыс жағдайының іс-шараларын қаржыландыруға арналған қажеттілікті ескере отырып, түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттердің көрсеткіштері қоса беріледі.»;

30) 82-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Бюджеттің атқарылу рәсімдерін және оларға кассалық қызмет көрсетуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

31) 85-баптың 9-1, 9-2, 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1. Бюджеттің атқарылуы барысында республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаражатты ағымдағы қаржы жылына арналып бекітілген (нақтыланған) республикалық бюджетте көзделген нысаналы даму трансферттері бойынша бір бюджеттік бағдарлама ішінде, облысқа, республикалық маңызы бар

қалаға, астанаға ағымдағы қаржы жылына көзделген соманың он пайызынан аспайтын көлемде облыстар, республикалық маңызы бар қаланың, астана арасында тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қайта бөлуге құқылы.

Бюджеттің атқарылуы барысында облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаражатты ағымдағы қаржы жылына арналып бекітілген (нақтыланған) облыстық бюджетте көзделген нысаналы даму трансферттері бойынша бір бюджеттік бағдарлама ішінде ауданға (облыстық маңызы бар қалаға) ағымдағы қаржы жылына көзделген соманың он пайызынан аспайтын көлемде аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) арасында тиісті аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен және тиісті жергілікті өкілді органдармен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қайта бөлуге құқылы.

9-2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қаражатты тікелей және түпкілікті нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштерін сақтау шартымен, ағымдағы қаржы жылына арналып бекітілген (нақтыланған) жергілікті бюджетте көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында нысаналы даму трансферттері бойынша бір бюджеттік бағдарлама ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаға шығыстардың он пайызынан аспайтын көлемде жоғары тұрған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және тиісті жергілікті өкілді органмен келісімі бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қайта бөлуге құқылы.

10. Міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларын жасау және жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.»;

32) 88-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.»;

33) 89-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жүргізу және жабу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

34) 91-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«91-бап. Түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жазу

1. Бюджетке түсетін түсімдер ақшалай нысанда жүзеге асырылады және бюджетке түсетін түсімдердің сыныптамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен толық көлемде бірыңғай қазынашылық шотқа е с е п к е ж а з ы л а д ы .

2. Сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына және сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына арналған шоттарға түсетін түсімдерді қоспағанда, бюджетке шетел валютасында түсетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шоттарына шетел валютасында есепке жазған түсімдер қайта айырбасталуға және бірыңғай қазынашылық шотқа есепке жазылуға тиіс.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шоттарынан шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

35) 92-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Түсімдерді бөлу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін, бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты арасында бөлу кестесі, облыстық мәслихаттың шешімімен белгіленетін кірістерді облыстық бюджет пен оның аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасында бөлу нормативтері, сондай-ақ мұнай секторы ұйымдарының тізбесі негізінде жүзеге асырылады.»;

3 6) 9 4 - б а п т а :

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорытындылар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынылады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджеттен қайтару және (немесе) есепке жатқызу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

3 7) 9 6 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік мекеме Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы алынған күннен бастап республикалық бюджет нақтыланғанға немесе түзетілгенге дейін осы Кодекстің 153-бабының 7-тармағына сәйкес құжаттама бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылғанға дейін осы Кодекстің 79-бабының 2-тармағы екінші бөлігінің 2-1) тармақшасында көрсетілген тізбеге енгізілген бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша міндеттемелер қабылдамайды.»;

5-тармақтың бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Кодекстің 79-бабының 2-тармағы екінші бөлігінің 2-1) тармақшасында көрсетілген тізбеге енгізілген бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша

азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы алынған күннен бастап республикалық бюджет нақтыланғанға немесе түзетілгенге дейін осы Кодекстің 153-бабының 7-тармағына сәйкес құжаттама бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы алынған күннен бастап республикалық бюджет нақтыланғанға немесе түзетілгенге дейін осы Кодекстің 154-бабының 2-тармағына сәйкес құжаттама бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылғанға дейін, осы Кодекстің 79-бабының 2-тармағы екінші бөлігінің 2-1) тармақшасында көрсетілген тізбеге енгізілген заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін төлеу бойынша міндеттемелер қабылдамайды.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді жүзеге асыру тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

38) 97-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

39) 98-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Инкассалық өкімдерді орындау бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

40) 99-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Төлемдер мен ақша аударымдарын шетел валютасында жүзеге асыру тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

41) 100-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімде азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу және төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу үшін мемлекеттік мекемелердің құжаттарын қабылдауды тоқтата тұрады.»;

42) 100-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«100-1-бап. Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің төлемдері мен ақша аударымдарын жүргізуді тоқтата тұру

Инкассалық өкім ұсынылған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі квзимемлекеттік сектор субъектілерінің құжаттарын қабылдауды және төлемдерін жүргізу мен ақша аударымдарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде тоқтата тұрады.» ;

43) 101-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

44) 102-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түсетін, өз билігінде қалатын ақшаны пайдалану тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органы айқындайды.»;

45) 102-1-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруына бағытталған ақша түсімі мен оны жұмсау тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

46) 107 - бапта:

4 және 4-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Республикалық бюджет комиссиясының ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы ұсынысын ескере отырып, тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бес жұмыс күні ішінде:

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, өзгерістер енгізу көзделетін бюджеттік бағдарламалар жобаларын;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын және өзгерістер енгізу көзделетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік өтінімді ұсынады.

4-1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оларды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде стратегиялық жоспарлар жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, бюджеттік бағдарламалар жобаларын және бюджеттік өтінімдерді қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.»;

6, 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде нақтыланған

республикалық бюджет жобасын жасайды және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

7. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының нақтыланған республикалық бюджет жобасы бойынша ұсынысының негізінде он жұмыс күні ішінде республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жасайды және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынады.»;

47) 111-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың қаулылары және өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, кезекті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, бекітілген (нақтыланған) бюджеттің көрсеткіштерін өзгерту бюджетті түзету болып табылады.»;

4 8) 1 5 1 - б а п т а :

1 3 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы алынған күннен бастап республикалық бюджетті нақтылағанға немесе түзеткенге дейін осы Кодекстің 153 және 154-баптарында көрсетілген тиісті құжаттаманы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынуға міндетті.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған, Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсыныстары бар бюджеттік инвестицияларды қарау және іріктеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және іске асыру тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

49) 152-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу және бюджеттік инвестицияларды іріктеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

5 0) 1 5 3 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бюджеттік инвестициялық жобаны қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік инвестициялық жобаны әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу тәртібіне сәйкес әзірленген техникалық-экономикалық негіздеменің негізінде жүзеге асырады.

Үлгілік жобалар, үлгілік жобалық шешімдер және қайталап қолданылатын жобалар бойынша құрылысы көзделіп отырған, техникалық жағынан күрделі болып табылмайтын жобаларды қарау инвестициялық ұсынысты қарау кезеңінде жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Бюджеттік инвестициялық жобаны тиісті бюджет жобасына енгізу үшін іріктеуді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Бюджеттік инвестициялық жобаларды, оның ішінде техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін, сондай-ақ сметалық құнын ұлғайту болжанатын бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

5 1) 1 5 4 - б а п т а :

4 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ұсынысы мен экономикалық қорытынды негізінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іріктеуді жүзеге асырады және қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына жібереді.»

«13. Бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыруға жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іріктеу тәртібі мен мерзімдерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»

5 2) 1 5 5 - 2 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан

Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалардың негізінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасы бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.»;

«155-2-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

53) 155-3-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөнінде қызметтер көрсетуге арналған қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.»;

54) 156-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«156-бап. Мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау үшін негіздер Мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау концессия шарттарына қол қою арқылы жүзеге асырылады. Мыналардың:

1) болған жағдайда келіссөздер хаттамасының;

2) Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес құрылған концессия жөніндегі комиссияның конкурс жеңімпазын айқындау туралы ұсыныстарының;

3) бюджет комиссиясының мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау туралы ұсыныстарының болуы мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдау үшін негіз болып табылады.

Концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

55) 157-бапта:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын аяқталған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган жүргізеді.

Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган

ж ү р г і з е д і . » ;

1 0 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы мониторингін жүргізу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалауды жүргізу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

56) 158-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Концессиялық жобалардың іске асырылуы мониторингін және оны бағалауды жүргізу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды .
» ;

57) 159-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуы мониторингін және оны бағалауды жүргізу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.»;

58) 160-баптың 7 және 7-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын беру тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

7-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.»;

59) 161-баптың 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік концессиялық міндеттемелер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда белгіленген тәртіппен тіркеуге және есепке алуға жатады.»;

«4. Мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің мониторингі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

60) 164-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимитін үш жылдық кезеңге бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.»;

61) 166-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«166-бап. Байланыссыз гранттар

Байланыссыз гранттарды тарту, пайдалану, мониторингін жүргізу және

пайдаланылуын бағалау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

62) 167-баптың 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді орталық мемлекеттік органдар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өтінімдерін ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

4. Байланысты гранттарды тартуға арналған іріктелген өтінімдердің негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесін қалыптастырады және бекітеді.»;

63) 173-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қарыз алушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын критерийлерге сәйкес кредиттік қабілеттілігі.»;

64) 183-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы агенттіктерін республикалық бюджеттен қамтамасыз етілмейтін бюджеттік кредиттер алатын қаржы агенттіктерінің тізбесіне енгізу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

65) 184-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған тиісті мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің орташа өлшемді мөлшерлемесін айқындау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.»;

6 6) 1 8 7 - б а п т а :

2) тармақшаның бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруға ұсынатын бюджеттік бағдарламаларды олардың бюджеттік кредиттеу критерийлеріне сәйкес келуі тұрғысынан қарауын қамтиды.»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бюджет комиссиясының бюджеттік өтінімді және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қорытындысын қарауын.»;

6 7) 1 8 8 - б а п т а :

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қаржы агенттіктерін қоспағанда, мамандандырылған ұйымдарды бюджеттік кредиттеу кезінде конкурс нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі

айқындайды. Мамандандырылған ұйымдарды іріктеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейді;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Бюджеттік кредиттер беру жөніндегі рәсімдерді, оның ішінде оларды беру кезіндегі қажетті құжаттардың тізбесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

68) 192-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бюджеттік кредит бойынша берешекті өтеу есебінен өндіріліп алынған мүлік мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өткізілуге және (немесе) мемлекеттік меншікке айналдыруға жатады.»;

69) 197-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кредитор және (немесе) сенім білдірілген өкіл (агент) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін жағдайдың болуын бақылауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.»;

70) 203 - бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен, республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін үкіметтік борыш лимитін, мемлекеттік кепілдіктер және мемлекет кепілгерлігін беру лимиттерін және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін жергілікті атқарушы органдар борышының лимиттерін айқындауын;»;

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қарыздарды тіркеуін және есепке алуын және мемлекеттің оның кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты талаптарды, мемлекеттік қарыздар мен мемлекеттік борышты, мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет кепілгерлігі бойынша борышты алу, пайдалану, өтеу және қызмет көрсету мониторингін, сондай-ақ мемлекеттің оның кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты туындаған мемлекет талаптарын жүзеге асыруын;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекет кепілгерліктері бойынша борыштың және мемлекет алдындағы борыштың

тәуекелдерін басқару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

71) 210-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тиісті қаржы жылына жергілікті атқарушы орган борышының лимитін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.»;

72) 211-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«211-бап. Жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу және оған қызмет көрсету

Жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеуді және оған қызмет көрсетуді олар жергілікті бюджеттерде көзделген қаражаттар есебінен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.»;

73) 212-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуының жиынтық көлемі тиісті жергілікті атқарушы орган борышының белгіленген лимитінен аспауға тиіс.»;

74) 213-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша мемлекеттік кепілдіктер беруді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын шарттармен және тәртіппен жүзеге асырады.»;

75) 230-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«230-бап. Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе олардың көлемін ұлғайту үшін концессиялық жобаларды іріктеу

Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе олардың көлемін ұлғайту үшін концессиялық жобаларды іріктеуді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.».

10. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат;

№ 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж. № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат, № 8, 44, 49-құжаттар; 2014 жылғы 20 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 13 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластерінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 13 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 12-баптың 1-тармағының 41-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«41-1) уәкілетті заңды тұлға - салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін өткізу саласындағы, уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға;»;

2) 14-баптың 1-тармағында:

7) тармақшаның бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«7) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, Кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталатын акцизделетін тауарлардың (жеңіл автомобильдерді қоспағанда) алдағы уақытта алынатыны туралы салық органдарына хабарлау;»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Осы тармақшаның мақсатында тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарлама беру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»;

3) 18-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Салық қызметі органдары уәкілетті орган бекіткен кодтары бар уәкілетті орган мен салық органдарынан тұрады.»;

4) 23-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықты жинау қатаң есептілік құжаты болып табылатын квитанция негізінде жүзеге асырылады. Квитанция нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде салық органына квитанцияларды пайдалану туралы, сондай-ақ салық сомасын банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсыру туралы есептер беруді қамтамасыз етеді.»;

5) 56-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Салық төлеуші (салық агенті), егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салықтық есепке алу саясатын дербес әзірлейді және бекітеді.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер осындай арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша уәкілетті орган бекіткен нысанда дербес әзірленген салықтық есепке алу саясатын бекітеді.»;

6) 64-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер салық төлеуші уәкілетті орган олар үшін әртүрлі салықтық нысандар белгілеген салық төлеушілердің санаттарына жататын болса, онда мұндай салық төлеуші өзі жатқызылған салық төлеушілердің әрбір санаты үшін көзделген салықтық нысандарды жасауға тиіс.»;

7) 66-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) сатып алушылар бойынша мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжаттары»;

8) 75-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салықтық өтініштердің нысандарын уәкілетті орган бекітеді.»;

9) 77 - б а п т а :

1-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Салық тіркелімдері арнаулы нысандар түрінде жүргізіледі. Уәкілетті орган белгілеген салық тіркелімдері нысандарын қоспағанда, салық тіркелімдерінің нысандарын және оларда салықтық есепке алу деректерін көрсету тәртібін салық төлеуші (салық агенті) дербес әзірлейді және салықтық есепке алу саясатында бекітеді.»

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жасалу нысандары мен қағидаларын уәкілетті орган белгілейтін, салық төлеуші (салық агенті) жасайтын салық тіркелімдерін қамтиды.»;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

« У ә к і л е т т і о р г а н :

ақпаратты көрсету үшін салық тіркелімдерінің нысандарын белгілеуге құқылы.»;

4-1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамалық актісіне сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер үшін уәкілетті орган: ақпаратты көрсету үшін салық тіркелімдерінің нысандарын белгілеуге құқылы.»;

9) 118-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқық мирасқоры немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша тіркелген активтерді алған кезде осы Кодекстің 119-бабының 12-тармағына сәйкес айқындалған құн, мұндай құн болмаған жағдайда уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындаған құн осындай активтердің бастапқы құны болып табылады.»;

1 1) 1 1 9 - б а п т а :

12-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) II, III және IV топтар бойынша – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалған құнға азайтылады.»;

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) II, III және IV топтар бойынша – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалған құнға азайтылады.»;

12) 133-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жеке тұлға салық төлеушіде кемінде үш жыл жұмыс істеу міндеттемесі туралы шарт жасасқан жағдайда, салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмаған жеке тұлғаны оқытуға арналған шығыстарды.

Осы тармақшаның мақсатында оқытуға арналған шығыстар: оқытуға ақы төлеуге жұмсалған нақты шығыстарды; уәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде тұруға жұмсалған нақты шығыстарды; оқитын адамға салық төлеуші айқындаған мөлшерде, бірақ уәкілетті орган белгілеген нормалардан аспайтын ақша сомасын төлеуге арналған шығыстарды қ а м т и д ы ; » ;

13) 156-баптың 1-тармағының 24) және 42) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«24) жұмыс берушінің өндірістік қызметімен байланысты мамандық бойынша қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберген кезде жұмыс берушінің мынадай түрдегі ш ы ғ ы с т а р ы :

басқа жерге қызметтік іссапарын ресімдеу кезінде - қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін төлеуге нақты жұмсалған шығыстары; басқа жерге қызметтік іссапарын ресімдемей:

қызметкерді оқыту, оның біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін төлеуге
нақты жұмсалған шығыстары;

уәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде қызметкердің тұруына нақты
жұмсалған шығыстары;

қызметкер оқуға түскен кезде оқу орнына баруға және оқу, біліктілікті арттыру
немесе қайта даярлау аяқталғаннан кейін қайтуына нақты жұмсалған шығыстары
жатады;

жұмыс берушінің:

қызметкер Қазақстан Республикасының шегінде оқытудан, біліктілігін арттырудан
немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде – қызметкердің оқытудан, біліктілігін
арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күні үшін республикалық
бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында
қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

қызметкер Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде оқытудан, біліктілігін
арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде – қызметкердің оқытудан,
біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күні үшін
республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1
қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері
шегінде қызметкерге төлеуге тағайындаған ақша сомасы жатады;»;

«42) осы Кодекстің 135-1 бабы 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында
айқындалған дербес білім беру ұйымымен еңбек қатынастарында тұрмаған, алайда
осындай шығыстарды жүзеге асыратын дербес білім беру ұйымының шешімімен
айқындалған мамандық бойынша осы Кодекстің 135-1 бабы 1-тармағының 1) – 5)
тармақшаларында айқындалған басқа дербес білім беру ұйымымен еңбек
қатынастарында тұрған жеке тұлғаны оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта
даярлауға жіберген кезде осы дербес білім беру ұйымының шығыстары:

жеке тұлғаны оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға іс жүзінде
жүргізілген шығыстар;

Уәкілетті орган белгілеген нормалардың шегінде оқытылатын тұлғаның тұруына іс
жүзінде жүргізілген шығыстар;

қызметкер оқуға түскен кезде оқу орнына дейін баруға және оқуды, біліктілігін
арттыруды немесе қайта даярлауды аяқтағаннан кейін қайтар жолына арналған
жолақыға іс жүзінде жүргізілген шығыстар;
дербес білім беру ұйымының мыналардың шегінде:

оқытылатын адамның Қазақстан Республикасының шегінде оқытудан, біліктілігін
арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзімі ішінде – қызметкер оқытудан,
біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін
республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1
қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінде;

оқытылатын адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзімі ішінде – қызметкер оқытудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшерінде жеке тұлғаға төлеуге белгілеген ақша сомасы.

Егер шығыстар осы Кодекстің 135-1 бабы 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында айқындалған, осындай шығыстарды жүзеге асырған дербес білім беру ұйымының оқыту, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау мақсатында алған өтеусіз көмек есебінен және соның шегінде жүзеге асырылса, осы тармақшаның ережелері қолданылады.» ;

14) 192-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің іс жүзінде орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін табыстары, сондай-ақ осы бапта белгіленген өзге де табыстары.»;

15) 193-баптың 5-тармағының 3) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

«3) Уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаларға төлейтіндерді қоспағанда, бір мезгілде мынадай:

дивидендтерді есептеу күніне салық төлеушінің дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

дивидендтер төлейтін заңды тұлғаның дивидендтер төленетін кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

дивидендтер төлейтін заңды тұлға активтері құнының 50 пайыздан азын дивидендтер төлеу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрау талаптары орындалған кездегі дивидендтер салық салынуға жатпайды.

Осы тармақшаның ережелері резидент заңды тұлғадан:

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төленуге жататын табыс;

заңды тұлға оның құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі ;

құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, заңды тұлғаны таратқан кезде немесе құрылтайшылар, қатысушылар салымдарының мөлшерін барабар азайту жолымен не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жарғылық капиталды азайтқан кезде, сондай-ақ құрылтайшы, қатысушы заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде мүлікті бөлуден түсетін табыс түрінде алынған дивидендтерге ғана

қ о л д а н ы л а д ы .

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің дивидендтерді төлейтін заңды тұлғаның активтері құнындағы үлесі осы Кодекстің 197-бабына сәйкес айқындалады.

Жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;»;

«7) Уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген заңды тұлғаларды қоспағанда, бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

эмитент заңды тұлғаның немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлғаның немесе қатысу үлесін консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

эмитент-заңды тұлға немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлға активтері құнының немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан азын осындай өткізу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрау талаптары орындалған кезде, егер осы тармақтың 8) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген заңды тұлға шығарған акцияларды немесе заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар.

Жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;»;

16) 200-1-баптың 1-тармағының 4) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«4) Уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаларға төленетіндерді қоспағанда, бір мезгілде мынадай:

дивидендтерді есептеу күніне салық төлеушінің дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

дивидендтер төлейтін заңды тұлғаның дивидендтер төленетін кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

дивидендтер төлейтін заңды тұлға активтері құнының 50 пайыздан азын дивидендтер төлеу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрау талаптары орындалған кездегі дивидендтер.

О с ы т а р м а қ ш а н ы ң е р е ж е л е р і :

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері

болып табылатын акциялар бойынша төлеуге жататын табыс;
заңды тұлға өзінің құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза
табыстың бір бөлігі;

құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, заңды тұлға таратылған кезде немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың салым мөлшерін барабар азайту арқылы не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу арқылы жарғылық капиталды азайту кезінде, сондай-ақ заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесін құрылтайшының, қатысушының алып қойған кезінде, мүлікті бөлуден түсетін табыс түрінде резидент заңды тұлғадан алынған дивидендтерге ғана қолданылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкінің дивидендтер төлейтін заңды тұлғаның активтері құнындағы үлесі осы Кодекстің 197-бабына сәйкес айқындалады.

Жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;»;

8) Уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғалардың табыстарын қоспағанда, бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

эмитент заңды тұлғаның немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлғаның немесе қатысу үлесін консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

эмитент-заңды тұлға немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлға активтері құнының немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан азын осындай өткізу күні жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрау талаптары орындалған кезде, егер осы тармақтың 9) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген, заңды тұлға шығарған акцияларды немесе заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар.

Жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;»;

17) 216-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Шотында шартты түрдегі банк салымы орналастырылған банк есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, салық агенті орналасқан жердегі салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша есепті тоқсан ішіндегі ақша

қозғалысы туралы есепті ұсынуға міндетті. Есеп шартты түрдегі банк салымы орналастырылған шотта ақша қозғалысы болған тоқсандарға табыс етіледі.

Есепке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және оны табыс ету салық есептілігі үшін осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.» ;

18) 218-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салық органы инкассалық өкіммен бір мезгілде табыс салығының сомасы резидент еместің шартты түрдегі банк салымында орналастырылған кезден бастап бюджетке аударылғанға дейін банк сыйақыларының есебіне жазылған сомалары туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша банкке жібереді.

4. Банк сұрау салу алынған күннен бастап күнтізбелік екі күн ішінде салық органына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген нысандағы банк сыйақыларының есебіне жазылған сомалары туралы мәліметтерді жіберуге міндетті.

Банк сыйақыларының есебіне жазылған сомалары туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және оларды табыс ету салық есептілігі үшін осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.»;

19) 224-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер шет мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігі мынадай талаптардың біріне сай келген жағдайда:

1) мұндай мемлекетте немесе әкімшілік-аумақтық бірлікте табыс салығының мөлшерлемесі 10 пайыздан аз мөлшерді құраса;

2) мұндай мемлекетте немесе әкімшілік-аумақтық бірлікте қаржы ақпаратының құпиялылығы туралы заңдар немесе мүліктің, табыстың нақты иесі немесе заңды тұлғаның (компанияның) нақты иелері, қатысушылары, құрылтайшылары, акционерлері туралы құпияны сақтауға мүмкіндік беретін заңдар болса, ол жеңілдікті салық салынатын мемлекет деп танылады. Уәкілетті орган шет мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің құзыретті органынан аталған халықаралық шартта алмасу көзделген мәліметтерді беруден жазбаша бас тартуды алған немесе шет мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің құзыретті органы мұндай мәліметтерді уәкілетті орган тиісті сауалды жібергеннен кейін екі жылдан астам уақыт ішінде бермеген жағдайларды қоспағанда, осы тармақшаның ережелері Қазақстан Республикасының құзыретті органдары арасында ақпарат алмасу туралы ережелерді көздейтін халықаралық шарт жасасқан мемлекеттерге немесе мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық бірліктеріне қатысты қолданылмайды.

Жеңілдікті салық салынатын мемлекеттердің тізбесін уәкілетті орган бекітеді.»;

20) 256-баптың 2-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) осы тармақшаның ережелерін ескере отырып, мемлекеттік материалдық резерв

саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжатында көрсетілген.»;

21) 263-баптың 1-2-тармағы үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган электрондық түрде жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымы тәртібін белгілейді, онда мыналар:»;

22) 270-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 256-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі өзінің мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығаруға жазып берілген құжаттар тізілімін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімде және нысан бойынша ұсынады.»;

23) 276-18-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Қазақстан Республикасының басқа салық төлеушісі ұйымдастырған көрме-жәрмеңкелік саудада Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісі Қазақстан Республикасының аумағына бұрын импорттаған, олар бойынша қосылған құн салығы төленбеген тауарларды сатып алса, егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығын төлеуді Қазақстан Республикасының салық төлеушісі, тауарлардың меншік иесі не комиссионер, сенім білдірілген адам (оператор) жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ұйымдастырған көрме-жәрмеңкелік саудада Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан бұрын Қазақстан Республикасының аумағына импортталған, олар бойынша қосылған құн салығы төленбеген тауарларды Қазақстан Республикасының салық төлеушісі сатып алса, қосылған құн салығын оларды сатып алу-сатуға резидент емеспен шарттар (келісімшарттар) болған кезде тауарлардың меншік иесі төлейді.

Сатып алу-сатуға арналған шарттар (келісімшарттар) болмаған кезде, мұндай тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеуді көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі жүзеге асырады.

Көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі осындай сауда өткізілетіні туралы Кеден одағына мүше мемлекеттерден саудаға қатысатындардың тізімін қоса, оны өткізу басталардан он жұмыс күні бұрын салық органына орналасқан жері бойынша жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығының төленуін бақылау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

24) 276 - 20 - бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қосылған құн салығы бойынша декларацияға қосымша болып табылатын, салық

кезені ішінде Кеден одағына мүше мемлекеттерге өткізілген тауарлар немесе алыс-беріс шикізатын өңдеу жөнінде орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімін ұсынуға міндетті. Кеден одағына мүше мемлекеттерге өткізілген тауарлар немесе алыс-беріс шикізатын өңдеу жөнінде орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралар тізілімдерінің нысандарын салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін салық органдарының тиісті белгі қою арқылы растауы не растаудан дәлелді бас тартуы уәкілетті орган көздеген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.»;

25) 276-22-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішті кері қайтару тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

26) 282-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Алыс-беріс шикізаты болып табылатын акцизделетін тауарларды беру кезінде аталған тауарларды мердігерге (өңдеушіге) берген күн операция жасалған күн болып т а б ы л а д ы .

Алыс-беріс шикізатынан акцизделетін тауарлар дайындаған кезде дайындалған акцизделетін тауарларды тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға берген күн операция жасалған күн болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына әкетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген акцизделетін болып табылатын алыс-беріс шикізатын өңдеу мерзімі алыс-беріс шикізатын өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес айқындалады және алыс-беріс шикізатын есепке қабылдаған және (немесе) тиеп-жөнелтілген күннен бастап екі жылдан аспауға тиіс.

Алыс-беріс шикізатын өңдеудің белгіленген мерзімінен асқан жағдайда осы Кодекстің 280-бабында көзделген мөлшерлемелер бойынша шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес өңдеу өнімінің болжалды көлемі акциз салу объектісі болып т а б ы л а д ы .

Алыс-беріс шикізатын өңдеуге әкелу (әкету) жүзеге асырылатын жағдайда Қазақстан Республикасының салық төлеушісі өңдеу өнімдерін әкету (әкелу) туралы міндеттеме, сондай-ақ оның салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, нысанда және мерзімде орындалуын ұ с ы н а д ы . » ;

27) 292-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Салық органдарының тиісті белгіні қою жолымен тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште Кеден одағына мүше мемлекеттердің

аумағынан импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциздің төлену фактісін растауы не растаудан дәлелді бас тартуы уәкілетті орган көздеген тәртіппен жүзеге асырылады.» ;

28) 459-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль құралдарының жүру және рұқсат құжаттарын беру тәртібін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекітеді»;
29) 462 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген автокөлік құралының жол берілетін параметрлерін бұза отырып, тиісті рұқсат құжаттары ресімделмей автокөлік құралының жүру фактісі анықталған жағдайда, алым сомасы осындай факті анықталған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бюджетке төленеді.» ;

462-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген автокөлік құралының жол берілетін параметрлерін бұза отырып, тиісті рұқсат құжаттары ресімделмей автокөлік құралының жүру фактісі анықталған жағдайда алым сомасы алым төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.» ;

30) 465-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату бойынша әділет органдары өткізетін аукциондардан ;» ;

31) 473-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Рұқсат беру тәртібін байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейді.» ;

32) 507-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Төлемақы сомасын төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару не оны орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілерінің негізінде мемлекеттік орман иеленушілер кассасына қолма-қол ақшамен енгізу арқылы жүргізіледі.» ;

33) 511-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Төлемақы сомасын бюджетке төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару не оны бақылау-өткізу пункттерінде, не Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актісінде айқындалған, табиғат қорғау ұйымдары орнататын өзге де арнайы жабдықталған орындарда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілерінің немесе аталған төлемді растайтын бақылау-касса машинасы, терминалдар чектерінің негізінде қолма-қол ақша енгізу арқылы жүргізіледі.» ;

34) 547-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік баж сомасын бюджетке төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару не оны уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілерінің негізінде қолма-қол ақшамен енгізу арқылы жүргізіледі.»;

35) 569-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салық органы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік бере отырып, салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қояды немесе уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша оны қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюдан бас тарту туралы ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы .

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалар қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою үшін салықтық өтініш берген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қосылған құн салығын төлеушіге айналады.»;

36) 570-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік қатаң есептілік бланкісі болып табылады және салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою фактісін куәландырады. Куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік салық төлеушіге құжаттарды беру журналына қолын қойғызып беріледі.»;

37) 571-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық органы шешімінің негізінде қосылған құн салығы бойынша салық төлеушіні хабардар етпестен мынадай:

1) қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін осы Кодексте оны табыс етудің белгіленген мерзімнен алты ай өткен соң табыс етпеген ;

2) жазбаша түсіндірме табыс ету үшін осы Кодекстің 558-бабының 5-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнің соңғы күніне мұндай салық төлеушіде ашылған банк шоттары болмаған жағдайда, салық төлеуші осы Кодекстің 558-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген талапты орындамаған;

3) салық төлеуші осы Кодекстің 558-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген талапты орындамаған ;

4) заңды күшіне енген сот үкімінің не қаулысының негізінде қосылған құн салығын төлеуші жалған кәсіпорын деп танылған ;

5) сот шешімінің заңды күшіне енуі негізінде дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайларда жүргізіледі.»;

38) 574-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Салық органы салықтық өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде

тіркеу карточкасын бере отырып, салық төлеушіні салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер орналасқан жер бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қояды.

Тіркеу карточкасы - салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің салық органдарында тіркелгенін куәландыратын, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойған кезде салық органы беретін қатаң есептілік бланкісі.

Тіркеу карточкасын салық органы салық төлеушіге құжаттарды беру журналына қ о л ы н қ о й ғ ы з ы п б е р е д і .

Тіркеу карточкасының нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;

39) 576-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебінен шығару туралы шешімді уәкілетті орган белгілеген нысанда салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді тіркеу орны бойынша салық органы осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайлар болған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады.»;

40) 581-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) берілген кредит (қарыз) бойынша сыйақы есептеуді тоқтата тұру арқылы дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға осындай сыйақы түріндегі кірістерді тану тоқтатылған кезде, бұл туралы уәкілетті орган белгілеген нысанда мұндай тану тоқтатылған, осы Кодекстің 148-бабына сәйкес айқындалатын есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей уәкілетті органды хабардар етуге.»;

41) 646-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасының, тауар чегінің, фискалдық есепті алу актісінің, қолма-қол ақша есебі кітабы мен тауар чектері кітабының нысандарын уәкілетті орган белгілейді.»;

42) 650-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Салық органының пломбасының бүтіндігін бұзбай жою мүмкін емес бақылау-касса машинасының техникалық ақауы болған жағдайда салық төлеуші ақау пайда болған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде бақылау-касса машинасы тіркеуге қ о й ы л ғ а н с а л ы қ о р ғ а н ы н а :

2) негізделген жөндеу жүргізу мерзімдері мен ақау себептерін көрсете отырып техникалық қызмет көрсету орталығының қорытындысын береді.

Салық органы салықтық өтінішті қабылдаған күні ақауды жою үшін бақылау-касса машинасы пломбасының бүтіндігін бұзуға рұқсат беру туралы немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Салық органының пломба орнатуға жауапты лауазымды адамы бақылау-касса машинасы пломбасының бүтіндігін бұзуға салық органының рұқсатын оны беру

туралы шешім қабылдаған күні уәкілетті орган белгілеген нысанда береді.

Салық органы осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген құжаттар мәліметтерін бермеген немесе толық құрамда бермеген жағдайда бақылау-касса машинасы пломбасының бүтіндігін бұзуға салық органының рұқсатын беруден бастады.

Техникалық ақау жойылғаннан кейін пломба орнату үшін бақылау-касса машинасын салық органына табыс ету мерзімі техникалық қызмет көрсету орталығының қорытындысында көрсетілген жөндеу жүргізу мерзімінен кем болмауға, бірақ бақылау-касса машинасы пломбасының бүтіндігін бұзуға салық органының рұқсатын берген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.»;

43) 653-баптың 1-1, 2 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан (аумағына) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) акцизделетін тауарларды әкелу (әкету) уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының шекарасындағы өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.

2. Шарап материалы мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімдері – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есепке алу-бақылау таңбаларымен, темекі бұйымдары акциздік таңбалармен таңбалануға жатады.

«6. Осы бапқа сәйкес:

1) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын уәкілетті орган бекітеді;

2) акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру қағидаларын уәкілетті орган бекітеді;

3) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу, тапсырыс беру, алу, беру, есепке алу, сақтау және табыс ету қағидаларын уәкілетті орган бекітеді;

4) акциздік постының қызметін ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»;

44) 656-бапта:

1-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық қызметі органдарының бақылауды тағайындау туралы шешімі (бұдан әрі – шешім) уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі осы баптың мақсатында – уәкілетті мемлекеттік органдар) қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады, онда мынадай деректемелер қамтылады.»;

7-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Бақылаудың нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде, салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы талап қояды.

Салық қызметі органының уәкілетті мемлекеттік органға бақылау актісінде көрсетілген соңғысының бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы қағаз жеткізгіште жіберген хабарламасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықты жою туралы талап (бұдан әрі – талап) болып танылады. Талап нысанын уәкілетті орган белгілейді. » .

11. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат, 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) м а з м ұ н ы н д а :

8-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот-наркологиялық , сот-психиатриялық бөлімшелері бар орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдар құзыреті.»;

2) 6 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығарады;»;

3), 4), 5), 8), 10), 11), 12-1), 13), 14), 15), 16), 17), 19), 20), 21), 22), 24), 25), 26), 27-2) тармақшалар алып тасталсын;

3) 7 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

29-3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 74), 75), 76), 77), 78), 79), 80), 81), 82), 83), 84), 85), 86), 87), 88), 89), 90), 91), 93), 94), 95), 96), 97), 98), 99), 100), 101), 102), 103) тармақшалармен толықтырылсын:

«74) медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

75) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекіту;

76) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу тәртібін айқындау;

- 77) азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуын қамтамасыз ету тәртібін айқындау;
- 78) клиникалық базалар тізбесін бекіту;
- 79) денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және ақылы қызметтер көрсетуге арналған шарттың үлгілік нысанын бекіту;
- 80) Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидаларын бекіту;
- 81) денсаулық сақтау ұйымдарына шығындарды бюджет қаражаты есебінен өтеу тәртібін айқындау;
- 82) иондаушы сәулелену әсеріне ұшыраған адамдардың қаны мен тіндерін алу, сақтау және пайдалану тәртібін айқындау;
- 83) азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету тәртібін бекіту;
- 84) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалауды жүргізу қағидаларын бекіту;
- 85) анатомиялық сый жасау және оны денсаулық сақтау ұйымдарына беру тәртібі мен шарттарын бекіту;
- 86) денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту;
- 87) денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсету тәртібі мен шарттарын айқындау;
- 88) донорларға қан мен оның компоненттерінің донациясы үшін ақы төлеу тәртібін айқындау;
- 89) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту;
- 90) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізудің, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру тәртібін бекіту;
- 91) медициналық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 92) әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға ұсынылатын медициналық-әлеуметтік көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 93) консультациялық-диагностикалық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 94) стационарлық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 95) стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 96) жедел медициналық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 97) санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну тәртібін бекіту;
- 98) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту тәртібін бекіту;
- 99) паллиативтік көмекті және мейірбике күтімін көрсету тәртібін бекіту;
- 100) зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені,

сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлерін бекіту;

101) патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізу тәртібін б е к і т у ;

102) медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін бекіту;

103) алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тәртібін, сондай-ақ азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту тәртібін б е к і т у . » ;

3) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот-наркологиялық , сот-психиатриялық бөлімшелері бар орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті.»;

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық бөлімшелері бар орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:»;

2), 4), және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық бөлімшелердің қызметіне басшылық жасауды жүзеге асырады;»;

«4) әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот- наркологиялық, сот-психиатриялық бөлімшелердің басшыларын лауазымға тағайындайды және л а у а з ы м н а н б о с а т а д ы ; » ;

«7) әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот- наркологиялық, сот-психиатриялық бөлімшелердегі ұйымдар мен бөлімшелердің құрылымын, олардың қызметі туралы ережелерді, үлгілік штаттарды және штат нормативтерін әзірлейді және б е к і т е д і ; » ;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекітеді.»;

4) 9-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1), 18-3), 18-4), 18-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) уақытша бейімдеу және детоксикациялау орталықтарындағы адамдарды күтіп ұстауға бақылауды жүзеге асырады;»;

«18-3) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін жүргізеді;

18-4) профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және

паразиттік аурулар табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда);

18-5) фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда, аудан орталығынан шалғайдағы елді мекендерде алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды аттестаттайды»;»;

5) 14-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тәуелсіз сарапшылар тарту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

6) 21-баптың 7-тармағының 1), 5) және 20) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін тәртіппен тыйым салуға»;»;

«5) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін тәртіппен және инфекциялық аурулар тізбесіне сәйкес шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді белгілеуге»;»;

«20) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілейтін жағдайларды қоспағанда, йодталмаған тұзды өткізуге тыйым салуға құқығы бар»;»;

7) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарды бюджет қаражаты есебінен өтеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

8) 34 - бапта:

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) уәкілетті орган белгілеген халық санаттары үшін паллиативтік көмек және мейірбике күтімі кіреді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдауды және оның шығындарын өтеуді тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.»;

9) 35-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган айқындайды.»;

10) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«43-бап. Медициналық-әлеуметтік көмек

1. Медициналық-әлеуметтік көмек - тізбесін уәкілетті орган айқындайтын әлеуметтік мәні бар аурулармен науқастанған азаматтарға бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек.

2. Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға ұсынылатын медициналық-әлеуметтік көмек көрсету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

11) 45 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету түрлерін, көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тәртібін, сондай-ақ азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

12) 46-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

13) 47-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Стационарлық көмек көрсету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

14) 48-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

15) 49-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жедел медициналық көмек көрсету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

16) 50-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

17) 52-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

18) 53-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Паллиативтік көмекті және мейірбике күтімін көрсету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

19) 55-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің түрлерін уәкілетті орган белгілейді.»;

20) 56 - б а п т а :

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қайтыс болған адамның жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының немесе заңды өкілінің талап етуі бойынша патологиялық-анатомиялық ашып қарауды тәуелсіз сарапшы (сарапшылар) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізуі мүмкін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

21) 58-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

22) 59-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізудің, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

23) 63-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

24) 63-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

25) 67-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіру және олардың сапасын бақылау, сондай-ақ тұрақтылығына сынақтар жүргізу және сақталу мерзімі мен қайта бақылау мерзімін белгілеу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.»;

26) 68-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«68-бап. Дәрілік препараттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау

Дәрілік препараттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындауды дәрілік препараттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындауға тиісті лицензиясы бар, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілер уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырады. Дайындалған дәрілік препараттар уәкілетті орган бекіткен тәртіппен дәріханаішілік бақылануға жатады.»;

27) 69-бапта:

3 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

«5. Дәрігердің рецепті бойынша босатуға арналған дәрілік заттарды рецептісіз өткізуге тыйым салынады.

Дәрілік заттарды рецептімен немесе рецептісіз өткізуге жатқызу қағидаларын уәкілетті орган белгілейді.»;

28) 75-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Дәрілік заттар тұтынушылық (бастапқы және қайталама) қаптамасына мемлекеттік тілде және орыс тілінде жақсы оқылатын қаріппен басылған және уәкілетті орган бекіткен тәртіптің талаптарына жауап беретін таңбасымен айналысқа түсуге тиіс.

2. Медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техника тікелей медициналық мақсаттағы бұйымға және медициналық техникаға және (немесе) тұтынушылық қаптамаға уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сай басылған таңбасымен айналысқа түседі.»;

29) 78-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес қауіпсіздігінің, тиімділігі мен сапасының сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда сақталады және тасымалданады.»;

30) 79-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«79-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жою

Жарамсыз күйге түскен, жалған, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника өткізуге және медициналық қолдануға жарамсыз деп есептеледі және олар осы дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қарауында тұрған, олардың айналысы саласындағы субъектілердің уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жоюына жатады.»;

31) 80 - бапта:

1 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелу Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

«4. Уәкілетті орган айқындайтын жекелеген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы гуманитарлық көмек ретінде Қазақстан Республикасының

аумағына әкелуге тыйым салынады.

Гуманитарлық көмекке (жәрдемге) немесе төтенше жағдайлар кезіндегі көмекке арналған дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника (оның ішінде тіркелмегендері) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен берілетін қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде Қазақстан Республикасына әкелінеді.»;

32) 80-1-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағына дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы ә к е л у д і : » ;

33) 81-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағынан әкету уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.»;

«3. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың төтенше жағдайларды жоюға қатысу үшін Қазақстан Республикасының аумағынан кететін медициналық және авариялық-құтқару ұйымдары мен құралымдарының материалдық-техникалық құралдарының құрамында Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілуі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.» ;

34) 84-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тыйым салу, тоқтата тұру немесе айналыстан алып қою тәртібін уәкілетті орган белгілейді.» ;

35) 88 - бапта :

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен көрсетімдер болған кезде, бюджет қаражаты есебінен шетелде медициналық көмек алуға;»;

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Психикасының бұзылушылығы (ауруы) бар адамдардан басқа, жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдардың жынысын ауыстыруға құқығы бар.

Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру және олардың жынысын ауыстыруды жүргізу қағидаларын уәкілетті орган белгілейді .

4. Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек уәкілетті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару жүйесі органдары бекіткен тәртіппен көрсетіледі. Аталған адамдар медициналық көмек алу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының жоғарыда келтірілген барлық құқықтарын пайдаланады.

5. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше

көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың айналасындағылар үшін қауіп төндіретін өткір аурулары болған кезде уәкілетті орган айқындайтын тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар.»;

6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

36) 115-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес клиникалық және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша адамдар жатады.»;

37) 117-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кәсіптік қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзіне байланысты жұмысты жүзеге асыруға арналған медициналық психиатриялық қарсы көрсетімдер тізбесін уәкілетті орган бекітеді және ол бес жылда кемінде бір рет жинақталған тәжірибе мен ғылыми жетістіктер ескеріле отырып, қайта қаралады.»;

38) 121-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ақшаны пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

38) 136-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Иондаушы сәулеленудің әсеріне ұшыраған азаматтардан қан мен тіндерді алу, оларды сақтау және пайдалану тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

39) 142-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Анатомиялық сыйды жасаудың және оны денсаулық сақтау ұйымдарына берудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган айқындайды.»;

4 0) 1 4 4 - б а п т а :

3 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарын әзірлеу мен бекітудің тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітеді.»;

«6. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, гигиеналық нормативтерді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітеді және Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.»;

41) 146-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Балалар тамағы өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, бояғыштарды, дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау құралдарын, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, химиялық заттарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік

о р г а н

б е л г і л е й д і . » ;

42) 150-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін және пайда болу мен таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган б е л г і л е й д і . » ;

43) 152-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Профилактикалық дезинсекция мен дератизацияны (инфекциялық табиғи ошақтарының аумағында, сондай-ақ инфекциялық аурулардың ошақтарында дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.»;

4 4) 1 5 5 - б а п т а :

4 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін, сондай-ақ осындай тексеріп-қарауды өткізудің тәртібі мен кезеңділігін уәкілетті органмен келісім бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган б е л г і л е й д і . » ;

«10. Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу мен жүргізу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік о р г а н а й қ ы н д а й д ы . » ;

45) 156-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.»;

4 6) 1 5 9 - б а п т а :

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) темекі бұйымының қорабына, темекі бұйымының қаптамасына шайырлы заттардың, никотиннің құрамы туралы, деңгейі туралы және кемінде үш зиянды қосынды - жүйелік улар, канцерогендік және мутагендік заттар туралы мәліметтер енгізілмесе сатуға тыйым салынады. Темекі бұйымының қорабына, темекі бұйымының қаптамасына шайырлы заттардың, никотиннің құрамы туралы, деңгейі туралы және жүйелік улар, канцерогендік және мутагендік заттар туралы мәліметтерді орналастыру тәртібін уәкілетті орган бекітеді;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Темекі бұйымдарын сату жүзеге асырылатын орындардағы көрнекі жерде «Темекі бұйымдарын он сегіз жасқа дейінгі адамдарға сатуға және олардың сатуына

тыйым салынады.» деген мазмұндағы жазба, сондай-ақ темекі шегушіліктің зияны туралы уәкілетті орган бекіткен ескерту орналастырылуға тиіс.»;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Темекі шегу үшін арнайы бөлінген орындар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілеген талаптарға сәйкес жабдықталуға тиіс.

8. Темекі бұйымдарын өндіруші, импорттаушы темекінің және темекі бұйымдарының барлық таңбаларында никотиннің және шайырлы заттардың рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы, өткен он екі айда Қазақстан Республикасының аумағында өздері шығарған немесе шығаруды ниет еткен, сатқан немесе өзге де жолдармен таратқан темекі бұйымдарының ингредиенттері туралы есептерді келесі жылдың 1 ақпанына дейін уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жыл сайын табыс етуге міндетті.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Құрамындағы никотин және шайырлы заттар рұқсат етілетін шекті деңгейден асатын темекі бұйымдарын әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салынады.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Темекі бұйымының қорабында, темекі бұйымының қаптамасында уәкілетті орган бекіткен темекі шегудің зияны туралы ескерту болуға және ол мынадай талаптарға сәйкес келуге:

1) темекі бұйымының қорабының, темекі бұйымының қаптамасының ауданы бойынша әрбір үлкен жағының кемінде қырық пайызын алуға;

2) жылтыр орауыш үлдірге немесе қандай да бір сыртқы орауыш материалға б а с ы л м а у ғ а ;

3) сурет (пиктограмма, графика) және жазулар түрінде орындалуға тиіс.»;

47) 160-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тамақ өнімдерін байыту (фортификациялау) тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган а й қ ы н д а й д ы . » ;

48) 165-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қан мен оның компоненттерін уәкілетті орган белгілеген мөлшерде ақылы тапсыруды (донациялауды) жүзеге асыруға;»;

49) 167-баптың 7, 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Донорлық функцияны өтеусіз жүзеге асырған донор қан мен оның компоненттерін тапсырғаннан (донациялағаннан) кейін өз қанының көлемі мен организмнің әл-ауқаты шығындарын толтыру үшін таңдауы бойынша тегін тамақ не уәкілетті орган белгілейтін мөлшердегі оның ақшалай баламасын алады.

8. Донорлық функцияны ақылы негізде атқарған донорға қан мен оның компоненттерін дайындау саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау

ұйымы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және мөлшерде ақы төлейді.».

12. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат, 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 30-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кеден өкілі кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден органдарына есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, т а б ы с е т у г е м і н д е т т і . » ;

2) 32-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілетін біліктілік аттестаты бар кедендік декларациялау жөніндегі маман кеден өкілінің атынан кедендік декларациялау жөніндегі іс-әрекеттерді жасау құқығына ие.»;

3) 34-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық жабдыққа қойылатын талаптар және оны қолдану тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

4) 37-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарлардың есебін жүргізуге және мұндай тауарларды тасымалдау туралы есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден органдарына ұсынуға»;

5) 44-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сақтауда тұрған тауарлардың есебін жүргізуге және олар туралы есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден органдарына ұсынуға»;

6) 51-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) кеден қоймасында сақтауда тұрған тауарлардың есебін жүргізуге және мұндай тауарлар туралы, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есептілікті кеден органдарына ұ с ы н у ғ а ; » ;

7) 54-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын

«5) осы Кодекстің 409-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында көзделген бажсыз

сауда дүкендері үшін тиісті тізілімге енгізудің қосымша шарттарын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

8) 58-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бажсыз сауда дүкеніне тауарлардың түсу және осы дүкенде оларды өткізу есебін жүргізуге, сондай-ақ кеден органдарына мұндай тауарлар туралы есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұсынуға»;

9) 60-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«60-бап. Еркін қойма иесі

Кеден органдарының еркін қойма иелерімен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының халықаралық шартында және (немесе) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен белгіленеді.»;

10) 60-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«60-1-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы

Кеден органдарының арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының халықаралық шартында белгіленеді.

Арнайы экономикалық аймақ аумағын жайластыру тәртібін, адамдардың осындай аумаққа кіруіне рұқсатты, арнайы экономикалық аймақ аумағына тауарларды әкелу туралы хабарлама беруді, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ аумағына тауарларды әкелуге және оларды осындай аумақтан әкетуге рұқсат беруді, тауарлар есебін жүргізуді, сондай-ақ осындай тауарлар бойынша кеден органына есептілікті ұсынуды, еркін сауда аумағының кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды Кеден одағы тауарлары деп тануды кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

11) 68-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодексте көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсыну үшін декларанттар және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар пайдаланатын бағдарламалық өнімдер сәйкес болуға тиіс талаптарды кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді. Аталған талаптар кеден ісі саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында, веб-порталында орналастырылады.

2. Бағдарламалық өнімдердің кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін ғана оларды кедендік мақсаттар үшін пайдалануға жол беріледі.»;

1 2) 7 8 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тауарларды шығарғанға дейін де, оларды шығарғаннан кейін де тауарлардың дұрыс сыныпталмауы анықталған жағдайда, осы баптың 2-тармағында айқындалған кеден органының лауазымды адамы тауарларды сыныптауды жүзеге асырады және кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша тауарларды сыныптау жөнінде шешім қабылдайды.»;

9-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеден органы декларант сұрау салынған құжаттарды ұсынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша тауарларды сыныптау жөнінде шешім шығарады және бір жұмыс күнінен кешіктірмей оны декларантқа поштамен жібереді.»;

13) 85-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жинақталмаған түрдегі тауарды сыныптау туралы шешімнің нысанын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

14) 91-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарлар шығарылған елді айқындауға қатысты алдын ала шешімдерді кеден ісі саласындағы уәкілетті орган преференциалдық және преференциалдық емес режимдерді қолданған кезде қабылдайды. Тауарлар шығарылған елді айқындауға қатысты алдын ала шешім қабылдау нысанын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

15) 135-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кедендік баждарды төлеу мерзімін кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеуді ұсыну туралы не оны ұсынудан бас тарту туралы шешім төлеушінің жазбаша өтініші және кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген құжаттар берілген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылданады.»;

16) 138-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Осы Кодексте және Кеден одағының Кеден кодексінде реттелмеген бюджетке аудару, артық (қате) төленген немесе бюджеттен артық өндіріп алынған кедендік баждардың, салықтардың, өсімпұлдардың сомаларын бюджетке аудару, қайтару қағидаларын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

17) 140-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдардың және өсімпұлдардың бюджетке түсуін есепке алу және төлеушінің жеке шоттарын жүргізу тәртібі осы Кодексте белгіленеді, ал онда реттелмеген бөлігін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

18) 141-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Төлеушінің жеке шоты кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдардың түрлері бойынша жүргізіледі.»;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Салыстыру аяқталғаннан кейін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, екі дана етіп салыстыру актісі жасалады. Салыстыру актісінің бір данасы төлеушіге тапсырылады, екінші данасы кеден органында қалады.»;

19) 143-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Кеден органдарында кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді есепке алу тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

20) 150-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз етудің қолданылу тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

21) 151-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомаларын айқындау кезінде төленуге тиіс сомаларды кеден органына тауарлардың сипаты, олардың атауы, саны, шығарылған елі және кедендік құны туралы мәліметтерді ұсынбау себепті нақты айқындау мүмкін болмаса, қамтамасыз ету сомасы кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қолда бар мәліметтер негізге алынып айқындалатын кедендік баждардың, салықтардың ставкаларының неғұрлым үлкен шамасы, тауарлардың құны және (немесе) олардың заттай түрдегі физикалық сипаттамалары (саны, массасы, көлемі немесе өзге де сипаттамалары) негізінде а й қ ы н д а л а д ы . » ;

22) 154-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кедендік баждардың, салықтардың және кедендік алымдардың және өсімпұлдардың артық (қате) төленген немесе артық өндіріп алынған сомаларын, аванстық төлемдердің сомаларын, кеден баждарын, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомаларын қайтару (есепке жатқызу) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

Кедендік әкелу баждарының артық (қате) төленген немесе артық өндіріп алынған сомаларын қайтару (есепке жатқызу) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

2 3) 1 9 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кедендік бақылау жүргізу уақытын қысқарту және оның тиімділігін арттыру мақсатында кеден органдары тізбесі мен қолданылу тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейтін кедендік бақылаудың техникалық құралдарын пайдалануы м ү м к і н . » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кедендік бақылаудың мақсаттары үшін кеден органдарының су және әуе кемелерін пайдалану тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді»;

24) 209-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кедендік бақылаудағы тауарларды есепке алу тәртібі мен нысанын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

25) 210-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Есептілікті табыс ету нысанын және тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті

о р г а н

б е л г і л е й д і . » ;

26) 216-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының кеден органдарында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

27) 234-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кедендік сараптаманы жүзеге асыру мақсатында кеден органының лауазымды адамы осы Кодекстің 223 және 299-баптарында көзделген кедендік тексеруді және кедендік декларациялауды жүргізу кезінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алуды жүргізеді. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, декларанттың не кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаның немесе олардың өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Кеден органдары лауазымды адамдарының тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

28) 237-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ұсталған тауарларды сақтау жөніндегі шығыстарды өтеу тәртібін кедендік саясат саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

29) 240-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды сату, жою немесе өзге де пайдалану кедендік саясат саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Сақтау және өткізу жөніндегі шығыстар олардың құнынан асып түсетін, сондай-ақ кедендік саясат саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын басқа да жағдайларда, тауарлар жойылуға ж а т а д ы . » ;

30) 241-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ұстауларды ескере отырып есептелген тауарларды сатудан алынған сома декларанттарға, ал егер тауарларды декларациялау жүргізілмесе, кеден органында олар туралы мәліметтер болған кезде, кедендік саясат саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оларды сатудан түскен ақша түскен күннен кейінгі күннен бастап үш ай ішінде кеден органдарына жүгінген жағдайда тауарлардың меншік иелеріне қ а й т а р ы л а д ы . » ;

31) 248-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарлардың жекелеген санаттары Кеден одағының кедендік аумағына кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындаған орындарға ғана келуі мүмкін.»;

32) 254-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарлардың жекелеген санаттары Кеден одағының кедендік аумағынан кеден ісі

саласындағы уәкілетті орган айқындаған кету орындарынан ғана кете алады.»;

33) 260-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тауарларды уақытша сақтау орындарына орналастыру кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен расталады.»;

34) 262-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) есепке алуды (оның ішінде бақылаудың және есепке алудың автоматтандырылған нысанын пайдалана отырып) жүргізуге және кеден органына кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен кеден органына келіп түсетін, сақталатын, әкетілетін тауарлар және (немесе) көлік құралдары туралы есептілікті ұсынуға»;

35) 266-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтауға орналастыруды растайтын құжаттарды қабылдау және тіркеу кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

36) 271-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеден органдары лауазымды адамдарының тауарларды кедендік тазартуды жасау тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

37) 281-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кедендік декларацияны электрондық құжат түрінде ұсыну, пайдалану және сақтау тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

38) 295 - б а п т а :

5 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Рұқсатты беру, ұзарту, тоқтата тұру және оны кері қайтарып алу тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

«7. Белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды кедендік декларациялау және кедендік тазарту тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті о р г а н а й қ ы н д а й д ы . » ;

39) 322-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кедендік алып жүру тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.» ;

40) 329-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жеткізу межеленген кеден органы тасымалдаушы осы баптың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс еткен кезден бастап бір сағат ішінде олардың берілуін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тіркейді.»;

41) 353-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеден аумағында қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есептің нысанын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган бекітеді.»;

42) 364-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Есептің нысанын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

43) 377-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есептің нысанын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган бекітеді.»;

44) 409-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) шетелдік дипломатиялық өкілдіктерге, оларға теңестірілген халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне, консулдық мекемелерге, сондай-ақ дипломатиялық агенттерге, консулдық лауазымды адамдарға және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес, осындай тұлғалардың аккредиттелгенін растайтын құжатты көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде жүзеге асырылады. Бажсыз сауда дүкендеріндегі тауарларды өткізу тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.» .

13. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 6, 28-құжат, 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы жергілікті атқарушы орган;»;

2) 84-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Комиссияның қызмет тәртібі мен құрамын Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

3) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«89-бап. Асырап алуға жататын балаларды және балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу

1. Асырап алуға жататын балаларды есепке алу осы Кодекстің 117-бабының 5 және 6-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алуды Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алуды Қазақстан Республикасының балалар

құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жүргізеді.»;

4) 91-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) денсаулық жағдайына байланысты ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдарды; Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулар болған кезде, олардың тізбесін Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы белгілейді;» ;

5) 111-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу қағидаларын Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.» ;

6) 117-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.» ;

7) 125-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау тәртібін және төлеу мөлшерін Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.»;

8) 133-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Патронаттық тәрбие туралы ережені Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.»;

9) 137-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Патронат тәрбиешілерге берілген әрбір баланы күтіп-бағуға Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы белгілеген тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай қаражат төленеді.»;

10) 140-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«140-бап. Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кірістің түрлері

Ата-аналардың алатын және алимент ұсталатын жалақысы және (немесе) өзге де кірісі түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.»;

11) 179-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мұндай бөлімдер жоқ жерлерде ауыл, кент, ауылдық округ әкімі өздерінің аумағында тұратын азаматтардың азаматтық хал актілерін тіркеуге арналған құжаттарды қабылдауды және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу және осы

Кодексте көзделген мерзімде Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға мәліметтер енгізу үшін оларды ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың тіркеуші органына беруді, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктер беру мен тапсыруды жүргізеді.»;

12) 181-баптың 1 және 2-тарматары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу актісі кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалар негізінде берілетін куәліктердің нысандарын Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

2. Акт кітаптары қатаң, жүйелі түрде тігілген және нөмірленген, оны құрастырған тіркеуші орган бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен бекітілген бірдей жүз акт жазбасын қамтитын екі данада жасалады. Акт жазбаларының бірдейлігін тіркеуші органның лауазымды адамдары қамтамасыз етеді.»;

13) 198-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бір жасқа толған және одан үлкен баланың тууын мемлекеттік тіркеуді облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің тіркеуші органның қорытындысы негізінде ауданның, қаланың тіркеуші органы жүргізеді.»;

14) 279-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жүргізеді және олар жасаған акт жазбалары Қазақстан Республикасының астанасы әкімдігінің тіркеуші органына беріледі.».

14. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

671-баптың 3-тармағындағы «атқарушылық іс жүргізетін» деген сөздер «әділет» деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (2014 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

1) 15-баптың 6), 8) және 9) тармақшалары алып тасталсын;

2) 16-бап мынадай мазмұндағы 15), 16) және 17 тармақшалармен толықтырылсын:

«15) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері жанындағы қамқоршылық кеңес туралы ережені;

16) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын;

17) қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру

бойынша жергілікті атқарушы органдардың жанындағы консультациялық-кеңесші орган туралы үлгі ережені;»;

3) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айыппұл, сондай-ақ мүлікті тәркілеу түріндегі жазаларды мүліктің тұрған жері бойынша және сотталған адамның жұмыс орны бойынша әділет органдары орындайды.»

16. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кодексіне (2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

1) м а з м ұ н ы н д а :

мынадай мазмұндағы 686-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:
«686-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган»;

2) 298-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнеркәсіп, тау-кен және құрылыс жұмыстары салаларында не өнеркәсіптік қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бақылауындағы объектілерде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі белгіленген талаптарды бұзу, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса;»;

3) 299-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қауіпті өндірістік объектілердің мамандарын, қызметкерлерін даярлаудың, қайта даярлаудың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі;»;

4) мынадай мазмұндағы 323-1-баппен толықтырылсын:

«323-1-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманы б ұ з у

Сәулет, қала құрылысы және құрылысы және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген функцияларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы – лауазымды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-қимылдар – лауазымды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.» ;

5) 400-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«3. Жергілікті атқарушы органдардың: уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің ұсынбасы бойынша жергілікті атқарушы органдардың тиісті аумақтарда карантин режимін енгізу немесе оны алып

тастаумен карантин аймағын белгілеу туралы шешімді уақтылы қабылдамауы;
өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерінде өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді тиісінше және у а қ т ы л ы ұ й ы м д а с т ы р м а у ы ;

карантин объектілерінің таралуын тиісініше не уақтылы есепке алмауы және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат бермеуі түрінде Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзуы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Осы бапта көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамауы не тиісінше орындамауы, – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы бапта көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

6) 401-бап мынадай мазмұндағы он екінші бөлікпен толықтырылсын:

«12. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының астық нарығын реттеу саласындағы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамауы не тиісінше орындамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы бапта көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

7) 402-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«5. Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамен жүктелген функцияларды жергілікті атқарушы органдардың тиісті деңгейде орындамау

– ескертуге немесе жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына отыз

айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

8) 403-бап мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

«5. Жергілікті атқарушы органдардың: қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмау; арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салмау, тиісті жағдайда күтіп ұстамау және қолдамау; пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензияламау түріндегі шешімдерді уақтылы қабылдамау түрінде Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасын бұзуы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына ескерту жасауға әкеп соғады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасымен жүктелген функцияларды орындамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Осы баптың 6-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою туралы жазбаша нұсқамаларын нұсқамада белгіленген мерзімдерде орындамауы не тиісінше орындамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

9) 406-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «7. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасымен жүктелген функцияларды орындамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

10) 407-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын: «4. Жергілікті атқарушы органдардың асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректерді есепке алуды бекітілген нысандар бойынша тиісінше жүргізбеу.».

бірінші бөліктің 2) тармақшасы алып тасталсын;
үшінші бөлік алып тасталсын;

12) мынадай мазмұндағы 686-1-баппен толықтырылсын:
«686-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган:

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 93, 230 (екінші бөлігінде) (қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілердің иелері жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 297, 298, 299 (бірінші бөлігінде) (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 305 (газбен жабдықтау жүйесі объектілерін қорғау аумақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 306, 307, 308, 351, 352, 353 (техникалық қауіпсіздік бөлігінде), 464 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның атынан өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік ж а з а қ о л д а н у ғ а :

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға елуге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды тұлғаларға – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.
» ;

13) 689-бап алып тасталсын;

14) 694-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«694-бап. Әділет органдары

1. Әділет органдары осы Кодекстің 230 (екінші бөлігінде) (бұл бұзушылықтарды жекеше нотариустар жасаған кезде), 457, 459, 460, 466, 468, 491, 670, 671, 672-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға зияткерлік меншік құқықтары, нормативтік құқықтық актілерді,

жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, облыстық, Астана және Алматы қалалары әділет органдарының басшысы мен олардың орынбасарлары құқылы.»:

1 5) 7 0 3 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«703-бап. Ветеринария саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган

1. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары осы Кодекстің 406-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

мынадай мазмұндағы 2-1 бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. Ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларының өндірісіне қатысты

2) тармақшаның, бірінші бөліктің 3) және 5) тармақшаларын, 7 және 8 бөліктердің нормаларын қоспағанда, осы Кодекстің 406-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері және олардың орынбасарлары;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық дәрігерлері;

3) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері және олардың орынбасарлары, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері құқылы.»;

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде.»;

16) 706-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Астық нарығын реттеу саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары осы Кодекстің 401 (бірінші және екінші, үшінші және он бірінші бөліктерінде), 404 (бірінші бөлігінде), 464 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

17) мынадай мазмұндағы 706-1-баппен толықтырылсын:

«706-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган

1. Тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 402-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасары құқылы.»;

18) 710-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«710-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде өндіріп алынатын айыппұл

1. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Кодекстің 137, 341, 342-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының уәкілетті органы осы Кодекстің 136, 137, 138 (бірінші бөлігінде), 337, 338, 339, 340-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қ а р а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қ о л д а н у ғ а :

1) Қазақстан Республикасының жерді пайдалану және қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жетпіс беске дейінгі, лауазымды тұлғаларға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану және қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жетпіс беске дейінгі, лауазымды тұлғаларға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елуге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды тұлғаларға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүзге дейінгі, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а қ ұ қ ы л ы . » ;

19) 712-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары осы Кодекстің 138 (екінші бөлігі), 343-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті орган ведомстволарының уәкілетті лауазымды тұлғалары құқылы.»;

20) мынадай мазмұндағы 718-1-баппен толықтырылсын:

«718-1-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік о р г а н

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекстің 312, 318 және 323-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның басшысы және оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.»;

21) 729-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (республикалық, облыстық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті атқарушы органы осы Кодекстің 75 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 144 (екінші бөлігінде), 199 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 202, 204, 250, 306 (бірінші және екінші бөліктерінде), 401 (үшінші, төртінші, бесінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінде), 402 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 404 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде), 405 (екінші бөлігінде), 452 (бірінші, екінші, бесінші, жетінші, сегізінші бөліктерінде, тоғызыншы бөліктің 1), 2), 3) тармақшаларында, оныншы бөлігінде), 454 (бірінші бөлігінде), 455 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 464 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»

;

22) 804-баптың бірінші бөлігі:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның (462-бап);»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның (299 (екінші бөлігі) (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 212 (екінші бөлігі), 314, 416 (өрт және жарылу қаупі бөлігінде машиналар мен жабдыққа, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 462-баптар);»;

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«35) табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның (462-бап);»;

42) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«42) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның (170 (жетінші және тоғызыншы бөліктері), 171, 463-баптар);»;

мынадай мазмұндағы 64) тармақшамен толықтырылсын:

«64) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (462-бап).».

17. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 15, 363-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат;

2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 5-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыруға, оны Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастауға объект толық түгел жойылған және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқан жағдайда жол беріледі.»;

2) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;

2) уәкілетті орган туралы ережені бекітеді;

3) Ұлттық Пантеон туралы ережені әзірлейді және бекітеді.»;

3) 18-бап мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«17) тарихи-мәдени мұра объектілерін жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп таниды және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының негізінде жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қ о с а д ы ;

18) жергілікті маңызы тарихи-мәдени мұра ескерткішін мәртебесінен айырады және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының және осы Заңның 5-бабының бесінші бөлігі талаптарының негізінде жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарады»;

4) 1 9 - б а п т а :

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың тәртібін және пайдалану режимін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 14-1), 14-2), 14-3), 14-4), 14-5), 14-6), 14-7), 14-8) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) мемлекеттік меншіктегі тарихи және мәдени ескерткіштерді пайдалану үшін жалдау ақысының мөлшерлемесін белгілейді;

14-2) тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау және күтіп ұстау қағидаларын б е к і т е д і ;

14-3) тарихи және мәдени ескерткіштерді анықтау, есепке алу, мәртебе беру және мәртебесінен айыру қағидаларын бекітеді;

14-4) тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау міндеттемелерін беру қағидаларын б е к і т е д і ;

14-5) тарихи және мәдени ескерткіштердегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру бойынша қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

14-6) халықаралық және республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерді пайдалануға беру тәртібін бекітеді;

14-7) республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекітеді;

14-8) республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айырады және оны тарихи-мәдени сараптама қорытындысының және осы Заңның 5-бабының бесінші бөлігі талаптарының негізінде, уәкілетті органның арнайы комиссиясымен келісім бойынша республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарады;»;

5) 27-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін уәкілетті орган бекітеді.».

«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат) :

1) 8-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:
«Метрополитенде қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін және техникалық құралдардың күтіп ұсталуын бақылау метрополитен орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.»;

2) 9-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Метрополитенмен жолаушылар тасымалын субсидиялау қағидаларын жергілікті атқарушы органдар айқындайды.»;

3) 11-баптың тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Метрополитенмен жолаушыларды тасымалдау қағидаларын жергілікті атқарушы орган бекітеді.»;

4) 15-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.»;

5) 21-бапта:
бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Көлік жүктері мен объектілерін күзетуді, сондай-ақ теміржол, әуе көлігінде өрт

қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізуді және өрт салдарын жоюды өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен әскерилендірілген күзет қызметтері мен өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады.» ;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Көлік жүктері мен объектілерін күзетуді, сондай-ақ метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізуді және өрт салдарын жоюды жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен әскерилендірілген күзет қызметтері мен өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады.»;

6) 23 - б а п т а :

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Метрополитеннің, станциялардың, порттардың, кемежайлардың, әуежайлардың, көлік кәсіпорындары мен теміржол желілерінің көлік құралдарының қозғалысы және тиеу-түсіру жұмыстары жүзеге асырылатын аумақтары, сондай-ақ су жолдары қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады. Қауіптілігі жоғары аймақта болу және онда жұмыстар жүргізу қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тізбе бойынша қауіпті жүктерді күзету мен алып жүруді бүкіл жол бойында жүкті жөнелтушілер немесе алушылар қамтамасыз етеді.» ;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Жергілікті атқарушы орган бекітетін метрополитеннің қауіптілігі жоғары аймағында болу және онда жұмыстар жүргізу қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.» ;

7) 24-1-баптың 9-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік қызметі субъектілерін аттестаттауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жергілікті уәкілетті атқарушы орган жүргізеді.»;

8) 24-2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға мәліметтерді беру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.»;

9) 25 - б а п т а :

4-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1 су көлігінің жұмыс істеу тәртібін, оны бұзуларды анықтау және олардың алдын алу бойынша шаралар қабылдауды айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауына бақылауды және қадағалауды ;» ;

26), 27) және 29) тармақшалар алып тасталсын.

19. «Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды

еріксіз емдеу туралы» 1995 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 32-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2010 ж., № 24, 152-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат, 2013 ж., № 13 (2638), 62-құжат):

6-1-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді. Ас қорыту органдары ауруларына шалдыққан адамдар диеталық тамақпен қамтамасыз етіледі.».

20. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат):

1) 7-баптың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар мазмұнын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайтын үлгілік жарғы негізінде өз қызметін жүзеге асыра алады.»;

2) 12-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган беретін анықтама заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін), филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын

қ ұ ж а т

б о л ы п

т а б ы л а д ы . » .

21. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж.,

№ 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 г. № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат):

1) 2-1-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, ұлттық басқарушы холдинг не дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, уәкілетті орган бекітетін тізбедегі заңды тұлғалар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтің және жоғарыда көрсетілген заңды тұлғалардың лауазымды адамдары ірі акционері ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылмайды.»;

2) 50-баптың 6-тармағының д-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«д-1) әділет органдарына: олардың жүргізіп жатқан атқару істері бойынша сот орындаушысының әділет органының мөрімен расталған және сот санкция берген қаулысы негізінде;».

22. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат ж., № 21-22, 124-құжат):

26-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын.

«Осындай жабдықтар мен материалдық жеткізгіштердің тізбесін уәкілетті орган бекітеді.».

23. «Атом энергиясын пайдалану туралы» 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 83-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат, № 10, 52-құжат):

7-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Радиоактивті қалдықтарды орналастыру радиоактивті қалдықтардың пайда болуына алып келетін кез келген қызмет түрінің міндетті кезеңі ретінде жобалық және

техникалық құжаттамада көзделуге тиіс. Радиоактивті қалдықтарды жинау мен көмуді ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы . » ;

3) 15-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

4) 18-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Пайдаланушы ұйымының персоналы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен а т т е с т а ц и я д а н ө т е д і . » .

24. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат ; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106-құжат, 108; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат, 129; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат, 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-1-баптың 2), 4), 5), 6) тармақшалары алып тасталсын;

2) 10-2-бапта:

2) және 10-3) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-10), 10-11), 10-12), 10-13) тармақшалармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«10-10) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстау қағидаларын бекітеді;

10-11) тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті органның ұсынымы бойынша кондоминиум объектісін басқару органы мен түпкі тұтынушыға коммуналдық қызметтер жеткізетін нарық субъектісі арасындағы үлгі ынтымақтастық шарттарын б е к і т е д і ;

10-12) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібін айқындайды;

10-13) тұрғын үйлерге қойылатын техникалық талаптарды бекітеді;»;

3) 10-3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-5) және 4-6) тармақшалармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«4-5) коммуналдық-тұрмыстық объектілерге (тұрғын үй қоры, ойын-сауық сауда және қонақ үй кешендері) бекітілген қауіпті техникалық құрылғыларды (лифттер, эскалаторлар, фуникурлерлер) пайдаланушы ұйымдардың кондоминиум объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

4-6) коммуналдық қызметтерді ұсыну қағидаларын бекітеді;».

25. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 154-құжат; 1999 ж., № 8, 239-құжат; № 23, 925-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 1-2, 13-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат, ҚР Парламентінің Жаршысы 2014 ж., № 6, 28-құжат) :

1) 3-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш жәрдемақыға құқығы бар адамның тұрғылықты жері бойынша жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органға беріледі, оған тізбесін орталық атқарушы орган бекітетін құжаттар қоса беріледі.

3. Азаматтарға жәрдемақы тағайындауды орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.»

2) 6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жәрдемақы төлеу орталық атқарушы орган белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады.»

3) 9-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүгедектікті куәландыру, оның себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтау ережесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, денсаулық сақтау және даму саласындағы уәкілетті орган әзірлейді.»

3) 9-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүгедектікті куәландыру, оның себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтау ережесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы уәкілетті орган әзірлейді.»

26. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат;

2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат);

1) 7-2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды тестілеуден өткізу тәртібі мен шарттары Әділет министрлігі бекітетін қағидалармен айқындалады.».

27. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 74-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат, 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің тәртібі Әділет министрлігі бекіткен заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

» ;

2) 8-2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды тестілеуден өткізу тәртібі мен шарттары Әділет министрлігі бекітетін қағидаларда айқындалады.».

28. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; № 10, 52 - құжат) :

1) 1-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Занда, сондай-ақ осы органдар мен лауазымды тұлғалардың құқықтық мәртебесін айқындайтын заңнамада белгіленген өз құзыретіне сәйкес нормативтік құқықтық актілер қабылдауға құқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды тұлғалары (Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, орталық атқарушы органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, өзге де мемлекеттік органдар);»;

2) 3 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

«7-2) ведомство құрылымына кіретін мемлекеттік органның актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;»;

мынадай мазмұндағы 4-1 тармақшамен толықтырылсын:

«4-1. Орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғай алмайды.»;

3) 4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

«7-2) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;»;

4) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарын жоспарлау

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының жыл сайынғы ж о с п а р ы н ж а с а й д ы .

2. Жоспардың жобасын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлейді.

3. Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының жоспары Қазақстан Республикасының Президентімен келісіледі.»;

5) 17-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) актінің нысанын көрсету: Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы; Қазақстан Республикасының кодексі; Қазақстан Республикасының заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы; Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы; Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысы; Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаулысы; Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы; министрдің бұйрығы; орталық мемлекеттік орган басшысының бұйрығы; орталық мемлекеттік органның қаулысы; ведомство басшысының бұйрығы; мәслихаттың шешімі; әкімдіктің

қаулысы; әкімнің шешімі; осы Заңда көзделген нормативтік құқықтық актінің өзге де
н ы с а н ы ; » ;

7) 2 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Нормативтік құқықтық актілердің реттейтін құқық қатынастарына карай осы актілердің жобалары бойынша ғылыми (құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін.

Заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін, ғылыми сараптама жүргізбеу мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша олармен реттелетін құқықтық қатынастарға байланысты ғылыми сараптама жүргізілуге міндетті.»;

2 және 5-тармақтар алып тасталсын;

7) 25-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін, сол сияқты кірмейтін орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері үшін – Үкімет және осы органдар туралы заңнамалық актілерімен, осы органдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерімен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен;»;

8) 36-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының министрлері мен орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының, ведомстволар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, сондай-ақ әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары мен әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері, егер актілердің өзінде өзге мерзімдер көрсетілмесе - олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.».

29. «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 48-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат, 2014 ж., № 1 , 4 - қ ұ ж а т) :

1) 5-баптың 1-1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 3-1) және 8-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) иондаушы сәулелену әсеріне байланысты аурулардың тізбесін және себептік байланысын анықтау тәртібін айқындайды;»;

«8-1) атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;»;

3) 6-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) радиациялық қауіпсіздік саласында техникалық регламенттерді әзірлеу және б е к і т у ; » ;

4) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Сәуле алудың жеке мөлшерін есепке алу және бақылау

Иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерін бақылау мен есепке алу халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен сәуле алудың жеке мөлшерін бақылау мен есепке алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.».

30. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат ; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 13, 116-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат):

1) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер осы тармақта өзгеше белгінбесе, ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жердегілерді қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бюджетпен есеп айырысудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) орнатуды және қолдануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға міндетті. Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) қолдану тізбесін Ұлттық Банк бекітеді.»;

2) 14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Инкассалық өкімде төлемнің мақсаты көрсетіледі және ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алып қою құқығын көздейтін заңнамалық актіге сілтеме жасалады.

Ақша жөнелтушінің банк шотында ақша жеткіліксіз болған кезде жеке сот орындаушыларының салықтық берешегін өндіріп алу туралы салық органдарының және әділет органдарының атқарушылық құжаттар бойынша инкассалық өкімдерін орындау мұндай шотқа ақшаның түсуіне қарай жүргізіледі.».

31. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы

Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 196-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша:

«жылжымайтын мүлік орталықтағының», «жылжымайтын мүлік орталықтарының», «жылжымайтын мүлік орталығы», «жылжымайтын мүлік орталықтары», «жылжымайтын мүлік орталығын», «жылжымайтын мүлік орталығына» деген сөздер жалғаулары ескеріліп, «жылжымайтын мүлік орталығы және оның филиалдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

3) 5-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.».

32. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138-құжат, 142-құжат; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9-құжат, 15; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат, № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат, 82; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 7-баптың 3), 7-3), 7-5) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тәртібі «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленетін өнімді магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерге қол жеткізуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларынан басқа, реттеліп

көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайларды, оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынуға»;

«7-3) Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі жұмысы туралы жыл сайын есеп беруге»;

«7-5) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезеңінде жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей, уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы ақпарат беруге және осы ақпаратты табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға»;

«8) уәкілетті орган бекіткен үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін өзге де қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасуға»;

2) 7-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті органдардың ұсынысы бойынша осы баптың 1-тармағында көзделмеген тауар нарықтарында мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдердің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын белгілейді.»;

3) 12-1-бап алып тасталсын;

4) 13-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

«1-2) табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді»;

4) және 4-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын;

«4) табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемелерін немесе олардың шекті деңгейлерін, сондай-ақ реттелетін нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды есептеу әдістемелерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;

4-1) сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлемінің негіздеген шамасын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындайды»;

4-2), 4-4) тармақшалар алып тасталсын;

7) 14-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарын әзірлейді және

б е к і т е д і ; » ;

5) 15-баптың 3-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік реттеудің оңайлатылған тәртібі қолданылады.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны тұтынушылық бағалар индексінен асатын шамаға өзгерту қажет болған кезде қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны қайта қарау үшін өтініммен уәкілетті органға жүгінеді.»;

6) 15-1-баптың 2-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»;

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру мен бекітудің уәкілетті орган айқындайтын тәртібі концессия шартында көзделеді.»;

7) 15-2-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жария тыңдаулар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тарифті бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін он күнтізбелік күн бұрын кешіктірмей өткізіледі.»;

8) 15-3-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

3-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган инвестициялық бағдарламаны (жобаны) уәкілетті орган белгілеген жағдайларда және тәртіппен түзетеді.»;

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы баптың 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сай ұсынылатын негіздеуші құжаттардың болмауы;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, уәкілетті орган мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекітеді.

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын болып табылатын, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи

монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен бірлесіп бекітеді.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту туралы шешім уәкілетті органның және осы баптың 5-тармағында көрсетілген мемлекеттік органның бірлескен бұйрығымен ресімделеді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында реттеуші қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту туралы шешім облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша уәкілетті органның құқықтық актісімен ресімделеді.»;

9) 17-баптың 2-тармағы 4) тармақшасының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жария тыңдаулар өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

10) 18-4-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сатып алу өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.».

33. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламенінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 220-құжат; 2001 ж., № 23, 318-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат,

№ 10, 52 - құжат):

1) 1 - бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) асыл тұқымдық куәлік – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал орталығы, асыл тұқымды малдың ұрықтарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталық, асыл тұқымдық өндіруші және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палата беретін, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) ата-тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растайтын құжат;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) асыл тұқымды малдың карточкасы – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен ресімделетін, асыл тұқымды малдың шығу тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растайтын асыл тұқымды малды есепке алу нысаны;»;

2) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық қатынастарда
Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

2) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және
Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды
о р ы н д а у ж а т а д ы . » ;

3) 1 3 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік саясаттың негізгі
бағыттарын қалыптастырады және іске асырады;»;

6), 8), 9), 15), 24) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:
«25-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдаудың
бағыттарын айқындайды;»;

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
« 2 6) м ы н а л а р д ы :

асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидиялар нормативтерін;
асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау тәртібін;
асыл тұқымдық зауыттарды, асыл тұқымдық шаруашылықтарды және асыл
тұқымдық репродукторларды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштерін;
жеке және заңды тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл
тұқымды малды пайдалануы тәртібін;
мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке
а л у н ы с а н д а р ы н ;

асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық
куәліктердің нысандарын және оларды беру тәртібін;
асыл тұқымды мал мәртебесін беру тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

тармақша 27) алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:
«31-1) асыл тұқымдық шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді
қ а б ы л д а у . » ;

4) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау –
уәкілетті органның лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының асыл
тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасының талаптарын жеке және заңды
тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимылдарының жиынтығы.»;

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою бойынша орындау үшін міндетті нұсқамалар беруді, бүкіл бақылау және қадағалау объектілеріне кедергісіз баруды қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асырады.» ;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) нұсқамалар береді және орындалуын бақылайды.».

5) 1 6 - 2 - б а п т а :

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ауыл шаруашылығы малының тиісті түрі бойынша бонитерлер курсынан өткені туралы құжат.» ;

7-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ауыл шаруашылығы малын қолдан ұрықтандыру курстарынан өткені туралы құжат ; » ;

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ауыл шаруашылығы малдарының эмбриондарын транспланттау (көшіру) курстарынан өткені туралы құжат ;» ;

6) 16-3-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Малдың шығу тегін, өнімділік және өзге де қасиеттерін растау мақсатында жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша селекциялық карточка және асыл тұқымды мал карточкасын ресімдейді.» ;

7) 16-4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттарын, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әрбір түріне, асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларға арналған субсидиялардың нормативтерін уәкілетті орган айқындайды.» ;

8) 18-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жеке және заңды тұлғалар бюджет қаражаты есебінен сатып алған асыл тұқымды және селекциялық мал уәкілетті орган бекіткен тәртіппен пайдаланылады.».

34. «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 17-18, 221-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2002 ж., № 10, 106-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 5-6, 30-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен медициналық мақсатта п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н . » .

35. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат, № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196 -құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кәсіби ұйымдарды аккредиттеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға ең аз талаптар бекітеді;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) кәсіби және аудиторлық ұйымдардың есептілік тізбесін, нысанын және оны табыс ету мерзімділігін әзірлейді және бекітеді;»;

3) 21-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) уәкілетті органға лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес есептілікті, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпаратты табыс етуге;».

36. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10,

48-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат ;

№ 4 - 5 , 2 4 - қ ұ ж а т) :

1) 1 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ведомстволық және жеке мұрағаттарда сақталатын Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

2) 1 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1), 2), 3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2), 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын :

«2-1) мемлекеттік және арнайы мемлекеттік қорлармен Ұлттық мұрағат қорының және басқа да мұрағаттар құжаттарын жинақтау, сақтау, есепке алу және пайдалану қағидаларын бекіту ;

2-2) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау және құжаттаманы басқару қағидаларын бекіту ;

2-3) сақталу мерзімдерінің көрсетілуімен мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде түзілетін үлгі құжаттар тізбесін бекіту ;

2-4) ведомстволық және жеке меншік қорлармен Ұлттық мұрағат қорының және басқа да мұрағаттар құжаттарын сақтау, есепке алу және пайдалану қағидаларын бекіту ;

»

37. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, -құжат 448; 2002 ж., № 4, 34-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 19, 150-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 28-баптың 4), 5), 6), 9), 10), 11) тармақшалары алып тасталсын:

2) 29-бап мынадай мазмұндағы 8-1), 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) қаруды иеленушілер мен пайдаланушыларды бастапқы даярлау ісін ұйымдастыру тәртібін белгілейді;

8-2) криминалистік талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау әдістерін бекітеді;

8-3) заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды азаматтардың ерікті түрде өтемді тапсыру тәртібін белгілейді;

8-4) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының Мемлекеттік кадастрын әзірлеу, басып шығару және жүргізу тәртібін айқындайды;

8-5) Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын құру тәртібін белгілейді;

8-6) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;».

38. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат):

1) 6-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен өсімдіктер карантині саласындағы өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді;

2) өсімдік карантинін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер мен республикалық мемлекеттік кәсіпорын құрады;

3) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды о р ы н д а й д ы . » ;

2) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . Ү ә к і л е т т і о р г а н :

1) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және і с к е а с ы р а д ы ;

2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жү з е г е а с ы р а д ы ;

3) өсімдіктер карантині саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жергілікті атқарушы органдардың сақтауын бақылауды, сондай-ақ үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылықты жасауды жүзеге асырады;

4) карантинді объектілер залалдаған залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге жатпайтын карантинге жатқызылған өнімдерді алып қою және жою жөніндегі ережелерді әзірлейді және бекітеді;

5) әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды әзірлейді және бекітеді;

б) карантинге жатқызылған өнімнің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

- 7) Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ережелерді әзірлейді және бекітеді;
- 8) өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 9) екі немесе одан көп облыстар аумағында карантиндік режим енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ осы аймақтарда өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді және олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 10) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 11) өсімдік карантині саласында анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою бойынша орындау үшін міндетті нұсқамалар беруді, бүкіл бақылау және қадағалау объектілеріне кедергісіз баруды қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың өсімдік карантині саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асыру;
- 12) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленіп, жүзеге асырылатын карантиндік объектілер тізбесін айқындайды;
- 13) Қазақстан Республикасында және басқа да мемлекеттерде карантинді объектілердің болуы мен таралуы, оларға қарсы күрес жөніндегі шаралар мен іс-шаралар туралы деректер базасын құрады және мүдделі тұлғаларға ақпарат береді;
- 14) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені бекітеді;
- 15) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібі мен тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды бекітеді;
- 16) ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, халықаралық нормалар талаптары мен ұсынымдарды ескере отырып, фитосанитарлық тәуекелді бағалаудың ғылыми принциптері негізінде карантиндік шараларды әзірлейді және оларды жеке және заңды тұлғалардың орындауын тұрақты бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 17) Өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспектор және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар лауазымдарына орналасуға біліктілік талаптарын белгілейді;
- 18) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді ұйымдастырады және олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 19) карантинге жатқызылған өнімдер транзитінің шарттарын айқындайды;
- 20) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы

заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

21) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құрады;

22) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

23) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде карантинге жатқызылған әкелінетін өнімді тұрақты бастапқы карантиндік тексеруді, қажет болғанда үлгілерін, көлік құралдарын, қол жүгі мен багажды іріктеу арқылы оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және әкелінетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге карантиндік құжаттарды қарайды;

24) карантинге жатқызылған әкелінетін өнім келіп түсетін соңғы пункттерде осы өнімді тұрақты қайтадан карантиндік тексеруді, қажет болғанда аумақтың фитосанитариялық сипаттамасы мен оның шыққан жерін, баратын пунктін, сондай-ақ карантинді объектілерден бос жатқан немесе олар аз таралған аймақтарды ескере отырып, үлгілерін іріктеу арқылы оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

25) карантинге жатқызылған әкетілетін өнімді тиіп-жөнелту орындарында тұрақты карантиндік тексеруді, қажет болғанда үлгілерін іріктеу арқылы зертханалық сараптамасын және фитосанитариялық сертификаттауды жүргізеді;

26) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік құжаттарының болуын және дұрыс ресімделуін тұрақты негізде қарайды;

27) Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және ұйымдарында карантинге жатқызылған өнімдерді тұрақты тексеруді, қажет болғанда үлгілерін іріктеу арқылы оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

28) өсімдіктен алынатын өнімдерді өсіретін, дайындайтын, жинайтын, өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, ішкі сауда объектілерінің, шаруа немесе фермер, үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ауыл шаруашылығына, орманға, суға және басқа да мақсатқа арналған жерлерге тұрақты талғамалы бақылау тексерулерін жүргізеді;

29) мынадай:

анықталған Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы;

өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқама береді және оның орындалуын бақылайды;

30) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен

және негіздерде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы сотқа талап арыз жібереді;

31) жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерде импорттық себу материалдары мен отырғызылатын материалдардың карантинді объектілерден және бөтен текті түрлерден жасырын залалданған-залалданбағанын зерттеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды;

32) карантинге жатқызылған өнімге фитосанитариялық және карантиндік сертификатар береді;

33) халықаралық нормалар мен талаптардың өсімдіктер карантині саласында жасалған келісімдерге сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді;

34) өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

35) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

36) өз құзыреті шегінде өсімдік карантині саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

37) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 7-2-баптың екінші тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

4) 8 - бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау объектілеріне баруға және оларда Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының сақталуы тұрғысынан зерттеп-қарауды жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ жергшілікті атқарушы органдарын лауазымды тұлғаларына карантинді объектілердің таралу ошақтарында және көлікте өсімдіктер карантині жөніндегі қажетті іс-шаралар жүргізу туралы нұсқамалар шығаруға;»;

5) 9-1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерінде осы объектілердің иелері жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды

өткізуін

ұйымдастырады;»;

6) 12-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) жергілікті атқарушы органдардың өсімдік карантині саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы.»

39. «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 8, 238-құжат; № 23, 925-құжат; 2000 ж., № 23, 411-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2004 ж., № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2012 ж., № 4, 32; -құжат № 8, 64-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат):

1) 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті оны алуға құқығы бар адам тізбесін орталық атқарушы орган бекітетін құжаттарды қоса берумен, тұратын жері бойынша жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органға береді.»;

2-1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заңның 4-бабының 5) тармақшасында көрсетілген адамдардың 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі жұмыс істеу фактісін растайтын құжаттары жоқ болса, жұмыс өтілін орталық атқарушы орган құратын арнайы комиссиялар белгілейді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жәрдемақы тағайындау тәртібін орталық атқарушы орган бекітеді.»;

2) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жәрдемақы төлеу тәртібін орталық атқарушы орган бекітеді.».

40. «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 647-құжат; 2002 ж., № 10, 105-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 24, 178-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 1-3) тармақшамен толықтырылсын:

«1-3) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.»;

2) 5-баптың 3 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жәрдемақы тағайындауға арналған құжаттарды қарауды жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган тізбесін орталық атқарушы орган айқындайтын құжаттар табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жәрдемақы, барлық қажетті құжаттар қоса тіркеліп, арыз берілген күннен бастап орталық атқарушы орган бекіткен тәртіппен тағайындалады.»;

3) 7-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Жәрдемақы төлеу орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.».

41. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат, 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж. № 1, 2-құжат; № 16, 83-құжат):

7 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«7) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган мониторингті ұйымдастыруға қатысады, жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан халықты және аумақтарды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ оның салдарын жоюға қатысады;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:
«7-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қауіпті өндірістік объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы жай-күйінің мониторингін ұйымдастыруға қатысады;».

42. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат, 16; № 14, 95-құжат, 2014 ж., № 2, 10-құжат):

1) 3-2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

2) 5-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Сараптама жүргізуге арналған өтінімді мәні бойынша қарау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.».

43. «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж. № 11, 65-құжат):

1) 3-1-баптың 1), 2), 3), 4), 5) тармақшалары алып тасталсын;
2) 4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалдарынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібін бекітеді;

11) этил спиртінің және алкоголь өнімінің өндірудің паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін бекітеді;

12) этил спиртінің және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету тәртібін бекітеді;

13) этил спиртінің сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын бекітеді;

14) этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларын бекітеді;

15) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 11 - бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Этил спиртінің уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес:»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Этил спиртінің сақтау уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.»;

4) 12-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-1-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімін тасымалдау шарттары

Этил спирті мен алкоголь өнімін өткізу (босату) және тасымалдау кезінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті түрде ілеспе жүкқұжаттар ресімделеді.».

44. «Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы» 1999 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 23, 918-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат):

2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Азық-түлік себетін ұлттық экономика саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бойынша есептеп шығарады.».

45. «Қазақстан Республикасының патент заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж.,

№ 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-бет, № 14, 95 - құжат) :

1) 4-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілейді.;

2) 5-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы Заңға сәйкес мемлекет құпия деп таныған өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтық қорғау берілмейді. Өнеркәсіптік меншіктің құпия объектілерін пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

3) 9-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Неғұрлым маңызды және кең пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағын беруге ұсынылуы мүмкін. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағын беру қағидаларын уәкілетті орган айқындайды.».

46. «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж., № 11-12, 62-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат, № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат, № 10, 52-құжат) :

1) 11-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту және қолдану тәртібін уәкілетті орган айқындайды. (2014 жылғы 20 қарашада қолданысқа енгізіледі) «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы.»;

2) 12 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеу және метрологиялық аттестаттау тәртібін уәкілетті орган айқындайды. (2014 жылғы 20 қарашада қолданысқа енгізіледі) «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы.»;

3) 19 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді мемлекеттік метрологиялық қызметтің немесе аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің салыстырып тексерушілері өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесіне сәйкес

жүзеге асырады. Салыстырып тексерушілерді аттестаттау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бес жылда бір рет жүзеге асырылады. (2014 жылғы 20 қарашада қолданысқа енгізіледі) «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы.».

47. «Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат, 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жекеше күзет ұйымында басшы және күзетші қызметтерін атқаратын жұмыскерлерді даярлау мен олардың біліктілігін арттыру уәкілетті орган айқындайтын, заңды тұлғалар болып табылатын мамандандырылған оқу орталықтарында жүргізіледі.»

2) 10-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жеке күзет ұйымы күзетшіні ол қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оның жеке басын және жеке күзет ұйымының күзетшісі екендігін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжатпен қамтамасыз етуге міндетті. Жеке күзет ұйымы күзетшісі құжатының нысаны мен үлгісін уәкілетті орган белгілейді.»;

3) 10-1-баптың 1-тармағының 4) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жекеше күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын уәкілетті орган бекітеді.»;

4) 15-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнаулы киім үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.».

48. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 381-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 3, 19-құжат; № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 23, 97-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат):

1) 6-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1-бап. Салық салу объектілерінің құнын айқындау саласындағы мемлекеттік монополия

1. Салық салу объектілерінің (тұрғынжайдың, саяжай құрылысының, аяқталмаған құрылыс объектісінің, салқын жапсаржайдың, шаруашылық (қызметтік) құрылыстың, шығыңқы ірге қабатының, тұрғынжай жер төлесінің, гараждың) құнын айқындау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын және оның филиалдары жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша бағалау туралы есеп екі данада жасалады, оның біреуі тапсырыс берушіде, екіншісі бағалаушыда сақталады. Бағалау туралы есептің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.»;

3) 10-2-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және уәкілетті орган бекіткен бағалау стандарттары Қазақстан Республикасындағы бағалау стандарттары болып танылады.»;

4) 20-баптың 2-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалау қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханынан өту ережесін уәкілетті орган бекітеді.».

49. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 4-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) уәкілетті орган бекітетін біліктілік талаптары негізінде астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;»;

2) 5-баптың 3), 5), 6), 7), 7-1), 9), 10), 11), 13) және 14) тармақшалары алып тасталсын;

3)

6 - бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«1) астық өндіруді мемлекеттік қолдау саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;»;

3), 6) және 8) тармақшалар алып тасталсын;
10), 11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«10) астық сапасын сараптау тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

11) астыққа және оның өмірлік циклінің процестеріне қатысты техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

1 2) м ы н а д а й :
астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу;
астықтың сақталуы;
астық қолхаттарының берілуі, айналымы және өтелуі;
астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу;
астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу
қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«15) астық қолхаты жазылатын бланкілерге, оларды шығару, алу, сақтау және жою тәртібіне талаптар, сондай-ақ астық қолхаттарының үлгілеріне талаптарды әзірлеу және бекіту; » ;

16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) мемлекеттік астық ресурстарын басқаруды бақылау;»;

22) тармақша алып тасталсын;

30), 31) және 32) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«30) мемлекеттік астық ресурстарының көлемін, құрылымын, мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, ауыстырыу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

31) астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы жария шарттардың үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

32) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, олардың жұмыс істеуі мен таратылуына қойылатын талаптарды, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарын, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктер алу тәртібін, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының)

астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу тәртібін бекіту әзірлеу және;»;
мынадай мазмұндағы 32-1), 32-2), 32-3) және 32-4) тармақшалармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«32-1) астықтың мемлекеттік ресурстарымен және агенттің жеке қаржы-шаруашылық қызметімен жасалатын операцияларды жеке есепке алу бойынша бухгалтерлік есептің қағидалары мен стандарттарын әзірлеу және бекіту;

32-2) астық экспорттаушылардың мемлекеттік астық ресурстарына экспортталатын көлемге пайыздық қатынаспен есептелетін астық жеткізуінің мөлшерін айқындау;

32-3) астықты қайта өңдеу ұйымдары ішкі нарықты реттеу мақсатында сатып алатын мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығының құнын оларға ішінара өтеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

32-4) астық нарығын реттеу саласындағы анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылықтарды жою бойынша орындау үшін міндетті нұсқамаларды беруді және бақылаудағы барлық объектілерге кедергісіз баруды қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың астық нарығын реттеу саласындағы заңнамасын сақтауына және тексерілетін субъектілердің қызметіне бақылауды жүзеге асыру.»;

4) 6-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 17-1), 17-2), 17-3), 17-4), 17-5), 17-6), 17-7), 17-8), 17-9), 17-10), 17-11) және 17-12) тармақшалармен толықтырылсын:

«17-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астықтың сақтау; астық қолхаттарының беру, айналымы және өтеу қағидаларын сақтауын бақылау;

17-2) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

17-3) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге а с ы р у ;

17-4) астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;

17-5) осы Заңның 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп-жөнелтуге тыйым с а л у ;

17-6) астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астық қолхаттары тізілімі мәліметтеріне сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);

17-7) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішті сотқа беру;

17-8) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерулер жүргізудің жартыжылдық ж о с п а р л а р ы н б е к і т у ;

17-9) астық нарығына қатысушыларда астықтың нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есептік деректерге сәйкестігін тексеру;

17-10) мемлекеттік ресурстардың астығын қоса алғанда, астықтың сандық-сапалық ж а й - к ү й і н б а қ ы л а у ;

17-11) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы х а б а р л а м а ж і б е р у ;

17-12) мемлекеттік астық ресурстарының көлемін, құрылымын, қалыптастыру, сақтау, жаңарту, ауыстыру және пайдалану қағидалары бойынша ұсыныстар енгізу к і р е д і . » ;

5) 7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылауды жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.»;

б) 9-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік астық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік ресурстардың астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындары мен аталған астық қабылдау кәсіпорындарынан астық әкетуді жүзеге асыратын көлік ұйымдары уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен кез келген мөлшерде астық тиеп жөнелтуді уәкілетті органмен келісуге міндетті.»;

7) 10-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне элиталық тұқым құнын арзандату;»;

8) 11-1-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру уәкілетті орган белгілеген т ә р т і п п е н : » ;

9) 12-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Мемлекеттік астық ресурстарын басқаруды агент уәкілетті орган айқындаған құзыреті шегінде шарт негізінде жүзеге асырады.»;

10) 12-3-баптың 1 және 2 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру мақсатында астық экспорттаушылар мемлекеттік астық ресурстарына уәкілетті орган айқындаған экспортталатын көлемге проценттік қатынаспен есептелетін мөлшерде астық жеткізуді жүзеге асыруға міндетті.

2. Егер мемлекеттік астық ресурстарын осы Заңның 11-1-бабы 1-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген тәсілдермен толық көлемінде қалыптастыру мүмкін болмайтын жағдайда, уәкілетті орган мемлекеттік астық ресурстарын астық экспорттаушылардан астық сатып алу жолымен қалыптастыру туралы шешім қ а б ы л д а й д ы . » ;

11) 16-баптың 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісін жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі белгілейді.»;

12) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Астық қабылдау кәсіпорындары уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің жазбаша сауалы бойынша, өздерінің негізгі қызметіне байланысты ақпарат беруге міндетті.»;

13) 25-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Астықты сақтау, сандық-сапалық есепке алу мәселелері жөніндегі, сондай-ақ астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің бұзылғаны байқалған, астық қабылдау кәсіпорындарының лауазымды адамдарының сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған жағдайда, жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі астық қабылдау кәсіпорнына мынадай жауапкершілік түрлерінің бірін қолдануға:»;

14) 28-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Астық қабылдау кәсіпорнындағы уақытша басқару сот шешімімен енгізіледі, мынадай негіздемелердің бірі бойынша:»;

15) 29-бап алып тасталсын;

16) 30-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылданғанға дейін жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі астық қабылдау кәсіпорнына, астық қабылдау кәсіпорны қатысу шартын жасасқан астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына (қорларына) және сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушылардың бәріне үш күн мерзімде уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына кандидатуралар ұсыну туралы ұсыныс жібереді.

Кандидатуралар ұсынылмаған не ұсынудан бас тартылған жағдайда, жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі уақытша басқару жөніндегі комиссияны дербес құруға құқылы.»;

17) 32-бап алып тасталсын;

18) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«33-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды тоқтату

1. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару мынадай негіздемелер:

1) сот шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің өтуі;
2) уақытша басқарудың мерзімінен бұрын аяқталуы соттың шешім қабылдауы бойынша тоқтатылады.

2. Уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтаудың негіздерінің бірі мыналар:

1) астық қолхаттарын астық қабылдау кәсіпорнының берілген астық қолхаттары

бойынша өзінің міндеттемелерін орындау мүмкіндігінің қалпына келуі;

2) уақытша басқару кезеңінде басқа астық қолхаттарын ұстаушылардың талаптарын тиісінше орындауға ықпал ететін жағдайлардың болмауы кезінде астық қолхаттарын ұстаушылардың барлығының өтінімін толық көлемде қанағаттандыру болып табылады.

3. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды оның енгізілуіне әкеп соққан себептердің жойылуына байланысты тоқтату (оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтату) сот шешімінің негізінде қабылданған осы астық қабылдау кәсіпорнына қатысты белгілеген барлық шектеулердің күші жойылуына әкеп соғады.

4. Егер астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігінің қалпына келуіне алып келмеген жағдайда,
у а қ ы т ш а ә к і м ш і л і к :

1) облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына астық қабылдау кәсіпорнын астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны алып қою туралы ұсыныс енгізеді;

2) уақытша басқару мерзімінің аяқталуына дейін астық қабылдау кәсіпорнын мәжбүрлі тарату туралы сотқа талап-арыз береді.

Астық қабылдау кәсіпорнын мәжбүрлі тарату туралы талап-арызды қарау кезеңінде уақытша басқару тоқтатылған жағдайда талапкердің барлық құқықтары мен міндеттері уақытша әкімшілік функцияларын жүзеге асырушы тұлғаларға өтеді.»;

1 9) 3 3 - 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары алып тасталсын;

3), 4), 5) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

20) 34-баптың 1-бабының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) құрылтайшыларының (акционерлерінің) шешімі бойынша кредиторлық берешегі болмаған жағдайда өз еркімен таратылуы мүмкін. Бұл орайда жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне хабарлама жіберіледі.»;

21) 37-баптың 5-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) иеленген не оны сот (аралық сот) шешімін орындау тәртібімен алған тұлға бұрынғы астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхатынан туындайтын міндеттемелер бойынша астықты қабылдап-өткізу жөніндегі комиссия жасаған астық қалдықтарын түгендеу актісімен белгіленген мөлшерде жауапты болады.»;

22) 39-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, оларды шығару, сатып алу, сақтау және жою тәртібін, сондай-ақ астық қолхаттарының үлгісіне қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітеді.».

50. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат, 124; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 12 шілдедегі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер аумағы шегінде республикалық және облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, сондай-ақ аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және ауданда тіркелген көлік құралдарында орналастырғаны үшін төлемақы облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдігі айқындайтын тәртіппен және мөлшерлемелер бойынша е с е п т е л е д і және тө л е н е д і . » ;

2) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

«4-2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әзірленген қалалар мен елді мекендердің аумақтарын салу, жасыл екпелерді күтіп ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту;»;

3) 27-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін реттеуші, іске асыру және (немесе) бақылау функцияларын жү з е г е а с ы р а д ы ; » ;

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-5), 1-6) және 1-11), 1-12), 7-1), 7-2), 32) және 33)

тармақшалармен

толықтырылсын:

«1-1) атқарушы биліктің мемлекеттік саясатты тиісті аумақтың даму мүдделері және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуін қамтамасыз етеді;»;

«1-5) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлейді және мақұлдайды және облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасын мәслихаттың бекітуіне ұсынады және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

1-6) жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді және тиісті аумақтағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді қ а б ы л д а й д ы ; » ;

«1-11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда тиісті аумақтың шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«7-1) елді мекендер үшін жер асты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;»;

«32) Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағына реттелетін қызметтерді көрсететін табиғи монополиялар субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) келіседі.»;

33) сәулет, қала құрылысы және құрылыс ісі жөніндегі уәкілеті орган бекіткен үлгілік қағидалар негізінде әзірленген қалалар мен елді мекендер аумағын салу қағидаларын, жасыл екпелерді ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендер аумақтарын көгалдандыру қағидаларын мәслихатқа бекітуге әзірлейді және ұ с ы н а д ы ; » ;

2) 29-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін реттеу, іске асыру және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асырады;

1-2) тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлесімдікте атқарушылық биліктің мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;

1-3) Қазақстан Республикасы заңымен бекітілген жағдайларда тиісті аумақтар шегінде жеке және заңды тұлғалар қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;» .

3) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-29) тармақшамен толықтырылсын:

«2-29) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асырады;»

4) 33-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы, әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен

жұмылдыру мәселелері жөніндегі, азаматтық қорғау саласындағы, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қ а м т а м а с ы з е т е д і ; »

5) 35-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастырады ; »

6) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) кенттің, ауылдың, әділет органдары жоқ жергілікті жерлердегі ауылдық округтің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нотариаттық іс-қимылдар жасауды, азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастырады;».

51. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат):

1) 5-1 баптың 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 9-5), 9-6), 9-7), 9-8), 9-9), 9-10), 9-11) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-5) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бекітеді;

9-6) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бекітеді ;

9-7) жастар саясатын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бекітеді;

9-8) оқытуды, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын беруді ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бекітеді;

9-9) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бекітеді ;

9-10) микроқаржылық ұйымдарға және кредиттік серіктестіктерге конкурстық негізде кредит беру тәртібін бекітеді;

9-11) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге қатысатын адамдардың ұтқырлығын

арттыруға жәрдемдесу тәртібін бекітеді.»;

3) 10-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Кепілді жарнаны Қазақстан Республикасының банктеріне енгізу тәртібін, шарттарын және олардың мөлшерін уәкілетті орган айқындайды.»;

4) 19-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен еңбек рыногының қажеттілігі ескеріле отырып, бюджет қаражаты есебінен уәкілетті органның жолдамасы бойынша білім беру ұйымдарында не білім беру қызметіне құқығы бар кәсіпорындарда жүргізіледі.»;

5) 20-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.» .

52. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 10-бапта 4), 5), 8), 9), 10) тармақшалар алып тасталсын;
2) 11 - бапта:

5) тармақша алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 20-1), 20-2), 20-3), 20-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«20-1) туристік қызмет көрсетуге үлгілік шартты бекітеді;
20-2) уәкілетті органның ұсынысы бойынша туризм жөніндегі кеңестің дербес құрамы мен ережесін бекітеді;

20-3) туризм саласындағы мамандарды кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды айқындайды;

20-4) туроператорлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарды бекітеді;»;

3) 12-баптың 1-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін қажетті ақпаратты қалыптастырады және уәкілетті органға тоқсан сайын ұсынады;»;

мынадай мазмұндағы 13-1), 13-2), 13-3), 13-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-1) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес туроператор қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;

13-2) гидтың (аудармашы гидтың) кәсіби даярлығын ұйымдастырады;

13-3) уәкілетті органмен келісу бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді; 13 - 4) мыналар:

туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың; туристік маршруттар мен жолдардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;».

53. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 10 шілдедегі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жариялаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

18-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;»;

2) 19-баптың 6-1), 7), 9), 9-1), 10), 15-1), 16), 16-1), 17), 18), 18-1), 19), 20), 22)

тармақшалары алып тасталсын;

2) 20 - бапта :

9) тармақша алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) жобалардың мемлекеттік сараптамасына басшылық ету;»;

11-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтер жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау тәртібін бекіту; » ;

12) тармақша алып тасталсын;

12-1) және 12-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«12-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды тиісті орындау бөлігінде мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

12-2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялардың

тізілімін

жүргізу;»;

мынадай мазмұндағы 12-3) және 12-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға нұсқамалар беру және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

12-4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тиісті орындауын белгілеу мақсатында объектіге бару.»;

14-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

18-1) және 22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«18-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын аттестациядан өткен сарапшылардың тізілімін жүргізу;»;

«22) «Мемлекеттік бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметіне тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 23-1), 23-2), 23-3) 23-4), 23-5), 23-6), 23-7), 23-8), 23-9), 23-10), 23-11), 23-12), 23-13), 23-14), 23-15), 23-16) және 23-17) тармақшалармен толықтырылсын:

«23-1) авторлық құқықты ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

23-2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызмет көрсету қағидаларын бекіту;

23-3) сәулет-құрылысты бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттау тәртібін белгілейді устанавливает;

23-4) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйымдарды тарту тәртібін бекітеді;

23-5) ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін белгілейді;

23-6) салынып жатқан (салынуы көзделген) объектілер мен кешендерді мониторингілеу жүргізу тәртібін айқындайды;

23-7) техникалық регламенттерді бекітеді;

- 23-8) мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан ақпарат және (немесе) мәліметтер жүргізу мен ұсыну қағидаларын бекітеді;
- 23-9) лицензияланған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру үшін ұсынылған бірыңғай біліктілік талаптарын бекітеді;
- 23-10) жобалау үшін бастапқы материалдарды рәсімдек және беру, сондай-ақ жаңа объектілерді салуға және бар объектілерді (ғимаратар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) өзгертуге рұқсат ресімдерін өту қағидаларын бекітеді;
- 23-11) құрылыс-монтаждау жұмыстары құрамындағы жұмыстар (қызметтер) түрлерінің тізбесін бекітеді;
- 23-12) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мемлекеттік саясат жүргізу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды және іс-қимылдарды үйлестіруді жүзеге асырады;
- 23-13) мемлекеттік және аймақаралық маңызы бар аумақтарды қала құрылысына игеру кезінде аумақтарды және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жзеге асырады;
- 23-14) құрылыс салудың үлгілік қағидаларын бекітеді;
- 23-15) жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғаудың үлгі қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;
- 23-16) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлейді, бекітеді, қолданысқа енгізеді және жояды;
- 23-17) тапсырыс берушінің (салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;»;
- 3) 24-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 17-2), 17-3), 17-4), 17-5), 17-7) тармақшалармен толықтырылсын:
- «17-2) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;
- 17-3) объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;
- 17-4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;
- 17-5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманың белгіленген нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты бұзушыларға заңнамада көзделген шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;
- 17-6) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды

а т т е с т а т т а у ;

17-7) жобалау құжаттамасының сапасына қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ; » ;

4) 25 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 18-2), 18-3), 18-4), 18-5), 18-6), 18-7) тармақшалармен толықтырылсын :

«18-2) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;

18-3) объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

18-4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялауды жүзеге асыру ;

18-5) белгіленген нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты бұзушыларға заңнамада көзделген шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;

18-6) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды а т т е с т а т т а у ;

18-7) жобалау құжаттамасының сапасына қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ; » ;

1-1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) бар ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау, оның ішінде тұрғын үйлерде мансардалық және типтік қабаттар салу процесін реттеу қағидаларын бекіту;».

5) 27 - б а п т а :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«27-бап. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар»;

1-тармақтың бірінші бөлігі және 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімдіктердің құрылымдық бөлімшелері болып табылады және мыналарға бөлінеді.»;

«2. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың құзыреті осы Заңның 24, 25 және 26-баптарына сәйкес белгіленеді.»;

6) 31 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) құрылыс объектілеріне бару, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау арқылы сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;» ;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) объектілердің құрылысына инспекциялау жүргізу арқылы орындалатын бақылау функциялары шегінде жергілікті атқарушы органдар;»;

7) 32-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жұмыстарды лицензиялауды мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылауды жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.» ;

8) 33 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік сәулет-құрылыстық инспекция:

1) Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет- құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылауды жүзеге асыратын сәулет, қала құрылысы, құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінен;

2) объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылауды жүзеге асыратын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы.» ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет- құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысы, оның орынбасарлары мен лауазымдық міндеттеріне бақылауды жүзеге асыру кіретін штат қызметкерлері тиісінше Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.

Ведомстволық бағыныстағы аумақтарда объектілер құрылысының барысына және сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) органдардың басшылары, олардың орынбасарлары мен лауазымдық міндеттеріне құрылыстарды жедел инспекциялау кіретін штат қызметкерлері тиісінше облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бас мемлекеттік құрылыс

инспекторы, бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары және мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарау және әкімшілік жазалар қолдану құқығы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бас мемлекеттік құрылыс инспекторының инспекторларына беріледі.»;

9) 35-баптың 1-тармағында:

1-1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет- құрылыстық бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік құрылыс инспекторлары;»;

«3) қабылдау, мемлекеттік қабылдау комиссияларының жұмыс істеген уақытында сол комиссиялардың құрамына енгізілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің штат қызметкерлері;

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

«1-2) ведомстволық бағыныстағы аумақтағы объектілердің құрылысына бақылауды жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары;»;

10) 38-баптың 2-тармағының екінші бөлігі және 64-баптың 11-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«басқаруына берілген мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді;»;

11) 68-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Құрылыс салынбақшы болып отырған ауданда инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсетушілер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сұрауы бойынша Сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен объектінің құрылысы және кейіннен пайдалануға берілген оның тұрақты жұмыс істеуі үшін талап етілетін, сұратылып отырған (есептемелік) параметрлері де инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттарды ұсынады.»;

12) 74-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Объект иесінің салынған объектіні пайдалануға қабылдау тәртібін, қабылдау актісінің нысанын мемлекеттік басқару, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган өз бетінше бекітеді.»;

13) 78-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау фактісі мемлекеттік басқару, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган белгілеген бірыңғай нысандағы актімен ресімделеді.».

54. «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 246-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 15, 125-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат):

1) 3 - б а п т а :

6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақтың бірінші бөлігі алып тасталсын;

2) 3-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, шаруашылық автомобиль жолдары, елді мекендердің көшелері автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуға жатады. Есепке алу деректері автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жарияланатын Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының карталары мен атластарын жасау үшін пайдаланылады.»;

3) 4-баптың 2, 3-тармақтары алып тасталсын;

4) 4-1-баптың 5-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен үлгі шарттың негізінде ресімделеді.»;

5) 5 - б а п т а :

3-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ақылы автомобиль жолы (жол учаскесін) бойынша жүріп өтуі үшін төлем автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіпте және ставка бойынша алынады.»;

6) 5-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдары (жол учаскесін) бойынша жүріп өтуі үшін төлем алудан түскен ақша концессия шарты негізінде алынатын ақшаны қоспағанда Ұлттық оператордың жеке шотында есепке алынады және келесі тәртіппен мыналарға:

- 1) ақылы автомобиль жолдарын (учаскелерін) жөндеуге және ұстауға, жол жүргені үшін төлем алудың бағдарламалық-аппараттық кешенін ұстауға;
- 2) автомобиль жолдарында ақылы қозғалысты ұйымдастыруға байланысты шығыстарды қаржыландыруға бағытталады.»;
- 7) 5-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолын (учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы шешімді автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қабылдайды.»;
- 8) 5-3-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Ақылы автомобиль жолын (учаскесін) пайдалануды тоқтата тұру туралы шешімді автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы баптың 2-тармағында көрсетілген оқиғалар орын алған сәттен бастап қабылдайды.».
- 9) 6-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;
- 10) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының жол бойындағы белдеуінде жол қызметтері мен жол сервисі объектілерін қоспағанда ғимараттар мен имараттар құрылысына тыйым салынады. Жол сервисі объектілерінің құрылысы Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартына сәйкес жүзеге асырылады.»;
- 11) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес алынады.»;
- 12) 11-баптың 3, 5, 5-1, 6-1, 8, 8-1, 8-3-тармақтары алып тасталсын;
1 3) 1 2 - б а п т а :
2-тармақтың 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«7-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық тексеру жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;
мынадай мазмұндағы 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :
- «28) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттарын, тізбесін, атаулары мен индекстерін әзірлеу және бекіту;
- 29) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолын (учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы шешім қабылдау;
- 30) Автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызды жолдарды пайдалану қағидасын әзірлеу және бекіту;
- 31) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолын жөндеуге және күтіп ұстауға қаржыландыру нормативтерін әзірлеу және бекіту;
- 32) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп

өтуі үшін алым төлеу тәртібі мен оның ставкаларын әзірлеу және бекіту;

33) ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

34) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

35) автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту ;

36) Сапаға сараптама жүргізу жөніндегі заңды тұлғалардың автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуді ұйымдастыру қағидасын әзірлеу және бекіту ;

37) Жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық тексеру жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

14) 13-баптың 1-1-тармағы мынадай мазмұндағы 8), 9), 10), 11), 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) астананың, республикалық маңызы бар қалалардың және елді-мекендердің көшелерін, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуге және күтіп-ұстауға қаржыландыру нормативтерін бекіту;

9) астананың, республикалық маңызы бар қалалардың ақылы көшелерін пайдалану тәртібі мен шарттарын бекіту;

10) астананың, республикалық маңызы бар қалалардың көшелерін ақылы негізде пайдалану туралы шешімдер қабылдау;

11) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібін бекіту;

12) астананың, республикалық маңызы бар қалалардың ақылы көшелері бойынша жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын бекіту;»;

15) 21 және 22-баптар алып тасталсын;

16) 30-бап мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) Жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдары арқылы ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарына (шетелдіктерді қосқанда) жүріп өтуі үшін арнайы рұқсат беруді келісу;

9-2) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын байланыс және электр тасымалдау арналары және желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және теміржол жолдарымен және басқа да инженерлік тораптар және коммунакациялармен кесіп өтуге рұқсат беру;».

55. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі

Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 247-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 23, 117-құжат; 2011 ж., № 10, 86-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 72 - құжат) :

1) 1-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) орталық атқарушы орган – халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;

2) 5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Учаскелік комиссиялар жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, алаң (пәтер) иелерінің коперативтерінің, тұрғындар, білім беру ұйымдары мен уәкілетті органдарының, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, құқық қорғау органдарының өкілдерінен тұруы мүмкін.».

3) 7-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеу осы Заңға сәйкес орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.».

56. «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 жыл, № 23, 315-құжат; 2003 жыл, № 10, 54-құжат; 2004 жыл, № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 жыл, № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 жыл, № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 жыл, № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 жыл, № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 жыл, № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 жыл, № 1, 2, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат ; № 12, 111-құжат; 2012 жыл, № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 жыл, № 14, 72-құжат, 75; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 жыл, № 1, 4-құжат; № 12, 82 - құжат) :

1) 1 - б а п т а :

4) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«облысаралық – уәкілетті органмен;»;

2) 3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1. Теміржол көлігімен жолаушылар, багаж, жүк, жүк-багаж және почта жөнелтілімдерін тасымалдау уәкілетті орган 1. Теміржол көлігімен жолаушылар, багаж , жүк, жүк-багаж және почта жөнелтілімдерін тасымалдау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады. белгілеген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.»;

3) 6-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жана магистральдық жолдар салу уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.» ;

4) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Теміржол қатынасын тоқтату

Мемлекет меншіні болып табылатын теміржол қатынасын тоқтатуды уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

5) 9-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.»

6) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган жолаушылардың халықаралық және облысаралық қатынастарда жол жүру бағаларына (тарифтеріне) жеңілдіктер беруге құқылы. Жергілікті өкілдік органдар жолаушылардың ауданаралық (облысшілік қалааралық) және қала маңындағы қатынастарда жол жүру бағаларына (тарифтеріне) жеңілдіктер беруге құқылы.

7) 14 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2), 3), 4), 5), 6) 7), 8), 9), 10), 11), 12) 13) 14), 15-1), 17), 18), 19) 20), 21), 22), 22-1), 22-2), 22-3), 22-4) тармақшалар алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 34-4), 34-5), 34-6), 34-7), 34-8), 34-9), 34-10), 34-11), 34-12), 34-13), 34-14), 34-15), 34-16), 34-17), 34-18), 34-19), 34-20), 34-21), 34-22), 34-23), 34-24), 34-25), 34-26), тармақшалармен толықтырылсын:

«34-4) теміржол көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;;

34-5) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жүктердің әскерилендірілген күзетін қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

34-6) әлеуметтік мәні бар облысаралық жолаушы қатынастарын айқындау;

34-7) әлеуметтік тасымалдауларды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

34-8) магистральдық теміржол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту ;

34-9) Жеке және заңды тұлғалар қаражаты есебінен салынған объектілерді магистральдық теміржол желісі құрамына беру қағидасын бекіту;

34-10) Жолаушыларды облысаралық және халықаралық қатынастарда тасымалдауды ұйымдастыру қағидасын бекіту;

34-11) Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидасын бекіту;

34-12) Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидасын бекіту;

34-13) теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;

34-14) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

34-15) теміржол көлігіндегі апаттар мен аварияларды тергеу ережесін бекіту;

34-16) Магистральдық, станциялық және кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру қағидасын бекіту;

34-17) жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидасын бекіту;

34-18) Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушы тасымалдауларын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасын бекіту;

34-19) Теміржол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарда жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, теміржолдар арқылы жүру және өту қағидасын бекіту;

34-20) Залалдары республикалық бюджеттен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша теміржолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидасын бекіту;

34-21) Тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау қағидасын бекіту;

34-22) Теміржол вокзалдары қызметін ұйымдастыру қағидасын бекіту;

34-23) теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесін бекіту;

34-24) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша көрсетілетін жолаушыларды тасымалдау қызметтеріне бағаларды айқындау әдістемесін бекіту;

34-25) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту;

34-26) теміржол көлігіндегі техникалық реттеу объектілеріне және оның тіршілік циклінің процестеріне қойылатын техникалық регламенттерді бекіту;»;

7) 33 - бапта :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес, өздерінің қарауындағы теміржол көлігі объектілерінің әскерилендірілген күзетілуін;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Теміржол көлігімен тасымалдау кезінде тасымалдаушы не жүк жөнелтуші жүктердің тасымалдарын ұйымдастыру туралы шарт бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің күзетін қамтамасыз етуге міндетті.»;

8) 64-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруды уәкілетті орган айқындайды.».

57. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат, № 10, 52-құжат):

1) 4 - б а п т а :

2) 2 - т а р м а қ т а :

6), 7), 9), 10), 10-1), 13), 14), 15), 15-1), 17), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 31-1) тармақшалар алып тасталсын;

3) 3 - т а р м а қ т а :

9), 31), 47), 50) және 55) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 55-3) - 55-26) тармақшалармен толықтырылсын:

«55-3) Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасын бекіту;

55-4) кемелер экипаждарының мүшелерін дипломдау тәртібін белгілеу;

55-5) кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;

55-6) Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің, теңізде жүзу кітапшасының, дипломдарды растаудың үлгісін, оларды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою тәртібін бекіту;

55-7) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруына рұқсаттар беру т ә р т і б і н б е к і т у ;

55-8) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттары негізінде кемелерді техникалық куәландыру мен сыныптауды жүзеге асыратын сыныптау қоғамын тану туралы шешім қабылдау;

55-9) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын сертификаттау жөніндегі уәкілетті ұйымды а й қ ы н д а у ;

55-10) Теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағиданы бекіту;

55-11) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында техникалық регламенттерді бекіту;

55-12) Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасын бекіту;

55-13) Кемелердегі авариялық жағдайларды тергеу қағидасын бекіту;

55-14) кеме құжаттарының тізбесін, кеме құжаттарын жүргізу қағидаларын және кеме құжаттарына қойылатын талаптарды бекіту;

55-15) жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидасын бекіту;

55-16) Халықаралық маңызды мәртебесі бар (теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидаларын бекіту;

55-17) Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;

55-18) Кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемелердегі көліктік оқиғаларды тергеу қағидасын бекіту;

55-19) Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидасын бекіту;

55-20) Шағын көлемді кемені және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасын бекіту;

55-21) Кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналын жүргізу нысаны мен тәртібін бекіту;

55-22) Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысын бекіту;

55-23) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктерінің тізбесі мен нысандарын бекіту;

55-24) теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру тәртібін белгілеу;

55-25) теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

55-26) Мұнаймен ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе басқа да қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидасын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне:

- 1) өздігінен жүзетін шағын көлемді кемелерді басқару құқығын беретін куәліктер беру;
- 2) шағын кеменің кеме жүргізушілерін даярлау бойынша курстарды есепке алу к і р е д і ; » ;
- 3) 4-1-баптың 3-тармағындағы және 5-баптағы «Қазақстан Республикасы Үкіметі» деген сөздер «уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4) 5-1-баптағы «Қазақстан Республикасы Үкіметі» деген сөздер «ол» деген сөзбен ауыстырылсын ;
- 5) 8-2-баптың 8-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «жергілікті атқарушы орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 8 - 3 - б а п т а :

7-тармақтың екінші бөлігі және үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

«Шағын көлемді кемені басқару құқығына арналған куәлік беруді, кеме жүргізушілерді даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алуды жергілікті атқарушы органдар кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау

қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Ұйымдар шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды ашу кезінде жергілікті атқарушы органға:»;

7) 4-баптың 3-тармағының 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«19) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес теңіз кемелерінің қатысуымен болған авариялық жағдайларды тергеу және жіктеу;»;

8) 3 9 - б а п т а :

1-тармақ «аумақтық бөлімшесі» деген сөздердің алдынан «ведомствоның» деген с ө з б е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«11) уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес уәкілетті органды авариялық жағдай жөнінде хабардар ету, кемелермен авариялық жағдайларды тергеу үшін қажетті ақпарат пен дәлелдерді жинау;»;

9) 32-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:
«6. Жергілікті атқарушы органдар теңіз портының акваториясын қосқанда теңіз портының шекарасын айқындайды.»;

10) 35-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Теңіз портының міндетті қызмет көрсету тізбесін уәкілетті орган белгілейді. Теңіз портының міндетті қызмет көрсетуіне баға (тарифтер) мен оның шекті деңгейін белгілеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.»;

11) 39-баптың 2-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«11) уәкілетті органға авариялық оқиғалар туралы хабарлау, уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес кемелердің авариялық оқиғаларын тексеру үшін қажетті ақпарат пен дәлелдерді жинау;»;

12) 45-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Кемелерді лоцмандық алып өту жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемелердің оқиғаларға ұшырауын болдырмау, сондай-ақ уәкілетті орган бекітетін ережелерге сәйкес қоршаған ортаны қорғау мақсатында жүзеге асырылады.»;

13) 110-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«110-бап. Теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шартының нысаны Теңіз арқылы жолаушылар тасымалдау шарты - билетпен, ал багаж өткізілген жағдайда багаж квитанциясымен де ресімделеді. Билет пен багаж квитанциясының нысаны уәкілетті орган бекітетін тасымалдау ережелерімен белгіленеді.»;

14) 149-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Көлік экспедициясының шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Заңға және уәкілетті орган бекітетін Теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызметті жүзеге асыру қағидасына сәйкес жасалады.»;

15) 212-баптың 6-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«6-1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу

туралы ақпарат беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.».

58. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 51-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 9, 49-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 24, 143-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

32-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымында болған лауазымды адамдарды тиісті шет мемлекеттегі мекемелердің персоналына теңестіру Сыртқы істер министрлігінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.».

59. «Бал ара шаруашылығы туралы» 2002 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 5-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат):

15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бал ара шаруашылығымен айналысатын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган бекіткен аса қауіпті аурулар тізбесіне енгізілген аурулармен күресу мақсатында ветеринарлық препараттармен қамтамасыз етілуге тиіс.».

60. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145-құжат, 149; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редкцияда жазылсын:

«3) заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды, жылжымалы мүліктің

жекелеген түрлерінің кепілдерін, орталық мемлекеттік органдардың және ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді, құқықтық насихатты ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;»;

9-3) және 9-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

мынадай мазмұндағы 9-4) тармақшамен толықтырылсын:

«9-3) сондай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;»;

«9-4) сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;»;

2) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әділет органдарының бірыңғай жүйесін мыналар құрайды:

1) мыналарды қамтитын әділет органдары:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;

аумақтық әділет органдары, бөлімдері мен мекемелері;

2) мекемелер мен басқа да ведомстволық бағынысты ұйымдар.».

3) 7-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиіс, бірақ одан өтпеген нормативтік құқықтық актілерін жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді;».

4) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Әділет министрлігіне жүктелген міндеттерді шешу және функцияларды қамтамасыз ету үшін Министрлік жанында мекемелер мен басқа да ұйымдар жұмыс істейді.»;

5) 11-1-бап алып тасталсын;

6) 14-бапта:

1-тармақтың 1) және 3) тармақшаларында «мемлекеттік органдардың» деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақтың 2) тармақшасындағы «мемлекеттік органдардың» деген сөздерден кейін «әкімдердің» деген сөзбен толықтырылсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ұсынысты мемлекеттік орган не жоғары тұрған органның лауазымды адамының заңдылықтың бұзылуын жою бойынша, сондай-ақ оларға әсер ететін себептер мен

шарттарды міндетті шаралар қабылдауымен күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бір ай мерзімде қарауға тиіс.

Әділет органдары ұсынысты қарау кезінде қатысуға құқылы. Әділет органын ұсынысты қарау орны мен уақыты туралы ұсынысты қарауға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға хабардар етуі тиіс.

4. Ұсынысты қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы әділет органына ұсынысты қарау күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.»;

7) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«17-бап. Әділет органдарының сот-сараптама қызметі саласындағы функциялары Әділет органдары сот-сараптама қызметі саласында келесі функцияларды жүзеге асырады:»;

1) сот сарапшылары кадрларын іріктеу және орналастыру;
2) сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және сот-сараптама қызметін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиялау;

3) мемлекеттік сот-сараптама ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

4) сот-сараптамасы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру.»;

10) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«1) орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, ведомстволардың, мәслихаттардың, әкімдіктердің және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізуді қамтамасыз ету;»;

11) 19-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету, азаматтық хал актілерін тіркеуді бақылау және тиісті деректер қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«6) адвокаттардың, нотариаттардың жеке және заңды тұлғаларға көрсететін заң қызметінің сапасын бақылау;»;

7) тармақша алып тасталсын;

2-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

12) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«21-бап. Әділет органдарының зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру саласындағы функциялары

Әділет органдары зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласында заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 2) зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен басқа да жұмыстарға қатысу
- 3) зияткерлік меншік объектілерін қорғау және пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық;
- 4) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласында уәкілетті органдар мен мүдделі ұйымдардың өзара іс-қимылын үйлестіру
- 5) осы салада уәкілетті органдар мен ұйымдардың заңнаманы және халықаралық шарттарды орындауын сақтауды қоса отырып, санаткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау бойынша олардың мемлекеттік саясатты іске асыруын мониторингілеу;
- 6) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқарушы ұйымдардың, патентті сенім білдірілгендердің қызметін бақылау және олармен өзара іс-қимыл;
- 7) арнайы тізілімдерде авторлық құқықты тіркеу;
- 8) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдердің тіркелуін қамтамасыз ету;
- 9) қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдерге сараптама жүргізуді ұйымдастыру, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, селекциялық жетістіктердің, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімін жүргізу, қорғау құжаттарын беру және оларды күшінде ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 10) патенттік іс саласындағы сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың қызметін бақылау;
- 11) өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын пайдалануға арналған лицензиялық шарттардың, ашық лицензиялардың және қорғау құжаттарын басқаға беру шарттарының тіркелуін қамтамасыз ету;
- 12) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу.»;
- 13) 23-бап мынадай мазмұндағы 9-1 және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:
«9-1) нормативтік құқықтық актілерді құқықтық мониторингілеу бойынша уәкілетті органдардың қызметін үйлестіру;
- 9-2) заңдарға сәйкес әділет органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру.».

61. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат);

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ерекше қауіпті зиянды организмдер - оқтын-оқтын жаппай көбеюге және таралуға бейім, экономикалық, экологиялық залал келтіретін және уәкілетті орган бекітетін ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбесіне енгізілген зиянкестер мен өсімдіктер а у р у л а р ы ; » ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау) - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;»;

5-баптың 1), 3), 6), 7) және 8) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) өсімдіктерді қорғау саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) өз құзыреті шегінде өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

3) өсімдіктерді қорғау саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

4) ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбесін әзірлеу және бекіту;

5) пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

б) м ы н а д а й :

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу ж ә н е б е к і т у ;

7) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндіру сынақтарын және мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту;

8) пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу және Қазақстан Республикасының аумағында пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану құқығына тіркеу куәліктерін беру ;

9) пестицидтер (улы химикаттар) тізімін әзірлеу, бекіту және жүргізу;

10) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаларды әзірлеу және бекіту;

11) хаттамалар мен нұсқамалар нысандарын, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасау мен шығару тәртібін әзірлеу және бекіту;

- 12) фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру;
- 13) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың фитосанитариялық іс-шараларды жүргізудегі қызметін үйлестіру;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік сатып алуды, оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ пестицидтердің (улы химикаттардың) запасын жасау;
- 15) фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды табыс ету тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 16) зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық мониторингті ұйымдастыру;
- 17) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндіру сынақтарын және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру;
- 18) өсімдіктерді қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге тапсырыс беруді ұйымдастыру мен үйлестіру, жүзеге асыру;
- 19) бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) фитосанитариялық мониторинг деректеріне және қалыптасатын фитосанитариялық ахуалға қарай Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөлу;
- 20) халықаралық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру және өсімдіктерді қорғау саласындағы халықаралық бағдарламаларды іске асыруға қатысу;
- 21) пестицидтердің (улы химикаттардың) түрлері бойынша запас нормативін және оларды пайдалану тәртібін белгілеу;
- 22) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 23) барлық бақылау объектілеріне кедергісіз баруды, өсімдіктерді қорғау саласындағы табыл Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын жою жөнінде алғы сөздердерді орындау үшін міндетті беруді қосқанда, жергілікті атқарушы органдардың өсімдіктерді қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақтауына бақылауды жүзеге асыру;
- 24) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру тәртібін айқындау;
- 25) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібін, тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды бекіту, өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау бойынша мамандар даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде оқыту бағдарламаларын (оқу бағдарламаларын) келісу;
- 26) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің,

тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.» ;

3) 14-6-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес тіркеу және өндірістік сынақтар қорытындылары бойынша жүргізіледі.» ;

4) 20-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтары Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген тәртіппен пестицидтерді (улы химикаттарды) өндірушілердің қаражаты есебінен жүргізіледі.».

62. «Геодезия және картография туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 5-баптың 4) және 6-1) тармақшалары алып тасталсын;;
2) 6-бап мынадай мазмұндағы 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:
«18) республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың тізбесін бекіту;
19) геодезия және картография саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту.»;

3) 12-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.» ;

4) 16-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Геодезиялық пункттерді қорғау туралы қағидаларды уәкілетті орган бекітеді.».

63. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; 2014 ж. 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесінің мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 9), 10), 39-2), 45-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«9) ветеринариялық құжаттар – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары беретін ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат; тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық ахуал туралы жануарға, жануарлардан алынатын өнімдерге және шикізатқа жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы маманы, сондай-ақ жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдердің және шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөнінде өндірістік бақылау бөлімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері беретін ветеринариялық а н ы қ т а м а ;

10) ветеринариялық паспорт – уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат, онда: малды есепке алу мақсатында малдың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетіледі;»;

«39-2) өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау – өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкестігін айқындауға уәкілетті орган ауық-ауық жүргізетін р ә с і м » ;

«45-1) эпизоотологиялық зерттеп қарау актісі – эпизоотологиялық ошақтардың туындау себептерін зерделеу және жануарлар ауруларының таралуына ықпал ететін немесе кедергі болатын жағдайларды анықтау нәтижелері бойынша, сондай-ақ жануарларды карантиндеу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық дәрігер б е р е т і н қ ұ ж а т ; » ;

2) 5-баптың 3), 4), 5), 6), 7), 9), 9-1), 9-2), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 18), 18-1), 18-2), 18-3), 18-4), 18-5), 18-6), 18-7), 18-8), 18-9), 18-10), 18-11), 18-12), 18-13), 18-14), 18-15), 18-16), 18-17), 18-18) тармақшалары алып тасталсын;

3) 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;»;

4), 6), 9), 10), 12), 21), 22), 29), 30), 32), 34), 37), 38), 38-1), 38-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) профилактикасы, диагностикасы мен жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін әзірлеу және б е к і т у ; » ;

«6) жануарлардың аса қауіпті ауруларын жою бойынша ветеринариялық

іс-шараларды бекіту, ұйымдастыру және қамтамасыз ету;»;

«9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ветеринария саласындағы ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды және басқа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

10) ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;»;

«12) эпизоотиялық мониторинг жүргізу;»;

«21) ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

22) ветеринария саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;»;

«29) Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

30) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

«32) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

«34) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

«37) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері туралы үлгі ережені әзірлеу және бекіту;

38) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін әзірлеу бекіту;

38-1) процессингтік орталықтың қызмет ету қағидасын әзірлеу және бекіту;

38-2) ауыл шаруашылығы жануарларын және оларды өндірушілерді бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, заттарды (құралдарды) және нысандарды тіркеу қағидасын әзірлеу және бекіту;»;

40) тармақша алып тасталсын;

42), 45), 46-1), 46-2), 46-3), 46-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«42) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

«45) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

«46-1) жануарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлеу және бекіту;

46-2) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындау (малды сою), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жүзеге асырылатын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлеу және бекіту;

46-3) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлеу және бекіту;

46-4) ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;»;

46-7) тармақша алып тасталсын;

46-8), 46-10), 46-11), 46-13), 46-14), 46-15), 46-16), 46-17), 46-18), 46-19), 46-21), 46-22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«46-8) өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

«46-10) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативін әзірлеу және бекіту;

46-11) биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою тәртібін және бекіту бекіту;»;

«46-13) сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын әзірлеме және бекіту;

46-14) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-15) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-16) жануарларды өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-17) жануарларды карантиндеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-18) дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-19) эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

«46-21) жануарларға қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-22) шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу және алып тастау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46-23) ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

4) 10 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2), 11-3), 11-4), 11-5), 11-6), 11-7), 11-8), 11-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік

н ө м і р л е р

б е р у ;

11-2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ;

11-3) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды бекіту, ұйымдастыру және қамтамасыз ету ;

11-4) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеу;

11-5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалау ұйымдастыру және жүзеге асыру;

11-6) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

11-7) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ;

і ш к і с а у д а о б ъ е к т і л е р і н д е ;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импорпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринарлық препараттар өндірісін қоспағанда, ветеринария саласындағы, оның ішінде лицензияланатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;

олардың экспорты (импорты) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруты өтетін мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне;

11-8) мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (

союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына;

11-9) жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15 уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;»;

1-1-тармақ мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2), 11-3), 11-4), 11-5), 11-6), 11-7), 11-8), 11-9), 11-10) және 11-11) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру тәртібін бекіту;

11-2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

11-3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалау ұйымдастыру және жүзеге асыру ;

11-4) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасын, диагностикасын бойынша ветеринарлық іс-шараларды бекіту, ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

11-5) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеу;

11-6) жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

11-7) тиісті әкімшілік-аумақтың бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

11-8) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

11-9) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды

ж ү з е г е

а с ы р у :

і ш к і с а у д а о б ь е к т і л е р і н д е ;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импорпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринарлық препараттар өндірісін қоспағанда, ветеринария саласындағы, оның ішінде лицензияланатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;

олардың экспорты (импорты) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруты өтетін мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне;

11-10) мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына;

11-11) жеке және заңды тұлғаларға қатысты орындалуы міндетті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;»;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2), 11-3), 11-4), 11-5), 11-6), 11-7), 11-8) және 11-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

11-2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалау ұйымдастыру және жүзеге асыру ;

11-3) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеу;

11-4) жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

11-5) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

11-6) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру :

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринарлық препараттар өндірісін қоспағанда, ветеринария саласындағы, оның ішінде лицензияланатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарда;

олардың экспорты (импорты) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруты өтетін мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне;

11-7) мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (

ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына;

11-8) жеке және заңды тұлғаларға қатысты орындалуы міндетті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру;»

;

5) 1 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының о ш а қ т а р ы н ж о ю ; » ;

2) тармақшаның екінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:
«уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының д и а г н о с т и к а с ы ; » ;

«Уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасына және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тізбеге енгізілген жануарлардың энзоотикалық ауруларының диагностикасына технологиялық байланысты қызметке мыналар жатады:»;

6) 11-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

7) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау - уәкілетті органның лауазымды адамдарының ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жеке және заңды тұлғалардың құзыреті шегінде ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын орындау жөніндегі қызметін бақылауды және қадағалауды;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) құзыреті шегінде ветеринариялық іс-шаралардың ұйымдастырылуын және

орындалуын бақылауды және қадағалауды;»;

6-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің жүргізілуін бақылауды және қадағалауды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша деректер базасын жүргізу және ондағы ақпаратты жаңартуды;»
;

6-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6-2) тексерілетін субъектілердің ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын, сондай-ақ оларға қатысты бұзушыларға заңнамада көзделген шараларды қолдана отырып, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын субъектілерге кедергісіз баруды қоса алғанда, техникалық регламенттермен белгіленген талаптарды орындауын бақылау және қадағалау;»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау:

1) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндірумен, сақтау және өткізумен, өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің импорты, экспортымен және транзитімен байланысты қызметті қоспағанда, ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын орындау бойынша жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау және қадағалау;

2) республикалық қорды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алынған ветеринариялық препараттарды бөлу, сақталуын, тасымалдануын, (жеткізілуін) және пайдаланылуын бақылау және қадағалау;

3) ветеринарлық есепке алу мен есептілікті жүргізу, және оларды ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ұсыну;

5) ветеринарлық іс-шаралардың орындалуын бақылау және қадағалау;

6) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринариялық-санитариялық жағдайды бақылауды және қадағалауды; жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуы және жануарлардың азықтан улануы себептері мен жағдайларын ашып, анықтауды;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің жүргізілуін бақылауды және қадағалауды ;

8) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды көздейді.»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сай келетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар мен ветеринариялық-санитариялық дәрігерлер жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ережені уәкілетті орган әзірлеп, уәкілетті орган бекітеді.»;

7) 14-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-1-бап. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыру

т ә р т і б і

1. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары жүзеге асыратын ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау:

1) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда;

2) ветеринарлық препараттарды өндіруді жүзеге асыратын тұлғаларды;

3) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда;

4) шекаралық және кедендік пункттерде (кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалданатын (орны ауыстырылатын) объектілердің орнын ауыстыру кезінде;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

6) жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

7) экспорт (импорт) және транзит кезінде тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруты өтетін мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

8) экспорт (импорт) және транзит кезінде, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, құзыреті шегінде сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне;

9) құзыреті шегінде жүзеге асырылатын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау функцияларын қоса алғанда ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың және оның бөлімшелерінің функцияларының орындалуын.

2. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары жүзеге асыратын ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтау тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау:

1) ішкі сауда объектілерінде;

2) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

3) ветеринариялық препараттарды өндіруді қоспағанда ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;

4) олардың экспорты (импорты) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

5) экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

6) тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруты өтетін мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

7) экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне.»;

3. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген объектілерді қоспағанда, осы баптың 1 және 1-11-тармақтарында көрсетілген объектілерде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды тиісті аумақтардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар мен мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық дәрігерлер тексеру нысанында және өзге де нысандарда, оның ішінде ілеспе ветеринариялық құжаттарды қарау жолымен жүзеге асырады.»;

4. Ішкі сауда объектілерінде, жануарларды өсіру, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындау (сою), сақтау, пайдалану, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда, шекаралық және кедендік пункттерде (кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын жүктерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде, сондай-ақ жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары бойынша карантин аймақтарында және қолайсыз пункттерде ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының жануарлардың жұқпалы ауруларының таралуының белең алуын болғызбау, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі талаптарының

сақталуы нысанасында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау күн сайын жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жергілікті атқарушы органдардың және құзыреті шегінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын оның бөлімшелерінің функцияларын орындауларына тексеру тағайындамай, тұрақты түрде жүргізіледі.»;

6. Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша тексеруші мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер тексеру актісін жасайды.

Ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелері бойынша ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, тексеруші мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын анықталған бұзушылыққа қарай нұсқама жасайды, жеке кәсіпкерлік субъектісін әкімшілік жауаптылыққа тартпастан, оған бұзушылықтарды жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды алып қою туралы қаулы шығарады.

7. Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер тексеру нәтижелері бойынша өз құзыреті шегінде айқындалған бұзушылықтардың сипатына қарай әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы нұсқама жасайды, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарады.

8. Тексеру актісі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалады.

Тексеру актісі үш (ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған жағдайда - төрт) данада жасалады және оған тексеру жүргізген тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер қол қояды.

Актінің бірінші данасын тексеруші мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына тапсырады, екінші данасы тексерілетін адамға қолын қойғызып, беріледі, үшінші данасы тексеруші мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторда,

мемлекеттік ветеринариялық дәрігерде қалады, ал төртіншісі сотқа талап арыз беру үшін тиісті аумақтың ветеринариялық-санитариялық инспекторына, мемлекеттік ветеринариялық дәрігеріне беріледі. Тексерілетін адам актіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда актінің тиісті данасы поштамен жіберіледі.»;

8) 15-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ветеринария саласындағы жеке және заңды тұлғалардың, құзыреті шегінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың және ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын оның бөлімшелерінің қызметі;»;

9) 16 - б а п т а :

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді экспорттау кезінде ветеринариялық сертификат беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың тізімін бекіту;»;

4) тармақша алып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді экспорттау кезінде ветеринариялық сертификат беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың тізімін бекіту;»;

5) тармақша алып тасталсын;

10) 17 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің әрекетіне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалар жоғары тұрған мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына, жергілікті атқарушы органдарға және (немесе) сотқа шағым жасай алады.»

11) 18 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің актілері;»;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша ықпал етудің құқықтық шараларын қолдану мақсатында, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарының талаптарын бұзушылықтың

анықталуына байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер мынадай актілер:»;

12) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«19-бап. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің тәуелсіздігі

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер өз қызметінде тәуелсіз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алады.»;

13) 20 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган белгілейтін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар сақтала отырып, Қазақстан Республикасының аумағына індет тарамаған басқа мемлекеттерден орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің әкелінуіне, сондай-ақ транзитіне жол беріледі.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган шекара және кеден пункттерінде (автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бекеттерін ұйымдастырады.»;

6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын уәкілетті орган бекітеді.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтуі кезіндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

14) 21-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдануын (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

15) 22 - б а п т а :

3-тармақтың 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы Қазақстан

Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру;»;

«5) ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды), өңдеуді ұйымдастыру кіреді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Ішкі сауда объектілерінің әкімшіліктері Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды және ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүзеге асыру үшін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлерге, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шарт негізінде ветеринариялық нормативтерге сәйкес келетін қызметтік үй-жайлар береді.»;

16) 23-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің әкімшіліктері жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерін құруға, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлерге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шарт негізінде қызметтік үй-жай беруге міндетті.

4. Экспорттаушыларды (импорттаушыларды) қоса алғанда, жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»

;

17) 24-6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз деп танылған ветеринарлық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен олардың бұдан әрі пайдаланылуына немесе кәдеге жаратылуына, жойылуына сараптама жасалуға тиіс.»;

18) 28-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Индет ошақтарын жою және жануарлардың уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген аса қауіпті ауруларының таралу қаупінің алдын алу кезінде пайдаланылатын, үнемі жаңартылып отыратын ветеринариялық препараттардың белгілі бір көлемі ветеринариялық препараттардың республикалық қоры болып табылады.»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, олардың қауіптілік дәрежесіне қарай, уәкілетті органның ұсынуы бойынша уәкілетті орган бекіткен тәртіппен міндетті түрде алып қоюға және жойылуға не алып қойылмай, міндетті түрде залалсыздандырылуға (зарарсыздандырылуға) және өңделуге тиіс.

2. Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін уәкілетті органның ұсынуы бойынша уәкілетті орган бекітеді.»;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда : » ;

20) 32-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ауыл шаруашылығы жануарлары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жануарлар ауруларының профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі ветеринариялық дауалаудың жүзеге асырылуын бақылау және қадағалау мақсатында әрбір жануарға қадағалау жүргізуге мүмкіндік беретін міндетті бірдейлендіруге жатады . » ;

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бекеттерінде көлік құралдарын дезинфекциялауды және ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтауды қоса алғанда, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы;»;

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жануарлардың уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген аса қауіпті ауруларын және жануарлардың энзоотиялық ауруларын қоспағанда, инвазиялық ауруларды қоса алғанда, жануарлар ауруларын емдеу, олардың профилактикасы, диагностикасы және оларды жою ; » .

64. «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат, № 10, 52-құжат):

1) 5-баптың 4), 5), 7-1), 8), 9) 10), 11), 12) және 13) тармақшалары алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тұқымның мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру мен басқаруды жүзеге асырады;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1) патент қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығы мемлекеттік сынақтың немесе өтініш берушінің деректері бойынша бағаланатын өсімдіктердің тектері мен түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

8-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1) сорттық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сорттық сынақтардан өткізуді, тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 8-2), 8-3), 8-4), 8-5) және 8-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-2) тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттарын, тұқымдарына бюджет қаражаты есебінен субсидия берілуге жататын ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тізбесін және оларға бөлінетін субсидиялардың нормативтерін аяқындайды;

8-3) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидасын әзірлейді және бекітеді;

8-4) ауыл шаруашылық өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу қағидасын әзірлейді және бекітеді;

8-5) мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану тәртібін, олардың құрылымы мен көлемін әзірлейді және бекітеді;

8-6) тұқымдардың, соның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сорттық және егістік сапасының сараптамасын өткізу қағидасын әзірлейді және бекітеді;»;

11-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11-1) техникалық регламенттерді әзірлейді және бекітеді;»;

20) және 30) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:

«31-1) бақылаудың барлық объектілеріне кедергісіз кіруге және тұқым шаруашылығы саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзылушылықтарын жою бойынша орындау үшін міндетті алғышарттарды беруді қоса алғанда жергілікті атқарушы органдардың тұқым шаруашылығы саласында Қазақстан

Республикасы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асыру.»;

3) 6 - 1 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тұқым шаруашылығы субъектілеріне (тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды қоспағанда) уәкілетті орган айқындаған тәртіпте тиісті куәлік бере отырып, аттестаттауды жүргізеді;»;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) тұқымдардың мемлекеттік ресурстарының сан-сапа жағынан жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;»;

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) осы Заңның 6-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын бекітеді;

12) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды :

тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін – бірегей тұқымдар бойынша ;

әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін элиталық тұқымдар бойынша айқындайды;»;

16) тармақша алып тасталсын;

4) 8-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тұқым шаруашылығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік бақылау мақсатында тұқым шаруашылығының субъектілеріне баруға және олардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша ақпарат алуға ; » ;

13-баптың 5-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Агент өзіне жүктелген функцияларды уәкілетті орган белгілеген құзыреті шегінде уәкілеттік органмен шарт негізінде және Мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыру , сақтау және пайдалану ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.»;

5) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Облыстың жергілікті атқарушы орган белгілейтін квоталардан кем болмайтын көлемде тұқым өндіруді қамтамасыз етуге тиісті аттестатталған тұқым өндірушілерді қоспағанда, тұқым өндірушілер тұқым өндіру көлемін өз бетімен белгілеуге құқылы.»;

6) 23-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-3-бап. Сорттардың патент қабілеттілігін және шаруашылыққа пайдалылығын сараптау және сынау

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының патент қабілеттілігі және шаруашылыққа пайдалылығы уәкілетті орган бекітетін өсімдіктер тегінен түрлерінің тізбесіне сәйкес мемлекеттік сынақ және (немесе) өтініш берушінің деректері бойынша бағаланады . » .

65. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат ;
; № 1 6 , 1 0 0 - қ ұ ж а т) ;

1) 1-баптың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«б) қолайсыз табиғат құбылысының фактісі бойынша зерттеу актісі (бұдан әрі – зерттеу актісі) – уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша осы Заңда талаптар көзделген, егістің ішінара немесе толық жойылуы мен қолайсыз табиғат құбылыстарының әсері арасындағы себеп-салдарлық байланысты растайтын құжат;»;

2) 4-1-баптың 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

3) 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің осы Заңда белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндетінің орындалуына мемлекеттік бақылауды облыс, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.»;

2 - б а п т а :

3) тармақша алып тасталсын;

6), 7), 8) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2), 12-3), 12-4), 12-5) және 12-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының және сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен шарттары туралы шарттың үлгі жобасын әзірлейді және бекітеді;

12-2) міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлерін өндіру үшін егістік алқаптың бір гектарына жұмсалатын шығындар нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

12-3) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану тәртібін және агент көрсететін қызметтерге төленетін ақының мөлшерін әзірлейді және бекітеді;

12-4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарын айқындаудың өлшемдері мен сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

12-5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия құруының және оның жұмысын ұйымдастырудың тәртібін және зерттеу актісінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

12-6) гидрометеорология қызметі органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын

анықтамасының үлгі нысанын әзірлейді және бекітеді;»;
мынадай мазмұндағы 2-1 тармақшамен толықтырылсын:

«2-1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы:

1) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) агенттің, қоғамның қызметін, Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын олардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

3) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы және қоғамның Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және осы Заңның талаптарын сақтамауы туралы істерді қарайды;

4) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан сұратады және алады;

5) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның ұсыну нысаны мен мерзімдерін белгілейді;»;

3 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен нысан бойынша өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан сұратады және алады;»;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ағымдағы жылы сақтандырылуға тиіс өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің тізбесін ұсынады;»;

4) 5-1-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы:»;

5) 9-баптың 2-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Комиссияның құрамына ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органның, агенттің, сақтандырушының немесе қоғамның және сақтанушының өкілдері кіреді.»;

6) 16-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Агенттің қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары, уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.».

66. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2003 ж., № 1-2, 1-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

1) 4-баптың 4-1) және 4-2) тармақшалары алып тасталсын;

2) 5-баптың 8) және 8-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының және ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен дұрыстығын растау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8-1) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабының шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбасының түпнұсқалылығын растау қағидаларын әзірлейді бекітеді;».

3) 20-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.».

67. «Кредиттік серіктестіктер туралы» 2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 5, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат, 2012 ж., № 13, 91 - құжат) :

21-баптың 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) атқарушылық іс жүргізу органдарына және жеке сот орындаушыларына: атқарушылық іс жүргізу органының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған, сот орындаушысының сот санкция берген қаулысы негізінде өздері жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу бойынша;».

68. «Пошта туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 17-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат, 2014 жылғы 10 шілдеде «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасының нормаларын Дүниежүзілік пошта одағы актілерінің нормаларымен біріздендіру

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңы):

1) 8 - б а п т а :

1-тармақтың 3), 5), 6) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 20-3), 20-4), 20-5) және 20-6) тармақшалармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«20-3) пошта жөнелтілімдерінде пошта штемпелін қолдану тәртібін бекітеді;

20-4) пошта желілері арқылы жіберілуге тыйым салынған бұйымдар мен заттардың тізбесін бекітеді ;

20-5) пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидасын бекітеді;

20-6) пошта желілері арқылы жіберу шектелген бұйымдар мен заттардың тізбесін бекітеді ; » .

69. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат, 142; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 23-24, 25-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 21-22 (2646-2647), 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат) :

1) 8-1-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 10-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

3) 1 1 - б а п т а :

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларын әзірлейді және бекітеді ; » ;

1 3) тармақша алып тасталсын ;

4) 20-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Орталықтың және (немесе) Қордың кінәсінен уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомасы өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мерзімі өткен әрбір күн үшін (төлеу күнін қоса) осы сомаларды төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2 еселенген ресми ставкасынан аспайтындай мөлшерде индекстелуге тиіс.».

70. «Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 12, 88-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат, № 10, 52-құжат):

1) 4-баптың 4-1), 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) және 5-3) тармақшалармен толықтырылсын :

«5-1) мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

5-2) темекі өнімдерінің қалдықтары және (немесе) айналымы туралы декларацияларды табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

5-3) темекі өнімдерін акциз маркаларымен немесе есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібін белгілейді;».

71. «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72-құжат, 75; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат, 2014 жылғы 10 шілдеде «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасының нормаларын Дүниежүзілік пошта одағы актілерінің нормаларымен біріздендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 2 - б а п т а :

1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 7-1), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 15-1) тармақшалар алып тасталсын ;

3) 1 3 - б а п т а :

1 8) тармақша алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 23-1), 23-2), 23-3), 23-4), 23-5), 23-6), 23-7), 23-8), 23-9), 23-10) , 23-11), 23-12), 23-13), 23-14) 23-15), 23-16), 23-17), 23-18) және 23-19) тармақшалармен толықтырылсын :

«23-1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді;

23-2) автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады ;

23-3) автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын

уәкілетті органның лауазымды адамдарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекітеді;

23-4) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын бекітеді;

23-5) Қазақстан Республикасының автокөлік жолдары бойынша қозғалу үшін арналған автокөлік құралдарының мүмкін параметрлері;

23-6) Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасын бекітеді;

23-7) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидасын бекітеді;

23-8) Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекітеді;

23-9) Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасын бекітеді;

23-10) Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидасын бекітеді;

23-11) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидасын бекітеді;

23-12) Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидасын бекітеді;

23-13) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекітеді;

23-14) автомобиль көлігі саласында техникалық регламенттерді бекітеді;

23-15) Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру тәртібін бекітеді;

23-16) тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту тәртібін айқындайды;

23-17) Әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидасын бекітеді;

23-18) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өту тәртібін айқындайды;

23-19) автомобиль көлігі саласындағы лицензияланатын қызмет (кіші қызмет) түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;»;

4) 14 - бапта :

1-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2 - тармақта :

7) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

«10-2) халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталғандығы туралы хабарлама

берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін әзірлейді және бекітеді;»

5) 19-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – көліктік бақылау) автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауы үшін жүргізіледі.»;

6) 19-2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы ратификациялаған, автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын халықаралық шарттар талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылау.»;

7) 19-7-бапта:

бірінші бөлікте:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау;»;

16) тармақша алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы осы баптың бірінші бөлігінің 2), 4), 8), 9) 10) және 10-1) тармақшаларында көзделген бақылау функцияларын Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

8) 21-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шарт уәкілетті орган бекіткен жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартына сәйкес құрастырылуы керек.»;

9) 38-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

10) 42-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіру және оның аумағынан шығу, сондай-ақ олардың аумақ бойынша транзитпен жүру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.».

72. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат;

№ 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014., № 6, 27-құжат):

1) 30-баптың 2-1-тармағындағы «атқарушылық іс жүргізетін органдарының» деген сөздер «сот орындаушыларының» деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 32-2-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Бөлінген активтерді жалдауға және қосалқы жалдауға беру туралы шешімді, сондай-ақ оларды беру талаптарын уәкілетті орган қабылдайды.».

73. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2014 ж., № 10, 5 2 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «13) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда саясатын қалыптастыратын және сауда қызметі саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

2) 6 - б а п т а :

6-баптың 1), 4), 5), 6), 7), 8), 12), 13) және 14) тармақшалары алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 14-3) тармақшамен толықтырылсын:

«14-3) қарсы шаралар қолдану туралы шешім қабылдайды;»;

3) 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) мемлекеттік сауда саясатын қалыптастырады;

1-2) Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғау бойынша шаралар қабылдайды;» ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қабылдайды;» ;

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) және 4-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) оларға қатысты әкелу және (немесе) әкету кеден баждары қолданылатын тауарлар тізбесі, мөлшерлемелер көлемі мен оларды қолдану мерзімі бекітіледі;

2-2) сыртқы сауда қызметінің тарифтік емес реттеу шараларын қабылдайды;»;

«4-1) ішкі сауда қағидаларын бекітеді;»;

7) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«7) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлейді және бекітеді;»;

«14) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағаларының мөлшерін белгілеу және жыл сайынғы негізде оларға бағалардың шекті мәндерін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекітеді;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағалардың шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекітеді;»;

4) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1-бап. Тарифтік квоталар

1. Қазақстан Республикасында тауарларды өндіру және тұтыну құрылымында прогрессивтік өзгерістер үшін жағдайлар жасау және отандық және шетелдік тауарлардың ұтымды арақатынасын сақтау мақсатында уәкілетті орган:

1) тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге және (немесе) әкетуге арналған тарифтік квоталар бекітеді;

2) әдісін, бөлу тәртібін, көлемін және олардың қолдану мерзімін айқындайды;

3) сыртқы сауда қызметі қатысушыларының арасында тарифтік квоталар бөледі.

2. Кедендік әкелу және (немесе) әкету баждарының квотаішілік және квотадан тыс мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес уәкілетті орган бекітеді.

3. Тарифтік квота шеңберінде Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды әкелу немесе әкету экспортқа және (немесе) импортқа уәкілетті орган беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Экспортқа және импортқа лицензиялар беру тәртібі мен шарты Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес бекітіледі.»;

5) 17-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

6) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге тыйым салу және сан жағынан шектеулер

1. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге тыйым салуды уәкілетті орган :

- 1) құқық тәртібін сақтау;
- 2) адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау;
- 3) Қазақстан Республикасы халқының мәдени мұрасын сақтау;
- 4) мәдени құндылықтарды және ұлттық мәдени игіліктер объектілерін заңсыз әкетуден және (немесе) әкелуден қорғау;
- 5) сонымен бір мезгілде орны толмас табиғи ресурстарды ішкі өндіруді және тұтынуды шектей отырып, олардың сарқылуын болдырмау;
- 6) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 7) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 8) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай енгізеді.

2. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге сан жағынан шектеулерді уәкілетті орган:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 2) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 3) ішкі нарықты қорғау қажеттілігіне қарай енгізеді;

3. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге сан жағынан шектеулер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі және лицензиялау жолымен жүзеге асырылады.

4. Ішкі нарық үшін аса маңызды болып табылатын азық-түлік немесе өзге де тауарлардың орасан көп жетіспеушілігін болдырмау немесе азайту үшін уәкілетті орган жекелеген тауарларды әкетуге тыйым салуды және сан жағынан шектеулерді енгізеді.

Аса маңызды тауарлар тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

5. Жекелеген тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді сан жағынан шектеулерді бөлуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Уәкілетті орган квоталар мөлшерін, сондай-ақ квотаның қолдану мерзімін айқындайды.» ;

7) мынадай редакциядағы 18-2-баппен толықтырылсын:
«18-2-бап. Қарсы шаралар

1. Егер шетел мемлекеті:

1) Қазақстан Республикасына қатысты халықаралық шарттар бойынша олар қабылдаған шараларды орындамаса;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін бұзатын шаралар, оның ішінде қазақстандық тауарлардың шетел мемлекетінің нарығына шығуын негізсіз жабатын немесе басқаша жағдайда оларды негізсіз шеттейтін шаралар қабылдаған жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі қарсы шаралар енгізуге құқылы.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жалпы мақұлданған қағидаттарына және халықаралық құқық ормаларына сәйкес осы баптың 1-тармағында көзделген Қазақстан Республикасы мүддесін тиімді қорғау үшін қажетті қарсы шаралар енгізуге құқылы.»;

8) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына е р е к ш е қ ұ қ ы қ

1. Жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына ерекше құқық лицензиялау негізінде жүзеге асырылады.

2. Экспортына және (немесе) импортына ерекше құқық берілетін жекелеген тауарлар түрлерінің тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

3. Уәкілетті орган айқындаған сауда қызметі субъектілеріне жекелеген тауарлар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына ерекше құқық енгізілетін жекелеген тауарлар түрлерінің экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыруға лицензиялар беріледі, олар кемсітпеушілік және адал коммерциялық практика принциптері негізінде жекелеген тауарлар түрлерінің экспорты және (немесе) импорты бойынша операцияларды жасауға міндетті.».

74. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 2-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 2-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжат; № 10, 52 - құжат) :

1) 7-баптың 5), 8), 9), 13), 14-1), 14-5), 14-6), 14-7), 14-8) тармақшалары алып тасталсын ;

2) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 19-8), 19-9), 19-10), 19-11), 19-12), 19-13), 19-14), 19-15), 19-16) тармақшалармен толықтырылсын:

«19-8) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы телекоммуникацияларының желілеріне қойылатын талаптарды бекіту;

19-9) Қазақстан Республикасы радио қызметтері арасында барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарға арналған 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер ауқымында жиіліктер белдеуін бөлу кестесін бекіту;

19-10) өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарын және құжаттар тізбесін бекіту ;

19-11) күзетілетін аймақтарды белгілеу тәртібі мен олардағы жұмыс режимін қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желілерін күзету қағидаларын бекіту ;

19-12) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік

үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту;

19-13) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектронды құралдарын тіркеу және пайдалану қағидаларын бекіту;

19-14) байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;

19-15) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын тіркеу және пайдалану қағидаларын бекіту;

19-6) байланыс саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;»;

1) 9-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

5) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Радиожиілік спектрін бөліп беру Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекітетін барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар үшін 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер ауқымында Қазақстан Республикасының радио қызметтері арасында Жиіліктер белдеулерін бөлудің ұлттық кестесіне және Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсынымдары негізінде уәкілетті орган бекітетін радиожиілік спектрін перспективалық пайдаланудың жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

6) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою тәртібін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы айқындайды.»;

7) 21 - б а п т а :

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникация желісі болып табылатын желілер үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы:

1) өзара іс-қимыл жасаудың бірыңғай тәртібін, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешенін, басқарылатын параметрлерді қалыптастыруды және олардың орындалуын бақылауды қамтитын телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқаруды айқындайды;

2) телекоммуникация желісінің санатына байланысты телекоммуникация желілерін құру, басқару, нөмірлеуді пайдалану, олардың жұмыс істеуін, тұрақтылығын және ақпараттық қауіпсіздігін ұйымдастыру-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету, радиожиілік спектрін пайдалану, трафикті өткізу тәртібі, желілердің әрекеттестік шарттары, телекоммуникация қызметтерін көрсету жөніндегі талаптарды белгілейді;

3) арналарды коммутациялау технологияларын хабар беру мен коммутациялаудың

пакеттік технологияларымен ауыстыруға негізделген ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерін жаңғыртуды аяқтағанға дейін техникалық қажеттілік туындаса, қызметтер көрсетуді ұйымдастырудың өздері таңдаған тәсіліне қарай тіркелген телефон байланысы қызметтерін көрсететін байланыс операторлары желілерінің қосылу және өзара әрекет жасау шарттарына қойылатын талаптарды белгілейді.» ;

8) 26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерінің басым байланыс операторлары үшін телекоммуникацияның басқа желілерін қосу қызметтерін көрсетудің, сондай-ақ желілердің әрекеттестігі және трафикті өткізу бойынша осыған байланысты міндеттемелердің талаптарын айқындайтын қосу шарты жария шарт болып табылады, оның үлгілік нысанын Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекітеді.» ;

9) 27-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Күзетілетін аймақтарды белгілеу тәртібін және олардағы жұмыс режимін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы айқындайды. Аталған аймақтардың шекараларын және олардағы жер пайдалану режимін Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес жерді меншікке немесе жер пайдалануға беру туралы шешім қабылдаған орган айқындайды.» .

75. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат ; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар, № 16, 83-құжат, № 10, 52-құжат, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 8 - б а п т а :

4, 5), 6), 7), 8), 10), 11), 12), 15), 15-1), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 28-1) тармақшалар алып тасталсын;

2) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

10) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1), 26-6), 26-7), 26-8), 26-9), 26-10), 26-11), 26-12), 26-13), 26-14), 26-15), 26-16), 26-17), 26-18), 26-19), 26-20), 26-21), 26-22), 26-23), 26-24), 26-25), 26-26), 26-27), 26-28) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес кемелердегі, оның ішінде ішкі су

- жолдарындағы шағын көлемді кемелердегі көлік оқиғаларын тергеуді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу;»;
- «26-6) Ішкі су жолдарын пайдалану қағидаларын бекіту;
- 26-7) Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;
- 26-8) порттың міндетті қызмет көрсетулерінің тізбесін бекіту;
- 26-9) жағалау белдеуін пайдалану тәртібін айқындау;
- 26-10) кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- 26-11) біліктілік комиссиялары туралы ережені, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту;
- 26-12) кемелермен тасымалдау үшін арналған қауіпті жүктерді тасымалдау тізбесін б е к і т у ;
- 26-13) Қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;
- 26-14) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;
- 26-15) кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;
- 26-16) Кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидаларын бекіту;
- 26-17) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін айлаққа қою, тоқтату және олардың тұрақта тұруы үшін уақытша құрылғылар мен жүзу құрылыстарын қою, жолаушыларды кемеге отырғызу әрі одан түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау т ә р т і б і н а й қ ы н д а у ;
- 26-18) Ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т у ;
- 26-19) Кемелердегі, оның ішінде ішкі су жолдарындағы шағын көлемді кемелердегі көлік оқиғаларын тергеуді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т у ;
- 26-20) Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;
- 26-21) Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемелерді басқару құқығына аттестаттау қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т у ;
- 26-22) Шағын көлемді кемелерді және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т у ;
- 26-23) Ішкі су жолдары бойынша жүзу қағидаларын бекіту;
- 26-24) Кемелердегі қызмет жарғысын бекіту;
- 26-25) Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін сүйреу қағидаларын б е к і т у ;
- 26-26) Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларын бекіту;
- 26-27) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік қадағалау

қызметкерлерін онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;
26-28) шағын кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту.

» ;
3) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:
«9-1-бап. Жергілікті атқарушы органдар құзыреті
Жергілікті атқарушы органдар құзыретіне:

1) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды
е с е п к е а л у ;

2) шағын көлемді өздігінен жүзетін кемелерді басқару құқығына куәліктер беру.»;

4) 17-баптың 18) және 19) тармақшалары алып тасталсын;

5) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Лоцмандар ретінде жұмысқа лоцмандық қызмет туралы ережеде белгіленген талаптарға, сондай-ақ уәкілетті орган айқындайтын кемелерді лоцмандық алып өту талаптарына сай болған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары жіберілуі
м ү м к і н . » ;

6) 23-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде беру және жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайтын мынадай кеме құжаттары:»;

7) 32-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

8) 33-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кеме экипажының ең аз құрамын уәкілетті орган белгілі бір түрдегі кемені пайдалану талаптарына сәйкес белгілейді.»;

9) 34-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші кеме экипажының құрамына кіретін шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар кеме капитаны, кеме капитанының аға көмекшісі, аға механик пен радиомамандар лауазымдарына тағайындала алмайды. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кеме экипажының құрамына кіру мүмкіндігінің шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
а й қ ы н д а й д ы . » :

10) 35-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарын, оны аттестаттау тәртібін
уәкілетті орган айқындайды.» ;

11) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кемелердің портқа кіруі және порттан шығуы, кемелердің порт акваториясының шегінде жүзуі және портта тұруы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген
тәртіппен жүзеге асырылады.» ;

12) 48-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уәкілетті орган белгілейтін порттың міндетті қызмет көрсетулерінің тізбесіне кірмейтін қызмет көрсетулерге ақы төлеудің мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалған шарттармен белгіленеді.»;

13) 50-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібін және түрлерін (бұдан әрі – жолаушыларды тасымалдау қағидасы) уәкілетті орган айқындайды.»;

14) 51-1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды ішкі су көлігімен жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың залалдары бюджет қаражаты есебінен жергілікті атқарушы органдар субсидиялайды.»;

15) 56-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ішкі су көліктерінде жүк тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін (бұдан әрі - жүк тасымалдау ережелері) уәкілетті орган бекітеді.»;

16) 59-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің ішкі су жолдарындағы кеме қатынасы тәртібін уәкілетті орган және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар айқындайды.»;

17) 61-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сатылатын тауарларды есепке алу және олар үшін есеп айырысу тәртібін уәкілетті о р г а н а й қ ы н д а й д ы . » ;

18) 63-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тіркеп сүйретілетін объектілерді тіркеп сүйреу (бұдан әрі - тіркеп сүйреу) тіркеп сүйреу шартына және уәкілетті орган бекітетін Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу ережелері:».

76. «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 94-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 9, 44-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

16-баптың 3-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру тарифі, уәкілетті орган айқындаған объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ескеріле отырып белгіленеді.».

77. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж.,

№ 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 жылғы 20 мамырдағы «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жариялаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 ж., № 12, 82-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

1) электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен оған жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«5-бап. Уәкілетті органның құзыреті
Уәкілетті орган:

1) электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік энергетикалық қадағалау туралы ережесін бекітеді;

3) есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту тәртібін бекітеді;

4) үлгілік инвестициялық шартты, үлгілік келісімді бекітеді;

5) электрмен жабдықтаудың үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;

6) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылысына арналған үлгілік шартты әзірлейді және бекітеді;

7) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шартты әзірлейді және бекітеді;

8) шекті тарифтерді бекітеді;

9) электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10) электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

13) электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) Қазақстанның біртұтас электр энергетикасы жүйесінде авариялық бұзушылықтарды болғызбау және оларды жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және б е к і т е д і ;

15) энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16) электр энергетика саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді және б е к і т е д і ;

17) электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

18) электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді және б е к і т е д і ;

19) электр қондырғыларын орнату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

20) энергиямен жабдықтаудың авариялық және технологиялық броны актісін жасау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді;

21) электр энергиясын пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

22) жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекітеді;

23) жүйелік оператордың қызмет көрсетуі, жүйелік және қосалқы қызметтер нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

24) электр энергиясын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын сатып алынатын мүліктер (активтер) тізбесінет енгізу туралы шешім қабылдайды;

25) электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26) электр желілік қағидаларды бекітеді;

27) тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

28) тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

29) энергетикалық кәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді және б е к і т е д і ;

30) шаң тәріздес отынды дайындау және жағу үшін отын берудің жарылыс қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

31) аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

32) біртұтас электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын әзірлейді және б е к і т е д і ;

33) техникалық жаратқандырудан кейін электр станцияларының, электр және жылу

- желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 34) энергетикадағы жұмыс орындарын аттестаттау, ұтымды ету, есепке алу және жоспарлау туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 35) жылу энергиясын жіберуді және жылу жеткізгішін есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 36) электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 37) жылу электр станцияларының электр қуатын шектеуді және оларды қысқарту жөніндегі іс-шараларды келісу тәртібі туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 38) Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 39) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 40) электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 41) сарапшы ұйымдарды және дайындаушы зауыттарды тарта отырып, электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдықтарының, ғимараттары мен құрылыстарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдықтарының техникалық жай-күйіне мерзімді тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 42) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 43) электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 44) жүйелік операторды айқындайды;
- 45) мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік куәлігінің, нөмірлік мөртабанның және пломбирдің үлгісін белгілейді;
- 46) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортының нысанын, оны алу тәртібін және мерзімін бекітеді;
- 47) энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын бекітеді;
- 48) өз құзыреті шегінде электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну,

сондай-ақ электр қуатының әзірлігін ұстап тұру және электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

49) энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың технологиялық мұқтаждықтарына электр және жылу энергиясын жұмсау нормаларын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

50) жабдықтарды жобалау, салу, олардың пайдаланылу және техникалық-экономикалық сипаттамалары саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

51) энергия өндіруші ұйымдар тобын қалыптастырады;

52) энергия өндіруші ұйымдардың осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 2), 4) - 8) тармақшаларында, 13-бабы 3-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

53) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

54) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы нарығының операторын айқындайды;

55) мемлекеттік техникалық инспекторлар актілерінің нысандарын бекітеді;

56) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесімен электр байланысы жоқ аймақтар үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы жұмыс істеуінің және оны ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындайды;

57) мемлекеттік техникалық инспекторға қызметтік куәлік, нөмірлік мөртабан және пломбир беру тәртібін бекітеді;

58) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

59) келісімдерде көзделген инвестициялық міндеттемелерді және инвестициялық шарттарда көзделген инвестициялық бағдарламаларды энергия өндіруші ұйымдардың орындауына мониторинг жүргізеді;

60) энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды және электр зертханаларын аккредиттеу әдістемесін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

61) энергетика ұйымдарының басшылары мен мамандарын аттестаттаудан өткізу әдістемесін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

62) инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуге арналған техникалық тапсырманы әзірлейді;

63) энергия өндіруші ұйымдармен келісімдер және инвестициялық шарттар

ж а с а с а д ы ;

64) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, энергия өндіруші ұйымдардан инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат сұратады және алады;

65) электр қуатын орналастырудың перспективалық схемасын әзірлейді және б е к і т е д і ;

66) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер ө т к і з е д і ;

67) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған тендердің қорытындылары бойынша осы тендердің жеңімпазымен шарт ж а с а с а д ы ;

68) жүйелік операторға тендер негізінде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасу үшін жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған тендердің жеңімпазын, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағасын, көлемін және мерзімдерін айқындайды;

69) электр энергиясының және қуатының болжамды теңгерімдерін бекітеді;

70) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортының нысанын, оны алу тәртібін және мерзімін бекітеді;

71) электр энергетикасы саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады ;

72) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 5-1-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

4) 6 - б а п т а :

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Электр энергетикасы саласындағы бақылауды мемлекеттік энергетикалық бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Жергілікті атқарушы органдар мыналарды:

1) тұтынушылардың электр мен жылу пайдалану құрылғыларының пайдаланылуы мен олардың техникалық жай-күйін;

2) жылу желілерін дайындауды және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруды және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады;
» ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Электр энергетикасы объектісінің басшысына анықталған бұзушылықтарды жою үшін орындау мерзімі мен орындалуына жауапты тұлғалар көрсетілген белгіленген үлгідегі нұсқама беріледі немесе акт жасалады, оның негізінде объект басшылығы анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, ол мемлекеттік энергетикалық бақылау және қадағалау жөніндегі жергілікті атқарушы органға табыс етіледі.»;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) жылу желілеріндегі (магистральдық, орамшілік) технологиялық бұзушылықтарды тексерулерді жүргізеді;

2) жылу желілерін жоспарлы жөндеуді келіседі (магистральдық, орамшілік);

3) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің (магистральдық, орамшілік) күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығының паспорттарын береді;

4) қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалауды және салуды келіседі;

5) 110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды береді.».

5) 12-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1. Шекті, есептік және жеке тарифтер уәкілетті орган белгілеген тәртіппен а й қ ы н д а л а д ы . » ;

6) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Имитациялық режимдегі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.»;

7)16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығына қол жеткізу тәртібін уәкілетті о р г а н а й қ ы н д а й д ы . » ;

8) 18-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өңірлік электр желілері бойынша электр энергиясын беру энергиямен жабдықтаушы ұйым немесе тұтынушы өңірлік электр желісі компаниясымен уәкілетті орган белгілеген үлгі нысан бойынша жасасатын электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.»;

9) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау тәртібі мен талаптарын уәкілетті орган бекітеді.»;

10) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзет аймақтарында жұмыс жүргізу ережелерін уәкілетті орган бекітеді.».

78. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; 2014 ж. № 14, 75-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 1-баптың 69-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«69) рекреациалық балық аулау аймағы – әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган белгіленген тәртіппен айқындайтын балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің және оған іргелес жағалау б е л д е у і н і н ғ у ч а с к е с і ; » ;

2) 8 және 9-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасы Үкіметі:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асырылуын қамтамасыз е т е д і ;

2) жануарлар дүниесін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге а с ы р а д ы ;

3) уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі қызметіне басшылық ж а с а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

4) уәкілетті органды айқындайды;

5) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция бойынша міндеттемелерді орындау үшін әкімшілік органды және ғылыми ұйымдарды айқындайды;

6) тірі күйінде бекіре тұқымдас балықтарды, олардың ұрықтандырылған уылдырығын (будандастырылған түрлерін қоспағанда) Қазақстан Республикасынан тысқары шығару туралы шешім қабылдайды;

7) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін және дериваттарын алып қою туралы шешім қабылдайды;

8) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекітеді және оларды басқа санатқа ауыстырады;

9) еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда өсетін жануарлардың сирек

кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін және дериваттарын халықаралық саудалауға шектеулер енгізеді;

10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

11) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидасын бекітеді;

12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды о р ы н д а й д ы .

9-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті

1 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге а с ы р а д ы ;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды толтыру мен берудің тәртібін әзірлейді және бекітеді;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын әзірлейді және бекітеді;

7) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін айқындаудың, сондай-ақ балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген зиянның, оның ішінде шаруашылық қызметі нәтижесінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

8) аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру тәртібін

әзірлейді және бекітеді;

9) жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерін әкелуге және әкетуге рұқсаттар береді;

10) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

11) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың тәртібін әзірлейді және бекітеді;

12) балық аулауға және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттардың үлгі нысанын әзірлейді және белгілейді;

13) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгі нысанын әзірлейді және бекітеді;

14) жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

15) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызуды қоспағанда, осы Заңның 3-бабы 1-тармақшасының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерінің тізбелерін айқындайды және оларды бір санаттан екіншісіне ауыстырады;

16) қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

17) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

18) халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімдерін әзірлейді және бекітеді;

19) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

20) су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді және оларды орнатуды келіседі;

21) уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының тәртібін әзірлейді және бекітеді;

22) сыртқы нарықта сату үшін бекіре тұқымдас балықтар түрлерінің уылдырығы маркасының нысанын әзірлейді және бекітеді және оны ішкі нарықта сату маркасын беруді жүзеге асырады;

23) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды жүзеге асырады;

24) екі және одан да көп облыстарда орналасқан балық шаруашылығы су айдындарындағы, сондай-ақ сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түріне ғылыми-зерттеу аулаулары мақсатында жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат б е р е д і ;

25) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын анықтау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

26) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

27) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

28) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;

29) аншлагтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын әзірлейді және б е к і т е д і ;

30) балықтардың сөзсіз қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті болдырмау мүмкін болмаған жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

31) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

32) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді»;

33) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру қағидасын әзірлейді және б е к і т е д і ;

34) қорықшының төс белгісінің және айыру белгісі бар арнайы киімінің нысанын ә з і р л е й д і және б е к і т е д і ;

35) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағиданы әзірлейді және бекітеді;

36) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағиданы әзірлейді және бекітеді;

- 37) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;
- 38) аңшылық минимумды әзірлейді және бекітеді;
- 39) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығының аңшылық минимумды жүргізу қағидасын әзірлейді;
- 40) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін аккредиттеу ережесін әзірлейді, оларды аккредиттеуді жүргізеді;
- 41) аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын белгілейді;
- 42) Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу қағидасын әзірлейді және бекітеді;
- 43) су қоймаларын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу қағидасын әзірлейді және бекітеді;
- 44) халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 45) су қоймаларын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу қағидасын әзірлейді және бекітеді;
- 46) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерлерін әзірлейді және бекітеді;
- 47) мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның табиғи мекендеу ортасынан алынған бекіре тұқымдас балықтарды, олардың уылдырығын өткізу қағидасын әзірлейді және бекітеді;
- 48) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 49) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидасын әзірлейді және бекітеді;
- 50) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының, ондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айыру белгілері бар (погондарсыз) нысандық киімді киюге құқығы бар қызметкерлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 51) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы

құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидасын әзірлейді;

52) құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді;

53) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын әзірлейді және бекітеді;

54) уәкілетті органның ұсынымы бойынша сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлардың түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау мен будандастыру туралы шешім қабылдайды;

55) жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиттерін әзірлейді және бекітеді;

56) жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

57) аң аулау, балық аулау ережелерін әзірлейді және бекітеді;

58) аңшылық шаруашылығын жүргізу ережелерін және балық шаруашылығын жүргізу ережелерін әзірлейді және бекітеді;

59) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

61) жануарлардың санын реттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

62) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу енгізу туралы шешім қабылдайды, тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс биологиялық негіздеменің негізінде оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілейді;

63) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидасын әзірлейді және бекітеді;

64) зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

65) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

66) аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

67) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

68) дериваттар тізбесін әзірлейді және бекітеді;

69) жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

70) аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

71) жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

72) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

73) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше құнды объектілерге жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

74) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қордағы балық ресурстарын жүргізуді және мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

75) жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау, будандастыруға рұқсат береді;

76) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

77) бір немесе бірнеше облыстар аумағында орналасқан халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарының балық шаруашылығы учаскелерін бекіту бойынша конкурс өткізеді;

78) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аумақтық бөлімшелер өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге мемлекеттік органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.»;

3) 10-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5-2), 5-3), 5-4), 5-5), 5-6), 5-7), 5-8), 5-9) және 5-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-2) аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекіту бойынша конкурс өткізеді;

5-3) бір облыс аумағында орналасқан халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекіту бойынша конкурс өткізеді;

5-4) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ жасанды түрде өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

5-5) аңшылық алқаптарының резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

5-6) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

5-7) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттандыруды жүргізеді;

5-8) рекреациялық балық аулау аймағын белгілейді;

5-9) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілейді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашып, жабады;

5-10) екі және одан да көп облыстарда орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат береді;»

;

4) 11-1-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бекіре тұқымдас балықтарды жасанды түрде өсіру мақсатында өсімді молайту кешені мемлекеттік кәсіпорындарының, сондай-ақ ғылыми-зерттеу үшін аулау кезінде заңды тұлғалардың оларды табиғи мекендеу ортасынан алып қоюы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік монополия субъектісі өткізетін өнімнің бағасын монополияға қарсы органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекітеді.»;

5) 18-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше құндыларға жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидасын уәкілетті орган биологиялық сан алуандық негізінде бекітеді.»;

6) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау мен будандастыруға, оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысына сәйкес уәкілетті органның шешімі бойынша жол беріледі.»;

7) 22-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жануарлар дүниесін ғылыми-зерттеу мақсаттарда пайдалану жылдың кез-келген уақытында және уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган жануарлар дүниесін пайдалануға берген рұқсаттар негізінде рұқсат етілген аң аулау құралдарымен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми-зерттеулер үшін алып қою квотасын аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары, сондай-ақ балықшылар және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері бекіткен жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті шегіндегі ғылыми-зерттеулер бағдарламаларына сәйкес белгіленеді.»;

1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті олардың өткен жылдағы санының есеп материалдары, жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның мониторингі, ғылыми зерттеулер негізінде дайындалған биологиялық негіздемеге сәйкес белгіленеді және оны мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда уәкілетті орган бекітеді.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квотасы – уәкілетті орган аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілері үшін аңшылар мен аңшылық шаруашылығының субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығының субъектілері қоғамдық бірлестіктерін қатыстыра отырып белгілеген жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимитінің бөлігі.

Балықтың жаппай қырылуына қарсы іс-шара ретінде жүзеге асырылатын мелиорациялық аулау жолымен алып қойылған балықтың көлемі, балық аулаудың жалпы лимитіне кірмейді.»;

1 0) 3 3 - 1 - б а п т а :

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тіркеуге жатады. Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін тіркеуді уәкілетті орган олардың берген өтініштері мен олардың жеке қаражаты есебінен жүргізеді.»;

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) балық ресурстарын және өзге де су жануарларды қоспағанда жануарлар әлемін алып қою квоталарын бөледі;»;

4-тармақтың 5) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) балық ресурстарын және өзге де су жануарларын алып қою квоталарын бөледі;»;

;

1 1) 3 4 - б а п т а :

2-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті атқарушы орган белгілеген рекреациялық балық аулау аймақтарында кәсіпшілік балық аулауға жол берілмейді.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Балық аулауды жүзеге асыру тәртібі уәкілетті орган бекіткен балық аулау ережелерінде айқындалады.»;

12) 35-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жергілікті атқарушы органмен балық аулауға жасасқан шарты болған кезде беріледі.» ;

13) 37-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Аңшылық шаруашылығын, сондай-ақ су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіп беріле отырып, балық шаруашылығын жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы шешімінің, жергілікті атқарушы орган мен жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасалатын аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу шартының негізінде беріледі .

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп берусіз балық шаруашылығын жүргізуді Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер , азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және шетелдік заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады . » ;

1 4) 3 9 - б а п т а :

4-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз өзендерде жаңа балық шаруашылығы учаскелерін, ұйықтар (ұйықтық учаскелер) ашуға, салдар мен қалқы малар орнатуға ;» ;

5 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын, тиісті ғылыми ұйымдар берген биологиялық негіздеменің негізінде уәкілетті орган белгілейтін мерзімде және орындарда қысқы кезеңде балықтардың қыстайтын шұңқырларында, уылдырық шашу кезінде уылдырық шашатын жерлерде және өзге де учаскелерде;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын, тиісті ғылыми ұйымдар берген биологиялық негіздеменің негізінде уәкілетті орган белгілейтін орындарда және мерзімде балық ресурстарының және басқа да су жануарларының көбею кезеңінде олардың шоғырлану орындары мен өрістеу жолдарында;»;

1 5) 4 0 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Конкурсты конкурс өткізу ережелеріне сәйкес құрылған, құрамына уәкілетті органның, облыстың жергілікті атқарушы органының, ғылыми ұйымдардың және аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері енгізілетін комиссия

өткізеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда конкурсты уәкілетті орган құратын комиссия өткізеді.»;

төртінші, бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі немесе уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелерінде толығымен орналасқан аңшылық алқаптар, сондай-ақ жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері олар белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда олардың өтінімі бойынша облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен конкурс өткізілмей-ақ соларға бекітіп беріледі.

Бекітіп беру мерзімі өткен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері біліктілік талаптарына сәйкес келген, шарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда олар бұрын бекітіп берілген адамдардың өтінімі бойынша конкурс өткізілмей-ақ, екі және одан да көп облыстар аумағында орналасқан са айдындарының балық шаруашылығы учаскелерін қоспағанда уәкілетті органның ұсынуы бойынша қайта бекітіп беріледі.

Жергілікті маңызы бар, қырылу қаупі бар су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіп берілген адамдар қабылдаған шаралардың нәтижесінде байланысты қырылу қаупі белгілерін жоғалтса, олар біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда бекітіп берілу мерзімі өткен соң олардың өтінімі бойынша конкурс өткізілмей-ақ бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге қайта бекітіп беріледі.»;

16) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«46-бап. Жануарлар түрлерінің санын реттеудің тәртібі

Жануарлар түрлерінің санын реттеудің тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

17) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«51-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Ведомстволардың басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

2. Ведомстволар басшыларының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

3. Ведомствоның аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

4. Аумақтық бөлімше басшысының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын

орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

5. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын ведомстволардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары - лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал ведомстволардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын мамандары - Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

6. Ведомстволардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын аумақтық бөлімшелерінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары - лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын мамандары - тиісті облыстың Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары
б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

16) 52-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) объектілерге жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылау мақсатында баруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметі туралы а қ п а р а т а л у ғ а ; » ;

17) 55-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметі уәкілетті орган бекіткен Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережемен айқындалады.».

79. «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат):
1) 6 - б а п т а :

6), 7), 8), 8-1), 10), 10-1), 11), 14), 14-1) тармақшалар алып тасталсын;
2) 7-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) және 22) тармақшалармен толықтырылсын:

«15) техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу қағидасын бекіту;

16) өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесі үшін
консультациялық-кеңесші органдар құру;

17) техникалық регламенттерді бекіту;

18) әзірленген техникалық регламенттерге сараптаманы, келісуді жүзеге асыру, техникалық регламенттердің әрекет етуін уақытша тоқтатуды немесе жоюды келісу, соның ішінде салалық мемлекеттік органдардың техникалық регламенттердің әрекетін уақытша тоқтату немесе жою мәселелеріне бастамашылық ету;

19) техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және күшін жою тәртібін белгілеу;

20) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындау;

21) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекіту;

22) тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі ережені және тауардың шығарылуы туралы сертификатты беру ережесін бекіту;

23) өнімді таңбалау тәртібін белгілеуі;

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 6-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) техникалық регламенттерді бекіту, күшін жою, уақытша тоқтат, сондай-ақ уәкілетті органның келісімі бойынша өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерге өзгерістер енгізу;»;

«6-1) техникалық регламенттерді іске асыру бойынша іс шаралар жоспарын, соның ішінде Кеден одағынікін әзірлеу және орындау.».

80. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 жыл, № 1-2, 1-құжат; 2007 жыл, № 9, 67-құжат; 2008 жыл, № 6-7, 27-құжат; 2010 жыл, № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 жыл, № 1, 7-құжат; № 5, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 11 102-құжат; 2012 жыл, № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 жыл, № 14, 75-құжат; 2014 жыл, № 7, 37-құжат):

1) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғаныс саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әскери саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді, республиканың қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жөнінде шараларды іске асырады;

2) Қорғаныс министрлігінің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

3) мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті органды айқындайды;

;

4) мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы

бойынша жыл сайын мемлекеттік қорғаныс тапсырысын бекітеді;

5) қорғаныс өнеркәсібінің, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

6) әскери оқу орындарын, жоғары оқу орындарының әскери кафедраларын, әскери факультеттерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде шешімдер қабылдайды;

7) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелерінің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі мен шарттарын айқындайды;

8) Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құралымдарды қару-жарақпен, әскери техникамен және материалдық-техникалық ресурстармен жарақтандыруды және қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

9) мемлекеттің жұмылдыру жоспарын әзірлеуді және орындауды ұйымдастырады, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтерді қалыптастыру, жинақтау және пайдалану тәртібін белгілейді;

10) мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың жұмылдыру даярлығына басшылық жасауды жүзеге асырады;

11) қорғаныс мақсатында Республика аумақтарын жедел жабдықтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Әскери-көліктік міндеттілік туралы ережені бекітеді;

13) әскери қызметке шақырылуға тиісті азаматтардың санаттары мен санын, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылуға тиісті әскери оқытылған мамандардың жыл сайынғы санын айқындайды;

14) әскери оқытылған резервті құруға және даярлауға жалпы басшылықты жүзеге асырады, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекітеді;

15) азаматтық және аумақтық қорғанысты жоспарлауды және оған басшылық жасауды жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жерді, орманды, суды және басқа да табиғи ресурстарды қорғаныс мұқтаждары үшін беру және пайдалану тәртібін белгілейді;

17) пайдаланылмайтын әскери мүлікті тапсыру, өткізу және кәдеге жарату, сондай-ақ қорғаныс объектілерін мүліктік жалға беру (жалгерлікке беру) тәртібін белгілейді;

18) әскери ынтымақтастық және үкіметаралық келісімдерге қол қою мәселелері бойынша халықаралық келіссөздер жүргізу туралы шешімдер қабылдайды;

19) қорғаныс мұқтаждары үшін жеке және заңды тұлғалардан реквизицияланған, сондай-ақ берілген мүліктің құнын мемлекеттің өтеу тәртібін белгілейді;

20) әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару тәртібін белгілейді;

21) қару мен әскери техниканың, стратегиялық материалдардың, озық технологиялар мен қос мақсатта пайдаланылатын өнімдердің экспортын бақылауды ұйымдастырады;

22) меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

23) Конституциямен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Президенттің актілерімен өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қорғаныс министрлігі:

1) қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) Әскери доктринаны, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен дамуының тұжырымдамасын әзірлейді;

3) Қарулы Күштердің түрлерін, әскер тектерінің құрылымын, штат санын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі бекіткен Қарулы Күштер, Қорғаныс министрлігі және Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің, штат санының лимиті шегінде Қорғаныс Министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санын белгілейді;

4) мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің әскери құрамдасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының қызметін ұйымдастырады;

6) Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері мен арнаулы әскерлердің жедел мақсаттары мен міндеттерін, олардың басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимыл жасай отырып қолданылуын айқындайды;

7) қорғаныс саласында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және басқа жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады, олардың сапасын бақылауды ұйымдастырады;

8) Қарулы Күштердегі әскерлерді инспекциялауды және қаржы қаражатының жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады;

9) ведомстволық әскери оқу орындарына қабылдауды, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, әскери даярлықты жүзеге асыратын ведомстволық әскери оқу орындары мен басқа да білім беру ұйымдарының қызметін және оқу-тәрбие жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асырады;

- 10) әскери қызметке шақырылуға дейінгі және шақырылатын жастардың әскери қызметке даярлығын үйлестіреді;
- 11) халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 12) Қарулы Күштерде заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналды әлеуметтік және құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етеді;
- 13) өз құзыреті шегінде қорғаныс және Қарулы Күштер мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады және олардың орындалуын бақылайды;
- 14) өндірістің барлық кезеңдерінде меншік нысанына қарамастан, орындаушы кәсіпорындарда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері орналастыратын мемлекеттік қорғаныс тапсырысының орындалу сапасына бақылауды жүзеге асырады;
- 15) өз құзыреті шегінде аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылайды;
- 16) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде бірыңғай мемлекеттік кадрлар саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 17) пайдаланылмайтын әскери мүлікті тапсыру, өткізу және кәдеге жарату, сондай-ақ қорғаныс объектілерін мүліктік жалдау (жалға беру) тәртібіне сәйкес пайдаланылмайтын әскери мүлікке иелік етеді;
- 18) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қаруландыруға қару-жарақ пен әскери техниканы қабылдау қағидаларын бекітеді;
- 19) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қару-жарағы мен әскери техникасы кадастрын бекітеді;
- 20) әскери мақсаттағы ғарыш техникасы мен технологияларын жасау саласындағы жобалардың іске асырылуын ұйымдастырады;
- 21) Жоғары Жоғары оқу орындарында және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарының жанындағы әскери факультеттерде әскери дайындық қағидаларын бекітеді;
- 22) жабдықтау нормаларын және материалдық запастардың санаттарын бекітеді;
- 23) Әскери міндеттілер мен шақырылатындардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы ережені бекітеді;
- 24) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы Тыйым салынған аймақтар мен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын (бұдан әрі – Тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидалары) бекітеді;
- 25) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери атташе аппараттары

қызметкерлерінің қызметі мен қызмет өткеру жағдайларын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді; мемлекеттің әскери саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді, Республиканың қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асырады;

26) Әскери басқарудың жергілікті орындары туралы ережені бекітеді;

27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

81. «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 3-4, 2-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат) :

24-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін анықтауға куәландырудың, сондай-ақ қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждықты белгілеудің тәртібін уәкілетті орган бекітеді.».

82. «Әскери полиция органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 жыл, № 5, 4-құжат; 2007 жыл, № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 жыл, № 6-7, 27-құжат; 2009 жыл, № 15-16, 73-құжат; 2012 жыл, № 4, 32-құжат; 2014 жыл, № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат) :

12-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің дене күшін және арнайы құралдарды, соның ішінде күрестің жауынгерлік әдістерін, кісендерді, резеңке таяқтарды, үй-жайды ашатын, көлікті мәжбүрлеп тоқтататын құралдарды, қызметтік иттерді, сондай-ақ тізбесін ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс және ішкі істер саласындағы орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын арнайы көлік құралдарын қолдануға мына жағдайларда:».

83. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 7-8, 18-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 21-22, 115-құжат) :

1) 6-баптың 3), 4-1) тармақшалары алып тасталсын;

2) 7-баптың 1-тармағында:

6-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«мүгедектікті куәландыру, оның себептерін, тобын және еңбек қабілетінен айырылу

дәрежесін белгілеу, мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларын анықтау қағидаларын әзірлейді;».

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:
«9-1) жеке оңалту бағдарламасына сәйкес мынадай қызметтер көрсету: жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектер үшін жеке көмекші беру: есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманын жылына отыз сағат мерзімге беру тәртібін бекітеді;»;

3) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Медициналық-әлеуметтік сараптама Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген тәртіппен, куәландырылатын адамның клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіби және психологиялық деректерін талдау негізінде организмнің жай-күйін кешенді бағалауға сүйеніп жүзеге асырылады.».

4) 20-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Санаторий-курорттық емдеу мүгедектер мен мүгедек балаларға жеке оңалту бағдарламасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен беріледі.»;

5) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектер протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша және тәртіппен қамтамасыз етіледі.»

84. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 12, 44-құжат; 2007 ж., № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Тізбесін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын құжаттарды қоса бере отырып, жәрдемақы тағайындау туралы өтініш:

1) Орталық бөлімшесіне немесе халыққа қызмет көрсету орталығына – бала туғанда берілетін жәрдемақы, бала күтіміне байланысты жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы;

2) балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау мен төлеу жөніндегі уәкілетті органға немесе халыққа қызмет көрсету орталығына – балаларға арналған жәрдемақы алу құқығы бар отбасылардың тұрғылықты жері бойынша беріледі.»;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар ақпараттық жүйелерде өтініш беруші туралы сұратылып отырған мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде, сұрау салуды жүзеге асырған Орталық бөлімшесі немесе балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау мен төлеу жөніндегі уәкілетті орган не халыққа қызмет көрсету орталығы өтініш берушіні уәкілетті орган айқындайтын

тәртіппен және мерзімдерде ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттігі туралы х а б а р д а р е т е д і . »

2) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Жәрдемақы тағайындау мен төлеуді уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін тәртіппен тиісті уәкілетті орган жүргізеді.»;

3) 9-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Балаларға арналған жәрдемақыны алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін тәртіппен жүргізіледі.».

85. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат ; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-қ ұ ж а т) :

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасы Үкіметінің агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыретіне:

1) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) азық-түлік қауіпсіздігі саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жүргізу тәртібін бекіту;

4) агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында халықаралық ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

5) сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ оларға сыйақы мөлшерін бекіту;

б) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту;

7) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және п а й д а л а н у қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т у ;

8) мамандандырылған ұйымдарды құру және олардың қатысуымен агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың тәртібін айқындау;

9) қарсы күрес жүргізілуі бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдер тізбесін және зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды

10) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын әзірлеу ;

11) кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесін әзірлеу ;

12) нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, баға, техника, кеден, салық, кредит, сақтандыру қызметі мәселелері бойынша, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы техникалық реттеу және мемлекеттік саясат саласында ұсыныстар енгізу ;

13) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін техникалық жарақтандыру және ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу ;

14) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

15) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

16) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

17) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

18) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларын әзірлеу ;

19) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына емтихан қабылдау және куәлік беру қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

20) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекция саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жергілікті атқарушы

органдардың орындауына бақылауды, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекция саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын анықталған бұзушылықтарын жою жөніндегі орындалуы міндетті ұйғарымды беруді жүзеге асыру;

21) топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

22) ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетудің заттай нормаларын әзірлеу және бекіту ;

23) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

24) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу;

25) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің агрохимиялық жай-күйі туралы ақпараттық деректер банкін құру мен жүргізу қағидаларын бекіту;

26) ауылшаруашылық өнімінің және оны қайта өңдеуден алынған өнімдердің табиғи кему, кебу, азаю, бұзылу нормаларын әзірлеу;

27) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру ;

28) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз елу мен кадрлар даярлау саласындағы мемлекеттік саясаты іске асыру;

29) ауылдық елді мекендерге тартылатын агроөнеркәсіптік кешен мамандары лауазымдарының тізбесін әзірлеу;

30) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіру және оларға әдістемелік басшылық жасау;

32) нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтар шығару туралы және мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтар шығаруға қатысушы ұйымдардың тізбесі, шығарылатын материалдық құндылықтардың көлемі мен бағалары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу ;

33) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің тауар қозғалысы жүйесін ұйымдастыру;

34) салалық көтермелеу жүйесін бекіту;

35) «Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу қағидаларын әзірлеу ;

36) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің республикалық көрмелерін, жәрмеңкелерін ұйымдастыру ;

37) субсидияларды алушы міндеттемесінің нысанын бекіту;

38) мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингі мен оны бағалауды жүргізуін ұйымдастыру;

39) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін әзірлеу;

40) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және

пайдалану қағидаларын әзірлеу;

41) ауылдық жерлерде микрокредит беру жүйесін дамыту мониторингін жүзеге асыру ;

42) мыналарды :

тұқым шаруашылығын дамыту бойынша;

мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бойынша;

акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды;

басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын;

тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда);

өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын;

ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерге суды беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын ;

жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын;

ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын ;

отандық ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу үлесін ұлғайтуды;

кредиттер және технологиялық жабдықтың лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін ;

шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын ;

ауылшаруашылық өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды;

ауылшаруашылық техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу ;

43) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) осы Заңның 18-бабының 8-тармағында көзделген әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тәртібін айқындау;»;

3) 11-баптың 2-тармағында :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Агронеркәсіптік кешенді субсидиялау агронеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен осы Заңның 9-бабының 3-

тармағында көзделген ережелерді ескере отырып, мына баыттар бойынша жүзеге асырылады:» ;

2) тармақша алып тасталсын ;

86. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж. № 3, 21-б. № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57,58-құжаттар,; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128-құжат, 129; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74-құжат, 77; № 17, 82-құжат; № 18, 84-86 құжаттар,; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат ; № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 6, 49- құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 14, 75 құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат, 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 27-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын уәкілетті орган бекітеді.»

2) 29-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен жеке кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ өнімдерге, процестеріне талаптарды белгілеу;»

3) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«30-бап. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен өнімдерге, процестерге жеке кәсіпкерліктің процестеріне талаптар белгілейді.

Мемлекет Қазақстан Республикасының заңдарымен өнімдерге, процестерге жеке кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін орындауға міндетті талаптарды белгілейді.»;

4) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жағдайларда белгіленеді.» ;

87. «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 20, 151-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 15-құжаттар; 2013 ж., № 15, 76, 82-құжаттар; № 20, 113-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 13 маусымдағы «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде

жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган – бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;» ;

8) және 20) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) концессиялық жоба – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және осы Заңға сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаттағы концессияны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы. Концессиялық жобалар тізбесі мен критерийлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ерекше маңызы бар концессиялық жобалар санатына жатқызылуы мүмкін;

Концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар концессиялық жобалар санатына жатқызу критерийлерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.
» ;

«20) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган – стратегиялық және экономикалық жоспарлау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;» ;

2) 7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Концессия объектісінің қолжетімділігі үшін төлемақы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады және осы баптың 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген, концессионердің концессия объектісінің техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз етуі ескеріле отырып, концессиялық жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде төлемдердің жалпы сомасының белгілі бір үлестерімен бірыңғай төлемдер түрінде жүргізілетін, бюджет қаражаты есебінен төленетін төлемдерді қамтиды.» ;

3) 8-баптың 2), 3), 4), 4-1), 4-2), 5), 7-1), 7-2) тармақшалары алып тасталсын;

4) 8-бап мынадай мазмұндағы 6-3) тармақшамен толықтырылсын:
«ерекше маңызы бар концессиялық жобалар тізбесін бекітеді;» ;

5) 9-бап мынадай мазмұндағы 7-5), 7-6), 7-7), 7-8), 7-9), 7-10), 7-11) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-5) концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу ережелерін бекітеді;» ;

7-6) концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу қағидаларын бекітеді;» ;

7-7) экономиканың әр түрлі саласында (аясында) концессияның үлгі шарттарын бекітеді;» ;

7-8) концессия шарттарының мониторингін жүргізу, концессиялық жобалардың іске

асырылу мониторингін және оны бағалауды жүргізу қағидаларын бекітеді;»;

7-9) концессиялық жобаларды әлеуметтік маңызды жобалар санатына жатқызу критерийлерін бекітеді;»;

7-10) концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар концессиялық жобалар санатына жатқызу критерийлерін бекітеді;»;

б) 10-бап мынадай мазмұндағы 7-2), 7-3), 7-4), 7-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-2) жасалған концессия шарттарының және берілген мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің тізілімін жүргізу қағидаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді;

7-3) пайдалану шығындарының өтемақысын төлеу қағидаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді;

7-4) концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын беру қағидаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді;

7-5) концессия объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы төлеу қағидаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді;»;

7) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

«10-1-бап. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның өкілеттіктері

1) концессиялық жобаны консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру, концессиялық жобаларды, конкурстық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі мәселелерді республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауы жөніндегі мәселелерді республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару;

3) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

8) 15-1-баптың 5-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-2. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі негізінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге арналған концессиялық ұсыныстар бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды Республикалық бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді.»;

9) 15-2-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының өтінімі және осы баптың 6-тармағында көрсетілген, мемлекеттік концессиялық

міндеттемелерді қабылдау мүмкіндігі туралы ұсынымдарды қамтитын сараптаманың оң қорытындысы негізінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамалары бойынша қорытындылар қалыптастырады және оларды Республикалық бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді.»;

10) 20-баптың 1-тармағының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Концессиялық жобаларды консультациялық қолдау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

11) 20-баптың 1-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган немесе бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.»;

12) 20-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Комиссия концессиялық өтінімі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін жобаларға қойылатын критерийлер негізінде үздік деп танылған конкурсқа қатысушымен концессиялық жобаны және концессия шартының талаптарын нақтылау жөнінде келіссөздер жүргізеді.».

88. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат, № 13, 114-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

7-баптың 4-тармақшасының екінші, алтыншы және оныншы абзацтары алып тасталсын;

8 - б а п т а :

5-1) тармақша алып тасталсын:

б) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: «республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін; республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының шекарасын және оларды қорғау режимінің түрін; осы Заңның 43-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда жергілікті халықтың мұқтаждары үшін рұқсат етілген әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидаларын;»;

16-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

16-5) тармақша алып тасталсын;

16-7) тармақша алып тасталсын;

3) 10-баптың 2-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітеді;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді түзету жобаларын бекітеді;

6) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлейді және бекітеді, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекітеді;»;

4)33-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау мақсатында табиғат қорғау мекемесінің және оның күзет аймағының аумағындағы жеке және заңды тұлғалардың объектілеріне баруға;»;

5) 40-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) уәкілетті орган белгілеген нормадан асып түсетін жасанды жолмен жасалатын шуылға және өзге де дыбыстық әсерлерге;».

89. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 101-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 17, 79-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат № 10, 52-құжат):

1) 3-баптың 3), 4) тармақшалары алып тасталсын;

2) 3-1-бап мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы үлгі шартты бекітеді;

5-2) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;».

90. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3,

25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 6 - б а п т а :

4), 5), 6), 7), 13) және 14) тармақшалар алып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

5) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1), 15-1), 21-1), 23-1), 23-2), 23-3), 23-4), 23-5), 23-6), 23-7)

және 23-8) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебе берудің тәртібі мен шарттарын әзірлейді және бекітеді;»;

«15-1) мәдениет саласындағы мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер көрсету ережелерін айқындайды;»;

«21-1) Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібі мен шарттарын бекітеді;»;

«23-1) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

23-2) мәдениет ұйымдары желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекітеді;

23-3) фильмге прокаттау куәлігін беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

23-4) мәдениет және өнер саласындағы білім ұйымдары қызметінің қағидасын бекітеді;

23-5) мәдениет және өнер саласындағы білім ұйымдарының үлгілік білім беру оқу бағдарламаларын бекітеді және мәдениет және өнер саласындағы білім ұйымдарының оқу бағдарламаларын келісу;

23-6) білім саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша мәдениет және өнер саласындағы білімнің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

23-7) мәдениет және өнер саласының мамандықтары бойынша, сондай-ақ мәдениет және өнер саласындағы кадрлардың біліктіліктерін арттыру және қайта даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

23-8) мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады және өткізеді.»;

8-бап мынадай мазмұндағы 14-3) тармақшамен толықтырылсын:

«14-3) ұлттық-мәдени игілік объектілерінің айрықша режимінің сақталуын қамтамасыз етеді».

91. «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 13- құжат; 2009 ж., № 15-16, 74- құжат; № 18, 84- құжат; 2010 ж., № 5, 23- құжат; № 17-18 111- құжат; 2011 ж., № 1, 2 құжат; № 11, 102- құжат; № 15, 118 құжат; 2012 ж., № 2, 13- құжат; № 8, 64- құжат; № 14, 95- құжат; № 15, 97- құжат; 2013 ж., № 5-6, 30- құжат; № 7, 36- құжат; № 14, 75- құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат):

1) 5 - б а п т а :

7), 10), 12-1), 13), 15) және 19-1) тармақшалар алып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

5) және 30-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;»;

«30-1) бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), 5-3) және 5-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің және депозитарийдің мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережелерін бекіту;

5-2) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту ;

5-3) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесінің ақпараттық жүйелермен ақпарат алмасу қағидаларын бекіту;

5-4) мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін және оларды мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру тәртібін айқындау ; » ;

3) 9-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органның келісімі бойынша уәкілетті орган белгілейді.

92. «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 15-құжат; 2009 ж., № 9-10, 48-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжат; № 11, 61-құжат):

1) 7-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

2) 8-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ойын бизнесін ұйымдастырушының осы Заңның 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сай болуын растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын әзірлейді және бекітеді;» .

93. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламенті Жаршысы,

2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат, № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 11, 61 - құжат) :

1) 20 - бапта :

1 - 1 - тармақта :

1) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

5 - тармақта :

1) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бугалтерлік есептілікті жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;».

«11) кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

22-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) уәкілетті орган бекіткен аккредиттеу ережелеріне сәйкестік.»

94. «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат):

1) 6-баптың 2), 3), 3-1), 4), 6), 7) және 9) тармақшалары алып тасталсын;

2) 7 - бапта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мақта саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ету; » ;

2) тармақша алып тасталсын;

«3) мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидасын әзірлеу және бекіту;»;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

« 5) мыналарға :

мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке ;

сараптамалық ұйымға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

6) мыналарды :

шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін);

шитті мақтаның сапа паспортының нысанын (үлгісін) әзірлеу және бекіту;

7) тармақша алып тасталсын;

17) және 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«17) сақтау және өңдеу шарттарының үлгілік нысандарын әзірлеу және бекіту;

18) мыналардың :

мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапасы туралы паспортты беру қағидаларының; мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының қызметі мен таратылуы қағидаларының; мақта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысуы қағидаларының; мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының кепілдік алуы ережелерінің; мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының міндеттемелерін өтеу ережелерінің; мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларының; мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларының;

шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қағидаларының;

мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, оларды жою және өтеу қағидаларының;

мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларының жобаларын әзірлеу және бекіту;»;

19) және 20) тармақшалар алып тасталсын: мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

«21-1) мақта саласын дамыту мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асыру;»;

2) 8 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мақта нарығының мониторингін жүргізу;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) уәкілетті органға стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды, мақта саласын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) сотқа мақта өңдеу ұйымына уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беру;»;

9) тармақша мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«сарапшы ұйымның мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру ережелерін сақтауына;»;

14) тармақша мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, оларды жою және өтеу»

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын бекіту;»;

3) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде жүзеге асырады және ол Қазақстан Республикасы заңнамасының мақтаның қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.»;

5) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мақта нарығына қатысушылардың мүдделерін қорғау мақсатында аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтарының) шитті мақтаның сапасына сараптама жасау және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру тәртібін сақтауы жөніндегі қызметін бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп жүзеге асырады.»;

6) 11-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мақта талшығының сапасына сараптама жасауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған сарапшы ұйым осы Заңның 7-бабының 5) тармақшасында бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.»;

7) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Есеп құжаттарының тізбесі мен нысандарын, мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету, мақта нарығының мониторингін жүргізу жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды сақтау мәселелері бойынша есеп беру мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.»;

8) 20-баптың 7 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мақта өңдеу ұйымы облыстың жергілікті атқарушы органына мақта қолхаттарына қол қоюға уәкілеттік берілген жеке тұлғалардың тектері, аттары, әкелерінің аттары (олар бар болған жағдайда) жазылған карточканы, олардың қолтаңбаларының үлгілерін, сондай-ақ мақта қолхатына қойылатын мөр бедерінің үлгісін табыс етуге міндетті.

8. Мақта қолхатындағы қойылған қолдардың, мөр бедерінің, облыстың жергілікті атқарушы органға берілген карточкада көрсетілген қойылған қолдардың үлгілері мен мөр бедеріне сәйкес келмеуі, аталған мақта қолхатын жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.» ;

9) 28-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мақта нарығын реттеу және мақта нарығына қатысушылардың ресми өтініштері (шағымдары) негізінде мақта иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында облыстың жергілікті атқарушы органы дербес және (немесе) тиісті мүдделі мемлекеттік органдарды тарта отырып, сондай-ақ мақта саласындағы мемлекеттік инспектор мақта

өңдеу ұйымдарының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың сақталу нысанасына инспекциялауды (тексеруді) жүргізеді.»;

10) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«30-бап. Мақта өңдеу ұйымдарына ықпал ету шаралары

Тексеру нәтижелері бойынша мақта өңдеу ұйымының қызметінде бұзушылықтар анықталған жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы мақта өңдеу ұйымына мынадай ықпал ету шараларын қолдануға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуға міндетті жазбаша нұсқамалар беру;

2) осы Заңның 32-бабында көзделген негіздер бойынша мақта өңдеу ұйымына уақытша басқаруды енгізу;

3) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыру туралы облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына ұсыныстар енгізу.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жазбаша нұсқамасы жіберілген мақта өңдеуші ұйым оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.»;

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақта өңдеу ұйымының қызметіне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы инспекция (тексеріс) жүргізуі үшін:

1) тексерістер жүргізу кестесі;

2) мақта қолхаттарын ұстаушылардың мақтаны беруден бас тартудың екі және одан да көп фактілері бойынша ресми өтініштері (шағымдары) негіздер болып табылады.»;

11) 33-бап алып тасталсын;

34-баптың 5-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын тоқтату не мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мерзімін ұзарту туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.»;

12) 35-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша әкімшіліктің құрамына өкілдер сайлау үшін мақта қолхаттарын ұстаушылардың жиналысын өткізуді ұйымдастырады. Бұл ретте уақытша әкімшіліктің құрамына сайлануға осы мақта өңдеу ұйымының мақта тазалау зауытында (мақта қабылдау пунктінде) сақтаулы мақтаның ең көп мөлшері бар мақта қолхаттарын ұстаушылардың басым құқығы болады.»;

7-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) мақта қолхаттарына қол қоюға уәкілетті адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (олар бар болған жағдайда) бар карточканы, олардың қолтаңбаларының үлгілерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына табыс етуге;»;

13) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«36-бап. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды тоқтату

1. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша тоқтатылады.

2. Уақытша басқару:

1) мақта өңдеу ұйымы берілген мақта қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігін қалпына келтірген;

2) басқа да мақта қолхаттарын ұстаушылардың талаптарын тиісінше орындауға ықпал ететін жағдайлар болмаған кезде уақытша басқару кезеңінде мақта қолхаттарын ұстаушылардың барлық мәлім етілген талаптарын толық көлемде қанағаттандырған жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Уақытша әкімшіліктің уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау үшін негіздердің болуы туралы актісінің негізінде қабылдайтын уақытша басқару жөніндегі комиссияның ұсынысы соттың уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

3. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды оны енгізуге әкеп соққан себептердің жойылуына байланысты тоқтату (оның ішінде мерзімнен бұрын) осы мақта өңдеу ұйымына қатысты барлық шектеулерді жоюға әкеп соғады.

4. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау қабілеттілігін қалпына келтірмеген жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыру туралы шешім қабылдайды және мақта өңдеу ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сотқа талап-арыз беруге бастама жасайды.»;

37-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ, құрылтай құжаттарында кез келген негізде таратуға уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша таратылуы (ерікті түрде тарату) мүмкін, бұл ретте облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына жазбаша хабарлама жіберіледі;».

95. «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңына (2007 жылғы 8 тамыздағы «Казахстанская правда» газеті № 122 (25367); Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат;

2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15-құжат, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2 - қ ұ ж а т) :

1) 5-тармақта 3-7) тармақшалар алып тасталсын;
2) 6-бап мынадай мазмұндағы 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20) тармақшалармен толықтырылсын :

«14) өнімнің экспорты мен импортын лицензиялаудың ережелерін бекітеді;

15) импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру ережелерін бекітеді;

16) өнімнің транзитіне рұқсат беру ережелерін бекітеді;

17) өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өңдеуге рұқсат беру ережелерін бекітеді ;

18) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың (мәлімдеушілердің) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйесіне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

19) өнімнің кері экспортына рұқсат беру ережелерін бекітеді;

20) өнімнің кері экспортына рұқсат береді.».

96. «Химия өнімінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі № 302 Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 17, 134-құжат; «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 28 шілде N 218-221):

1) 7-баптың 2), 5) тармақшалары алынып тасталсын;

2) 8-баптың 3), 6), 11), 12) тармақшалары алынып тасталсын;

3) 8-баптың 4)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттер әзірлеуді және бекітуді ; » ;

4) мынадай мазмұндағы 8-1, 8-2-баптармен толықтырылсын:

«8-1-бап. Инвестициялар және даму бойынша уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады :

химиялық өнімді тіркеудің және оны есепке алудың тәртібін бекіту.

8-2-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне мыналар жатады:

1) осы Заңда және химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалау ;

2) осы Заңның және химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімді анықтау мақсатында тұтыну нарықтарына мониторинг жүргізуді және оны сатуға жол бермеу жөнінде шаралар талдап жасау ;

3) өтінім беруші (өндіруші, өнім беруші, импорттаушы) ұсынған ақпарат негізінде химиялық өнімнің адам денсаулығы мен өмірі, қоршаған орта үшін қатерін бағалауды тексеру ;

4) осы Заңмен және техникалық регламенттермен белгіленген қауіпсіздік

талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімнің өмірлік циклінің бір немесе бірнеше процестерін тоқтата тұру туралы нұсқама беру.».

97. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 10 шілдедегі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 4 шілдедегі Заңы):

1) 1-баптың 19-1) тармақшасы

«19-1) мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы – бюджеттік бағдарламалар не тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы;»;

2) 4-баптың 1-тармағының 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

«5) стратегиялық маңызы бар өнеркәсіптер үшін шикізат ресурсы болып табылатын , Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін және уәкілетті орган бекіткен тауарлар тізбесі бойынша шетелден сатып алынатын тауарларды сатып алу;

б) мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша тауарларды кейіннен өңдеу мақсатында сатып алуы;»;

3) 5-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер берушіні таңдау, сондай-ақ олармен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу осы Заңда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады .

Тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында ол ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында пайдаланылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемінен аспайтын көлемде уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша

күнделікті немесе апта сайынғы тұтынылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартуға құқылы.»;

4) 7-баптың 5-тармағы 1) тамақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалардың және (немесе) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша орындайды;»;

4) 13-бап мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:
«13-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік сатып алу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;

3) осы Заңда айқындалған отандық әлеуетті өнім берушілер санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындайды;

4) отандық тауар өндірушілер өндіретін және олардан сатып алынатын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін бекітеді;

5) сатып алу және тауар интервенцияларын, сондай-ақ азық-түлік тауарларын сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекітеді;

6) түзету мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін, осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 42) тармақшасына сәйкес олардан тапсырыс берушілер сатып алатын, олар өндіретін тауарлардың, орындайтын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің тізбесі мен көлемін бекітеді;

7) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың айрықша тәртібін айқындайды;

8) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;

9) арнайы қорғау дәрежесі талап етілетін баспа өнімдерін берушілерді айқындайды, сондай-ақ осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес олардан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекітеді;

10) өзіне Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

6) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) осы Заңда көзделген нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды ;

2) мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдер жасауды және жүргізуді жүзеге асырады ;

3) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасында көзделген, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталымен интеграцияланған дерекқорына енгізілген отандық тауар өндірушілерден сатып алу туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау тәртібін айқындайды ;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану тәртібін айқындайды;

5) мемлекеттік сатып алу веб-порталы жұмысының техникалық іркілістер туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеу тәртібін айқындайды ;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасауды ;

қажет болған жағдайда мемлекеттік сатып алу субъектілері ұсынған есептілік деректерінің, материалдар мен ақпараттың дұрыстығын тексереді.

7) үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді ;

8) осы Заңның нормаларын қолдану үшін қажетті қор биржаларының тізбесін бекітеді, сондай-ақ осы Заңның 8-бабының 6-тармағында көзделген құжаттардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді;

9) мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар оларды кейіннен өңдеу мақсатында сатып алатын тауарлардың тізбесін бекітеді ;

10) стратегиялық маңызы бар өндірістер үшін шикізат ресурсы болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағына және шетелден сатып алынатын тауарлардың тізбесін бекітеді ;

11) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын, тауарларды мемлекеттік сатып алудың үлгілік шартын, жұмыстарды мемлекеттік сатып алудың үлгілік шартын және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың үлгілік шартын бекітеді ;

12) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың айрықша тәртібін айқындайды ;

13) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың арнайы тәртібіне қойылатын үлгілік талаптарды белгілейді;

14) мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оны жүргізудің тәртібін айқындайды;

15) электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын айқындайды;

16) мемлекеттік сатып алу саласында мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың тәртібін айқындайды;

17) электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындайды;

18) аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;

19) конкурстың не аукционның қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге тапсырыс берушілер бір көзден сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы тұтынылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесін бекітеді;

20) Сол бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар мен қызметтердің тізбесін бекітеді;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Уәкілетті орган:

1) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілерінен қажетті ақпаратты және материалдарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде айқындалған тәртіппен сұратуға және алуға;

2) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын сараптамалар және консультациялар жүргізуге тартуға құқылы.»;

7) 32-баптың 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) егер осындай мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі тұтынысын қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылған жағдайда, конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күнделікті және (немесе) апта сайынғы тұтынысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса»;

8) 32-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша,

құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер аукционның нысанасы болып табылады.

Тауарды (жұмысты, қызметті) беретін (орындайтын, көрсететін) бірнеше орын болған жағдайда, аукцион тәсілімен өткізілетін лотта тауарды (жұмысты, қызметті) беретін (орындайтын, көрсететін) бірнеше орынды көрсетуге жол беріледі.»;

9) 41-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Конкурстық тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

10) 42-баптың 3-тармағының бірінші абзацы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«3. Арнайы тәртіпті осы баптың 1-тармағында аталған тапсырыс берушілерді б а с қ а р у о р г а н д а р ы :

қойылатын талаптарды қамтитын уәкілетті орган белгілеген арнайы тәртіпке қойылатын үлгілік талаптарға сәйкес бекітеді.»

11) 44-бап мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

«44-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимді қолдану

1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шет мемлекеттерден шығарылатын тауарларға, тиісінше шетелдік әлеуетті өнім берушілер орындайтын, көрсететін жұмыстарға, қызметтерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда және шарттарда Қазақстанда шығарылған тауарлармен, тиісінше қазақстандық әлеуетті өнім берушілер орындайтын, көрсететін жұмыстармен, қызметтермен тең шарттарда ұлттық режим қолданылады.

2. Елдің конституциялық құрылысының негіздерін қорғау, құқықтық тәртібін, ұлттық қауіпсіздігін және қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғау, ұлттық экономиканы дамыту, отандық тауар өндірушілерді, отандық жұмыс, көрсетілетін қызмет берушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде шет мемлекеттерден шығарылатын тауарларға, тиісінше шетелдік әлеуетті өнім берушілер орындайтын, көрсететін жұмыстарға, қызметтерге берілетін рұқсатқа тыйым салуды және аталған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге берілетін рұқсатқа шектеу белгілеуге құқылы.

Көрсетілген тауарларды шығарған елді айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті орган осы баптың 2-тармағына сәйкес оларға қатысты тыйым салу, шектеу белгілеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде шет мемлекеттерден шығарылатын тауарларға, тиісінше шетелдік әлеуетті өнім берушілер орындайтын, көрсететін жұмыстарға, қызметтерге рұқсат беру шарттарын

б е л г і л е у г е

қ ұ қ ы л ы . » ;

12) 44-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар тізбесін және оларды сатып алу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Тауарларды өндіретін, және (немесе) жеткізетін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін уәкілетті орган айқындайды.».

97. «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат, № 7 (2656), 37-құжат) :

4-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган;».

98. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат) :

1) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік органдардың құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасуы жөніндегі өзара іс-қимылының тәртібін уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы . »

2) 18-баптың 2 және 5 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен оның филиалдары жүзеге асырады.»;

«5. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын уәкілетті орган б е л г і л е й д і . »

3) 57-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасында жүйелі тіркеуді жүргізу мерзімдерін және тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»

99. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 138-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат, 2013 ж., № 9, 51-құжат):

1) 5 - б а п т а :

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

5-тармақтың 1) тармақшасымен толықтырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның қ ұ з ы р е т і н е :

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген құзыреті шегінде ойыншықтардың техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін бақылау жатады.».

100. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжат; № 3, 21-құжат), № 10, 52-құжат):

1) 4-баптың 6), 9), 14), 17), 22), 25), 26), 27), 28), 29) тармақшалары алып тасталсын;

2) 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 6-2), 6-3), 8-1), 8-2), 8-3), 8-4) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«6-2) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу тәртібін айқындайды ;

6-3) мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру тәртібін анықтайды;

8-1) білім беру мониторингін жүзеге асырудың тәртібін белгілейді;

8-2) «Алтын белгі» белгісі туралы ережені бекітеді;

8-3) «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекітеді;

8-4) «Орта білімді ең жақсы ұйымдастыру» грантын беруге оны беру тәртібі мен мөлшерін белгілей отырып, конкурс өткізу қағидасын бекітеді

6-1), 7-1), 19), 17), 25) және 36) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

6-1) медициналық, фармацевтік және әскери білім берудің, мәдениет, өнер және спорттың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын келіседі;

7-1) балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар

өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын келіседі;

16) білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар берудің тәртібін әзірлейді және бекітеді;

25) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және жүргізуді үйлестіреді, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың және жүзеге асырудың ережелерін, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекітеді және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын әзірлейді;

36) жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін лауазымдарға конкурстық тағайындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді; »;

мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

«24-1 білім беру жинақтау қоры туралы үлгілік шарттың нысанын әзірлейді және бекітеді; »

45-1) және 45-3) тармақшалар алып тасталсын;

3) 8-баптың 4-1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Орта білім беру ұйымдарындағы оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді ».

4) 6 - бапта :

2 - тармақта :

16) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 24-6) және 24-7) тармақшалармен толықтырылсын:

«24-6) орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;»;

24-7) біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;»;

4-тармақша мынадай мазмұндағы 21-4) тармақшамен толықтырылсын:

«21-4) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді; » .

101. «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 11, 80-құжат; № 21-22, 115-құжат, 2014 ж., № 1, 4 - құжат) :

1) 2-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) мәмілелер мониторингі бойынша есептілік – трансферттік бағаларды қолдана отырып есепті кезең ішінде жасалған мәмілені қоса алғанда, уәкілетті орган бекітетін тәртіп пен нысанға сәйкес мәмілеге қатысушы жыл сайын салық қызметі органдарына ұсынатын мәмілелер бойынша деректер;»;

2) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша халықаралық іскерлік операциялар мәмілелер мониторингіне жатады, олардың тізбесін уәкілетті орган б е к і т е д і . » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру ережелерін уәкілетті орган бекітеді және оларда мәмілеге қатысушының мәмілелер мониторингі бойынша бекітілген есептілік нысандарын толтыру және оларды уәкілетті органдарға ұсыну тәртібі, сондай-ақ мәмілелер мониторингі бойынша құжаттама жүргізу тәртібі қамтылады.»

102. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 101-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжат; № 6, 43-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 94-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 21-22, 115; 2014 ж., № 7, 37-құжат, № 11, 63-құжат):

1) 12-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) сатып алушылар бөлінісіндегі ұлттық экономика саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік материалдық резерв саласындағы құрылымдық бөлімшесі жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжаттары;».

2) 49-баптың 1)-тармақшасында:

Он жетінші және он сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«тауарды қайта өңдеу инвестиция және даму саласындағы белгілеген жеткілікті өңдеу өлшемдеріне сәйкес келген;

тауар салық саясаты жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тізбеге енгізілген;»;

қырық бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті орган бекіткен нысандағы өтініш;»;

алпыс алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Аталған тауарлар тізбесін және оны түзудің тәртібін салық саясаты саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

алпыс сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Аталған тауарлар тізбесін және оны түзудің тәртібін салық саясаты саласындағы

уәкілетті орган белгілейді.»;
жетпіс екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Міндеттеме уәкілетті орган бекіткен нысанда үш дана етіп толтырылады.»;
5) 4 9 - 1 - б а п т а :

1) тармақшаның жетпіс төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Міндеттеме уәкілетті орган бекіткен нысанда үш дана етіп толтырылады.»;
екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Аталған тауарлар тізбесін және оны түзудің тәртібін салық саясаты саласындағы
уәкілетті орган белгілейді.»;

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Міндеттеме уәкілетті орган бекіткен нысанда екі дана етіп толтырылады.»;
Он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің
аумағынан импортталатын, осы бапта көрсетілген тауарлар бойынша есепке жатқызу
әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолдану тәртібін уәкілетті белгілейді.»;

103. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж.,
№ 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-
құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; №
15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 жылғы
15 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде
жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік
органдардың құзыретін заңнамалық және (немесе) заңға тәуелді деңгейде бекіту
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 13
қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1-1. Монополияға қарсы орган бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті
шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.
» ;

2) 6-баптың 11) тармақшасы алып тасталсын;
3) 1 4 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Нарық субъектісіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес
белгілеген тауар бағасы монополиялық жоғары баға болып танылмайды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Егер, тауардың бағасы осы баптың 4-тармағында аталған критерийлердің
біреуіне де сәйкес келмесе, ол монополиялық төмен баға болып танылмайды. Реттеуші
органның нарық субъектісіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне
сәйкес белгілеген тауар бағасы монополиялық төмен баға болып танылмайды.»;

5) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-тарау. Монополияға қарсы орган»;

6) 39 - бапта :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) бәсекелестікті қорғау және монополия қызметін шектеу саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) нарық субъектілерін тізілімге енгізу және одан алып тастау қағидаларын әзірлейді және бекітеді».

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) тауарлардың өзара алмастырылуының, оларды сатып алуға қолжетімділіктің критерийлерін, сондай-ақ тауар нарығының шекараларын айқындай отырып, тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне талдау және бағалау жүргізу әдістемелерін, қаржылық ұйымдарға қатысты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша бекітеді»;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) монополиялық жоғары (төмен) және монополициялық төмен бағаларды айқындау жөніндегі әдістемені бекітеді»;

23) тармақша алып тасталсын;

7) 40 - бап алып тасталсын;

8) 40 - 1 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тізілімді бекіту және оған өзгерістер енгізу монополияға қарсы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Монополияға қарсы орган нарық субъектілерін тізілімге енгізу (одан алып тастау) туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісіне монополияға қарсы орган нарық субъектілерін тізілімге енгізу (одан алып тастау) туралы шешімді қабылдаған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тізілімнен үзінді көшірмені жібереді.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Нарық субъектілерін тізілімге енгізу және одан алып тастау монополияға қарсы орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.»;

9) 41 - бап алып тасталсын;

10) 42-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін атқарған, оның ішінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы өтініштерді қараған, монополияға қарсы заңнаманың бұзылуы туралы істі тергеген, экономикалық шоғырлануға бақылауды жүзеге асырған және бәсекелестік

деңгейінің жай-күйін айқындаған кезде өздеріне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес қызметтік куәліктерін және монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының сақталуына тергеу жүргізу туралы шешімін к ө р с е т к е н к е з д е : » ;

11) 43-1-бап алып тасталсын;

12) 7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«7-тарау. Монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен және басқа мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимылы»;

13) 44-бап алып тасталсын;

14) 47-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«9. Тауарлардың өзара алмастырылуының және оларды сатып алуға қолжетімділіктің, тауар нарығы шекараларының, оны талдаудың және бәсекелес ортаның жай-күйін бағалаудың критерийлерін айқындау әдістемесін тауардың ерекшелігін және Қазақстан Республикасы экономикасының тиісті саласын реттейтін заңнамасын ескере отырып, мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша, ал қаржылық ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша монополияға қарсы о р г а н б е к і т е д і . » ;

15) 79-бап алып тасталсын.

104. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-қ ұ ж а т) :

1) 6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2.Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау,білім беру саласындағы уәкілетті органдармен бірлесе отырып айқындайды.

Жасалған әрекеттерге қатысты қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің бар-жоғына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, адам саудасына, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасына, оларды пайдаланудың өзге де түрлеріне байланысты әрекеттер, сондай-ақ адам ұрлау әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау нысандары болып табылады. »

2) 7-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

3) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады ;

1-1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлейді;

2) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша әлеуметтік қызметкерлерді аттестаттау тәртібін әзірлейді;

2-1) әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді ;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау тәртібін әзірлейді және білім беру саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша бекітеді ;

4) мыналарды :

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мониторинг жүргізуді;

халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуді;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз етеді;

5) мыналарды :

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуын бақылауды ;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді;

жеке және заңды тұлғалармен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен және басқа да мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады.»;

3) 9 - бап алып тасталсын ;

4) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім беру саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады ;

1-1) білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын әзірлейді ;

2) әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен оларды аттестаттау тәртібін әзірлейді және денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша бекітеді;

3) әлеуметтік қызметкерлер мамандықтарының тізбесін, оларды даярлау мен біліктілігін арттыру стандарттарын бекітеді;

4) мыналарды :

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мониторинг жүргізуді;

халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуді;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы халықаралық

ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз етеді;

5) мыналарды:

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуын бақылауды;

жеке және заңды тұлғалармен, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

б) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

105. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процесуалдық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 3), 4), 5), 6), 6-1), 6-2), 6-3) тармақшалары алып тасталсын;

2) 3-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) шығаратын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органның келісімі бойынша уәкілетті орган белгілейді.»;

3) 4 - бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) 2-2), 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) биржа саудасының үлгілік қағидаларын бекітеді;

2-2) тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекітеді, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

7-1) тауар биржасында халықаралық биржа сауда-саттықтарын дамыту үшін жағдайлар жасайды;»;

3-2), 3-3), 3-4), 3-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3-2) тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарды әзірлейді және бекітеді;

3-3) тауар биржалары есептілігінің күнделікті электрондық нысандарын, оларды ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

3-4) кепілді және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын

, олардың мөлшерін әзірлейді және бекітеді;
3-5) тауар биржаларының, биржалық брокерлердің және дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;»;

24-баптың 3-тармағының 4) тармақшасында «атқарушылық іс жүргізу органдары» және «атқарушылық іс жүргізу органының» деген сөздер тиісінше «әділет органдары» және «әділет органының» деген сөздермен ауыстырылсын.

106. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 13-14, 61-құжат; 2011 ж., № 11, 102 -құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат, № 1, 4 - құжат) :

1) 1- баптың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тариф – Уәкілетті органмен бекіткен жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы белгілейтін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығының сатуына арналған тариф;

4) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – жүйелік оператор құратын және Уәкілетті органмен айқындайтын, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне берілген электр энергиясын осы Заңда көзделген тәртіппен орталықтандырылған сатып алуды және сатуды жүзеге асыратын заңды тұлға.»;

2) 5 - б а п т а

3), 4), 5), 6), 7), тармақшалары алып тасталсын;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«Тіркелген тарифтерді айқындау қағидасын бекітеді;»;

5-баптың 7-3) және 8) тармақшалары алып тасталсын;:

3) 6 - б а п т а :

3), 4), 7), 8) 9), 10), 10-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді және бекітеді, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін жобалау, салу, пайдалану және олардың техникалық қауіпсіздігі саласындағы ұлттық стандарттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;»;

«7) жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыру

т ә р т і б і н

б е к і т е д і ;

8) электр немесе жылу желілеріне қосатын және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін қосатын ең жақын нүктені анықтаудың тәртібі мен мерзімін әзірлейді және бекітеді»;

«10) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын әзірлейді, сондай-ақ қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен және шартты тұтынушылармен жасалатын шарттарының тиісті үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді ;

10-1) тіркелген тарифтерді айқындау қағидасын бекітеді, жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 10-4) және 10-5) тармақшаларымен толықтырылсын:

«10-4) жылумен жабдықтау мақсаттары үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салудың техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобаларын келісудің және бекітудің тәртібін, мерзімдерін бекітеді;

10-5) қаржы-есеп айырысу орталығын айқындайды»;

5) 9-баптың 8 және 10- тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінен өндірілетін электр энергиясының теңгерімсіздігін қаржылық реттеуді Уәкілетті органмен бекіткен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына сәйкес, жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тариф бойынша қаржы-есеп айырысу орталығы жүзеге асырады»;

«10. Мемлекет уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, жиынтық қуаты бес киловаттан аспайтын жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғылары құнының елу пайызы мөлшерінде жеке тұтынушыларға атаулы көмек береді. Атаулы көмек жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғылары іске қосылғаннан кейін төленеді. » .

107. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 114-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 1, 4-құжат; № 3, 21 - құжат) :

1) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы уәкілетті орган:

1) жәбірленушілерге медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және денсаулық сақтау ұйымдары жұмысының практикасына енгізеді ;

2) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

3) халықты жұмыспен қамтуға белсенді ықпал ету нысандарын қолдану бойынша ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы . » ;

2) 14 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н

108. «Босқындар туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 116-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 2, 10, 13 -құжаттар; № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат, № 7, 37-бап, 2014 жылғы 9 шілдеде «Қазақстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы:

1) 7-баптың 2-1 тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне босқындарға көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар шығару туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік материалдық резервтер саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша ұ с ы н а д ы ; » .

2) 5-баптың 4-1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 6-бап мынадай мазмұндағы 13-5) тармақшамен толықтырылсын:
«13-5) босқын куәлігінің үлгісін және оны қорғауға қойылатын талаптарды бекітеді;
»

109. «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 1-2, 3-құжат; 2013 ж., № 13, 64-құжат; 2014 ж., № 10 , 5 2 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жеке тұлғаға сот-сараптама қызметімен айналысуға б е р е т і н р ұ қ с а т ; »

2) 12 - б а п т а :

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген сот сараптамалары түрлерінің тізбесінде көзделмеген сот сараптамасы тағайындалған;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған адамдардың сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік куәлігімен расталатын сот сарапшысы біліктілігінің болуы, оларды Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің комиссиялары аттестаттаған болуы және олар Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізілуі тиіс.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сот сараптамасы органдарына алғаш жұмысқа кіретін адамдар біліктілік емтиханын тапсырумен аяқталатын арнайы кәсіптік даярлықтан өтеді. Арнайы кәсіптік даярлық қағидаларын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілейді.»;

3) 13-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Біліктілік емтихандарын қабылдауды және сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін беруді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік комиссиялары жүзеге асырады.

3. Біліктілік комиссиялары қызметінің қағидалары мен олардың құрамын, сондай-ақ сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі айқындайды.»;

4) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Сот сарапшысын аттестаттау

«1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларының, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардың кәсіптік даярлығы деңгейін анықтау мақсатында, олар бес жылда бір рет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аттестаттау комиссиялары жүргізетін аттестаттаудан өтеді.

Сот сарапшысының кәсіптік даярлығының тиісті деңгейіне негізді күмән туындаған кезде ол кезектен тыс аттестаттау өткізіледі.

2. Аттестаттау комиссиялары қызметінің қағидалары мен олардың құрамын, сондай-ақ сот сарапшысын, оның ішінде кезектен тыс аттестаттаудан өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі айқындайды.»;

5) 15-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия қызметінің қағидалары мен оның құрамын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілейді.»

6) 16-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке тұлғаны сот-сараптама қызметімен айналысу лицензиясынан айыру:

1) адам сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) оны аттестаттау нәтижелерімен расталған кәсіптік даярлығы деңгейінің жеткіліксіздігі салдарынан адамның сот сарапшысы міндеттерін атқаруы мүмкін болмаған ;

3) адам аттестаттаудан өтуден жалтарған жағдайларда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қуынымы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Көрсетілген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы қуыным арызды дайындау жөніндегі ұсыныспен лицензиялаушы органның басшысына жүгінеді.

Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру оның қолданысын тоқтатуға әкеп соғады.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, лицензияның қолданысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия ұсынған материалдар негізінде лицензиялаушы орган басшысының бұйрығымен тоқтатыла тұрады, қайта жалғастырылады және тоқтатылады.

Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған, қайта жалғастырылған немесе тоқтатылған адам қабылданған шешім туралы үш тәулік ішінде хабардар етіледі және тиісті мәліметтер бес тәулік ішінде Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.»

7) 17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары туралы, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясы бар жеке тұлғалар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, оның мақсаттары мен қалыптастыру және пайдалану қағидаларын Әділет министрлігі белгілейді.»;

8) 20-баптың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы, оның ішінде сот-медициналық сараптамасын жүргізетін органдары;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының мамандандырылған психиатриялық және наркологиялық ұйымдары жатқызылады.»;

8) 2 5 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі көздеген ерекше жағдайларды қоспағанда, сот сараптамасын жүргізу мерзімі отыз тәуліктен аспауға тиіс.»

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындаудың жалпы критерийлерін, олардың күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілейді.»;

9) 27-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сот сараптамасы объектілерін пайдалану қағидаларын Әділет министрлігі белгілейді.»

10) 29-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) сот сараптамасының әртүрлі органдарына тапсырылған кешенді сот сараптамаларын жүргізуді ұйымдастыру ерекшеліктерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілейді.»

11) 31-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама сот сараптамасын жүргізу нәтижелерін ресімдеу ерекшеліктерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі айқындайды.»;

12) 32-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаның құрылымы мен мазмұнын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі айқындайды.»;

13) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«42-бап. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік және оқумен қамтамасыз ету. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін арттыру

1. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, сондай-ақ сот сарапшыларын кәсіптік даярлау мен олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына жүктеледі.

2. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, байқаудан өткізу және енгізу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

14) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«43-бап. Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімі

Осы Заңның талаптарына сай келетін сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелері туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, оның мақсаттарын, қалыптастыру және пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

15) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«46-бап. Сот сараптамасын жүргізуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету стандарттары мен талаптары

Сот сарапшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен стандарттар мен талаптарға сәйкес келетін арнайы жарақталған үй-жайлар болған кезде жүзеге асыра алады.»;

110. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2014 жылғы 12

шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«24) шаруашылықтар бойынша есепке алу - үй шаруашылықтары және шаруа және/немесе фермер қожалықтары бойынша әкімшілік деректерді қалыптастыру процесі;»;

2) 3-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

3) 11-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

4) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Уәкілетті органның құзыреті
У ә к і л е т т і о р г а н :

1) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін үйлестіреді;

2) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады;

3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) халықаралық статистикалық стандарттарға сәйкес статистикалық әдіснаманы қалыптастырады;

5) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар жөніндегі статистикалық әдіснаманы бекітеді;

6) статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) өздері белгілеген тәртіппен респонденттер және үй шаруашылықтары берген деректерді қоспағанда, алғашқы статистикалық деректерді тіркеуді жүргізеді;

8) жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықты, сондай-ақ оларды бекіту тәртібін бекітеді;

9) респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді;

10) мемлекеттік органдарда қалыптастырылатын бірыңғай есептілік тізілімін әзірлейді;

11) мемлекеттік органдардың статистикалық ақпарат өндіру процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

12) ведомстволық сыныптамалар жүргізудің үлгілік әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

13) мемлекеттік органдардың қолдануы үшін деректерді қалыптастырудың үлгілік

әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

14) респонденттер бастапқы статистикалық деректерді ұсынған кезде оларды статистикалық нысандармен және осы нысандарды толтыру жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді;

15) респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде алады;

16) үй шаруашылықтарынан олардың табыстары мен шығыстары туралы қажетті бастапқы статистикалық деректерді өтеулі және өтеусіз негізде алады;

17) статистикалық ақпаратты өндіру кезінде бастапқы статистикалық деректердің дәйектілігін растау үшін респонденттерден қосымша ақпаратты талап етеді;

18) респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді бұрмалаулары анықталған кезде респонденттерден бастапқы статистикалық деректер қамтылған статистикалық нысандарға түзетулер енгізуді талап етеді;

19) әкімшілік деректерді тек статистикалық ақпаратты өндіру және статистикалық тіркелімдерге өзекті сипат беру үшін ғана пайдаланады;

20) оларды уәкілетті органның интернет-ресурстарында орналастыру арқылы мемлекеттік статистика органдарын статистикалық сыныптауыштармен қамтамасыз етеді ;

21) республиканың және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық статистикалық деректер базаларын жинақтауды, жүргізуді және оларға өзектендіруді қамтамасыз етеді;

22) мемлекеттік статистика саласындағы ғылыми-зерттеу әзірлемелерін ұйымдастырады ;

23) статистикалық ақпараттың сапасын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік статистика органдарының статистикалық қызметіне оның уәкілетті орган бекіткен ведомстволық статистикалық байқаулар жөніндегі статистикалық әдіснамаға сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізеді және сараптама жүргізуге қажетті құжаттарды (а қ п а р а т т ы) с ұ р а т а д ы ;

24) мемлекеттік статистика саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау тұрғысынан тексерулерді қоспағанда, мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

25) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және ынтымақтастық шеңберінде шарттар жасасады;

26) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

5) 1 6 - б а п т а :

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) уәкілетті органмен әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, сондай-ақ көрсеткіштерді есептеу әдістемесін келісуге;»;

6) 1 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Статистикалық қызмет мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық жұмыстар жоспарының негізінде жүзеге асырылады.»;

7) 23-1 баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) шығаратын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органның келісімі бойынша уәкілетті орган белгілейді.».

111. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; 2014 жылғы 20 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы) «Казахстанская правда» 20.04.2010 ж., № 97-98 (26158-26159); «Егемен Қазақстан» 20.04.2010 ж., № 144-146 (25992); ҚР Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7 (2560), 27-құжат;);

1 - б а п т а :

3), 4) және 9) тармақшалар алып тасталсын:

«3) бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңы – ақпараттық жүйе, дерекқордың, электрондық аукционға қатысушыларға бірыңғай жалпы қолжетімді қол жеткізу нүктесін ұсынатын, электрондық аукцион өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін техникалық, бағдарламалық, телекоммуникациялық және басқа да құралдардың жиынтығы және оны уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы ;

4) жеке сот орындаушысы – атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына уәкілетті орган берген лицензия (бұдан әрі – жеке сот орындаушысының лицензиясы) негізінде, заңды тұлға құрмай атқарушылық құжаттарды орындау бойынша жеке практикамен айналысатын Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң а з а м а т ы ;

9) уәкілетті орган – атқарушылық құжаттардың орындалуы саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2) және 9-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша жергілікті бюджеттерден

қаржыландырылатын атқарушы органдар – атқарушылық құжаттардың орындалуы саласында мемлекеттік саясатты іске асыратын, сондай-ақ өз аумағында атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастыратын мемлекеттік орган и.

9-2) жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы – жеке сот орындаушыларының қызметін реттеуді, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын коммерциялық емес кәсіби өзін-өзі қаржыландырылатын ұ й ы м ;

9-3) жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы – Ұлттық палатаның оқшауланған филиалы болып табылатын, оның орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және жеке сот орындаушыларының жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу туралы олардың заңнаманы сақтауын бақылауды жүзеге асыру үшін құрылған оның барлық немесе бір бөлігін жүзеге асыратын жеке сот орындаушыларының Ұлттық палатасының филиалы.»;

4-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Осы Заңда реттелмеген атқарушылық құжаттардың орындалу мәселелері мемлекеттік және жеке сот орындаушылары үшін жеке уәкілетті орган бекітетін Нұсқаулықпен айқындалады.»;

9-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулылары немесе ұйғарымдары;»;

мынадай мазмұндағы 11-баптың 1-тармағының б) тармақшамен толықтырылсын:

«б) Сот орындаушысының қаулылары – үш жыл ішінде.»;

32-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жеке сот орындаушысы осы баптың 2-тармағының 1, 4 тармақшаларында көзделген шараларды қоспағанда, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен алынатын сот санкциясымен қолданады.»;

3 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Борышкер болып табылатын жеке тұлға, заңды тұлғаның лауазымды адамы (оның міндетін атқарушы) атқарушылық құжаттағы талаптарды дәлелсіз себептермен белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда сот орындаушысы борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға құқылы, ал өндіріп алушының өтініші бойынша осындай қаулы шығаруға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлғаның лауазымды адамының (оның міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеулер Қазақстан Республикасынан өндіріп алушының өтініші бойынша

5. Борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлғаның лауазымды адамының (оның міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу шараларын қолдану немесе алып тастау үшін борышкерде мүліктің болуы немесе болмауы негіз болмайды.»;

48-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Өндіріп алу толық көлемде жүргізілмеген, сондай-ақ сауда-саттық жарияланған және/немесе инкассалық өкім шығарылған атқарушылық құжат өндіріп алушының өтініші бойынша қайтаруға жатпайды.»;

79-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Борышкердің мүлкі аукционда өткізілген кезде мемлекеттік сот орындаушысы мүлік тізімін – аумақтық органның интернет-ресурсында, ал жеке сот орындаушысы – жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының интернет-ресурсында жариялайды.

» ;

80-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Аукционға қатысуға тілек білдіруші адамдар аукционға қатысуға өтінім және өздерінің оған қатысуына кедергілердің жоқ екендігі туралы қолхат беруге және өндіріп алушыны қоспағанда, аумақтық органның қолма-қол ақшаның бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына мүліктің бастапқы құнының бес пайызы мөлшерінде кепілдік жарна салуға міндетті. Аукционды ұйымдастырушының не жеке сот орындаушысының аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдауы аукцион басталғанға дейін бір тәулік бұрын аяқталады. Аукционда ұтқан адам енгізген сома сатып алу бағасының есебіне жатқызылады. Аукционның қалған қатысушылары енгізген кепілдік жарна оларға аукцион аяқталғаннан кейін бес күн ішінде қайтарылады .

» ;

85-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

9-тарау мынадай мазмұндағы 3-параграфпен толықтырылсын:

«3-параграф. Атқарушылық құжаттардың жекелеген түрлерін орындау е р е к ш е л і к т е р і

103-1-бап. Атқарушылық құжаттардың жекелеген түрлерін орындау тәртібі

1. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасын бекіту туралы қаулыны, атқарушылық іс-қимылдар жасаған кезде келтірілген шығыстарды өтеу туралы қаулыны, борышкердің мүлкі туралы ақпарат болған жағдайда, жаңа атқарушылық іс қозғамай, осы қаулыларды шығарған сот орындаушысы орындайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген атқарушылық құжаттарды орындау нәтижелері бойынша жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мен орындау бойынша шығыстар өндіріліп алынбайды.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген атқарушылық құжаттарды орындау кезінде осы заңның 85-бабы 1-тармағының талаптары қолданылмайды.

Осы баптың көрсетілген атқарушылық құжаттарды орындаудың өзге де ерекшеліктері уәкілетті орган бекітетін Нұсқаулықпен белгіленеді.»;

116-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушысы өзінің іс-әрекеті үшін төлем ретінде алынған ақшадан кеңсені сатып алу (жалдау), оны ұстау, жабдықтау, жөндеу және күзету, жұмыс орындарын құру және қызметкерлерге жалақы төлеу жөніндегі, кеңсе жұмысы үшін қажетті жабдықтар сатып алу, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру, салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу, кеңсе мұрағатының сақталуын қамтамасыз ету, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасын және жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасын ұстау, жеке атқарушылық қызметті дамытудың нысаналы бағдарламаларына арналған міндетті төлемдерді жүргізеді, сондай-ақ өз қызметін ұйымдастырушылық-шаруашылық жағынан, көлікпен және техникалық қамтамасыз етуге байланысты басқа да шығыстарды өтейді. Қалған қаражат жеке сот орындаушысының билігінде қалады және оның қалауы бойынша ж ұ м с а л а д ы . » ;

3-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органның қолма-қол ақшаны бақылау шоты және жеке сот орындаушысының ағымдағы шоты»;

1 2 2 - б а п т а :

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы орган бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органда ұлттық және шетелдік валютада қолма-қол ақшаны уақытша орналастыратын бақылау шоттарын ашады;

2) жеке сот орындаушысының ұлттық және қажет болған кезде шетелдік валютадағы ағымдағы шоты болуға тиіс.»;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банктер жеке сот орындаушысының рұқсатынсыз ағымдағы шоттардағы қаражаттармен қандай да бір операциялар жүргізуге құқылы емес.

3. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы және ағымдағы шоттардағы ақша атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органның қаражаттары және жеке сот орындаушысының табысы болып табылмайды. Жеке сот орындаушысы қайтыс болған жағдайда, ағымдағы шоттағы ақша мұралық массаға енгізілмейді.»;

123-баптың 1, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы орган қолма-қол ақшаны уақытша орналастыратын бақылау шоттарындағы ұлттық және шетелдік валютадағы сомаларды есепке алуды

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Жеке сот орындаушысы ағымдағы шоттағы сомаларды есепке алу кітабын (бұдан әрі – депозиттік – кітап) жүргізеді.

Депозиттік кітапты жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Борышкерлерден өндіріп алынған, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органның қолма-қол ақшаның бақылау шотында, жеке сот орындаушысының ағымдағы шоттарында сақталатын талап етілмеген ақшалай қаражат және мүдделі тұлғаларға арналған басқа да сома, оның ішінде шығыстарды өтеу бойынша аванстық сома қолма-қол ақшаның бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шоттарына аударылған кезден бастап бес жыл өткеннен кейін атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органның ұсынуы бойынша сот актісі негізінде республикалық бюджетке аударылады.»;

124-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік сот орындаушысы атқарушылық құжат толық орындалғаннан кейін өндіріп алынған соманың немесе мүлік құнының он пайызы мөлшерінде немесе мүліктік емес сипаттағы атқарушылық құжаттар бойынша жеке адамдардан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және заңды тұлғалардан жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекет кірісіне атқарушылық санкциясын өндіріп алады.

2. Атқарушылық санкциясы жергілікті бюджетке атқарушылық құжатты орындау орны бойынша аударылады.»;

125-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Борышкер мүліктік сипаттағы атқарушылық құжаттың талаптарын уақтылы орындамаған жағдайда, сот орындаушысы борышкерден атқарушылық іс жүргізу қозғалған кезден бастап мерзімі өткен әрбір күн үшін өндіріп алу сомасының немесе берілуге жататын мүлік құнының 0,1 пайызы мөлшерінде мемлекет кірісіне өсімпұл өндіріп алу туралы ұсыныспен атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған кезден бастап сотқа жүгінеді.

Егер өндіруге жататын өсімпұл бір айлық есептік көрсеткіштен аз болса, өсімпұл өндіріп алынбайды.»;

126-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сот орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен:

- 1) орындауға қатысты мәселелер бойынша қаулылар шығаруға;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға;»;

129-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Атқарушылық іс жүргізу органдарының жүйесін:

- 1) сот орындаушыларының қызметін әдістемелік қамтамасыз ету және жеке сот орындаушыларының қызметін бақылау жөніндегі уәкілетті орган;
- 2) аумақтық әділет органдары;

3) облыстар, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі атқарушы органдар (Б а с қ а р м а л а р) ;

4) қалалар мен аудандардың (аумақтық бөлімдер) атқарушылық құжаттарын орындау жөніндегі аумақтық бөлімдері.

2. Уәкілетті органның өкілеттіктері мен қызметінің тәртібі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітетін ережемен айқындалады.

Басқармалар мен Бөлімдердің өкілеттіктері мен қызметінің тәртібі осы Заңмен және облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері бекітетін ережелермен айқындалады. » ;

130-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік сот орындаушысы мемлекеттік қызметші болып табылады

2. Мемлекеттік сот орындаушысын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі атқарушы органның басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.»;

131-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік сот орындаушыларын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын уәкілетті орган бекітеді.»;

133-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«133-бап. Мемлекеттік сот орындаушысының қызметін бақылау

Мемлекеттік сот орындаушысының қызметін бақылауды жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы құжаттарды орындау жөніндегі атқарушы орган және оның аумақтық бөлімдері жүзеге асырады.»;

135-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«135-бап. Мемлекеттік сот орындаушыларының қызметін қамтамасыз ету

Мемлекеттік сот орындаушыларының қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. » ;

137-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Жеке сот орындаушыларының қызметі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.»;

3 8 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің қатысуымен атқарушы құжаттарды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар, мемлекетке және олармен аффилирленген заңды тұлғаларға тиесілі дауыс беретін акциялардың (үлестердің) елу және одан көп пайызын, табиғи монополия субъектілерін немесе тауарлар мен қызметтер нарығында үстем жағдайға ие субъектілер және Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалған өзге де жағдайларды қоспағанда,

кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау жеке сот орындаушыларының айрықша құзыретіне ж а т а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1. Жеке тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау жеке сот орындаушыларының айрықша құзыретіне жатады.»;

141-баптың 1, 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . М ы н а л а р :

Жиырма бір жасқа толған, жоғары заңгерлік білімі бар, жеке сот орындаушысында үздіксіз тағылымдамадан өткен, біліктілік емтиханын тапсырған, жеке сот орындаушысының лицензиясын алған, осы Заңда белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушысының бос лауазымына конкурстан өткен Қазақстан Республикасының азаматы немесе осы Заңда белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушысының бос лауазымына конкурстан өткен жеке сот орындаушысы лицензиясын алған заңды тұлғаның директорын қоса алғанда, жеке сот орындаушысының лицензиясы бар штатында кемінде екі қызметкері бар заңды тұлға жеке сот орындаушысы лауазымына т а ғ а й ы н д а л а д ы .

М ы н а д а й :

Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған; өзіне жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындалғанға дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған; сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған; бұрын мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен босатылған; заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар; мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын және мерзімдік өндіріп алу бойынша кемінде үш ай берешегі бар адамды қоспағанда, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын жеке тұлға; наркологиялық және психиатриялық ұйымдарда есепте тұрған; жеке сот орындаушысының лицензиясынан айрылған адам жеке сот орындаушысы бола алмайды.

М ы н а д а й :

жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензиядан айырылған з а ң д ы т ұ л ғ а .

егер құрылтайшы (жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға), заңды тұлғаның басшысы , құрылтайшы туралы және (немесе) заңды тұлғаны құратын заңды тұлғаның басшысы мерзімді төлемдерді өндіріп алу және мерзімді өндіріп алу бойынша 3 айдан аспайтын берешегі бар атқарушы өндіріс бойынша борышкер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда, атқарушы құжат бойынша борышкер болып табылса, заңды тұлға жеке сот

орындаушысы

бола

алмайды.

4. Жеке сот орындаушысының тағылымдамадан өту тәртібін уәкілетті орган аяқылдайды.» ;

142-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Тұрақты судьялар, өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін судья лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, судья лауазымына біліктілік емтиханнан өткен тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Заң институтының түлектері, атқарушылық өндіріс мамандағы бойынша магистратура түлектері не теріс себептермен босатылған адамдарды қоспағанда, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органда және оның аумақтық органдарында кемінде үш жыл жұмыс істеген адамдар, құқық қорғау органдарының кемінде он жыл жұмыс өтілі бар қызметкерлері тағылымдамадан өтпей және біліктілік емтиханын тапсырмай жеке сот орындаушысы лицензиясын алуға құқылы.» ;

143-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда, оның орындауындағы атқарушылық іс жүргізу басқа жеке сот орындаушысына беру үшін өндіріп алушының келісімімен жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жіберіледі.» ;

144-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы ұсынысты уәкілетті органға прокуратура, жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасы немесе әділет органы енгізеді.

4. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы уәкілетті органның тапсырмасы бойынша жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуы тоқтатылған жеке сот орындаушысының іс жүргізуін, мұрағатын, ағымдағы шотының қаражатын басқа жеке сот орындаушысына тапсыру жөнінде, сондай-ақ жеке сот орындаушысының лицензиясын оны уәкілетті органға тапсыру үшін алып қою және жеке сот орындаушысының жеке мөрін жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.» ;

145-баптың 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушысына өкілеттіктер беруді уәкілетті орган Ұлттық жеке сот орындаушыларының палатасымен бірлесе отырып, жеке сот орындаушысының лицензиясы бар адамдар ішінен конкурстық негізде жүргізеді. Конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

4. Жеке сот орындаушысы лауазымға кіріскеннен кейін тиісті аумақтық әділет органына және жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына кеңсенің мекенжайы мен жұмыс режимін хабарлайды. Осындай хабарламаны ол республикалық баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялауға тиіс.» ;

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:
«5-1) уәкілетті және (немесе) аумақтық әділет органдарына уақтылы және тиісінше

а қ п а р а т

ұ с ы н у ғ а ;

5-2) тоқсан сайын міндетті мүшелік жарналарды төлеуге;»;

6), 7) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

« 6) к е ң с е с і н і ң б о л у ы н а ;

7) заңмен көзделген жағдайларда жасалған атқарылған әрекеттер туралы мәліметтерді, құжаттардың өзге де көшірмелерін, қажет болған жағдайда – түсініктемелер, оның ішінде Жеке сот орындаушыларының кәсіптік Ар-намыс кодексінің талаптарын сақтамау мәселелері бойынша жеке түсініктемелер беруге;

9) өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты арттыруға;»;

8) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушысы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына және уәкілетті және (немесе) аумақтық әділет органдарына, сондай-ақ құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға өзінің қызметі туралы ақпарат береді, оның нысаны мен мерзімін уәкілетті орган бекітеді.»;

152-баптың 2-2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2. Жеке сот орындаушысы осы Заңның 153-бабының 1-тармағында айқындалған өзінің жұмыс орнынан тыс жерде, осы Заңның 161-бабының 2-тармағына сәйкес өзі мүшесі болып табылатын жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы шегінен тыс жерде атқарушылық іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде, ол атқарушылық іс-әрекеттер жасалған жер бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасын хабардар е т у ғ е м і н д е т т і . » ;

154-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«154-бап. Жеке сот орындаушысының куәлігі, жеке мөрі, мөртабандары және б л а н к і л е р і

Жеке сот орындаушысының өзінің тегі, аты мен әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының, атқарушылық округтің атаулары, жеке сот орындаушысы лицензиясының нөмірі көрсетілген куәлігі, жеке мөрі, сондай-ақ мөртабандары мен жеке бланкілері болады. Куәліктің және жеке мөрдің үлгілерін уәкілетті орган бекітеді. Куәлік пен жеке мөрді дайындауды және беруді жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы ұйымдастырады.»;

155-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушыларының іс жүргізу ережелерін орындауын бақылауды жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен бірлесе отырып аумақтық әділет о р г а н д а р ы ж ү з е г е а с ы р а д ы . » ;

156-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жеке сот орындаушылары тағылымдамашыларының тағылымдамадан өтуінің тәртібі, мерзімдері мен шарттары Ұлттық жеке сот орындаушыларының палатасымен келісім бойынша уәкілетті орган бекітетін жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеде айқындалады.»;

156-баптың 5-тармағы алып тасталсын;
156-1-бап мынадай редакцияда жазылсын;

«156-1-бап. Жеке сот орындаушысының көмекшісі мен тағылымдамашының құқықтары мен міндеттері

1. Қабылданған процессуалдық шешім және оның атынан жеке сот орындаушысының тапсырмасы бойынша жеке сот орындаушысының лицензиясы бар көмекшілер:

1) жеке сот орындаушысын отыз жұмыс күніне дейін алмастыруға;

2) атқарушылық өндірістің процессуалдық және өзге құжаттарының жобаларын дайындауға;

3) күн тәртібін, хабарламалар мен өзге де құжаттарды атқарушы өндіріс тараптарына жеткізуге және табыстауға;

4) атқарушылық өндіріс тараптарын, үшінші тұлғаларды қабылдауға және атқарушылық құжатты орындау мәселелері бойынша олармен келіссөздер жүргізуге;

5) өзіндегі не өзге де жеке және заңды тұлғалардағы борышкердің мүлкіне тізімдеме жүргізуге, тыйым салуға, мөрмен бекітуге;

6) жеке сот орындаушысы өндірісіндегі атқарушы өндірістер бойынша азаматтар мен лауазымды тұлғаларды шақыруға;

7) ұйымдарда атқарушы құжаттар талаптарының орындалуын тексеруге және олар бойынша құжаттаманы жүргізуге;

8) борышкер орналасқан немесе борышкерге тиесілі үй-жайлар мен қоймаларға, сондай-ақ борышкерге тиесілі мүліктің орналасуы жөнінде ақпарат болған жағдайда, басқа да тұлғаларға кіруге құқылы.

2. Жеке сот орындаушысының көмекшісі өз қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге жол бермеуге міндетті.

3. Жеке сот орындаушысын алмастырған кезде көмекші оның барлық құқықтары мен міндеттеріне жауапты болады.

4. Көмекшінің заңнама талаптарының бұзылуына жол бергені үшін жеке сот орындаушысы мен оның көмекшісі бірге жауапты болады.

5. Жеке сот орындаушы көмекшісінің өзге де құқықтары мен міндеттері еңбек шартымен айқындалуы мүмкін.

6. Жеке сот орындаушысы тағылымдамашысының құқықтары мен міндеттері еңбек шартымен айқындалады.».

16-тарау мынадай мазмұндағы 4-параграфпен толықтырылсын:

«4-параграф. Жеке сот орындаушысын алмастыру
157-бап. Уақытша болмаған жеке сот орындаушысын алмастыру
Сырқаттануына, демалысына, біліктілігін арттыруына және өзге де себепке
байланысты жеке сот орындаушысы отыз жұмыс күніне дейінгі мерзімде уақытша
жұмыста болмаған жағдайда, өңірлік палата басшысының шешімімен жеке сот
орындаушысының көмекшісі оның міндетін уақытша орындаушы болып
тағайындалады.

158-бап. Лицензияның қолданысы тоқтатылған, лицензиядан айырылған немесе
жеке сот орындаушысының қызметі тоқтатылған жағдайда, жеке сот орындаушысын
алмастыру

Лицензияның қолданысы тоқтатылған, лицензиядан айырылған, жеке сот
орындаушысының қызметі тоқтатылған немесе жеке сот орындаушысы өзге де
себептермен отыз күннен астам мерзім болмаған жағдайда, жеке сот орындаушылары
өңірлік палатасы басшысының шешімімен басқа жеке сот орындаушысы оның міндетін
атқарушы болып тағайындалады.

159-бап. Уақытша болмаған жеке сот орындаушысын алмастыру тәртібі

1. Жеке сот орындаушысы өкілеттіктерді уақытша орындай алмаған жағдайда, ол
бұл туралы тиісті өңірлік палатаны хабардар етеді. Жеке сот орындаушысы өз
көмекшісінің немесе жұмыста болмаған кезде алмастыруға келісім берген осы өңірлік
алқаның мүшесі болып табылатын басқа сот орындаушысының кандидатурасын бір
мезгілде ұсынады.

2. Жеке сот орындаушысын алмастыратын тұлғаға өкілеттіктер беру жеке сот
орындаушысы мен оны алмастыратын тұлға арасындағы жасалған келісім негізінде
шығарылған өңірлік палата басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

3. Жеке сот орындаушысы өз қызметін жаңартқан кезде бұл жөнінде Жеке сот
орындаушыларының өңірлік палатасын хабардар етеді.

4. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы тиісінше хабардар етілгенге
дейін жеке сот орындаушысы оны уақытша алмастыратын тұлғаның лауазымдық
міндеттерді орындауы кезеңінде өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға құқылы
емес.

160-бап. Жеке сот орындаушысын алмастыратын тұлғаның еңбекақысы мен
жауапкершілігі.

1. Жеке сот орындаушысының міндеттерін орындағаны үшін оны уақытша
алмастыратын тұлға келісіммен негізделген ақшалай сыйлықақы алады.

2. Жұмыста уақытша болмаған жеке сот орындаушысын алмастыратын тұлғаның
іс-әрекетімен келтірілген залал үшін олар бірге жауапты болады. Бұл ретте жеке сот
орындаушысы не жеке сот орындаушысының жауапкершілігін сақтандырған
сақтандыру компаниясы жеке сот орындаушысының міндетін атқарушы тұлғаға
келтірілген залал үшін төленген өтеу мөлшерінде регресстік талап арыз беруге құқылы.

»

;

5-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«5-параграф. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы.»;

161-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«161-бап. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы.

1. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы жеке сот орындаушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ олардың атқарушылық әрекеттер жасауы кезінде Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру үшін құрылған кәсіптік бірлестікті білдіретін коммерциялық емес ұйым болып т а б ы л а д ы .

2. Жеке сот орындаушысы жеке сот орындаушыларының бір өңірлік палатасында ғ а н а б о л а а л а д ы .

3. Әрбір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Қазақстан Республикасы астанасының аумағында жеке сот орындаушыларының бір өңірлік п а л а т а с ы қ ұ р ы л а д ы .

4. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жарғымен реттеледі. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы өз қызметін өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру қағидаттарын ұйымдастырады.»;

мынадай мазмұндағы 161-1-баппен толықтырылсын:

«161-1-бап. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының басшысы.

1. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының басшысын Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының Төрағасы Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы мүшелерінің қатарынан бес жыл мерзімге тағайындайды.

2. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына басшылықты Өңірлік палатаның басшысы жеке дара жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының Жарғысында, сондай-ақ өзге басқару органдары көзделуі мүмкін.

3. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының басшысы:

1) өңірлік палатаның жұмысын ұйымдастырады, өңірлік палатаға жүктелген міндеттердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) қызметкерлерді қабылдауды және қызметтен босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа ұйымдарда өңірлік палатаның мүдделерін білдіреді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, өңірлік палатаның

жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5) педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметті қоспағанда, өзге ақылы қызметпен айналысуға, атқарушылық құжаттарды орындаумен айналысуға құқылы е м е с .

3. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға:

1) өз еркімен;

2) Ұлттық палата төрағасының шешімі бойынша жол беріледі.»;

162 - бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) келіп түскен атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында бөлуді жүргізеді;

14-2) өзінің атқарушы округінің аумағында жеке сот орындаушыларын бөлуді жүргізеді;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасына және аумақтық органға өзінің қызметі туралы ақпарат ұсынады. Ақпаратты ұсыну нысаны мен мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.»;

163-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«163-бап. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы

1. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы атқарушылық құжаттардың орындалуын, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету саласындағы жеке сот орындаушыларының қызметін реттеуді жүзеге асыратын, коммерциялық емес кәсіптік өзін өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы мемлекеттік тіркелуге жатады.

2. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жарғымен реттеледі.

3. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы астанада, республикалық маңызы бар қалада, облыстық маңызы бар қалаларда филиалдарын - жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарын Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының жарғысында көзделген тәртіпте құрады.

4. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасына Басшылық жеке дара жүзеге асырылады.

Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының жарғысында өзге басқару органдары көзделуі мүмкін.

5. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының жарғысы Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданады.

6. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы Қазақстан Республикасының

жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің жалпы сақтандыру шартын жасасады.»;

мынадай мазмұндағы 163-1-баппен толықтырылсын:

«163-1-бап. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының төрағасы

1. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының төрағасын уәкілетті органның басшысы үш жыл мерзімге тағайындайды.

2. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасына басшылықты Ұлттық палатаның төрағасы жеке дара жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының жарғысында, сонымен қатар өзге басқару органдары көзделуі мүмкін.

3. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының төрағасы:

1) Ұлттық палатаның жұмысын ұйымдастырады, Ұлттық палатаға жүктелген міндеттердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) филиалдардың-өңірлік палаталардың басшыларын тағайындауды және қызметтен босатуды, қызметкерлерді қабылдау мен қызметтен босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа ұйымдарда Ұлттық палатаның мүдделерін білдіреді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, Ұлттық палатаның жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5) педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметті қоспағанда, өзге ақылы қызметпен айналысуға, атқарушылық құжаттарды орындаумен айналысуға құқылы е м е с .

3. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға:

1) өз еркімен;

2) Ұлттық палата төрағасының шешімі бойынша жол беріледі.

3. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға:

1) өз еркімен;

2) Ұлттық палата төрағасының шешімі бойынша жол беріледі.

2) жеке сот орындаушыларының жалпы жиналасында жеке сот орындаушыларының жартысынан астамы дауысының қолдауы бойынша уәкілетті орган басшысының шешімімен жол беріледі.»;

164-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«164-бап. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының қызметін қаржыландыру

Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының қызметін қаржыландыру жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталары жеке сот орындаушыларының жарналарынан кемінде елу пайыз мөлшерінде аударатын міндетті жарналар есебінен

жүзеге

асырылады.» ;

165-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады ;

2) филиалдардың- жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының қызметін бақылауды жүзеге асырады ;

3) жеке сот орындаушысының бос орнына конкурс ұйымдастырады;

4) конкурстың қорытындысы бойынша азаматтарды жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындайды ;

5) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының мүдделерін білдіреді;

6) Сот орындаушылары мен қызметшілердің халықаралық одағының, басқа халықаралық және шетелдік ұйымдардың жеке атқарушылық қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша жұмысына қатысады;

7) уәкілетті органның, басқа мемлекеттік органдардың атқарушылық іс жүргізу және жеке атқарушылық қызметпен байланысты мәселелері бойынша нормашығармашылық және сарапшылық қызметке қатысады;

8) жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарымен және білім беру ұйымдарымен бірлесіп жеке сот орындаушыларын оқытуды (біліктілігін арттыруды) ұйымдастырады ;

9) оказывают методическую помощь по проведению стажировки физических лиц, претендующих на получение лицензии частного судебного исполнителя;

10) жеке сот орындаушысының өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде келтірген зиянды өтеу бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді;

11) жеке практикамен айналысатын сот орындаушыларының әлеуметтік және кәсіптік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;

12) жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының қызметін мерзімдік тексеруді жүзеге асырады ;

13) Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасын қолдану практикасын қорытындылайды және оны жетілдіру үшін ұсыныстар қалыптастырады;

14) талдамалық және ғылыми жұмысты жүзеге асырады;

15) Жеке сот орындаушыларының кәсіби ар-намысы туралы кодексті қабылдайды;

16) жеке сот орындаушысының лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұсыным енгізеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады .

2. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы осы Заңда және оның Жарғысында айқындалған оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін басқа

коммерциялық емес ұйымдарды құруға құқылы.

3. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы тоқсан сайын уәкілетті органға жеке сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындауы бойынша ақпарат ұсынады. » ;

1 6 7 - б а п т а :

3) тармақша алып тасталсын;

4) -және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы төрағасы лауазымына тағайындайды ;

5) республика бойынша жеке сот орындаушыларының жалпы сандық құрамын және Астана, Алматы қалаларында, обыстар мен оның айдандарында саны лимитин бекітеді;» ;

1 6 8 - б а п :

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Аумақтық әділет органы:» ;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аумақтық әділет органы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен бірлесіп : » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аумақтық әділет органының өкілдері жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының, басқармасының және басқа органдарының жалпы жиналысына қатысуға құқылы . » ;

1 6 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке сот орындаушысының атқарушылық іс-қимылының заңдылығын және іс жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды уәкілетті орган, Жеке сот орындаушыларының ұлттық және өңірлік палаталы жүзеге асырады. Бақылауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.» ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аумақтық әділет органдарының жәнк жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының лауазымды тұлғалары жеке сот орындаушысының қызметін тексеру уақытында мәлім болған атқарушылық іс-қимыл жасау құпиясын сақтауға міндетті. Құпияны жария еткені және келтіріген зияны үшін бұл адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.» ;

170-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«170-бап. Жеке сот орындаушыларының бұзушылықтары

Жеке сот орындаушыларының бұзушылықтары:

1) лауазымдық міндеттерін орындамауы немесе дұрыс орындамауы, сыйақыны белгіленген мөлшерлемелерден артық алуы, уәкілетті органға және (немесе) аумақтық

әділет органына дұрыс немесе уақтылы ұсынбауы болып табылады;

2) Жеке сот орындаушыларының ар-намыс кодексін бұзуы.»;

171-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«171-бап. Жеке сот орындаушыларының жауапкершілігін қарастыру

1. Жеке сот орындаушыларын жауапкершілікке тарту құқығына Ұлттық және өңірлік палаталарының басшылары ие, олар комиссияның қарауына құрамында кемінде бес, тақ санынан тұратын жеке сот орындаушыларының жауапкершілігін қарау туралы комиссиялар құрады.

2. Жеке сот орындаушысының жауапкершілігін қарау туралы комиссияның құрамына міндетті түрде тиісті аумақтық әділет (уәкілетті) органның өкілі кіргізіледі.

3. Жеке сот орындаушысының жауапкершілігін қарау туралы комиссияның отырысын жүргізу тәртібі уәкілетті орган бекітетін ережемен айқындалады.»;

172-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«172-бап. Жауапкершіліктердің түрлері

1. Жеке сот орындаушыларына мынадай жауапкершілік түрлері салынады:

1) ескерту;

2) уәкілетті органның жеке сот орындаушысының лицензиясын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауы;

3) уәкілетті органның сотқа жеке сот орындаушысын лицензиясынан айыру туралы талап қою жіберуі.

3. Жауапкершілік түрлері уәкілетті органның немесе аумақтық әділет органының комиссия қорытындысының негізінде бұйрығымен сабынады.»;

173-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«173-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі

Осы Заң, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыс енгізілетін 138-баптың 1-тармағын, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін 138-баптың 3-1-тармағын қоспағанда, оның бірінші ресми жарияланғанынан алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.»;

174-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«174-бап. Өтпелі ережелер

1. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы құрылғанға дейін оның функцияларф нормативтік құқықтыө актілер қабылдау бөлігінде уәкілетті орган жүзігі асырады.

2. Осы Заңның 34-бабы осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жыл бойы алименттер өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарға ғана қолданылады.

3. Осы Заңның 74-бабының 1 және 2-тармақтары, 77-бабының 2-тармағы 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылатын болады, содан кейін олар мынадай редакцияда болады деп белгіленсін:

«1. Заң бойынша айналыстан алынған мүлікті қоспағанда, тыйым салуды және

мүліктің түрлеріне қарамастан тыйым салынған мүлікті сатуды сот орындаушысы комиссиялық бастаудан сауда ұйымдары арқылы, сондай-ақ электрондық аукцион нысанындағы сатуларда уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

2. Мүлікті сату нысанын таңдауды мүліктің түрін ескере отырып, сот орындаушысы айқындайды. Жылжымайтын мүлікті қоспағанда, құны үш айлық есептік көрсеткіш тұратын мүлік комиссиялық бастауда сатылады.»;

«2. Осы Заңның 75 және 76-баптарында көрсетілгенді қоспағанда, борышкердің тыйым салынған мүлкін сату электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта, сондай-ақ комиссия шартының негізінде сауда ұйымдары арқылы сату жолымен жүзеге асырылады.».

4. Осы Заңның 8-тарауының 2-параграфының ережелері 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде электрондық аукцион өткізу кезінде қолданылады деп белгіленсін.

5. Осы Заңның 141-бабының, 145-бабының 2 және 4-тармақтарының нормалары 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«141-бап. Біліктілік беру комиссиясы

1. Біліктілік беру комиссиясы:

1) тағылымдамадан өткен және атқарушылық құжаттарды орындаумен айналысуды қалайтын адамдардан емтихан қабылдайды;

2) жеке сот орындаушысының бос орнына конкурс өткізеді;

2. Біліктілік беру комиссиясы Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы жанынан құрылады.

Біліктілі беру комиссиясының қызметін ұйымдастырушылық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы жүзеге асырады.

3. Уәкілетті орган емтихан өткізу рәсімін, біліктілік беру емтиханының емтихан сұрақтарын бекітеді.

4. Біліктілік емтиханын тапсырған адамға уәкілетті орган біліктілік емтиханын өту туралы біліктілік комиссиясының шешімінің негізінде жеке сот орындаушысының лицензиясын алу үшін сот орындаушысының лицензиясы беріледі.

6. Біліктілік комиссиясының шешімі оның көшірмесі мүдделі адамға берілгеннен күннен бастап үш айлық мерзімде сотқа шағымдалуы мүмкін.

7. Біліктілік комиссиясының ережесін уәкілетті орган бекітеді.

145-бап. Жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындау

2. Жеке сот орындаушысына өкілеттік беруді Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы жеке сот орындаушысының лицензиясы бар адамдар қатарынан конкурстық негізде жүргізеді. Конкурс өткізу шарттары мен тәртібін Уәкілетті орган бекітеді.

4. Лауазымына тұрғаннан кейін жеке сот орындаушысы тиісті аумақтық органға және жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына кеңсенің мекенжайы мен

жұмыс режимін хабарлайды. Осыған ұқсас хабарды ол республикалық басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялауы тиіс.»

6. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы Басшысы тағайындалуының 3 жылдық мерзімі өткен соң осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін 163-1-баптың нормалары мынадай редакцияда қолданылатын болады:

«163-1-бап. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының төрағасы

1. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының төрағасын Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы мүшелерінің жалпы жиналысында құпия дауыс берумен Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының Жарғысымен айқындалатын тәртіппен әрбір бес жылға сайланады.

2. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасына басшылықты Ұлттық палатаның төрағасы жеке дара жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасының Жарғысында сонымен қатар өзге басқару органдары көзделуі мүмкін.

3. Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы төрағасының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Ұлттық палата мүшелерінің жалпы жиналысының ш е ш і м і м е н :

1) ө з е р к і м е н ;

2) уәкілетті органның ұсынымы бойынша не әр өңірден әрекет ететін жеке сот орындаушыларының жартысынан астамының бастамасы бойынша рұқсат етіледі.»

7. Осы Заңның 165-бабының 2-2, 2-3-тармақтары, 167-бабының 3,4-тармақтары 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады деп белгіленсін.

8. Осы Заңның 167-бабының 4-1) тармағы Жеке сот орындаушыларының ұлттық палатасы басшысының 3 жылға тағайындау мерзімі өткенге дейін қолданылады деп б е л г і л е н с і н . » .

112. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113- құжат; 2011 ж., № 1, 2- құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 10 шілдеде «Қазақстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының З а ң ы) :

1) 13-баптың 7), 8), 9), 10), 10-1), 11), 12), 13), 14), 15), 15-1), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 22-1), 23), 24), 25), 26), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37), 38), 39), 40), 41), 43), 45), 46), 47), 48), 49), 50), 51), 53-1), 60-1) тармақшалары алып тасталсын;

2) 1 4 - б а п т а :

- 4), 20), 21), 26) тармақшалар алып тасталсын;
14-бап мынадай мазмұндағы 41-17), 41-18), 41-19), 41-20), 41-21), 41-22), 41-23), 41-24), 41-25), 41-26), 41-27), 41-28), 41-29), 41-30), 41-31), 41-32), 41-33), 41-34), 41-35), 41-36), 41-37), 41-38), 41-39), 41-40), 41-41), 41-42), 41-43), 41-44), 41-45), 41-46), 41-47), 41-48), 41-49), 41-50), 41-51), 41-52), 41-53), 41-54), 41-55), 41-56), 41-57), 41-58), 41-59), 41-60), 41-61), 41-62) тармақшалармен толықтырылсын:
- «41-17) Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 41-18) Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 41-19) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларын бекітеді;
- 41-20) Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларын бекітеді;
- 41-21) Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларын бекітеді;
- 41-22) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекітеді;
- 41-23) Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидаларын бекітеді;
- 41-24) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және оларды жөндеу қағидаларын бекітеді;
- 41-25) Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекітеді;
- 41-26) Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекітеді;
- 41-27) Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органын және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметін сертификаттау және сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтеріне қойылатын сертификаттық талаптарды бекітеді;
- 41-28) Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларын бекітеді;
- 41-29) азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестатталуға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесін бекітеді;
- 41-30) Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиациясы әуе кемелерінің экипаж мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалысын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;
- 41-31) Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және сертификат

- беру қағидаларын бекітеді;
- 41-32) Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға жіберу қағидаларын бекітеді;
- 41-33) Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидаларын бекітеді;
- 41-34) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарын азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдардың авиациялық стандарттарын қолдануға жіберу қағидаларын бекітеді;
- 41-35) аэроклубтар туралы үлгілік ережені бекітеді;
- 41-36) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді;
- 41-37) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында бортсеріктердің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;
- 41-38) Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекітеді;
- 41-39) азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларын бекітеді;
- 41-40) азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) азаматтық әуе кемелерін пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін бағалау әдістемесін бекітеді;
- 41-41) Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 41-42) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының ұшуын электрмен жарықпен техникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 41-43) Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді;
- 41-44) Азаматтық әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 41-45) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық жанар-жағармай материалдары мен арнаулы сұйықтықтарды сақтау, құюға беруге дайындау және олардың сапасына бақылау жүргізу қағидаларын бекітеді;
- 41-46) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуын орнитологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 41-47) Қазақстан Республикасының әуежайларында жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;
- 41-48) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекітеді;
- 41-49) Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуды авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 41-50) авиатасымалдауды ұйымдастыру қызметі туралы үлгілік ережені бекітеді;
- 41-51) авиациялық қауіпсіздік қызметі туралы үлгілік ережені бекітеді;

41-52) азаматтық авиация ұйымдарының өндірістік-диспетчерлік қызметі туралы
ү л г і е р е ж е н і б е к і т е д і ;

41-53) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеруді
ұйымдастыруын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекітеді;

41-54) Әуе кемелерін ұшу алдында және арнайы қарап тексеру қағидаларын
б е к і т е д і ;

41-55) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының
авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының
тізбесін, сондай-ақ осындай лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

41-56) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификатталған
т а л а п т а р д ы б е к і т е д і ;

41-57) авиациялық оқу орталықтарына қойылатын сертификатталған талаптарды
б е к і т е д і ;

41-58) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу
жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификатталған талаптарды бекітеді;

41-59) азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету
ұйымдарына қойылатын талаптарды бекітеді;

41-60) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеруді
ұйымдастыруы бойынша қойылатын сертификатталған талаптарды бекітеді;

41-61) авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуемен тасымалдауларды
орындауға рұқсат беру қағидаларын бекітеді;

41-62) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу
қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т е д і ; » ;

3) 16-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган азаматтық авиация
саласындағы уәкілетті орган бекітетін сертификаттық талаптарға сәйкес болған кезде
өтініш берушіге сертификат (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік)
б е р е д і . » ;

4) 35-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әуеайлақтардың метеорологиялық органдары ұшуды метеорологиялық
қамтамасыз етуді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан
Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету
қағидаларына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясын
метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.»;

5) 35-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарын және
(немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтерін
сертификаттау тәртібін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

6) 4 0 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына алдын ала хабарланған кезде қонбай орындалатын ұшуларды қоспағанда, халықаралық тұрақты емес (біржолғы) ұшуды орындауға арналған рұқсаттардың;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Азаматтық әуе кемелерінің халықаралық тұрақты емес (біржолғы) ұшуын орындауға арналған рұқсаттарды осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган береді.

Азаматтық әуе кемелерінің халықаралық тұрақты емес (біржолғы) ұшуын орындауға арналған рұқсаттарды беру және қонбай орындалатын ұшуды орындау туралы алдын ала хабарлама беру тәртібі Халықаралық тұрақты емес ұшуды орындауға рұқсаттар берудің және рұқсаттар беруден бас тарту үшін негіздердің қағидаларымен белгіленеді.» ;

7) 44-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен, Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларына сәйкес әуе кемелері пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.»;

8) 47-баптың 2-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Аса жеңіл авиация әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асырады.» ;

9) 54-баптың 7-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Азаматтық және эксперименттік авиацияның ұшу қауіпсіздігіне тікелей байланысты авиация персоналының жұмыс уақыты режимінің ерекшеліктерін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

10) 76-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Коммерциялық әуемен тасымалдау әуемен тасымалдау шарты негізінде орындалады. Әуемен тасымалдау шарты авиакомпания не ол уәкілеттік берген тұлғалар (агенттер) беретін тасымалдау құжаттарын ресімдеу арқылы куәландырылады .

Жолаушыларды, багаж бен жүктерді коммерциялық әуе көлігімен тасымалдау азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

11) 80-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары арасында тұрақты әуе көлігімен тасымалдауларды жүзеге асыруға арналған халықаралық және субсидияланатын (облысшілікті қоспағанда) авиамаршруттарды бөлуді азаматтық авиация саласындағы

уәкілетті орган конкурстық негізде жүргізеді. Жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін субсидияланатын облысшілік авиамаршруттарға арналған конкурсты жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Конкурс жеңімпаздарына авиамаршрутқа арналған куәліктер беріледі.

Конкурста жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша халықаралық авиамаршрутқа конкурс өткізу және авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларында, сондай-ақ субсидияланатын авиамаршрутқа конкурс өткізу және жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларында белгіленген біліктілік талаптарына сай келетін авиакомпаниялар жіберіледі.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар авиамаршрутты пайдалану талаптарын орындамаған жағдайда, авиакомпаниядан авиамаршрутқа арналған куәлікті қайтарып алады.»:

12) 90-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген объектілерді орналастыру жергілікті атқарушы органдар немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсаттарға сәйкес жүзеге асырылады.».

113. «Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 22, 127-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі, биотын өндірісі саласындағы және айналымы саласындағы уәкілетті органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.»;

2) 5-баптың 1), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшалары алып тасталсын;

3) 6 - бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1) биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу және қолдау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;»;

3), 8) және 10) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1), 13-2) және 13-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-1) биотын өндірісі бойынша өндірістік қуаттардың шекті көлемдерін айқындайды;

13-2) биотын өндірушілердің биотын өндірісін мониторингілеуді жүзеге асыру

үшін қажет есептер ұсыну нысандары мен оларды биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға тұсыну тәртібін бекітеді;

13-3) биоотын өндірісі мен айналымы саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді; » ;

4) 7 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) биоотын айналымы бойынша декларациялардың нысанын, оларды тапсыру тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді және бекітеді;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«7) ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

5) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:
«7-1-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті
Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы :

1) өз құзыреті шегінде биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) биоотын өндірісі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) биоотын өндіру зауытын салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемеге салалық сараптама жүргізеді;

4) биоотын өндірісіне мониторинг жүргізеді;
5) биоотын өндірісі бойынша өндірістік қуаттардың шекті көлемдерін айқындау жөнінде биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.»;

6) 11-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) биоотын етіп кейіннен қайта өңдеу үшін тамақ шикізатын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квотадан асатын көлемде пайдалануға;»;

7) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Биоотын өндірісі саласындағы камералдық бақылау
Биоотын өндірісі саласындағы камералдық бақылауды биоотын өндірушілер ұсынатын ведомстволық есептілікті, тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, бақылау аспаптары көрсеткіштерін зерделеу және талдау негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.» ;

22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бұзушылық анықталған (биоотын нарығына қатысушылар осы Заңның 20 және 21-баптарында көрсетілген құжаттарды табыс етпеген не оларды зерделеу және талдау кезінде бұзушылықтар анықталған) жағдайларда биоотын айналымы саласындағы уәкілетті орган мұндай бұзушылық анықталған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде биоотын нарығына қатысушыға хабарлама тапсырады.».

114. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; 2014 жылғы 15 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 1 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

2. Қаржыландыру көзіне қарамастан, жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпарат жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға сақтау, жүйелеу және жинақтау үшін жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға, ол бекіткен тәртіпке сәйкес міндетті түрде ақысыз беруге жатады.»;

3-тармақтың төтінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге әкету ережелерін құзыретті орган бекітеді .
»

4-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарихи шығындарды және геологиялық ақпараттың құнын айқындау тәртібін құзыретті орган бекітеді.»;

2) 16-баптың 3), 6), 8), 10), 12), 15), 16), 17), 18), 20), 21), 24), 25), 26), 27), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37), 38), 39), 40), 41), 42), 43), 44), 46), 47), 48), 49), 51), 52), 53), 54), 55), 56), 57), 59), 60), 61) тармақшалары алып тасталсын;

3) 1 7 - б а п т а :

6), 14), 20), 23-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында, ол бекіткен қағидаларға сәйкес минералдық шикізатты бастапқы өңдеуге (байытуға) жататын жұмыстар тізбесін айқындау бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;»;

«14) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, конкурсқа шығаруға жататын жер қойнауы учаскелері тізбелерін әзірлеу;»;

«20) модельдік келісімшарттардың жобаларын әзірлеу және бекіту;»;

«23-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, көмірсутек шикізатын өндірудің, өткізудің және тұтынудың ұлттық балансын, оның ішінде ұлттық отын-энергетикалық балансты әзірлеу;»;

мынадай мазмұндағы 27-4), 27-5), 27-6), 27-7), 27-8), 27-9), 27-10), 27-11), 27-12), 27-13), 27-14), 27-15), 27-16), 27-17), 27-18), 27-19), 27-20), 27-21), 27-22), 27-23), 27-24), 27-25), 27-26), 27-27), 27-28), 27-29), 27-30), 27-31), 27-32), 27-33), 27-34), 27-35) тармақшалармен толықтырылсын:

«27-4) жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды өткізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін бекітеді;

27-5) пайдалы қазбаларды барлау және өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдаланудың бірыңғай қағидаларын бекітеді;

27-6) кең таралған пайдалы қазбалары бар, конкурсқа шығарылуға тиісті жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;

27-7) Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссиясы және пайдалы қазбалар қоры жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекітеді;

27-8) жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды өткізу кезінде тауарлар, жұмыстар мен қызметтер және осы тізілімге кіргізу үшін оларды бағалау критерийлерін қоса алғанда, оларды өндірушілердің тізілімін қалыптастыру мен жүргізу тәртібін бекітеді;

27-9) келісімшарт талаптарының сақталуын мониторингілеу мен бақылау тәртібін айқындайды;

27-10) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат беру тәртібін айқындайды;

27-11) жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

27-12) Қазақстан Республикасының кен орындарын алғашқы ашушылар туралы ережені бекітеді;

27-13) Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекітеді;

27-14) Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекітеді;

27-15) Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге әкету ережелерін бекітеді;

27-16) жер қойнауын мемлекеттік мониторингілеуді жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

27-17) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану туралы есептерін ұсыну тәртібін бекітеді;

27-18) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың жобаларын сараптауды жүзеге асыру қағидаларын белгілейді;

27-19) пайдалы қазбалар қорларын мемлекет балансына енгізу және оларды мемлекет балансынан есептен шығару тәртібін белгілейді;

27-20) кен орындарының және пайдалы қазбалар көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін белгілейді;

27-21) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы бойынша мемлекеттік органдарға ақпарат беру тәртібін бекітеді;

27-22) жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау тәртібін белгілейді;

27-23) тарихи шығындарды және геологиялық ақпарат құнын айқындау тәртібін бекітеді;

27-24) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

27-25) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшартты (шартты) жасасу тәртібін белгілейді;

27-26) жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау ережелерін бекітеді;

27-27) жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті ұсыну нысанын бекітеді;

27-28) техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін бекітеді;

27-29) «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі» деген мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекітеді;

27-30) ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекітеді;

27-31) электрондық сатып алу жүйелері жұмыстарының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен кадамдастыру тәртібін бекітеді;

27-32) тәулігіне екі мың текше метр және одан да көп көлемдегі өндірістік-техникалық жерасты суларын пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес қаттарға айдау үшін оларды барлау мен өндіруге не тау-кен қазбаларын пайдалану кезінде су деңгейін төмендету мақсатында жерасты суларын өндіруге арналған рұқсатты беру тәртібін бекітеді;

27-33) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды

есептеу тәртібін бекітеді;

27-34) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасаудың және ұсынудың нысандары мен тәртібін бекітеді;

27-35) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға немесе Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталған шығыстар мөлшері жөніндегі міндеттемелерді орындау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың есептерін жасаудың және ұсынудың нысандары мен тәртібін бекітеді;»;

4) 18 - б а п т а :

6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағу тәртібін бекітеді және рұқсат береді;

7) жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау тәртібін әзірлеу және бекіту;

8) мұнай өндірудің және айналымының бірыңғай дерекқорын жүргізу тәртібін әзірлеу және айқындау;

9) жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларымен байланысты өзге де объектілерді құру, пайдалануға беру және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

10) жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақта өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11) теңізде, ішкі су қоймаларында, төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

12) теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу тәртібін әзірлеу және белгілеу;

13) еркін өткізу қуаты болған жағдайда магистральдық құбырлар мен темір жол эстакадалары қуаттарын пайдалану тәртібін әзірлеу және бекіту;

14) мұнай операцияларын жүргізу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;»;

5) 19 - б а п т а :

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті ұсыну нысанын әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

«25-1) кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жер қойнауын пайдаланушыларға қызмет көрсету қағидаларын бекіту.»;

6) 2 0 - б а п т а :

6), 12 тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

«12) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеуді жүзеге асырады;»;

7) 2 5 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды ағызудың тәртібін белгілейді және мемлекеттік кадастрын жүргізеді ; » ;

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

«8-2) құзыретті органмен келісім бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың жобаларына экологиялық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын белгілейді ; » ;

8) 26-бап мынадай мазмұндағы 3, 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті орган құзыретті органмен келісім бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобасына экономикалық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын белгілейді.

4. Құқықтық реттеу саласындағы уәкілетті орган құзыретті органмен келісім бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобасына құқықтық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын белгілейді.»;

9) 2 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлаумен немесе өңдеумен байланысты емес кең таралған пайдалы қазбалар бойынша және жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;»;

мынадай мазмұндағы 13-2) және 28-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-2) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан

орындарда жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат береді;»;

«28-1) қалалар мен елді мекендердің аумақтарына құрылыс салу қағидаларын, жас екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын әзірлейді және мәслихатқа бекітуге ұсынады;»;

10) 35-баптың 5, 6, 8, 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық мақсатындағы жерасты суларын тәулігіне елу текше метрден екі мың текше метрге дейін алу лимиттерімен өндіру құқығын беру, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, суды бұру саласындағы уәкілетті орган берген рұқсаттың негізінде құзыретті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Жер қойнауын пайдаланушыға пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес өндірістік-техникалық жерасты суларын тәулігіне екі мың және одан да көп текше метр көлемінде қаттарға айдау үшін оларды барлау немесе өндіру не тау-кен өнімдерін пайдалану кезінде суды азайту мақсатында жерасты суларын өндіру құқығын беру, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсат беруі арқылы құзыретті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың ережелері жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы жүзеге асыратын, тау-кен қазбаларын пайдалану кезінде суды төмендету мақсатында жерасты суларын өндіруге қолданылмайды.»;

«8. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізуге жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісімшарт (шарт) жасасу жолымен құзыретті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.»;

«10. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларға арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша рұқсаты негізінде құзыретті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

11) 44-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асырудың ерекшеліктерін, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібінің ерекшеліктерін құзыретті орган айқындайды.»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшартты (шартты) қоспағанда, келісімшарттың талаптары құзыретті орган бекітетін жер қойнауын пайдалану түрлері бойынша модельдік келісімшарттардың ережелері ескеріліп айқындалуға тиіс және мынадай талаптарды:»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (шарт) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жасалады.»;

13) 76-баптың 17), 18), 19), 20), 21-1), 22), 32) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«17) сатып алуды жүргізу жоспарланып отырған жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей не жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей, жыл сайын құзыретті органға құзыретті орган бекіткен нысандар бойынша және тәртіппен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың алдағы жылға арналған жылдық бағдарламасын ұсынуға;

18) 1 ақпаннан кешіктірмей не жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей, жыл сайын құзыретті органға құзыретті орган бекіткен нысандар бойынша және тәртіппен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың алдағы кезеңдерге арналған орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларын ұсынуға;

19) есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын құзыретті органға құзыретті орган бекіткен нысандар мен тәртіп бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есептерді ұсынуға;

20) есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын құзыретті органға құзыретті орган бекіткен нысандар бойынша және тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға немесе құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталатын шығыстар мөлшері бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есептер ұсынуға;»;

«21-1) есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын құзыретті органға құзыретті орган бекіткен нысандар мен тәртіп бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі есепті ұ с ы н у ғ а ; » ;

«22) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен Өндіруші салалардағы қызметтік ашықтығы бастамасының талаптарына сәйкес аудиторлық есеппен расталған есептілікті ұсыну;»;

32) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық

бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде бес жұмыс күні ішінде құзыретті органға құзыретті орган бекіткен нысандар бойынша және тәртіппен осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат беруге;»;

14) 77-баптың 2, 3, 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иелену тәртібін құзыретті орган айқындайды.

3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иелену жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі міндетті түрде пайдаланылып немесе жер қойнауын пайдаланушының құзыретте орган бекіткен тәртіппен Интернет желісінің қазақстандық сегментінде орналастырылған, жұмысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен ілеспелі түрде жүргізілетін электрондық сатып алудың өзге де жүйелерін пайдалануы арқылы осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және

4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен жүргізіледі.»;

«6. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иеленудің құзыретті орган белгілеген тәртібі бұзыла отырып сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иелену жөніндегі шығыстар құзыретті орган келісімшарттық міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының орындауы ретінде есепке алатын шығыстардан алып тасталады.»;

1 5) 8 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

«2. Көмірсутектер кен орындарын игеруді жүргізу құзыретті бекітетін, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.»;

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жоба өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісілген болса;»

16) 85-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістеме бойынша есептелген нормативтер мен көлемдер шегінде жер қойнауын пайдаланушы жобалау құжаттарын сақтаған жағдайда, мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның жер қойнауын зерделеу мен пайдалану және

өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органдармен келісілген рұқсаты бойынша
ж о л б е р і л е д і .

Ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органы бекітеді»;

17) 91-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің төгілуін жоюға арналған арнайы жабдық өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда есепке қойылуға тиіс.»;

18) 92-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұңғымаларды салу және оларды пайдалануға беру жөніндегі барлық операциялар ұңғымаларды салу жобасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Ұңғымаларды салу жобалары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісуге
ж а т а д ы . » ;

19) 93-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы мұндай тұлғаның меншігіндегі не пайдалануындағы теңіз құрылыстарына инспекциялар жүргізу үшін мемлекеттік органдардың өкілдерін, мұндай мемлекеттік органдардың өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы инспекцияларды жүргізуге өкілетті болған жағдайда тасымалдауды өзінің есебінен ұйымдастыруға міндетті. Теңіз құрылыстарында мемлекеттік органдар өкілдерінің инспекцияларын жүргізу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады және ол теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қалыпты қызметіне кедергі келтірмеуге тиіс.»;

20) 95-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Теңізде барлау мен өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының теңіз құрылысында не отыз минуттық қолжетерлік шектерінде теңізді тазалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті мөлшердегі тиісті жабдықтары, материалдары мен заттары болуға міндетті. Материалдарға, заттарға, олардың санына және оларға қолжетімділігіне нормативтер мен талаптарды уәкілетті орган белгілейді.»;

21) 98-баптың 1, 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органы теңізде мұнай операцияларын жүргізуге, ғылыми зерттеулер мен басқа да мақсаттарға арналған жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды қоршаған ортаның қорғалуы мен сақталуы жағдайында салуға, іске қосуға және пайдалануға рұқсат беру мен реттеуге құқылы.»;

«5. Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларымен байланысты өзге де объектілерді құру, іске қосу және пайдалану Қазақстан Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органы бекітетін қағидаларға сәйкес жүргізіледі.»;

22) 101-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Келісімшарттық аумақта өндірілген мұнайды өлшеу мен таразылауды жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органы бекіткен қағидаларға сәйкес жүргізеді.»;

23) 111-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жер қойнауын пайдалану объектілері қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге тиісті лицензиясы бар жобалау ұйымы әзірлеген, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі, өнеркәсіп қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдармен келісуден өткен және уәкілетті орган бекітетін жер қойнауын пайдалану объектілерін жою мен консервациялау қағидаларының негізінде жобаны жобалау мен іске асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуді қаржыландыратын жер қойнауын пайдаланушы бекіткен жою немесе консервациялау жобасына сәйкес жойылады немесе консервацияланады.»;

24) 113-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салу, сондай-ақ олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын орналастыру, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның рұқсатымен пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылыс салудың экономикалық тиімділігі дәлелденген жағдайда жүргізіледі.»;

25) 114-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Теңізде, ішкі су қоймаларында, төтенше экологиялық жағдайлар аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын жүргізудің тәртібін Қазақстан Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органы бекітеді.»;

26) 115-баптың 3 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және өнеркәсіптік санитария қағидалары мен нормаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.»

«8. Жер қойнауын пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органы бекіткен қағидаларға сәйкес келісімшарт негізінде кәсіби авариялық-құтқару қызметтері қызмет көрсетеді.»;

27) 119-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жер қойнауын пайдаланушылар бастапқы есепке алу материалдарына негізделген жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті уәкілетті орган бекітетін арнаулы нысандарға сәйкес ұсынады.»;

28) 120-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру тәртібін уәкілетті
о р г а н б е л г і л е й д і . » ;

29) 123-баптың 3 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс-белгілерінің мемлекеттік
кадастрын жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

«6. Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары бойынша мемлекеттік
комиссиясының және пайдалы қазбалар қорлары бойынша өңіраралық комиссиялардың
қызметін ұйымдастыру, олардың құрамы, жұмыс регламенті мен іс қағаздарын жүргізуі
уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары
бойынша мемлекеттік комиссиясы және пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі
өңіраралық комиссиялар туралы ережеде айқындалады.»;

30) 124-баптың 1, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау
саласындағы ақпаратты жедел алу, шешімдерді қабылдау, жер қойнауына зиянды
заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін және сарқынды суларды ағызатын жерлердің
жай-күйін жоспарлы бақылау мақсатында жер қойнауына зиянды заттарды,
радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды ағызудың мемлекеттік
кадастрын жүргізу тәртібін белгілейді.»;

«3. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен
сарқынды суларды ағызудың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін Қазақстан
Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органы белгілейді.»

31) 125-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жер қойнауын
зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган құзыретті орган бекітетін тәртіппен
ж ү р г і з е д і . » ;

32) 127-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан
келтірілген нұқсанның мөлшерін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі
уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесе отырып, уәкілетті орган
белгілеген тәртіппен айқындайды.»;

115. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»
2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11,
102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 г., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-
құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-
құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-
құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; № 23-
24, 116-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат
; 2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда»

газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 12-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның объектіге сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды тиісті орындауын анықтау мақсатында баруына ; » .

116. «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 4, 36-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат, № 1, 4-құжат):

1) 3-баптың 15), 16) тармақшалары алып тасталсын;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту;

5-2) ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде ұйымдастыру және жүргізу тәртібін бекіту; »

3) 22-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.» .

117. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) – мемлекеттік басқарудың тиісті

саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомосі. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мүлікке қатысты құқықтарды өзге де мемлекеттік органдарға берген жағдайда, осы Заңның тиісті саланың уәкілетті органы туралы қағидалары осындай мемлекеттік органға қолданылады;»;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) мемлекеттік мүлік тізілімі – арнаулы мемлекеттік органдардың және мемлекеттік материалдық резервтің жедел басқаруындағы мүлікті қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі;» ;

2) 11-баптың 7), 9), 9-1) тармақшалары алып тасталсын;

3) 13 - б а п т а :

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттік саясатты қалыптастырады, өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;» ;

«3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып: акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму Жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды мониторингілеу мен іске асырылуын бағалау; акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды мониторингілеу мен іске асырылуын бағалау;

4-2) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін айқындайды;»;

4) 18-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

5) 74 - б а п т а :

3 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (республикалық мүлікті жалдауға беруші (жалға беруші) б е р е д і .

Коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) жергілікті атқарушы орган (

коммуналдық мүлікті жалдауға беруші (жалға беруші) береді. Егер осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

«5. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шартының талаптары осы Заңда айқындалған шектеулер ескеріле отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік шартпен айқындалады.»;

6) 7 5 - б а п т а :

3 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық мүлікті сенімгерлік басқаруға мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган (республикалық мүлікті сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы) береді

Коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруға жергілікті атқарушы орган (коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы) береді.

Егер осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

«6. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының талаптары осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалады. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқарудың үлгілік шартын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.»;

7) 96-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүліктік кешендер ретінде кәсіпорындарды немесе табиғи монополия субъектілері немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайды иеленетін нарық субъектілері болып табылатын ұйымдардың мемлекетке тиесілі акцияларын жекешелендіру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.»;

8) 107-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға және тиісті орталық атқарушы органдарға көрсетілген рәсімдерді жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде хабарлайды;»

9) 120-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету салаларын дамыту үшін кейіннен меншікке өтеусіз бере отырып шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлікпен басқаруға беру тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

10) 124-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әділет министрлігі бекіткен үлгі жарғының (жалпы ереженің) негізінде

мемлекеттік мекеме тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша, ал мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша қызметті жүзеге асырады. »

11) 139-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Басшыны тағайындау, осы Заңда көзделген жағдайларда басшының кандидатурасын келісу, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік білім беру кәсіпорындарының бірінші басшыларын қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады. » ;

1 2) 1 4 0 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.»;

1 3) 1 4 8 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді. » ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.»;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды. » ;

14) 185-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарлары Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге және әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджет параметрлеріне

сәйкес әзірленеді және мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлар кеңестері (байқау кеңестері) б е к і т е д і .

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

3. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының іске асырылуын бағалауды олардың директорлар кеңестері (байқау кеңестері) жүзеге асырады.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жоспарларын іске асыру мониторингі мен бағалау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуы бойынша есепті ұсыну тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті о р г а н а й қ ы н д а й д ы . » ;

15) 186-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
«Акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) дивидендтерінің (кірістерінің) көлемін, коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) жергілікті атқарушы о р г а н б е л г і л е й д і . » ;

16) 198-баптың 1-тармағында:
6) тармақша алып тасталсын;
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есепке алуды мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.»;

17) 202-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

«3. Мемлекеттік мүліктің мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды және артық, пайдаланылмаған не мақсатқа сай пайдаланылмаған мүлікті алып қоюды, республикалық мүлікке қатысты – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, коммуналдық мүлікке қатысты жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңнамасы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

18) 211-бапта:
1-тармақтың бірінші абзацы мен 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мынадай мүлікті:

5) республикалық меншікке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеусіз өткен мүлікті, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

« 7) т ә р к і л е н г е н ;

8) сот актілерінің негізінде мемлекеттің кірісіне айналдырылған заттай айғақтарды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен, оның ішінде мемлекеттік пайдасына бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары оларға қатысты жекелеген негіздер бойынша есепке алуды, сақтауды және одан әрі пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік мүліктің құрамына түскен мүліктің түрлерін Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і а й қ ы н д а й д ы . » ;

19) 216-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«216-бап. Сыйлыққа құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Лауазымдық жағдайларына байланысты немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты мемлекеттік қызметшілерге жария түрде немесе ресми іс-шаралар кезінде, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне берілген (тапсырылған), құны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген он айлық есептік көрсеткіштен асатын сыйлықтар мемлекетке берілген сыйлық болып есептеледі және мемлекеттік мүліктің құрамына түседі, ол арнаулы мемлекеттік қорды қалыптастырады және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен және шарттарда мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органдарға тапсырылады .

2. Арнаулы мемлекеттік қордағы мүлікті өткізу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле от ы р ы п жү р г і з і л е д і .

3. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар арнаулы мемлекеттік қорға сыйлықты тапсырған тұлға оны сатып алудан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда ғана сыйлықты үшінші тұлғаларға өткізуге қ ұ қ ы л ы . » ;

20) 217-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сапасы мен қауіпсіздігіне нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін азық-түлік шикізатын, тамақ өнімдерін, шыққан елі белгіленбеген, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және санитариялық-эпидемиологиялық

қағидалар мен нормаларға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін, акциздік таңбаларсыз өткізілетін темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар басқа да бұйымдарды, сондай-ақ тасымалдауға, сақтауға, өткізуге, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мен сертификаттауды жүргізуге байланысты шығындары өздерінің бағалау құнынан асып түсетін тауарлардың шамалы партияларын және өзге де мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар құратын комиссия жояды.».

22) 211-бапта «атқарушылық іс жүргізу органдары» деген сөздер «мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 213-бапта «атқарушылық іс жүргізу органы» және «атқарушылық іс жүргізу органдары» деген сөздер тиісінше «мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган» және «мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 216-баптың 1 және 3-тармақтарында «атқарушылық іс жүргізу органдарына» және «атқарушылық іс жүргізу органдары» деген сөздер тиісінше «мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға» және «мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 217-бапта «атқарушылық іс жүргізу органдары» деген сөздер «мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын.

118. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 10 шілдеде «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 1-баптың 11-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11-1) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлерін, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға мұнай өнімдерін сақтау және жеткізіп беру жөніндегі қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлға;»;

2) 6-баптың 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 12-2), 12-3) тармақшалары алып

т а с т а л с ы н ;

3) 7 - б а п т а :

3) тармақша алып тасталсын;

5), 9), 15), 18), 21-1), 21-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингінің жүзеге асырылу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

«9) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленетін мұнай өнімдерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

«15) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізудің шекті бағаларын бекітеді;»;

«18) шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеуге мұнай берушілердің қол жеткізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

«21-1) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

21-2) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға беретін мұнай өнімдерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 21-3) және 21-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«21-3) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізудің шекті бағаларын айқындау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

21-4) инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу, бекіту және келісу, сондай-ақ олардың іске асырылуы туралы есептілікті ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

4) 8-баптың 6), 7), 9), 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу, алу, беру, есепке алу, сақтау және ұсыну қағидаларын бекітеді;

7) дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын бекітеді;»;

«9) мұнай өнімдерінің айналымы жөнінде декларациялар нысандарын, оларды ұсыну және жасау қағидаларын бекітеді;»;

«12) автожанармай құю станциясында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналының нысанын және оны жүргізу қағидаларын бекітеді;»;

5) 9 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізудің шекті бағаларын келіседі;»;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган;»;

б) 12-баптың 1-тармағының 2) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мұнай өнімдерін өндіруді жүзеге асыру басталғанға дейін мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес дербес сәйкестендіру нөмір-кодын беруге өтінім жіберуге;»;

«5) мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес инвестициялық бағдарламаларды іске асыру туралы есептілік ұсынуға;»;

7) 14-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында маңызды әлеуметтік мәні бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикасына елеулі ықпал ететін мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізу бағаларына мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен мемлекеттік реттеу белгіленуі мүмкін.

2. Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізуге шекті бағалар белгілейді.»;

8) 18-баптың 8-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1. Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор баға белгілеу тәртібін қамтитын, мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидаларына сәйкес мұнай өнімдерін беруді жүзеге асыруға міндетті.»;

9) 19-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мұнай өнімдерін көтерме сауда және бөлшек сауда арқылы өткізу кезінде, сондай-ақ мұнай өнімдерінің экспорты кезінде мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес ілеспе жүкқұжаттар ресімделеді.» ;

10) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мұнай өнімдерінің импортын жүзеге асыратын мұнай өнімдерін көтерме сауда

арқылы берушілер мұнай өнімдерінің импортын жүзеге асыру басталғанға дейін мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне дербес сәйкестендіру нөмір-кодының берілуіне өтінім жіберуге тиіс.»;

11) 23-баптың 4-тармағының 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын.

119. «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 15, 119-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 3, 19-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат, № 11, 63-құжат):

1) 1-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) сарапшылық кеңес - арнайы экономикалық аймақты құрудың немесе таратудың орындылығы мәселесін қарау үшін уәкілетті орган құратын ведомствоаралық консультациялық-кеңесші орган;»;

2) 4-баптың 7), 8), 8-1) және 8-2) тармақшалары алып тасталсын;

3) 5 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шарттарды бекіту;»;

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1), 8-2) және 8-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) сарапшылық кеңес туралы ережені бекіту;

8-2) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеумен пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шартын бекіту;

8-3) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеумен қайтара пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шартын бекіту;»;

11) тармақша алып тасталсын;

4) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) арнайы экономикалық аймақтың қызметіне қатысу үшін арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларын тарту;

4-2) қызметті жүзеге асыру шарттар талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ мониторинг деректерін талдау;»;

2-тармақтың 3) тармақшасындағы «есебін жүргізу жатады.» деген сөздер «есебін жүргізу;» деген сөздермен ауыстырылсып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) қызметті жүзеге асыру шарттар талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ мониторинг деректерін талдау жатады.»;

5) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Арнайы экономикалық аймақты құруға мүдделі орталық немесе жергілікті

атқарушы органдар, заңды тұлғалар арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсынысты уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес ресімделген арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасымен қоса уәкілетті органға енгізеді.»;

6) 14-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ұсынылған құжаттардың уәкілетті орган бекіткен құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді;»;

7) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Басқарушы компанияны басқару үшін тұлғаларды конкурстық іріктеуді жүргізу тәртібін, сондай-ақ оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.».

120. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 17, 135-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2013 ж., № 21-22, 115-құжат):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 1-1), 10-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) республикадағы діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізеді»;

«10-1) дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекітеді;»;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізеді;»;

3) 6-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

121. «Ғарыш қызметі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 92-құжат, 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2014 ж., № 7, 37, 4-құжаттар, № 10, 52 - құжат):

1) 8 - бапта:

1), 4), 6), 9), 10), 11), 13), 14), 15), 16), 17), 18) тармақшалар алып тасталсын;

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган):

1) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді қоса алғанда, ғарыш қызметі саласындағы жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау тәртібін әзірлейді;

5) ғарышкерлікке кандидаттарды іріктеу және ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер мәртебесін беру тәртібін бекітеді;

6) ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, біржолғы өтемақы төлеу тәртібін айқындайды;

7) ғарыш кеңістігін пайдалану аясындағы лицензиялауды жүзеге асырады;

8) ғарыш кеңістігін пайдалану аясындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

9) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

10) ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптаманы жүзеге асырады;

11) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін бекітеді;

12) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

13) ғарыш объектілерінің тіркелімін жүргізеді;

14) ғарыш объектілері тіркелімінің нысанын бекітеді;

15) Қазақстан Республикасының ғарышкерлер жасағы туралы ережені бекітеді;

16) ғарыш қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және өз құзыреті шегінде қабылдайды;

17) ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

18) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес ғарыш қызметі саласындағы техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар әзірлеуді ұйымдастырады;

19) жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну тәртібін бекітеді;

20) Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі ұлттық операторының ғарыш түсірілімдерін жоспарлау, Жерді қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу және тарату тәртібін әзірлейді;

21) дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну тәртібін айқындайды;

22) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғарыш жүйелерінің ұлттық операторларын, сондай-ақ олардың міндеттері мен функцияларын айқындау үшін заңды тұлғалардың тізбесін ұсынады;

23) Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде ғарыш жүйелерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын, Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын бекітеді;

24) пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды

кәдеге жарату тәртібін айқындайды;

25) ғарыш қызметі саласындағы аяқталған жобалар бойынша нәтижелерді қабылдау тәртібін белгілейді;

26) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде өз құзыреті шегінде іздестіру, авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ аварияларды тексеруге қатысады;

27) ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптаманы жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

28) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

122. «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 8-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 5-баптың 5)-13), 15) және 16) тармақшалары алып тасталсын;
2) 6 - б а п т а :

«6), 7), 8), 11), 12), 13), 14), 18), 20) тармақшалар жаңа редакцияда жазылсын:

«6) мемлекеттің айрықша құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

7) тауарлық және сұйытылған газды ішкі нарықта көтерме саудада сатудың шекті бағаларын және оларды белгілеу тәртібін бекітеді;

8) газ және газбен жабдықтау саласындағы әріптестік шеңберінде ілеспе газды инвесторларға берудің тәртібі мен шарттарын әзірлейді және бекітеді;»;

«11) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің жұмыс режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

12) тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада сатудың, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелеріне техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын әзірлейді және бекітеді;

13) тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау, сақтау және сату мониторингі бойынша мәліметтер ұсынудың тәртібін әзірлейді және бекітеді;

14) тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада сату және пайдалану тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

«18) Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын жасау тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

«20) газ-желілік ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 7 - б а п т а ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды
ө з і р л е й д і және б е к і т е д і ; » ;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін
қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады.»;

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«1) ішкі нарықта тауарлық және сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің
ш е к т і бағаларын к е л і с е д і ; » ;

4) 15-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын
шикі газдың бағасын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы
а й қ ы н д а й д ы және о л :

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан
Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес есептелетін шикі газ көлемінің бірлігін өндірудің өндірістік өзіндік
құнының негізінде айқындалатын шикі газды өндіруге жұмсалған шығыстарды;

2) ұлттық операторға шикі газды өткізетін жерге дейін оны тасымалдауға
ж ұ м с а л а т ы н шығыстарды ;

3) он пайыздан аспайтын мөлшердегі рентабельділік деңгейін қамтиды.

4. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын
тауарлық газдың бағасын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жер қойнауын
п а й д а л а н у ш ы а й қ ы н д а й д ы және о л :

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан
Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес есептелетін шикі газ көлемінің бірлігін өндірудің өндірістік өзіндік
құнының негізінде айқындалатын шикі газды өндіруге жұмсалған шығыстарды;

2) шикі газдан тауарлық газды өндіруге жұмсалатын шығыстарды;

3) ұлттық операторға тауарлық газды өткізетін жерге дейін оны тасымалдауға
ж ұ м с а л а т ы н шығыстарды ;

4) он пайыздан аспайтын мөлшердегі рентабельділік деңгейін қамтиды.»;

5) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ілеспе газ уәкілетті орган айқындаған
көлемде оның шешімімен уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және талаптармен газ
және газбен жабдықтау саласындағы әріптестік шеңберінде жасалатын шарттың
негізінде тартылатын инвестордың меншігіне беріледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жоспарланған кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің алдағы жарты жылға арналған шекті бағаларын бекітеді.»;

4 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н .

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жоспарланған кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің алдағы тоқсанға арналған шекті бағаларын бекітеді.»;

7 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н .

123. «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 11, 63-құжат):

1) 4-баптың 7), 10), 11), 12), 14), 15), 17), 18), 19), 20), 21) тармақшалары алып т а с т а л с ы н ;

2) 5 - б а п т а :

10), 13), 15), 16), 17), 19), 20), 21), 22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10) жоғары технологиялық өнімдер өндіру жөніндегі қызмет түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

«13) Технологиялық саясат жөніндегі кеңес туралы ережені әзірлейді және оның ережесі мен құрамын бекітеді;»;

«15) салалық конструкторлық бюролардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және б е к і т е д і ;

16) отандық өңделген тауарларды сыртқы нарыққа жылжыту бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) сыртқы нарықтарға жылжыту бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

«19) технологияларды сатып алуға, өнеркәсіптік зерттеулер жүргізуге, бастапқы даму кезеңінде жоғары технологиялық өнім өндіру жөніндегі қызметті қолдауға, шет елдерде және (немесе) өңірлік патенттік ұйымдарда патенттеуге инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

20) технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

21) шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары

білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

22) инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының қызметтеріне ақы төлеу тәртібін әзірлейді және айқындайды;»;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындайды;»;

3) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Технопарктер қызметінің негізгі түрі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің жұмыс істеуінің бастапқы кезеңінде оларға үй-жайлар, жабдықтар беру, бухгалтерлік есеп жүргізу, заңдық, ақпараттық және консультациялық сүйемелдеу, инвестициялар тарту, жобаларды басқару бойынша қызметтер, сондай-ақ индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті өзге де қызметтер ұсынуды білдіретін технологиялық бизнес-инкубациялау болып табылады. Технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін көрсету, сондай-ақ мұндай қызметтер құнын айқындау қағидаларын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.»;

2) 24-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.».

124. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 1, 4-қ ұ ж а т) :

1) 4-баптың 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 17), 18) және 19) тармақшалары алып тасталсын:

2) 5 - б а п т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2), 6-3), 6-4), 6-5), 6-6), 6-7), 6-8), 6-9), 6-10), 6-11), 6-12), 6-13) және 6-14) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекітеді;

6-2) энергия тұтынудың нормативтерін, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін бекітеді ;

6-3) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін б е к і т е д і ;

6-4) Мемлекеттік энергетикалық тізілім операторын айқындайды;

6-5) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметін бағалау тетігін бекітеді;

6-6) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі жөнiндегі талаптарды белгілейді;

6-7) көліктің энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілейді;

6-8) электр қозғалтқыштарының энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілейді;

6-9) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныбын айқындау және қайта қарау қағидаларын бекітеді;

6-10) энергия аудитін жүргізу тәртібін және энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүргізу тәртібін бекітеді;

6-11) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөнiндегі талаптарды бекітеді;

6-12) энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөнiндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекітеді;

6-13) энергия аудитін және (немесе) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ энергия менеджменті жүйесін құру, енгізу және ұйымдастыру жөнiндегі оқу орталықтарының қызмет тәртібін айқындайды;

6-14) орталық атқарушы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөнiндегі есептерінің нысанын және оларды ұсыну мерзімдерін бекітеді;»;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы үлгілік келісімді әзірлейді және бекітеді;»;

19) тармақша алып тасталсын.

125. «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 24-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 10, 52-құжат) :

1) 6-баптың 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 12) тармақшалар алып тасталсын;

2) 7 - бапта :

6), 7), 14), 15), 16), 17), 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурстар

ұйымдастырады, өткізеді және оны бекітеді;

7) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурстар ұйымдастырады және өткізеді және оны бекітеді;

«14) телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

15) міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) телерадио хабарларын тарату мақсаты үшін жиілік белдеулерін, радиожілікті (радиожілік арналарын) бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18) Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ережесін әзірлейді және бекітеді оның құрамына ұсыныстар енгізеді;»;

3) 27-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Телерадио хабарларын тарату желілері, меншік нысанына қарамастан, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қауіп-қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде халықты хабардар ету үшін пайдаланылады. Телерадио хабарларын тарату желілерін көрсетілген мақсаттарда пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілейді.»;

3) 42-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті органы цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға толық көшу мерзімін цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға толық көшкенге дейін кемінде алты ай бұрын айқындайды. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға толық көшу мерзімі туралы ақпарат ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.»

126. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 5, 40-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 10-құжат, № 3, 15-құжат, № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 48-құжат); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының

З а ң ы н а :

1) 6-баптың 1-тармағы 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекіткен нормалар бойынша заттай және басқа да мүлік түрлерімен мемлекет есебінен қамтамасыз етілуге;»;

2) 9-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Азаматтарды әскери қызметке даярлауды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін Азаматтарды әскери қызметке даярлау қағидаларына сәйкес мемлекеттік органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.»;

3) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі айқындайды.»;

4) 14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бекітеді.»;

5) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бекітеді.»;

6) 16-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді және медициналық куәландыруды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бірлескен бұйрығымен бекітілетін Әскери міндеттілерді және әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларында және Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.»;

7) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«33-бап. Әскери міндеттілерді әскери жиындарға шақыру
Әскери міндеттілер:
орталық атқарушы органдар жүргізетін жұмылдыру дайындығы жөніндегі республикалық іс-шаралар шеңберінде – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бұйрығының негізінде;»;

8) 44-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Әскери қызметшілер мемлекет есебінен уәкілетті органның бірінші басшысы белгілейтін нормалар бойынша уәкілетті органның бірінші басшысы айқындайтын тәртіппен заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.»;

9) 44-баптың 7-тармағы бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік

органдарының бірінші басшылары белгілейтін нормалар бойынша мынадай жағдайларда:» ;

10) 46-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұшу жұмыстарында, корабльдік қызметте болатын, жауынгерлік кезекшілік, жауынгерлік қызмет атқаратын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейтін тізбе бойынша жерлерде қызмет өткеретін әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдарына қарамастан, демалыс ұзақтығы 40 тәулік болып белгіленеді.»;

11) 48-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери оқу орындарының бірінші және екінші курс курсанттарына Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі айқындайтын мөлшерде почта жөнелтілімдеріне арналған өтемақы да төленеді.».

127. «Магистральдық құбыр туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 11, 79-құжат; 2014 ж., № 7 (2656), 37-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 5-баптың 4), 5), 7), 8), 9) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

4), 5), 7), 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) магистральдық мұнай құбырларын пайдалану қағидаларын және магистральдық газ құбырларын пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) магистральдық құбырларды күзетуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;» ;

«7) мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау кестесін жасау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

8) жаңа магистральдық құбыр салу жобасын келісу тәртібін әзірлейді және бекітеді;» ;

3) 7-баптың 1-тармағы бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган:».

128. «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 120-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат):

21-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы «атқарушылық іс жүргізу органдарына» және «атқарушылық іс жүргізу органының» деген сөздер сәйкесінше «әділет органдарына» және «әділер органдарының» деген сөздермен ауыстырылсын.

129. «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» 2013 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 6-құжат; № 9, 51-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Салым шарты білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгілік шарт негізінде қатысушы банк пен салымшы арасында қарапайым жазбаша нысанда

ж а с а л а д ы . » ;

2) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін қатысушы банк білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен ынтымақтастық туралы үлгілік келісім негізінде оператормен ынтымақтастық туралы келісім жасасады.».

130. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 5-6, 29-құжат):

1) 6-баптың 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшалары алып тасталсын;
2) 8 - б а п т а :

2), 3) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 9 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іріктеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) оңтайландыруға және автоматтандыруға жататын мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізбесін және оларды электрондық нысанға көшіру мерзімдерін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) бір өтініштің негізінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесін бекітеді;»;

10) тармақша мынадай мазмұнда жазылсын:

«10) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының орталық мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

4) 1 0 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын әзірлейді және бекітеді;»;

5) 13-баптың 1-тармағында:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қойылатын бірыңғай талаптарды қамтамасыз ету үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері көрсететін мемлекеттік қызметтер үшін орталық мемлекеттік органдар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын әзірлейді және бекітеді.

Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік орган көрсететін мемлекеттік қызмет стандарты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша бекітіледі.»;
үшінші бөлік алып тасталсын;

131. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат):

1) 6 - бапта :

2), 6-2) тармақшалар алып тасталсын;

2) 7 - бапта :

9-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9-2) баланың бір жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 9-6) тармақшамен толықтырылсын:

«9-6) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісім бойынша орталық атқарушы орган белгілейді.»

4) 21-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Орталықтан зейнетақы төлеу тәртібін орталық атқарушы орган айқындайды.»;

5) 28 - бапта :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен агентке жіберілетін хабарлама негізінде жүргізіледі.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы баптың 2-тармағында көзделген хабарламаны тапсырған күннен бастап он бес жұмыс күні өткен соң салық органы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен агенттің касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.»

6) 34-баптың 9-тармағының 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«15) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы Орталықпен ақпарат алмасуды жүзеге асыруға;».

132. «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 14, 73-құжат) :

1) 9 - бапта :

1) 2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) өзінің мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығын растайтын, тізбесін уәкілетті орган құжаттарды ұсынуға;
2) 10-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;
3) 11-бап мынадай мазұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:
«1-2) көрсетілетін заң көмегі сапасының критерийлерін бекітеді;»;

133. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 4) тармақшасындағы бірінші, екінші, үшінші, төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

« 4) 3 2 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейді .

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоспарлы кезеңге арналған жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдері, нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштері бар бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен әзірлейді.».

134. «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат, № 10, 52-құжат) :

1) 1-баптың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«21) қала құраушы заңды тұлға – өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын заңды тұлға;»;

2) 1 2 - б а п т а :

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Біліктілік емтиханын өткізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

6-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Тіркеуге, тіркеуден алуға берілетін арыздың, тіркелген адмны деректеріне өзгерістер енгізу нысандарын, сондай-ақ тіркеуді растау және бас тарту нысандарын уәкілетті орган бекітеді.»;

3) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Әкімшінің негізгі сыйақысының ең төмен мөлшері мен оны төлеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

4) 18-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Камералдық бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Камералдық бақылауды жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.»;

5) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Осы бапта көрсетілген хабарламаларды жіберудің тәртібін, нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген хабарламаның орындалуы туралы есептің тәртібін, мерзімдері мен нысандарын уәкілетті орган белгілейді.»;

6) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«21-бап. Әкімшілердің ағымдағы және сұратылатын ақпаратты ұсыну және қабылдау тәртібі

Әкімші ағымдағы және уәкілетті орган сұрататын оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты уәкілетті органға уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.»;

7) 48-баптың 2-тармағында «атқарушылық іс жүргізу органына» деген сөздер «әділет органдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 53-баптың 2-тармағында «жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасына» және «атқарушылық іс жүргізу органына» деген сөздер тиісінше «жеке сот орындаушыларының палатасына» және «әділет органдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 61-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстардың сот шешімімен, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитордың өтінішхаты негізінде оның есебінен орны толтырылады.»;

10) 68-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында «тоқтатыла тұрады;» деген сөздер «тоқтатылады;» деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 86-баптың 2) тармақшасында «жеке сот орындаушыларының алқасына» және «аумақтық атқарушылық іс жүргізу органына» деген сөздер тиісінше «жеке сот орындаушыларының палатасына» және «аумақтық әділет органына» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

12) 99-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Борышкердің (банкроттың) мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібін және оны ұйымдастырушыны Қазақстан Республикасының уәкілетті органы айқындайды.».

13) 119-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Заңды тұлғаларды қала құраушыға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.».

135. «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7 , 36 - қ ұ ж а т) :
1) 1 - б а п т а :

17), 18) және 19) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«17) азаматтық қорғау органдары – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, оның ведомствосы, аумақтық бөлімшелері және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер ;

18) азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған, азаматтық қорғау саласындағы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың қызметі ;

19) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа жедел медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін және Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

мынадай мазмұндағы 19-1), 19-2), 19-3) және 19-4) тармақшалармен толықтырылсын :

«19-1) мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы уәкілетті орган – атқарушылық және бақылау функцияларын, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтің жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы о р г а н ;

19-2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында басшылық пен салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

19-3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа жедел медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт

қауіпсіздігін және Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы органның ведомствосы;

19-4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - ведомство) – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылау, қадағалау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы органның ведомствосы;»;

34), 51) және 52) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«34) материалдық құндылықтар – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның алдына қойылған міндеттерді қамтамасыз ету үшін қажетті, белгілі бір номенклатура мен сақтау көлеміндегі тауарлар;»;

«51) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аттестат – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган беретін, заңды тұлғаның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды орындау құқығын куәландыратын құжат;

52) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды орындауға заңды тұлғаның құқықтылығын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ресми тануы;»;

мынадай мазмұндағы 80) тармақшамен толықтырылсын:

«80) қауіпті техникалық құрылғылар:

– 0,07 мегаПаскаль қысыммен немесе 115 Цельсий градустан аса судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар, қауіпті өнеркәсіптік объектілерде пайдаланылатын қадағалауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, фуникулерлер, лифтілер;

– 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан аса судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары (жылумен қамту ұйымдары), 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін түтіктер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер, бақылауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері.»;

2) 4-баптың 4-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;»;

3) 5 - бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне құлақтандыру сигналдарын және ақпаратты жеткізуді қамтамасыз етеді.»;

3-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың құлақтандыру жүйесін ұдайы әзірлікте ұстап тұруды уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі қ а м т а м а с ы з е т е д і . » ;

5-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«аумақтық деңгейде – жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар кезінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің халқын құлақтандыру үшін – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі не төмен тұрған әкім, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың құлақтандыру жүйесін техникалық тексеру және азаматтық қорғау бойынша оқу-жаттығулар өткізу кезінде – уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің басшысы;»;

4) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы аумақтық бөлімшелерінде құрылады.»;

5) 7 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Республикалық деңгейде уәкілетті органның шешімімен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия құрылады . » ;

6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті атқарушы органдардың басшылары – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялардың төрағалары, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің басшылары төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия төрағаларының орынбасарлары болып т а б ы л а д ы . » ;

6) 1 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, өнеркәсіптік қауіпсіздік және мемлекеттік материалдық резерв салаларында оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді;»;

5), 7), 8), 10), 13), 14), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 28), 29), 30), 35), 36), 37), 47), 49), 50), 51), 53), 54), 60), 61), 64), 66), 67), 68) тармақшалар алып тасталсын;

7) 1 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің, азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің және мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз етеді;»;

8), 9), 10) тармақшалар алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа жедел медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін және Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;»;

14), 15) тармақшалар алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады;»;

17), 18), 23) тармақшалар алып тасталсын;

37) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«37) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасын, сондай-ақ оларды аяқтағаны туралы куәліктің үлгісін бекітеді;»;

39) тармақша алып тасталсын;

45) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«45) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша броньнан шығару тәртібімен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдайды;»;

46), 47), 49), 51) тармақшалар алып тасталсын;

52) тармақша мынадай редакцияда жазылсын;

«52) Қазақстан Республикасының Үкіметіне төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу, жою үшін мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің құрамындағы қолда бар материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстар запастарын пайдалану туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражатты пайдалану туралы ұсыныстар енгізеді;»;

53), 55) тармақшалар алып тасталсын;

58) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«58) азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де жұмыскерлері үшін арнайы нысанды киім үлгілерін белгілейді;»;

59), 60), 61), 62), 65) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 70-1), 70-2), 70-3), 70-4), 70-5), 70-6), 70-7), 70-8), 70-9), 70-10), 70-11), 70-12), 70-13), 70-14), 70-15), 70-16), 70-17), 70-18), 70-19), 70-20), 70-22)

тармақшалармен толықтырылсын:

«70-1) азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидаларын бекітеді;

70-2) бейбіт уақытта және соғыс уақытында төтенше жағдайлар кезінде азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін ұйымдастыру қағидаларын және халықты, мемлекеттік органдарды құлақтандыру қағидаларын бекітеді;

70-3) азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану қағидаларын бекітеді;

70-4) су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекітеді;

70-5) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

70-6) азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және тарту қағидаларын бекітеді;

70-7) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

70-8) азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

70-9) азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіру, эвакуациялық іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекітеді;

70-10) бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану қағидаларын бекітеді;

70-11) еңбек сіңірген жылдарына пайыздық үстемеақылар төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының өтілін есептеу қағидаларын бекітеді;

70-12) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидаларын бекітеді;

70-13) халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекітеді;

70-14) төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларын бекітеді;

70-15) авариялық-құтқару қызметтерін, құралымдарын және құтқарушыларды, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекітеді;

70-16) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

70-17) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

70-18) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өртке қарсы бекеттер құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидаларын бекітеді;

70-19) дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіру қағидаларын бекітеді;

70-20) Қазақстан Республикасының аумағында кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидаларын және бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметінің өкілеттіктерін бекітеді;

70-21) сұңгуірлік жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекітеді;

70-22) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің саны нормативтерін бекітеді;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның жалауы мен нышаны болады. Азаматтық қорғаудың әскери бөлімдерінде жауынгерлік жалаулары болады.

Уәкілетті орган ведомствосының жалауы мен нышанының, азаматтық қорғау әскери бөлімінің жауынгерлік жалауының сипатын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.»;

8) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

«12-1-бап. Мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) мемлекеттік резерв саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен сақтау көлемдері жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау кезіндегі шығыстардың көлемі, құрылымы жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік резервке материалдық құндылықтарды қоюға тапсырыстарды орналастырады;

5) мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану бөлігінде азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) мемлекеттік резерв жүйесін басқаруды жүзеге асырады, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру, сақтау, орнын ауыстыру, жаңарту және нысаналы пайдалану кезінде осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді;

7) мемлекеттік резерв жүйесінің материалдық құндылықтарын сақтауды және жаңартуды ұйымдастырады;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады;

9) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде сақталатын материалдық құндылықтарды түгендеуді жүзеге асырады, түгендеуді жүргізуге тиісті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен мамандарын т а р т а д ы ;

10) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен жүргізілетін операцияларға қатысушылармен жасасылған шарттардан туындайтын талаптар бойынша борыш пен тұрақсыздық айыбын өндіріп алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге а с ы р а д ы ;

11) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтерін б е к і т е д і ;

12) жаңарту тәртібінде мемлекеттік резерв жүйесінің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдайды ;

13) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

13) мемлекеттік резерв номенклатурасын толықтыру мақсатында жұмылдыру резервінің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы шешім қабылдайды ;

15) Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін әзірлейді;

16) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау және пайдалану тәртібінің бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына түгендеу материалдарын жібереді;

17) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының есебін жүргізеді;

18) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

9) мынадай мазмұндағы 12-2-баппен толықтырылсын:

«12-2-бап. Кәсіпкерлік қауіпсіздік саласындағы уәкілеттік орган

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілеттік орган:

1) Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан республикасының нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік актілермен стандарттардың жобаларын әзірлейді, бекітеді және келіседі;

4) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, тексеру жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

- 5) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, аварияларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;
- 6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттауды жүргізеді;
- 7) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат б е р е д і ;
- 8) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды ұдайы қолдануға, жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;
- 9) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оларды іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 10) мемлекеттік инспектордың қызметтік куәлігінің, омырауға тағатын белгісінің, нөмірлік мөртабан мен пломбидің үлгілерін белгілейді;
- 11) мемлекеттік инспекторлар актілерінің нысандарын бекітеді;
- 12) қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға жобалық құжаттаманы келіседі;
- 13) қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдардың, кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының қызмет көрсету қағидаларын бекітеді;
- 14) өнеркәсіп салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін, сондай-ақ атом энергиясын пайдалануға, магистральдық құбырлар мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты қызмет түрлері үшін, оларға қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 15) қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекітеді;
- 16) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды бекітеді;
- 17) жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекітеді;
- 18) қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекітеді;
- 19) қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қағидаларын бекітеді;
- 20) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметтік куәлігінің, омырауға тағатын белгісінің, нөмірлік мөртабан мен пломбидің үлгілерін белгілейді;
- 21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
- 10) 13-баптың 8), 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау кезінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;

9) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қарызға беру және броньнан шығару туралы ұсыныстар енгізеді;»;

11) 14-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) уәкілетті органды, ал әскери басқарудың жергілікті органдары арқылы – уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерін тиісті дәрежедегі жауынгерлік әзірлікті енгізу туралы, сондай-ақ жұмылдыруды жариялау туралы құлақтандырады;»;

1 2) 1 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлардың салдарларын жоюды жүзеге асырады, сондай-ақ уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен бірлесе отырып, олардың алдын алуды және оларды жоюды қ а м т а м а с ы з е т е д і . » ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 21), 22) тармақшалармен толықтырылсын:

«21) 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан аса судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін қауіпті техникалық құрылғылардың, жүк көтергіш механизмдердің, эскалаторлардың, аспалы жолдардың, фуникулерлердің, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілеріндегі лифтілердің қауіпсіз п а й д а л а н ы л у ы н б а қ ы л а у ;

22) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қоюды және есептен алуды жүзеге асырады.»;

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бюджет қаражаты болған кезде уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес уәкілетті органға оның аумақтық бөлімшелері мен оған ведомстволық бағынысты және оның ведомствосына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің ғимараттары мен құрылыстарын материалдық-техникалық жарақтандыруға, салуға, реконструкциялауға және жөндеуге жәрдем көрсетуге құқылы.»;

1 3) 1 6 - б а п т а :

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) азаматтық қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың және мемлекеттік инспекторлардың сұрау салуы бойынша өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы, оның ішінде өздері өндіретін өнімдердің өртену қауіптілігі туралы, сондай-ақ өз аумақтарында болған өрттер, авариялар, оқыс оқиғалар және олардың салдарлары туралы мәліметтер мен қ ұ ж а т т а р д ы б е р у г е ; »

3-тармақтың 9), 12), 19), 20) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

9) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға, төтенше жағдай таралатын есепті аймаққа жататын халыққа және жұмыскерлерге авариялар туралы және қауіпті өндірістік факторлардың туындауы туралы дереу хабар беруге;

12) өнеркәсіп қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне жарақаттану және оқыс оқиғалар туралы ақпарат беруге;

19) өнеркәсіп қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне қауіпті заттардың тасымалданатыны туралы бұларды жүзеге асырғанға дейінгі кемінде күнтізбелік үш күн бұрын жазбаша хабарлауға;

20) өнеркәсіп қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде қауіпті өндірістік объектілерді есепке қоюды, есептен шығаруды жүзеге асыруға;»;

14) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамдық бірлестіктер зардап шеккендерге шұғыл гуманитарлық және өзге де көмек көрсету жөніндегі өз қызметін уәкілетті органмен немесе оның ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен үйлестіреді, олардың іс-қимылдары төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жою жөніндегі тиісті іс-қимылдар жоспарларында көрініс табуға т и і с . » ;

1 5) 1 9 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғанысының тиісті бастықтарының орынбасарлары болып табылады.»;

8 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) уәкілетті орган мен оның ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне;»;

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті органда, оның аумақтық бөлімшелерінде және оның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерде штат санының лимиті шегіндегі лауазымдардың бір бөлігі әскери қызметшілерден, оның ішінде Қорғаныс министрлігінен, арнайы мемлекеттік органдардан, құқық қорғау органдарынан, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан ауыстырылған (іссапарға жіберілген) әскери қызметшілерден ж а с а қ т а л а д ы . » ;

16) 20-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен бірлесе отырып, жыл сайын азаматтық қорғаныс бойынша қалаларды – топтарға, ұйымдарды санаттарға жатқызу жөнінде ұсыныстар дайындайды және бекіту үшін уәкілетті органға жібереді.»;

17) 24-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) уәкілетті органның, оның ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің, авариялық- құтқару қызметтері мен құралымдарының жеке құрамы мен жүгін төтенше жағдайлар аймақтарына жеткізу бойынша көлік-жолаушылар ұшуын;»;

18) 25-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың басшылары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құруға құқылы.»;

19) 36-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды азаматтық қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасын сақтау мақсатында ж ү з е г е а с ы р а д ы . » ;

20) 37-баптың 2-тармағының 4), 5), 6) тармақшалары мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

«4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысы;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары – уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі басшысының орынбасары;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қала ауданының азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, қала ауданындағы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы ж а т а д ы . » ;

2 1) 3 8 - б а п т а :

3-тармақтың 4), 5), 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысы;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары – уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі басшысының орынбасары;

б) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қала ауданының өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – уәкілетті орган ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, қала ауданындағы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы ж а т а д ы . » ;

22) 39-баптың 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі басшысының о р ы н б а с а р ы ;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамы;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысы;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі б а с ш ы с ы н ы ң о р ы н б а с а р ы ;

б) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қала ауданының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, қала ауданындағы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы ж а т а д ы . » ;

23) 46-баптың 2-тармағының үшінші абзаціы мынадай ә редакцияда жазылсын:

«Қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ ұйымдардың, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ұйымдарының басшылары, азаматтық қорғау құралымдарының командирлері, ұйымдардағы азаматтық қорғау жөніндегі сабақ топтарының жетекшілері, барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептер мен орта

кәсіптік оқу орындарының оқытушылары, қауіпті өндірістік объектілердің басшылары уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде даярлықтан және қайта даярлықтан өтеді.» ;

24) 50-баптың 5-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жедел штаб бастығы болып төтенше жағдайды жою басшысының орынбасары болып табылатын, уәкілетті органның немесе оның ведомствосының аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы тағайындалады.» ;

25) 59-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары уәкілетті органнан, өрт қауіпсіздігі саласындағы оның ведомствосынан, аумақтық бөлімшелерінен, мемлекеттік мекемелерден және уәкілетті органның білім беру ұйымдарынан тұрады.» ;

26) 63 - бапта :

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары және қорғаныс, әуе, ішкі су және теміржол көлігі, мемлекеттік орман қоры объектілеріндегі өрттерді сөндіру үшін мемлекеттік өртке қарсы қызметті тарту тәртібі уәкілетті орган мен тиісті мемлекеттік органдар арасындағы келісімдермен регламенттеледі.» ;

28) 68 - бапта :

3-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ерікті өрт сөндірушілердің кейінгі даярлық бағдарламасын өртке қарсы ерікті құралымның басшысы әзірлейді және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің басшысы бекітеді.» ;

4 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өртке уақтылы ден қою үшін уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша өртке қарсы ерікті құралымның басшысы ерікті өрт сөндірушілерді жинау тәртібі мен оларды өрт шыққан жерге жеткізу тәсілін айқындайды .

9. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өртке қарсы ерікті құралымдардың тізілімін жүргізеді.» ;

29) 71 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қауіпті өндірістік объектілерге осы Заңның 70-бабында белгіленген белгілері бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган бекіткен өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларына сәйкес солай деп сәйкестендірілетін кәсіпорындар, өндірістік бөлімшелер және осы кәсіпорындардың басқа да объектілері жатады . » ;

2-тармақтың 2) тармақшасындағы «лифтілер жатады.» деген сөздер «лифтілер;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан аса

судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтары , 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін түтіктер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері ж а т а д ы . » ;

3 0) 7 2 - б а п т а :

2, 3, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау үшін заңды тұлға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға:

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау туралы құжаттарды қарауды, олар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда тіркелген күннен бастап есептелетін он бес жұмыс күні ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган қарау қорытындылары бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат (бұдан әрі – аттестат) беру немесе аттестатты беруден бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы . » ;

7-тармақтың төртінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоғалған, бүлінген аттестаттар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган аттестаттаған ұйым (бұдан әрі – аттестатталған ұйым) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға жазбаша өтініш (аттестаттың жоғалу, бүліну фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып) берген күннен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аттестаттың телнұсқасын беруді жүргізеді.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Аттестатталған ұйымдар туралы немесе аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы ақпаратты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында орналастырады және (немесе) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдарында жарияланады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган берілген және өз қолданысын тоқтатқан аттестаттардың тізілімін жүргізеді.»;

3 1) 7 4 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды, оның ішінде шетелде шығарылғандарын қолдануға рұқсат алу үшін өтініш беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың, қауіпті техникалық құрылғылардың мақсаты және олардың қолданылу саласы туралы

қысқаша ақпаратпен электрондық құжат нысанындағы өтінішті және қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың, қауіпті техникалық құрылғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптама қорытындысының электрондық көшірмесін б е р е д і .

Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат алу үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға:»;

2, 4, 5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар, қауіпті техникалық құрылғылар өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган күнтізбелік он бес күн ішінде оларды қолдануға рұқсат береді.

4. Пайдалану процесінде қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың, қауіпті техникалық құрылғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған кезде, оларды қолдануға берілген рұқсатты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган кері қайтарып алады.

5. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға берілген, қайтарып алынған рұқсаттарды есепке алуды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жол берілген, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар, қауіпті техникалық құрылғылар туралы ақпарат өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.»;

3 2) 7 5 - б а п т а :

1, 2, 3, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды, оның ішінде шетелде шығарылғандарын ұдайы қолдануға рұқсат алу үшін өтініш беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға тәжірибелік партияны қабылдау сынақтары актісінің және аттестатталған ұйымның сараптама қорытындысының электрондық көшірмелері қоса тіркелген электрондық құжат нысанындағы өтінішті б е р е д і .

2. Сынақтар жүргізу жөніндегі комиссияның құрамына өтініш берушінің, аттестатталған ұйымның және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ө к і л д е р і к і р у г е т и і с .

3. Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды ұдайы қолдануға

рұқсатты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган мыналарды:

4. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсатты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі береді. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру тәртібін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындайды.
»

33) 76-баптың 6, 7, 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Декларацияға тіркеу шифрын беру үшін өтініш беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға электрондық құжаттар нысанында өтініш пен декларацияны сараптама қорытындысының сканерленген көшірмесімен бірге береді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарап шығып, декларацияны тіркеу туралы шешім қабылдайды не дәлелді бас тартуды ұ с ы н а д ы .

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган тіркеген декларация уәкілетті органда электрондық құжат нысанында сақталады

7. Қауіпті өндірістік объектіні өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган тіркеген декларациясыз пайдалануға тыйым салынады.

8. Тіркелген декларациялардың тізбесі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.»;

3 4) 7 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен шығару үшін қауіпті техникалық құрылғыны пайдаланатын ұйым басшысы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтініш береді.»;

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қауіпті техникалық құрылғыны есепке қойған, есептен шығарған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қауіпті техникалық құрылғыларды есепке алу журналында және қауіпті техникалық құрылғының паспортында тиісті жазба жасалады.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қою және есептен алу тәртібін жергілікті атқарушы орган а й қ ы н д а й д ы . » ;

3 5) 7 9 - б а п т а :

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын жеткілікті түрде білмейтінін анықтаған кезде олардың талабы бойынша қайта даярлануға жатады.»;

8 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалардың басшылары,

сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларының мүшелері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен үш жылда бір рет емтихан тапсырады.

Өзге де заңды тұлғалардың басшылары және тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларының мүшелері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының немесе оның орынбасарының төрағалық етуімен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің комиссиясына үш жылда бір рет емтихан тапсырады.

12. Емтихан тапсырған адамдарға емтихан комиссиясының төрағасы қолы қойған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган белгілеген бірыңғай үлгідегі к у ә л і к б е р і л е д і . » ;

81-баптың 1-тармағының екінші абзацы, 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұйым оқу дабылдарын және аварияларға қарсы жаттығулар өткізу туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне ж а з б а ш а х а б а р б е р е д і .

2. Оқу дабылы мен аварияға қарсы жаттығуды ұйым басшысы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің және кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының өкілдерімен бірлесіп өткізеді.»;

3 5) 8 2 - б а п т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қауіпті өндірістік факторлар туындағаны және болған оқыс оқиға туралы жұмыскерлерге, төтенше жағдайдың есепті аймағына жататын халыққа, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға дереу хабар береді;

2) бір тәулік ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне хабар береді;»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) болған авария туралы объектіге қызмет көрсететін кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға, ал қауіпті өндірістік факторлар туындаған кезде - төтенше жағдайдың есепті аймағына жататын халыққа және жұмыскерлерге дереу хабар береді;»;

36) 83-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қауіпті өндірістік объектідегі аварияны, авария салдарынан болған жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі өкілінің төрағалық етуімен комиссия жүргізеді.»;

37) 87-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым аварияларды тергеп-тексеру

нәтижелері бойынша ұсынылған іс-шаралардың орындалу мерзімдері туралы жазбаша ақпаратты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне береді.

3. Егер авария техникалық құрылғылардың конструкциялық ақауларынан болған болса, қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым оны дайындаушыға рекламация, ал өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне оның көшірмесін жібереді.»;

38) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«89-бап. Мемлекеттік резерв жүйесі

Мемлекеттік резерв жүйесін мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік резерв саласындағы құрылымдық бөлімше және оның ведомстволық бағынысты ұйымдары құрады.»;

39) 92-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік резервке материалдық құндылықтарды қоюға мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті орган тапсырыс беруші болады.»;

40) 93-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар өздерінің бейіні өзгерген, қайта ұйымдастырылған, жекешелендірілген не таратылған жағдайларда, көрсетілген рәсімдерді жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті орган мен тиісті орталық атқарушы органдарды хабардар етеді.»;

41) 94-баптың 3, 7, 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар қолдану үшін пайдалану мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.»;

«7. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды қарызға беру тәртібімен шығарған кезде уәкілетті орган алушымен шарт (келісімшарт) жасасады.»;

«10. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мемлекеттік резерв тауарларын сатып алуы мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті органда немесе мемлекеттік резерв саласындағы оның құрылымдық бөлімшесінде жүргізіледі.»;

42) 96-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті орган және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган тауарларға баға мониторингін жүргізеді және бағаның нарыққа реттеушілік ықпал етуі орынды болатын деңгейге жеткен жағдайда, уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне сауда қызметінің субъектілері - шығарылатын материалдық құндылықтарды алушыларды,

олардың сауда үстемеақысының көлемін, бағасын және мөлшерін көрсете отырып, нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.»:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті орган сауда қызметі субъектілерімен шарттар жасасу арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің негізінде мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруды жүзеге асырады. Нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығарудан алынған ақша бюджет кірісіне аударылады.»;

43) 99-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«99-бап. Мемлекеттік резервті құрайтын мемлекеттік мүлікті есепке алу

Мемлекеттік резервті құрайтын мемлекеттік мүлікті есепке алуды мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.»;

44) 100-баптың 1, 3, 7, 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық қорғау органдары уәкілетті органда, оның ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде және азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінде қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, құтқарушылар, сондай-ақ өзге де жұмыскерлер қатарынан қызметкерлермен жасакталады.»;

«3. Уәкілетті органда, оның ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде және азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінде әскери қызмет өткеріп жүрген адамдар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәртебеге ие болады және құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.»;

«7. Уәкілетті органда, оның ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде және азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінде қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері әскери және арнаулы атақтарға сәйкес айырым белгілері бар белгіленген үлгідегі нысанды киім-кешек киеді.»;

8. Азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органға ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де жұмыскерлері төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде, оқу-жаттығуларда, жауынгерлік және жедел кезекшіліктерде, оқу орталықтарындағы сабақтарда, жауынгерлік техника сабақтарында, арнайы міндеттерді орындаған кезде арнаулы киім киіп жүреді.»;

45) 101-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уәкілетті органда, оның ведомстволық аумақтық бөлімшелерінде және азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінде қызмет өткеріп жүрген әскери

қызметшілер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органға ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың өзге де қызметкерлері нысанды киіммен және арнайы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі.»;

46) 102-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық қорғау органдарына және уәкілетті орган ведомствосына ведомстволық бағынысты кәсіпорындарға қызметке (жұмысқа) тұратын азаматтар міндетті түрде медициналық куәландырудан, дене шынықтыру даярлығы деңгейін тексеруден, кәсіби қасиетін тестілеуден, психологиялық тестілеуден өтеді, солардың нәтижелері бойынша олардың қызметке (жұмысқа) жарамдылығы айқындалады.»;

136. «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 жыл, № 8, 43-құжат; «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде 2014 жылғы 10 шілдеде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына) :

9-баптың 4), 6), 9), 11), 12) тармақшалары алып тасталсын;

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

«24-1) жекелегени көлік құралдарын көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеу мен есепке алу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекітеді;»;

2) 16-бап мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), 5-3), 5-4) тармақшаларымен толықтырылсын:

«5-1) міндетті техникалық тексеруді жүргізу қызметтерінің құнын айқындау әдістемесін бекітеді;

5-2) жедел шақыру жүйесін ұйымдастыру және пайдалану қағиджаларын бекітеді;

5-3) қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін қоспағанда, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық тексеруден өту кезеңділігін бекітеді;

5-4) жедел шақыру жүйесі операторының функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындайды;»

3) 16-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) әскери полицияда органдарында тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруден өткізуді ұлттық

қауіпсіздік, қорғаныс және ішкі істер саласындағы орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы уәкілетті органдарының бірінші басшысы бекітетін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеу қағидаларын өз ірлейді;»;

3) 36-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жолды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстау және оны басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттама жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін тәртіпте келісілуге және бекітілуге тиіс.»;

4) 51-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) рельстік көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін техникалық ақаулары болған, сондай-ақ, егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган бекіткен рельстік көлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына сай болмаған;»;

5) 76-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Көлік құралдары уақытша иеленуге және пайдалануға берілген адамдарды тіркеуді және есепке алуды уәкілетті орган ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.»;

6) 89 - бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық операторлар тізілімін жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.».

9) 91-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

137. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 жыл, сәуір № 8, 48-құжат; «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде 2014 жылғы 10 шілдеде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4 - бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру.»;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;»;

3) 6 - б а п т а :

1-тармақтың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды, төтенше немесе соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;»;

4) 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық гвардиясы, азаматтық қорғау органдары құрайды.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1 Азаматтық қорғау органдарының құрамы және қызметін ұйымдастыру « Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады;»;

5) 8 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ішкі істер министрлігінің туы, жалауы және рәмізі болады. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарының жалаулары болады.»;

6) 10-баптың 6). 7), 8) 16) тармақшалары алып тасталсын;

7) 11 - б а п т а :

24) тармақшада сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он алтыншы абзацтар алып т а с т а л с ы н ;

25) тармақша мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«жарылғыш материалдарды иемдену, сақтау, есебі, тасымалдау, кіргізу және шығару қағидаларын ;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, есептеу, пайдалану, тасымалдау, жою, кіргізу, шығару қағидаларын;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеу қағидаларын ;

есірткі заттарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы объектілер мен үй-жайларды пайдалану қағидаларын;

қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелер қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультациялық-кеңесші орган туралы үлгілік ережені бекітеді.».

138. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан

Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж. № 9 ,

5 1 - қ ұ ж а т) :

1 0 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) лицензиарлар мен лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;»;

3), 5), 7), 9),10), 11) тармақшалар алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органдарды, екінші санаттағы рұқсатты беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;»;

2) 1 1 - б а п т а :

3), 4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштер нысандарын, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның нысанын әзірлеу және бекіту;

4) хабарлама нысанын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу және бекіту;

5) рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің реттеушілік әсеріне талдау жүргізу және оны пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

1 3) тармақша алып тасталсын:

3) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) лицензиарларды, лицензия беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу;

2) екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органдарды, екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу ;

3) екінші санаттағы рұқсатты алуға арналған өтініштердің нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттардың нысандарын әзірлеу және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту ;

4) рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларының және осы Заңда рұқсат беру тәртібі енгізілген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру

қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;»;

1-тармақ 1-2) және 2-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-2) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;»;

«2-1) рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;»

4) 15 - бапта :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;»

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;» .

5) 19-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мүгедектердің дене шынықтырумен және спортпен айналысуларын ұйымдастыру, кадрлар даярлау, мүгедектердің дене шынықтырумен және спортпен айналысуларын әдістемелік, медициналық қамтамасыз ету және дәрігерлік бақылау.»;

2 - қосымшада :

екінші санаттағы рұқсаттардың тізбесіндегі 15, 60, 175, 182, 239 және 240-жолдар алып тасталсын;

13-тармақтың 3-қосымшасы алып тасталсын.

139. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 10, 52-құжат):

1) 18 - бапта :

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) 7-баптың 1-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі-Ұлттық Банк) келісім бойынша міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең аз

т а л а п т а р д ы

ә з і р л е й д і ; » ;

1-баптың 24-тармағы алып тасталсын.

140. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңына (2014 жылғы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған) :

1) 6-баптың 2), 6) және 8) тармақшалары алып тасталсын:

2) 7 - б а п т а :

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«29) спорт федерацияларын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

41) және 42) тармақшалар алып тасталсын:

51) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«51) спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтерін әзірлейді және бекітеді;»

57) тармақша алып тасталсын:

мынадай мазмұндағы 60), 61), 62), 63) және 64) тармақшалармен толықтырылсын:

«60) дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру ұйымдарының қызмет қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

61) дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру ұйымдарының үлгілік білім беру оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді және дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларын келіседі;

62) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дене шынықтыру және спорт саласындағы білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

63) дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандықтар бойынша, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

64) дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын аттестаттауды ұйымдастырады және өткізеді;»;

8-баптың 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы 22), 23) және 24) тармақшалармен толықтырылсын :

«22) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіру ;

23) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімдеріне «мамандандырылған» мәртебесін береді ;

24) халықаралық және республикалық жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық ерекшеліктерді және техникалық тапсырманы

аккредиттелген республикалық спорт федерацияларымен келіседі.».

2 - б а п . Ө т п е л і е р е ж е л е р .

1. 2015 жылғы 1 шілдеден бастап:

1) осы Заңның 1-бабының 109-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«8) 20-баптың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өкілеттіктеріне сот, сот-медициналық және сот-психиатриялық сараптама жүргізу кіретін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы о р г а н д а р ы ;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның және мемлекеттік денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарының мамандандырылған психиатриялық ұ й ы м д а р ы . » .

2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 15-бабының 5) тармақшасы 2015 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады деп белгіленсін.

3. 2016 жылғы 1 шілдеден бастап:

1) осы Заңның 1-бабының 109-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«8) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Сот сараптамасы органдары

Сот сараптамасы органдарына:

өкілеттіктеріне сот сараптамасын жүргізу, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу кіретін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары жатады.».

4. Осы Заңда көрсетілген қосымша нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгенге дейін бұрын тиісті қатынастарды реттеген қосымша нормативтік құқықтық а к т і л е р қ о л д а н ы л а д ы .

3-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті